

X2
Ә-50

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Ж.С. Әлдибеков

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

(дәрістер жинағы)



АЛМАТЫ
ЖЕТІ ЖАРҒЫ



ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Ж.С. Әлдибеков

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

(дәрістер жинағы)

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2012

УДК 340 (075.8)
ББК 67.3 я 73
Ә 50

Пікір жазғандар:

заң ғылымдарының докторы, профессор — **Айтқожин К.К.**
заң ғылымдарының докторы, доцент — **Әлібаева Г. А.**

Ә 50 **Әлдибеков Ж.С.**

Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы
(дәрістер жинағы). — Алматы: Жеті жарғы, 2012. — 200 бет.
ISBN 978-601-288-033-5

Ұсынылып отырған оқу құралының негізгі мақсаты — қазақ мемлекетінің тарихи дамуының әр кезеңіндегі оның ішкі сыртқы жағдайы, саяси-құқықтық құрылымының ерекшеліктері, әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері ғылыми негізде жүйеленіп, нақты дәйектермен көрсетіліп ұлттық мемлекетіміздің тарих сахнасында алған орнын баса көрсетуге көңіл бөлінген.

Аталған оқу құралы Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің мемлекеттік стандарттар бағдарламасына сәйкес құрастырылып, орта арнаулы және жоғары заң оқу орындарының шәкірттері мен оқытушыларына, магистранттарға, аспиранттарға және көпшілік қауымға арналған.

УДК 340 (075.8)
ББК 67.3 я 73

ISBN 978-601-288-033-5

© Әлдибеков Ж.С., 2012
© «Жеті жарғы» ЖШС., 2012

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Кіріспе | 5 |
| I б ө л і м. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы: пәні мен әдістері, мақсаты мен міндеттері және тарихнамасы | |
| <i>1-тақырып.</i> Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихының пәні мен әдістер жүйесі, мақсаты мен міндеттері және тарихнамасы | 7 |
| II б ө л і м. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы | |
| <i>2-тақырып.</i> Қазақстан аумағындағы қауымдық құрылыс және алғашқы мемлекеттердің пайда болуы | 10 |
| <i>3-тақырып.</i> Ежелгі ғұндардың империясы | 13 |
| <i>4-тақырып.</i> Үйсін және Қаңлы мемлекеттері | 14 |
| III б ө л і м. Қазақстан аумағындағы ертефеодалдық монархиялар | |
| <i>5-тақырып.</i> Түркі қағанаты | 17 |
| <i>6-тақырып.</i> Түргеш және Карлұқ қағанаттары | 19 |
| <i>7-тақырып.</i> Қарахан мемлекеті | 22 |
| <i>8-тақырып.</i> Оғыз мемлекеті (IX–XI ғасырлардың басы) | 24 |
| <i>9-тақырып.</i> Қимақ және Қыпшақ мемлекеттері | 26 |
| <i>10-тақырып.</i> Найман және Керей ұлыстары | 28 |
| IV б ө л і м. Шыңғыс хан империясы және Қазақстан аумағындағы ордалық мемлекеттер | |
| <i>11-тақырып.</i> Шыңғыс хан империясының тарих сахнасына шығуы | 32 |
| <i>12-тақырып.</i> Моғолстан мемлекеті | 36 |
| <i>13-тақырып.</i> Әбілқайыр хандығы және Ноғай ордасы | 38 |
| V б ө л і м. Қазақ Ордасының құрылуы мен дамуы | |
| <i>14-тақырып.</i> Қазақ Ордасының қоғамдық және саяси жүйесі | 41 |
| <i>15-тақырып.</i> XV–XVIII ғасырлардағы қазақ құқығы | 52 |
| <i>16-тақырып.</i> «Жеті Жарғы» | 61 |
| VI б ө л і м. Қазақстан Ресей империясы құрамында | |
| <i>17-тақырып.</i> Қазақстанның Ресейге қосылуы және оның мемлекеттік- құқықтық алғы шарттары мен салдары | 69 |

| | |
|---|----|
| <i>18-тақырып.</i> XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әкімшілік құрылысы және құқықтық жүйесі | 93 |
|---|----|

VII б ө л і м. Кеңестік Қазақстандағы мемлекет және құқық

| | |
|---|-----|
| <i>19-тақырып.</i> Қазақстандағы Қазан төңкерісінің жеңісі және Кеңес үкіметінің орнауы | 115 |
| <i>20-тақырып.</i> Қазақстанның автономиялық және одақтас республика ретіндегі әкімшілік-саяси және құқықтық жағдайы. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы | 121 |
| <i>21-тақырып.</i> 1950–1990 жылдардағы Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық даму | 142 |

VIII б ө л і м. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы

| | |
|--|-----|
| <i>22-тақырып.</i> Қазақстан – тәуелсіз мемлекет ретінде және оның конституциялық-құқықтық дамуы | 155 |
| Семинар (тәжірибе) сабақтары тақырыптарының үлгі тізімі | 171 |
| Курстық және рефераттық жұмыстардың үлгі тақырыптары | 171 |
| Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы пәнінен тест сұрақтарының нұсқасы | 173 |

КІРІСПЕ

Бұл еңбек Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы пәнін игеруде жоғары оқу орындарында және колледждерде заң мамандығын алушы студенттер үшін оқу құралы ретінде ұсынылып отыр. Оқу құралы Қазақ елінің мемлекеті мен құқық тарихы мәселелерін жаңаша қазіргі заман талаптары тұрғысынан түсінуіне бағыт көрсетіп, жол сілтейді.

Зантану және басқа да факультеттерде оқытылатын құқықтық пәндердің ішінде Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы мамандарының тарапынан бұл пәннің саласының кейбір өзекті жақтары әлі де жеткілікті толыққанды және объективті тұрғыдан қарастыруды және жетілдіруді талап еткендіктен бұл мәселелерге ерекше зеін қойылып отыр.

Өзінің мазмұны жағынан ұсынылып отырған оқу құралы жоғарыда аталған пәнді оқып үйрену үрдісіндегі монографиялық, нормативтік және басқа да оқу материалдарының нақты жүйеленген жиынтығы болып есептеледі.

Қазақстандағы мемлекеттілік пен құқықтың қалыптасуы мен дамуы барысындағы маңызды тарихи оқиғаларды, нормативтік құжаттарды және жеке тұлғалардың қызметін сипаттауда автор тарапынан бұл мәселелерге қатысты кейбір жалпы қабылданған пікірлерге сәйкес келе бермейтін өзіндік сараптамалар мен пікіралуандығын көрсететін қорытындылар берілген.

Қазақ жеріндегі мемлекеттілік пен құқықтың қалыптасуы мен дамуындағы тарихи оқиғаларды дәл өрі шындықпен сипаттау үшін жұмыстың ауқымында бірқатар төмендегідей маңызды тарихи-құқықтық бағыттағы жәдігерлер қатыстырылды: Қазақстан тарихының 5-томдық академиялық басылымы, академик С.З.Зимановтың басшылығымен іске асырылып, белгілі құқықтанушы және тарихшы ғалымдардың белсенді араласуымен жарыққа шыққан іргелі 10 томдық еңбек — «Қазақтың Ата заңдарының» материалдары және Қазақстандағы мемлекет пен құқықтық дамуының жеке кезеңіне арналған бірқатар монографиялар бар.

Сонымен бірге оқу құралының аясына Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың жалпы тарихына қатысты зерттеу жүргізен белгілі ғалым-заңгерлер С.З.Зимановтың, Т.М.Култелеевтің, С.Аспандияровтың, Ғ.Сапарғалиевтың, С.Өзбекұлының, Қ.Ә.Жиреншиннің, С.У.Вайцеховскийдің, Ж.С.Әлдибековтың еңбектері көрініс тапты. Студенттер қауымы мен көпшілік оқырмандар арасында кеңінен танымал болған тарихшы ғалымдар А.Абдақимовтың, Г.Канның, А.Күзембайұлының, Е.Әбілдің, Е.К.Қайназаровтардың оқулықтары мен оқу құралдары да еңбектің аясында қолданыс тапты.

Оқу құралы 22 тақырыпты қамтитын негізгі 8 бөлімнен құралып, Қазақ жеріндегі мемлекеттілік пен құқықтық көне дәуірден бастап, ХХІ ғасырдың алғашы он жылдығы аралығындағы қалыптасуы мен даму тарихи хронологиялық тәртіппен беріледі.

Оқу құралының ауқымында жоғары оқу орындары мен колледж студенттері үшін Қазақстандағы ұлттық мемлекеттіліктің және оның құрамдас бөлігі құқықтың қалыптасуы мен дамуына негіз болған қажетті өрі маңызды ақпараттар беріледі.

Автор өз тарапынан бұл оқу құралы Қазақ Еліндегі мемлекет пен құқықтың қалыптасуы мен дамуының көне дәуірден бастап қазіргі кезенге дейінгі үрдісінің барысын қызықтыратын студенттер қауымы мен жалпы оқырмандар үшін пайдалы болады деп үміт артады.

1 бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ: ПӘНІ МЕН ӘДІСТЕРІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАСЫ

1-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ПӘНІ МЕН ӘДІСТЕР ЖҮЙЕСІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАСЫ

Үш мыңжылдық тарихты қамтып, барлық әлеуметтік қатынастарды реттейтін ерекше институт – мемлекет және құқық жүйесі еліміздің аумағында біздің заманымызға дейінгі дәуірде пайда болып, күрделі даму жолынан өтті. Мындаған жылдар аясында саяси және құқықтық жүйелер қалыптаса отырып, өзгеріске ұшырап, бірін-бірі ауыстырып отырды. Бұл үдерістер белгілі бір заңдылықтарға бағынып, реттілікпен дамып отырды.

Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихының пәні ретінде негізгі бірнеше мәселелер қамтылады:

– еліміздегі мемлекеттік-құқықтық үдерістердің пайда болуы мен дамуын және әр түрлі тарихи кезеңдегі мемлекет пен құқықтың алатын орнын, рөлін оқып үйрену;

– дәстүрлі көшпелі өндірістің жағдайындағы мемлекеттік-құқықтық жүйесі элементтері мазмұнының және нысандарының ерекшеліктерін зерделеп білу;

– қазақ жеріндегі мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен даму үдерістерінің нақты себептерін сараптау арқылы оның маңызды заңнамалық тарихи ескерткіштеріне мемлекеттік мекемелеріне, құқықтық институттарына мән беру.

Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихын оқып-үйренуге қатысты ғылыми әдістер бірнеше топтарға бөлінеді:

1. Жалпы философиялық әдістер: оған диалектикалық және метафизикалық әдістер қамтылады;
2. Жалпы ғылыми әдістер: (тарихи, логикалық, жүйелілік);
3. Арнайы әдістер – оған жататындар: 1) арнайы-тарихи; 2) арнайы-құқықтық; 3) тарихи-салыстырмалы; 4) тарихи-жүйелілік;
4. Жеке ғылыми әдістер. Мемлекеттік-құқықтық өмір шындығының, құбылыстарының жеке жақтарының, тараптарының

өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған әдістердің жиынтығын кұрайды.

Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы пәнінің негізгі мақсаты:

1. Қазақ халқының мемлекеттілігі мен құқықтық жүйесінің пайда болуы мен тарихи даму үрдісіндегі негізгі себептерді, фактілерді, оқиғаларды нақты, жүйелі баяндау негізінде мыңдаған жылдар қойнауындағы кең ауқымдағы тарихи-құқықтық материалдарға әділдік көзқараспен баға беріп, талдау жасау.

2. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын көрсете отырып, бұл заңдылықтардың әрбір тарихи даму кезеңдегі қазақ қоғамының нақты өмір сүру жағдайындағы мемлекеттік құрылымына, саяси- құқықтық жүйесіне тигізген жалпы ықпалын, оның дамуындағы өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы пәнінің тарихнамасы.

Қазақ қоғамының мемлекеттілігінің тарихын, оның құқықтық құрылымын зерттеу кеш басталды. Дегенмен, отарлаушылық, саяси-экономикалық мүддені көздеген Ресей империясы сияқты алпауыт мемлекеттердің сыртқы саясаты XVIII ғасырдан бастап, Қазақ еліне деген қызығушылығы мен қысымын күшейте түсті: Осы тұрғыдан бірқатар зерттеу материалдары қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси ахуалын, қазақ хандықтарының Ресей империясының қол астына өту үдерісіндегі саяси өзгерістерді, оқиғаларды қамтиды. Осыған қатысты қазақ халқының тарихын және әлеуметтік-құқықтық өмірін зерттеушілер Л.И.Рычковтың, И.Г.Георгидің, И.П.Палластың, И.И.Крафтың, И.П.Фальктің, В.В.Вельяминов-Зерновтың, А.А.Аристовтың, А.П.Чулошниковтың, П.П.Румянцевтың, М.Красовскийдің, В.В.Радловтың, А.Левшиннің еңбектерінде қазақ қоғамының ішкі-сыртқы ахуалы, әлеуметтік топтары жөнінде, құқықтық, этнографиялық, рухани және шаруашылық саласын қамтитын өмірлеріне нақты сипаттама берілді. Қазақ қоғамының көшпелі дәуірдегі қоғамдық-саяси және рухани-құқықтық өмірінің тыныс-тіршілігі, тарихи тағылымдары өз ұлтымыздың зиялы қауымының еңбектерінде де көрініс тапты. Бұл салада халқымыздың көрнекті зиялылары – Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ж.Ақпаевтың, А.Байтұрсыновтың, Б.Сыртановтың, М.Тынышбаевтың тағы басқаларының еңбектері айтарлықтай болды.

Қазақ мемлекеттілігінің саяси-құқықтық тарихын, заңдық тұрғыдан зерттеуге, жинауға байланысты бетбұрыс Кеңес үкіметі тұсында да жасалды. Бұл кезеңде қазақ дәстүрлі қоғамның саяси-құқықтық мәселелерін арнайы зерттеген С.Л.Фукстың, С.В.Юшковтың, Т.М. Култеевтың еңбектері: «Материалы по казахскому обычному праву» 1-том (1948), «Материалы по политическому строю казахов» Т.1. (1960), «Проблемы казахского обычного права» (1989) атты көлемді ғылыми-зерттеу жинақтары жарық көрді.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың басын қамтитын қазақ қоғамының тарихи әлеуметтік-саяси, әкімшілік-құқықтық саладағы болған өзгерістерді ұлтымыздың белгілі тарихшы-заңгер ғалымдары — С.З.Зиманов, Ғ.Сапарғалиев, М.Қозыбаев, К.Байпаков, К.Ә.Жиреншин, С.Өзбекұлы, Н.Өсерұлы, Т.А.Ағдарбеков, т.б. өз еңбектерінде баса көрсетті. Қазіргі таңда көрнекті заңгер-ғалым, академик — С.З.Зимановтың басшылығымен өткен дәуірдегі Қазақ елінің қоғамдық-саяси өмірінің айнасы іспеттес болған қазақ құқығының қайнар көздерінің ескерткіштері, үлкен және кіші заң кодекстері Қазақтың Ата заңдары атты 10 томдық зерттеулер жинағы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта зерттеліп, қалпына келтіріліп, жаңаша көзқарастар тұрғысында зерделеніп, жарыққа шығып, халқымыздың рухани игілігіне айналды. Жалпы тарихи әрі ғылыми өлшемдерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихын 5 кезеңге бөліп қарастыруға болады.

1. Қазақстан жеріндегі алғашқы мемлекеттік құрылымдар мен құқықтың пайда болу кезеңі (б.д.д. III мың жылдыктан — б.д.д. III ғасыр).

2. Көшпелі шаруашылық жағдайындағы мемлекеттік-құқықтық жүйенің шарықтау кезеңі (б.д.д. III ғ. — XVIII ғ. басы).

3. Дәстүрлі қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық жүйенің дағдарысы және жойылуы (XVIII — XX ғасырлардың басы).

4. Қазақстанның Ресей федерациясының және КСРО-ның құрамындағы конституциялық даму кезеңі (ақпан, 1917 желтоқсан — 1991 ж.ж.).

5. Қазақстан егемендігі, тәуелсіз мемлекет кезеңінде (1991 жылдан бүгінге дейін).

II б ө л і м. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

2-тақырып. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Қазіргі Қазақстан аумағында адамзат қоғамы дамуының ең көне нысаны — алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, оның ыдырауының барысында пайда болған жеке әлеуметтік топтар мен мемлекеттік құрылымдарға дейінгі сатылардан өткен адамзат өркениетінің белгілерін көрсетуге болады. Археологиялық қазбалардың көрсеткеніндей б.д.д. 2- жылдықта ежелгі адамдар тас-тан жасаған еңбек құралдарын және қаруларды пайдаланған. Б.д.д. XVI ғасырдан бастап металдан жасалған еңбек құралдарына дағдыланып, мысты, қоланы пайдалана бастаған. Оның айғағы Андронов (Ачинск қаласының маңы, Ресей және Беғазы-Дөңдібай мәдениеті деп аталатын қола дәуірінде өмір сүрген ежелгі адамдардың қазіргі Қазақстан жеріндегі 30-дан аса қоныстары табылған. Бұл кезеңдегі ежелгі адамдардың тобыры алғашында аңшылықпен, балық аулаумен айналысты. Алайда б.д.д. II—I жылдықта далалық аймақтың тұрғындары кәсіптің жана түрі көшпелі мал шаруашылығына ауыса бастады.

Кең байтақ Қазақстан жерін игерген малшы тайпалар көп ғасырлар бойы алғашқы қауымдық құрылыс жағдайында өмір сүрді. Саяси-әлеуметтік ұйымның түрі — жерге қатысты ұжымдық меншікке, әлеуметтік теңдікке негізделген жақын туыстардың қауымдастығы болды. Барлық маңызды істер қауымдастықтағы ересек ер адамдардың жиналасында шешіліп отырды. Қауым мүшелерінің арасынан өздерінің беделімен, батылдығымен көзге түскен ру-тайпа ақсақалдары, көсемдері, абыздары ерекшелене бастады. Олар халық жиналысында сайланып бекітіліп, өздерінің негізгі міндеттерін қоғамдық негізде атқарды. Олар негізінен әскери жасақтарды басқарып, қоғамдық сотты жүзеге асырды. Қауымның өз ішіндегі барлық қатынастар әдет-ғұрыпқа табынуға яғни тыйым салуға яғни жүйесіне негізделіп реттеліп отырды.

Алғашқы қауымдық-рулық қатынастардың ыдырау дәуірі *әскери демократия кезеңі* деп аталды. Сак тайпалары өмір сүрген дәуірден бастап әскери демократия сатысында болған көшпелі халықтардың қоғамдық құрылысының классикалық құрылымы төмендегідей негізде қалыптасты: 1. Шағын отбасылық туыстық топтар; 2. Көшпелі қауым, немесе рулық таптар; 3. Тайпа; 4. Тайпалық одақтар.

Осылардың арасында тайпалық одақтар қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінде ең жоғарғы әлеуметтік қауымдастықтың түрі ретінде белгілі болды.

Көрші қауымдардың арасындағы экономикалық қатынастарды реттеу үшін, сыртқы жауларынан бірлесіп қорғану мақсатында тайпа одақтарында абыздардың, әскери көсемдердің бастауымен жария билік қалыптаса бастады. Мұндай адамдардың тобына басқарудың, билік етудің арнайы өкілеттіктері берілді. Саяси жария биліктің бұл алғашқы нысаны — *потестарлық бірлестік* деп аталды.

Қазіргі Қазақстан жерінде алғашқы мемлекеттік құрылымдар б.д.д. I мыңжылдықта сак тайпаларының бастауымен қалыптаса бастады. Олар гректің тарихи жәдігерінде *скифтер*, парсыларда сактар деп аталған. Олар бірнеше саяси бірлестіктерге бөлінді: 1. Хаомаварга сактары. 2. Парадараия сактары. 3. Тиграхауда сактары (шошақ бөріктілер). 4. Массaget сактары. Сак тайпаларында патшалық билік институты қалыптасты. Бұл билік мұрагерлік жолмен беріліп, көп жағдайда әйелдер патшалық билік тағына отырды. Тарихи деректерде массaget сактарының патшайымы Томирисінің, сарматтардың патшайымы Заринаның есімдері аталады. Сактардың саяси жүйесінің ерекшелігі — патша билігінің қасиеттілігі яғни оның құдаймен теңесуі болды. Патшаның билігі күн құдайынан бастау алатын құбылыс деп саналды.

Сак тайпаларының жер аумағы және әкімшілік құрылымы әрбір тайпаның патшасы мен халық жиналысы билік еткен аймақтарға таратылды. Сармат-сак тайпаларының қол астындағы жерлер шығысында Дон өзенінен басталып, Солтүстік Кавказ, Повольже, Оңтүстік Орал және Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігін қамтыды. Орталық және Солтүстік Қазақстан аймағын иеседон тайпалары мекендеді. Арал теңізінің солтүстік батысынан, Сырдария өзенінің төменгі ағысынан Манғыстауға дейінгі аймақты массagetтер мекендеді. Алтайдан Тянь-Шаньға дейінгі

таулы аймақтарда тиграхауда сактары орнықты. Хамомоварга сактары Сырдариядан бастап Ферғана алкабына дейінгі аймақты алып жатты.

Барлық сак тайпалары б.д.д. VI—III ғасырларда болған тарихи оқиғаларда маңызды рөл атқарады. Олар Кир, Дария сияқты парсы патшаларына қарсы әскери жорықтарға қатысып, өз жерлерінің тұтастығын, егемендігін ерлікпен қорғады. Б.д.д. VI—V ғасырларда А.Македонскийдің Орта Азияға шапқыншылығына қарсы тұрып, оларға тойтарыс берді. Әлеуметтік тұрғыдан сак тайпалары негізгі үш жікке бөлінеді: 1. Патшалар, көсемдер, 2. Абыздар, 3. Жауынгерлер (негізінен қарапайым халық өкілдері).

Бақылау сұрақтары:

1. Рулық қауымға, тайпаға және тайпалық одақ бірлестіктеріне анықтама беріңіздер?
2. Жария билік деген не?
3. Қазақстан жерінде мемлекеттік алғашқы құрылымдарды пайда болуының себептері қандай?

Әдебиеттер:

1. История государства и права Казахской ССР. Ч.1. Алма-Ата, 1982.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бізге дейінгі) 1-том. Алматы, 1998.
3. Кузембайұлы А., Адил Е. История Республики Казахстан, Алматы, 1999.
4. Акишев К.А. К проблеме происхождения номадизма в средней зоне древнего Казахстана. // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972.
5. Генинг В.Ф., Павленко О.В. Институт племени как орган порождающейся политической подстройки. // Ф.Энгельс и проблемы истории древних обществ. Киев, 1984.
6. Першиц А.И. Некоторые особенности классового образования и раннеклассовых отношений у кочевников-скотовозов. // Становление классов и государства. М., 1976.
7. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. М., 1976.
8. Сулейменов Г.Б. Формационная природа кочевого общества: проблемы и метод. // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата, 1989.
9. Хазанов А.М. Социальная история скифов: Основные проблемы развития древних кочевников Евразийских степей. М., 1975.

3-тақырып. ЕЖЕЛГІ ҒҰНДАРДЫҢ ИМПЕРИЯСЫ

Б.д.д. III ғасырда көшпенділер қоғамының дамуы империялық тұрпаттағы күрделі мемлекеттік-құқықтық жүйенің пайда болуына ықпалын тигізді. Өйткені, Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы өмір сүруі өндірістік күштердің өсуіне, халық санының көбейуіне әсер етіп, көшпелі мал шаруашылығы кәсібінде біртіндеп жайылымдық жерлердің қысқаруына әкеп соқтырды. Бұл жағдай көшпелі ірі тайпалық бірлестіктердің мал жайылымдарын барынша кеңейтіп, саяси биліктің үстемдігін қолдарына алу үшін жаугершілік жолмен басқа аймақтарға қоныстанып, игеруге ұмтылысын күшейтті. Бұл кұбылыс тарихта халықтардың *ұлы көші-қон* қозғалысы деген атауға ие болды.

Көшпенді халықтардың арасында алғашқы алпауыт империяның негізін салған ғұн тайпалары болды. Бұл империяның пайда болуының, өмір сүруінің ерекше белгілері төмендегідей болды:

1. Жаксы ұйымдасқан басқару аппараты мен әскери жасағымен бірге орталықтандырылған биліктің болуы.

2. Орталықтағы билікпен мемлекеттің шет аймақтарындағы билік катынастарының бір-біріне бағыныштылығы.

3. Ерекше мемлекеттік идеологияның болуы.

4. Империя бөліктерін біріктірудің әртүрлі мәжбүрлеу жолдарымен іске асырылуы (экономикалық, саяси, әскери).

Көшпелі ғұн тайпаларының алғашқы мемлекеттік бірлестігі б.д.д. III ғасырда қазіргі Монғолия жерінде қалыптасты. Ғұн тайпалары одағының билеушісі «сенгир» деп аталды, яғни ең жоғарғы билеуші дегенді білдірді. Б.д.д. 209 жылы билік басына төңкерістің нәтижесінде сенгир Моде келіп, бірқатар реформалар жасады. Соның нәтижесінде ғұн мемлекетінде орталықтандырылған билік қалыптасып, үлкен империя құруға бағытталған шаралар жүргізіле бастады. Жаугершілік барысында ғұндар өздерімен көршілес дунху, үйсін, байян, лауфань тайпаларын өздерінің қол астына біріктірді. Б.д.д. 188 жылы Қытайды жеңіліске ұшыратып, алым-салық төлеуге міндеттеді. Б.д.д. 47 жылы ғұн империясы солтүстік және оңтүстік бөліктерге ыдырап кетті. Нәтижесінде ғұндардың оңтүстік бөлігі Қытай империясының билігіне өтті. Б.д.д. 93 жылы ғұн мемлекеті өзінің өмір сүруін тоқтатты. *Басқару жүйесі*: Ғұн мемлекетінің басында «аспан мен жерден жаратылған, билік басына ай мен күн арқылы

келген» ұлы сенгир тұрды. Жоғарғы билік өкесінен баласына мұрагерлікпен беріліп отырды. Оның өкілеттілігі өте ауқамды болды, саяси және рухани басшылықпен қатар жоғарғы бас қолбасшы және дипломатиялық өкілеттіктерді атқарды. Сенгир лауазымы өте беделді *Си* руына жатқызылды. Мемлекеттегі басқа да жоғарғы лауазымдарды осы рудан шыққан өкілдер иемденді. Одан басқа мемлекеттік басқару жүйесінде бес жоғары шенеуніктер тобы ерекше орын алды, олар сенгирдің туыскандары болды. Олар төмендегідей топтарға бөлінді: 1) «ғұлама князьдар», 2) «лули князьдар», 3) «ұлы қолбасшылар», 4) «бас басқарушылар», 5) «ұлы бастықтар». Ғұндардың мемлекеттік аппаратында барлығы 24 жоғары шенеунік болып, оларды сенгир тағайындап, оларға басқаратын аймақтар және әскери жасақтар берілді. Ғұндардың әскери жүйесі түмендерге (он мың), мындықтарға, жүздіктерге, ондықтарға жіктелді. Бұл жүйені кейін Шыңғыс хан жаугершілік саясатында өзінің әскери жүйесінің құрылымында қолданды.

4-тақырып. ҮЙСІН ЖӘНЕ ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Ежелгі Қазақстан тарихында сақтардың орнын басқан үйсін, қаңлы тайпалары жарқын із қалдырды. Олар б.д.д. III ғасырдан б.д.д. III ғасырға дейінгі аралықта, яғни алты ғасырлық мерзім ішінде алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінен бастап, өз мемлекеттерін қалыптастыруға дейінгі ұзақ әрі күрделі жолдан өтті. Үйсіндердің басым көпшілігі сақ тайпаларының ұрпақтары еді. Үйсіндер негізінде қазіргі Жетісу жерін мекен етіп, солтүстігінде Балхаш көлінен бастап, оңтүстігінде Ыстық көлге дейінгі, шығысында Іле өзенінен, батысында Шу аңғары мен Тянь-Шань тауларына дейінгі жер аумағын алып жатты. Б.д.д. III ғасырда үйсіндер ғұндардан жеңіліске ұшырап, олардың қол астына өтуге мәжбүр болады. Б.д.д. 177 жылы үйсіндер Жетісу аймағында өздерінің дербес мемлекетін құрды. Б.д.д. 53 жылы үйсін мемлекеті екі бөлікке ыдырады. Қаңлы мемлекеті жөнінде тарихи деректер аз. Қытай деректеріне сәйкес бұл мемлекет б.д.д. III ғасырда жергілікті массагет, иссерон – сақ тайпаларының бірігуі нәтижесінде қалыптасқан. Қаңлылар үйсіндердің солтүстік батыс аймақтарында мекен еткен. Олардың орналасу аймағы Қаратау маңайынан бастау алып, Сырдарияның төменгі ағысын бойлай, Орта Азияның қазіргі Хорезм, Ташкент аймақтарын қамтиды. Үйсін, қаңлы тайпалары негізінен көшпелі мал шаруашылығы

кәсібімен айналысты. Бұл жөнінде көне Қытай деректерінде... «Үйсіндер егіншілік пен бақша кәсібімен айналыспайды, құнарлы мал жайылымы мен су көздерін таңдап, мал-жандарымен көшіп-қонып жүреді» деп айтылған. Үйсіндер мал шаруашылығы кәсібінде жылқы өсіруге ерекше көңіл бөлді, ауқатты, бай деп саналатын жеке отбасылардың жеке меншігінде 4—5 мыңға дейін жылқы табындары болды. *Басқару жүйесі*: Үйсін мемлекетінің басында *күнби* деп аталған лауазымдағы (қытайша — гуньмо; жоғарғы билеуші) патша тұрды, оның билігі мұрагерлікпен беріліп отырды. Б.д.д. 53 жылы үйсін мемлекеті екі бөлікке ыдырағаннан кейін бір-бірінен дербес үлкен күнби, кіші күнби лауазымдары пайда болды. Ең жоғарғы лауазымдағы күнбиден басқа басқару жүйесінде шенеуніктердің бірнеше лауазымдық сатылары болды. Күнбидің жақын көмекшісі дуглу деп аталып, ол іс жүзінде өкімшілік биліктің басында тұрды. Көне Қытай деректерінде олардың үш категориясы көрсетіледі: 1. Сиян дуглу, 2. Цзо дуглу, 3. Ю-дуглу. Одан кейінгі сатыда тұрған шенеуніктер әскер басшысы көмекшісінің міндетін атқарып күнбидің жеке істерін жүргізумен, салық жинаумен, заңдарды іске асыру мәселелерімен айналысты.

Қаңлы мемлекетінің билік басында шығыс сақ тайпасының беделді уын руынан шыққан патша тұрды. Оның жоғарғы лауазымы «би» немесе «жағбу» деп аталды. Одан басқа мемлекеттің басқару аппаратының құрамына патшаның «орынбасары» және үш кенесшісі кірді. Қаңлы мемлекетінің қол астындағы жеке бөліктерді патша тікелей тағайындаған нөкерлері басқарды.

Көне Қытай деректерінің мәліметі бойынша үйсін мемлекетінің халқынын саны 630 мың адамға жетіп, 120 мың отбасын құрады, олар соғыс жағдайында бір мезгілде 188 мың атты әскер жасағын шығаруға мүмкіндігі болды. Қаңлылардың жалпы саны 600 мың адамды құрап, 120 мың отбасын біріктірді және бір мезгілде 150 мың атты әскер құрамасын жасай алды.

Үйсін және қаңлы мемлекеттері алғашында Ғұн империясының қол астында болғанымен, б.д.д. II ғасырда дербес тәуелсіз мемлекеттер ретінде қалыптасып, халықаралық құқықтық қатынастардың толыққанды субъектілері болып есептеледі. Олар ғұндар сияқты Қытаймен арада әр түрлі деңгейде келісім-шарттар жоспары, жоғарғы билеуші әулеттердің арасында өзара құдаласып, қыз беріп, қыз алу рәсімдерін жасап отырды. Бұл жағдай-

лар Қытай мемлекетінің күшеюіне ықпал етіп, үйсіндер мен қаңлылардың ыдырауына өкеліп соқтырды.

III–IV ғасырларда үйсін, қаңлы мемлекеттері түпкілікті жартылай тәуелсіз жеке бөліктерге ыдырап кетті, сөйтіп олар тез арада өздерінің егемендігін жоғалтты. Үйсіндер алғашында ғұндардың билігінде болып, содан кейін юэбань және жужандардың қол астына көшті, ал қаңлылар эфталиттерге бағынды.

Бақылау сұрақтары:

1. Көшпелі ғұн империясының пайда болу себептері қандай?
2. Б.д. II–III ғасырларда Қазақстандағы мемлекеттік құрылымдардың әлсіреу себептері қандай?
3. III–V ғасырларда ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттері ыдырағаннан кейінгі мемлекеттерді атаңыз?

Әдебиеттер:

1. История государства и права Казахской ССР. Ч. 1. Алма-Ата, 1982.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бізге дейінгі) 1-том. Алматы, 1996.
3. Кузембайұлы А., Абыль Е. История Республики Казахстан, Астана, 1999.
4. Гумилев Л. Хунну. М., 1994.
5. Гумилев Л. Хунны в Китае. Три века войны Китая ее степными народами. III–VI в.в. Спб., 1994.
6. Краткая история уйгуров. Алматы, 1998.
7. Кляшторный С.Т., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1994.
8. Материалы по истории сюнну. М., 1968.
9. Сюнну. «Книга Хань». Алматы, 1998.
10. Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южный Сибири и Центральной Азии. Новосибирск, 1986.

III бөлім. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕРТЕФЕОДАЛДЫҚ МОНАРХИЯЛАР

5-тақырып. ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ

VI ғасырдың басында аз уақыт үстемдік құрған жужан тайпаларының үстемдігінен босағаннан кейін Қазақстан және Алтай аймақтарында көшіп жүрген көптеген түрік тайпалары өздерінің бірігуі қажеттілігін сезіне бастады. Өйткені, бірыңғай биліктің болмауы жеке рулар мен тайпалардың арасындағы қақтығыстарды күшейтіп, оларды әлсіретті және егіншілік шаруашылығымен айналысатын басқа аймақтардың халықтарымен арадағы экономикалық байланыстарды қиындатты. VI ғасырдың ортасында түрік тайпаларының бірыңғай саяси бірлестігі — Түрік қағанаты пайда болды. 546 жылы қазіргі Алтай мен Монғолия аймағында өмір сүрген түріктердің беделді дулга тайпасының көсемі Бумынь өзін қаған деп жариялап «Елхан» деген лауазымға ие болды. VI ғасырдың 60—70 жылдары түріктердің тайпалық бірлестіктері Байкал көлінен Қара теңізге дейінгі, қазіргі Қазақстанның жерімен қоса, Орта Азияның егіншілік аудандарын өздеріне бағындырып ұлан байтақ Еуразияда алғашқы түріктер империясын қалыптастырды. Түрік мемлекетінің географиялық және экономикалық тұрғыдан орналасуының тиімділігі — оның жері арқылы Қытайдан бастау алып, Византияға дейінгі аралықтағы «Ұлы Жібек жолы» басып өтетін еді. VI ғасырдың соңында көптеген тайпалық одақтардан бірлестіктерден құрылған Түрік қағанаты шығыс және батыс бөліктерге айырылады. 603 жылы Түрік империясының батыс бөлігі дербес мемлекетке бірігіп, Батыс Түрік қағанаты деген атауға ие болды. Оның аумағының құрамына қазіргі Қазақстанның, Орта Азияның және Шығыс Түркістан аймақтары қамтылды. Оның әкімшілік орталығы Жетісу жерінде орналасты. Батыс Түрік қағанатының тайпалық негізін байырғы түрік тайпаларының бірлестігіне кіретін қарлық, яғни, **Қазақстан Республикасы** құрады.

Батыс Түрік қағанатының саяси құрылымы. Әлеуметтік құрылымы жағынан Батыс Түрік қағанаты патриархалдық отбасылардан құралған рулық-тайпалық қауымдарға бөлінді. Меншіктің негізгі басым нысаны — малға қатысты жеке меншік болып есептелді. Отбасының құрамы отағасынан (қан), әйелдерінен, (мұнда «хатун» деп аталған үлкен әйелдің рөлі ерекше болды) ұлдарынан, қыздарынан, келіндерінен және құл, күндерінен тұрды. Қарапайым халықтың басым көпшілігі қара будындар деп аталып, жоғары шенді шенеуніктер өздерін «эль» деп атады. Батыс Түрік қағанаты төмендегідей қағида негізінде басқарылды. Мемлекет басшысы ретінде қаған есептеліп, ол өзінің қасынан қаған кеңесін жасақтады. Оның құрамына қаған руынан шыққан тайпа басшылары және тархандар, оғландар тартылды. Бастапқыда қағандық кеңестің беделі жоғары болды, өйткені қаған оның шешімімен санасып отырды. Кеңес қағанды орнынан түсіруге дейін құқылы болды. Кейіннен қаған барлық билікті біртіндеп өз қолына алғаннан сон кеңестің шешімімен санаспайтын болды. Барлық шешімдерді өзі жеке дара қабылдады және өз билігін мұрагерлік жолмен балаларына қалдыруға құқылы болды. Қағанның руынан шыққан адамдар бағынышты тайпаларды басқарудағы басымдылық құқығына ие болды. Бағынышты тайпаларды басқару үшін қаған өзінің жақын туыстарының арасынан төмендегідей лауазымдарды тағайындады; 1) жағбу, 2) шад, 3) эльтебер. Шад және жағбулар негізінен жаулап алынған аймақтардағы қағанның тағайындаған нөкерлері болып саналды. Эльтеберлер отырықшы аймақтарды басқарды, көшпелі рулық топтар өздерінің ақсақалдары бектер арқылы басқарылды. Бектердің арасынан қаған соғыс жағдайында әскери жасақтарды басқаратын, бейбіт кезеңде сот ісін жүргізетін бұйрықтарды, халықтан алым-салық жинайтын тарқандарды тағайындады. Аумақтық-өкімшілік тұрғыдан Батыс Түрік қағанаты дербес екі бөліктен тұрып, «он оқ ел» деп аталды. Оның алғашқы бөлігі Шу және Іле өзендерінің, екінші бөлігі Шу және Талас өзендерінің аралығында орналасты. Елдің әр бөлігі бес округке бөлінді.

Батыс Түрік қағанатының құқығы. Құқықтың негізгі қайнар көзі әдет-ғұрып болды. Олар біртіндеп жүйеленіп, жетілдіріліп, мемлекеттің ортақ заңына айналды және арнайы орындарда сақталды.

Меншік құқығы. Көшпелі мал шаруашылығы кәсібі жағдайында түріктерде жеке меншік құқығы тек малға, құлдарға және еңбек құралдарына, тұтыну заттарына таратылды. Ал өндірістің негізгі құралы — жер қауымдық немесе тайпалық меншіктің

карауында болды. Жайылымдық жерлерді бөлу, оны үйлестіру қағанның, оның нөкерлерінің, тайпа басшыларының құзыретінде болды. Батыс Түрік қағанатына тәуелді шағын отырықшылық аймақтарда егіншілік кәсібі дамыды, ондай жерлер жеке иелік құқығында болды.

Отбасы құқығы. Батыс Түрік қағанаты патриархалдық өмір салтын ұстып өмір сүрді, бұл көшпелі шаруашылықтың сипатына сәйкес келді. Түрік қоғамында көп әйел алушылық заңдастырылды. Бай, ауқатты адамдардың бірнеше әйелдері болды. Некеге тұру тектік негізге сәйкес жүзеге асырылды, яғни ақсүйек өкілдері қарапайым халықпен құдаласпады. Әйелдер ер адамдардың тарапынан тәуелділік жағдайда болды, олардың негізгі міндеті — үй шаруасымен айналысып, бала туып оларды бағумен шектелді. Үйдің отағасы немесе әйелдің күйеуі отбасының және әйелінің барлық мүліктеріне иелік етуге оны, басқаруға құқы болды. Ол өз қалауынша балаларын үйлендіруге, қыздарын тұрмысқа беруге, тіпті өтелмеген қарызы болған жағдайда қыздарын құлдыққа сатуға дейін құқығы болды.

Қылмыстық құқығы. Ежелгі түріктердің қылмыстық құқығы өзінің қатандығымен ерекшеленеді. Төмендегідей әрекеттер үшін өлім жазасы кесілді: 1. Қағанға және оның басқарушыларына қарсы жасалған қылмыстар, 2. Сөредегі немесе байқаулы тұрған сәйгүлік аттарды ұрлағаны үшін, 3. Басқа біреудің әйелімен көңілдес болғаны үшін. Жеке меншікті және жеке тұлғаның мүддесін қорғау мақсатында күн жүйесі енгізілді. Біреудің жылқысын немесе затын ұрлаған кісі дәлелденген жағдайда оларды он өсім құнымен қайтаруға тиісті болды. Қасақана біреудің көзін шығарған адам зәбір көрушіге өзінің қызын беруге міндетті болды, қызы болмаған жағдайда әйелінің мүлкін беруге тиісті болды. Басқа біреудің дене мүшесін қасақана зақымдаған жағдайда, зәбірленушіге күн есебінде жылқы төленді. Батыс Түрік қағанатында сот ісін қарап, жүргізу қағанның және оның жергілікті нөкерлері — бұйрықтар мен тархандардың құзыретінде болды. Сот ісі ашық әрі жария түрде өтті, сотқа шағым түсіру тараптардың ынтасы бойынша жүргізілді.

6-тақырып. ТҮРГЕШ ЖӘНЕ ҚАРЛҰҚ ҚАҒАНАТТАРЫ

Түркештер — Батыс Түрік қағанатындағы бес арыс ел дулғанын (дулаттар) беделді тайпасы болды. Олар ежелгі Үйсін күнби Елжау бидің ортаншы ұлы Дулының үлесіне тиген он мың үйден

өсіп-өрбіген, дулы ұлысы дегеннен *дулат* атанған. Демек, түркештер — ежелгі үйсін дулы ұлысының ұрпағы. Олар шежіре деректерде «сары үйсін» деп те аталады. Түркештер (дулат) тайпасы б.з.д. II ғасырда ежелгі үйсін заманында Іле өзені өңірін мекендеген. VI ғасырдан бастау алатын Батыс Түрік қағанаты дәуірінде түркештер оның құрамына кіріп, Іле және Шу өзенінің аралығында, Іле Алатауынан Балхаш көліне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрді. Бұл өлке мал шаруашылығына қолайлы өлке, құнарлы өріс қоныс болуымен қатар, отырықшы егіншілік ошағы, бірқатар көркейген қалалары бар бай өлке еді. Шығыс пен батыс арасындағы сауда керуен жолын басып өтетін бөлігі түркештердің бақылауында болды. Мұның өзі түркештердің әскери, саяси және шаруашылық қуатын арттыра түсті.

Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін түркештер тез арада күшейіп, тарих сахнасына шығып, өз үстемдіктерін қалыптастыруға ұмтылды. Түркештердің көсемі Үшлік (Учжила) түріктердің ашина тайпасының қол астында тархан лауазымын иеленді. Ішкі қақтығыстардың барысында ол ашина тайпасын ығыстырып, сол аймақта түркеш ұлыстарын біріктіріп, басқару жүйесін қалыптастырады. Өзінің қол астындағы елді әрқайсысында жеті мың тұрғыны бар 20 (жиырма) әкімшілік аймаққа бөледі. Бұдан соң Үшлік қаған түркеш әскерлерін бастап, бұрынғы Батыс Түрік қағанатының астанасы Суяб қаласына шабуыл жасап, басып алды, өзінің Ордасын Шу бойындағы Суяб қаласына көшіреді. Сонымен түркеш қағанатының ұлы астанасы Суяб қаласында, кіші астанасы Іле өзені бойындағы Қойлық қаласында орналасады. Орта ғасырлардағы Қытай деректерінің мәліметіне қарағанда бұл кезде түркештердің аумағы: ... «Шығыс-солтүстікте Түрік қағанатымен, оңтүстік-батыста соғдылармен, ал оңтүстік-шығыста Шитин аймағымен шекаралас болған». Түркеш қағанаты Батыс Түрік қағанатының жері мен еліне иелік еткен. Түркеш қағанаты соңғы дәуірде *сары түркеш* және *қара түркеш* деп екі иелікке бөлінді. Сары түркештің әкімшілік орталығы Шу өзені бойындағы Суяб қаласында, қара түркештің ордасы Талас өзені бойындағы Талас қаласында болды. Бұлар бір-бірімен жауласты. Осындай ішкі соғыстар Түркеш қағанатын әбден әлсіретті. Бұл кезде Алтай тауын мекен еткен Қарлұқ тайпалары күшейе түскен еді. Олар әлсіреген түркештерді жеңіп, «он оқ қағанатының» жерін алды. Сөйтіп, 766 жылы Түркеш қағанаты құлады да, үкімет билігі қарлұқтардың қолына өтті. Түркеш қағанаты 699 жылдан 766

жылға дейін өмір сүрді. Ол өзінен бұрынғы Батыс Түрік қағанаты сияқты, Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейінгі «он оқ» тайпасын түгел биледі. Оның негізгі орталығы ежелгі үйсіндердің атамекенінде болды. Осы өңірді ертеден мекен еткен қазақ тайпалары түркеш қағанатының құрамында болды.

Қарлұқ қағанаты. Тарихи жазба деректерге қарағанда, ерте кезде қарлұқ тайпалары Алтай тауының батыс бөлігі мен Тарбағатай өңірін мекендеген, Батыс және Шығыс Түріктің аралығында болған. Шығыс Түрік қағанаты күшейгенде оның билігіне бағынған, одан соң Батыс Түрік қағанаты күшейгенде оларға бағынған. Олар әлсіреген кезде өз алдына дербестікке ие болып олармен соғысты. Бұл жөнінде Күлтегін ескерткішінде: ... «Күлтегін 27 жаста еді, қарлұқтар тәуелсіз болып бізбен жауласты, біз олармен Таһағ деген киелі бастау басында соғыстық» дейді. Ол кезде қарлұқтар Алтай тауының батыс бөлігі мен Тарбағатай өңірін қоныстанған, олардың өз алдына дербес иелігі, билігі болған, бұл иеліктің билеушілері «эльтебер» деп аталған. 734 жылы Білге қаған қайтыс болған соң Шығыс Түрік қағанаты ішкі қырқыстар салдарынан әлсірей түсті. Осы кезден бастап қарлұқтар елеулі әскери саяси күшке айналып, тарих сахнасына шыға бастады, бұдан былайғы тарихи оқиғаларда елеулі рөл атқарды. 756 жылы қарлұқтар бұрынғыдан да күшейіп, өзінің бұрынғы одақтасы ұйғырлармен қалыптасып, бәсекеге түсті. Ақырында жеңіліске ұшырап, Жетісу жеріне ығысуға мәжбүр болды. Нәтижесінде Суяб, Тараз қалаларына барып орналасты. Қарлұқтар Жетісуға келісімен Түркеш қағанаты оларға тойтарыс бере алмады. 766 жылы Түркеш қағанаты құлады да оның орнына қарлұқ қағанаты құрылды. Алғашқы кезде қарлұқ билеушілері «жағбу» деп аталды одан кейін қаған деген атқа ие болды. Қарлұқ қағанатының билігі қалыптасқаннан кейін оның негізгі аумағы бұрынғы Батыс Түрік қағанатының негізгі жерлерін қамтыды. Яғни шығыста Жоңғар алатауынан, батыста Сырдарияға дейінгі, солтүстікте Балхаш көлінен, оңтүстікте Ыстықкөлдің жағалауына дейінгі жерлер Қарлұқ қағанатына бағынды.

Тарихи деректердің мәліметі бойынша Қарлұқ тайпалары тоғыз арысқа бөлінген, олар: шығыл тайпасы (үш арыс), бескіл (үш арыс), бұлақ (бір арыс), көкірегін (бір арыс), тұкси (бір арыс). Қарлұқ қағанаты 775—875 жылдар аралығында ислам дінін қабыл-

дап, оның билеуші ақсүйектері арасында ислам діні терең тамыр тарта бастады. Алайда көшпелі халық бұқарасының басым көпшілігі баяғы ата-бабаларының шамандық нанымдарын сақтап отырды. Ежелгі үйсіндердің атамекенін негізгі орталық еткен қарлұқ қағанаты 170 жылдан астам (766–940) өмір сүрді. Оныншы ғасырдың алғашқы жартысында қарлұқ билеушілеріне қарсы аттанған яғма, шігіл тайпалары бірлесе отырып, 940 жылы Баласағұн қаласын тартып алды, сөйтіп Қарлұқ қағанаты құлады. Кешікпей үкімет билігі Қарахан әулетінің қолына өтті.

7-тақырып. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІ

Қарахандар әулеті X ғасырдың орта кезінде қалыптасты, XII ғасырдың басында ыдырай бастады. Олардың аумағы қазіргі Шыңжаң өлкесі мен Жетісу өңірін және Мавренахрды (қос өзен аралығын) қамтиды. Қарахандар елінің екі әкімшілік орталығы болды. Оның бірі — Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласында, екіншісі — Қашқар қаласында орналасты.

Бұл әулеттің негізін қалаушы Қарлұқ тайпасының көсемі Білге күлқадыр-хан еді, ол 840 жылы қаған деген лауазымға ие болды. Оның немересі Сатух Богра-хан 940 жылы билікке келгеннен кейін исламды қабылдап, оны мемлекеттік дін ретінде жариялап, жаңа мемлекеттік құқықтық жүйенің негізін салды.

Мемлекеттік басқару құрылымы. Мемлекеттің басында Томғаш хан, Арсылан Қарахан немесе Богра Қарахан лауазымдарын иеленген қағандар тұрды. Мемлекеттік аппараттың келесі сатысында — *Арсылан-илек-хан, Богра-илек-хан, Арсылан-тегін, Богра-тегін* лауазымдарын иеленген жеке бөліктердің билеушілері орналасты. Басқару құрылымының үшінші сатысында алдыңғы екі топтың өкілдері сияқты, билеуші әулеттің өкілдері тұрды. Олар: *ұлық-хаджиб*-қағанның бас кеңесшісі, *сипақсолар* — әскер басшысы, *халиф*-мұсылмандардың рухани басшысы, *қазы* — бас судья, *торғұл, шағир, сағұн, ирхан, иуга* — жоғары шенеуніктер және министрлер. Мемлекеттік аппараттың төртінші сатысында — *юргуштер, түркисиндер, хаджитер, ялавчктар* және *қазы* — әскері лауазымдары орналасты. Басқару жүйесіндегі бесінші сатыны — *субашылар, пардашылар, қазынашылар, қазыбектер, мұхтасибтер* иеленді. Қарахандықтардың мемлекеттік аппаратындағы жаңа құрылым — мемлекеттік жүйенің әр саласын басқаратын дуандар құрылды. Олар он түрге жіктелді:

1. Уәзірлер дуаны, 2. Қазынашылар дуаны, 3. Мустауфилер дуаны (салық әкімшілігі), 4. Сыртқы істер дуаны, 5. Ұлан бастықтар дуаны, 6. Мемлекеттің кіріс-шығысын бақылайтын қаржы дуаны, 7. Базарларды қадағалап, әдет-ғұрыпты, дәстүрді дінді бақылау дуаны, 8. Судьялар мен шенеуніктер ведомствасы дуаны, 9. Почта қызметінің дуаны, 10. Жергілікті билеушілерді бақылау дуаны.

Далалық аудандардағы жергілікті билік көшпелі қауымдастық бірлестіктерінің («эльдің») әскери-саяси көсемдері «ильчи-башалардың» өкілеттігі арқылы жүзеге асырылды. Отырықшы өңірлердегі билік селолық және қалалық аймақтардың басшылары-мехтарлар мен хақимдердің, ақсақалдар-раистардың қолына берілді.

Аумақтық және әкімшілік бөлінісі. Қарахандықтар мемлекетінің әкімшілік жүйесі қарлұқтардан мұрагерлікке қалған үлестік құрылым негізінде сипатталды. Мемлекеттің жер аумағы екі бөлікке жіктелді. Шығыс иелігі Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарын қамтып әкімшілік орталығы Қашқар қаласында орналасты. Батыс бөлігі Сырдария мен Әмудария өзендерінің аралығындағы өңірлерді қамтып, орталығы Баласағұн қаласында орналасты. 1040 жылы Шығыс және Батыс бөліктерінің арасындағы қырқысу соғыстарының барысында мемлекет ыдырап, дербес Батыс және Шығыс иеліктеріне бөлініп кетті.

Қарахан мемлекеті билік құрушы әулет өкілдерінің басқаруында бірқатар ірі және ұсақ иеліктерге жіктелді. Ірі иеліктер Шығыс қағанатындағы Баласағұн аймағында орналасты, онда Қараханның өзі билік құрды, Таразда, Ипижабта оған тәуелді илек-хандар басқарды. Өз кезегінде бұл бөліктердің өздері ұсақ иеліктерге бөлінді. Үлестік иеліктердің басқарушылары өздерінің ішкі сыртқы саясаттарын жүргізуде дербестікке ие болды. Сондықтан, ильчи-басшылар-бектер, хақимдер кең өкілеттіктерге ие болды. Мұның салдары жоғарғы тұрған билік жүйесіне мойын ұсынбаушылыққа әкеліп соқтырып, ішкі қақтығыстарды жиілетті.

Салық жүйесі. Қарахан мемлекетінде нақты бір ізге түсірілген салықтың және басқа да төлемдердің жүйесі орнықты. Орталық аппаратта, кіші бөліктерде салық жинауға тікелей жауап беретін арнайы шенеуніктер — *мұстауфилер* болды. Отырықшы халық алынған өнімнің 10/1 бөлігін құрайтын *харадж* салығын төледі. Қарахан мемлекетіндегі салық жүйесінің ерекшелігі — *икта* ин-

ститутымен ерекшеленді. Оның мәні — салық жиналатын жеке аудандарды, аймақтарды жеке адамдардың қолына берді, олар *иктадорлар* деп аталды. Икта жер үлесін иемденіп, салық жинау құқығына негізінен билеуші әулеттің өкілдері және әскери адамдар ие болды. Оларға қойылатын негізгі шарт — міндетті түрде әскери қызметте болуы тиісті, ондай жағдайда икта жер иелігі мұрагерлікпен қалдырылып отырды.

Қарахандықтар мемлекетінде ірі феодалдық жер иелігімен қатар, қауымдық және шаруалардың жер иелігі қалыптасты. Отырықшы аудандарда үлестік жерлер пайда болды, яғни мемлекеттің және ірі феодалдардың жерлері үлестік негізде шаруаларға жалға берілді. Қарахандықтар мемлекетінде *коменданция* институты қалыптасты. Оның негізгі мәні — ұсақ жер иелігі бар адам немесе қауымдастық мүшелері өздерін және басқа да мүліктерін қорғау мақсатында өте ықпалды адамдардың қорғауында болу үшін, белгілі бір негізде келісімшарт жасасады, содан кейін ондай адамдар қорғаншылық өкілеттігіне ие болады.

Қарахан мемлекетінің көшпенді халқы негізінен дәстүрлі әдет-ғұрып құқығы аясында өмір сүріп, өздерінің даулы істерін бектер соты арқылы шешіп отырды, бұл құқық жүйесі «тору» деп аталды. Қалалардағы отырықшы аймақтардың тұрғындары әдет-ғұрып заңдарымен қатар ислам құқығының (шариғат) негіздерін басшылыққа алып өмір сүрді.

8-тақырып. ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ (ІХ–ХІ ҒАСЫРЛАРДЫҢ БАСЫ)

ІХ ғасырдың бас кезінде оғыз тайпалары қарлықтармен және кимақтармен одақтасып, қанғар — печенег тайпалары бірлестігін талқандайды, сөйтіп Сырдарияның төменгі жағы мен Арал өңірін басып алады. ІХ ғасырдың соңында олар хазарлармен одақтасып, печенегтерді жеңіп, Жайық пен Еділ арасын өздеріне қаратады.

Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ өрі күрделі процесс болды. Алғашында оғыз одағының негізі Жетісуда ұйымдасады, содан кейін батысқа жылжу барысында Оңтүстік және Батыс Қазақстан жерінің көшпелі және жартылай отырықшы халқының есебінен едәуір толығады. Оғыздар көптеген рулық тармақтары бар, бірқатар тайпаларға бөлінді: Махмуд Қашқаридың айтуынша (ХІ ғ.) олар алғашында 24 тайпадан құралып, екі үлкен тармаққа — бұзұқтар мен ұшұқтарға бөлінді. Бұзұқтар әлеуметтік, құқықтық тұрғыдан көптеген артықшылықты пайда-

ланды. Осы екі топтың әрқайсысына 24 тайпа енген, олардың өзі тепе-тең екі бөлімге жіктелген. Оғыздардың қарлық, печенег, башқұрт, кимақ, қыпшақ сияқты түркі тілдес көрші тайпалармен тығыз байланыста болуы — уақыт өткен сайын олардың өзара жақындауына жол ашады.

IX мен XI бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан кең аумағы мекендейді. Олар иеленетін отырықшы аймақтар — Хорезммен, Мауреннахрмен және Хорасанмен шектесіп жататын. Оғыз мемлекеті жөніндегі алғашқы деректер IX—X ғасырдың басында жазылған араб тіліндегі тарихи-географиялық шығармаларда келтіріледі. Оғыздар мемлекетінің бар екендігі жайлы ең көне деректің бірі — ал-Якубидің (IX ғ.) еңбектерінде айтылады.

Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерлерінде жатқан, яғни кент қаласы X ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасына айналды. *Жағбу* деп аталатын жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болған. *Жағбудың* орынбасарларын — Кул- еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер өкіметті мұрагерлікпен беріп отырған. Оғыз хандарын сайлау кеңестерде жүргізіледі екен, бұл әскери демократияның дәуіріндегі халық жиналыстарының өзгертілген жүйесі болды. *Жағбу* билігінде оғыз әскерінің «*субши*» деп аталатын бас қолбасшысы маңызды рөл атқарған.

Оғыздар қоғамында жеке меншік қалыптасып, дамиды. Ақсүйек байлар тобы жіктеліп шығады. Малға жеке меншік-мүлктік теңсіздіктің негізі болып табылады. Ақсүйектермен бірге қауымның қарапайым мүшелері кедейлер, құлдар бұқарасы тіршілік етеді. Оғыздардың басты кәсібі — интенсивті мал шаруашылығы болуы. Оғыздар мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарды. 965 жылы олар Киев Русімен одақтасып, Хазар қағанатын талқандайды. X ғасырдың орта кезінде Оғыз билеушісі (*жағбу*) орыс княздарымен бірлесіп, Еділ Булгариясын талқандайды. Осының бәрі Оғыз мемлекетінің саяси-әскери күш-қуатының өсуіне жол ашады.

XI ғасырдың орта кезінде қыпшақтардың күшеюіне байланысты Оғыз мемлекеті өзінің бұрынғы ықпалынан айырылып, Дешті Қыпшақ түркітілдес тайпаларының құрамына кіріп сінісіп кетеді. Сырдария алқабы мен Арал өңірінің Солтүстік Каспий аймағының оғыз тайпалары қазақтардың этникалық тарихында елеулі із қалдырды.

9-тақырып. ҚИМАҚ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Батыс Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін (IX ғ.) оның орнында түрік тектес тайпалардың бірқатар дербес этносаяси одақтары қалыптасты. Осындай мемлекеттің бірі — Ертіс және Есіл өзендерінің аңғарында 7- тайпаның бірігуі негізінде қалыптасқан қимақтар еді. Бұл мемлекеттің этникалық және саяси негізін — қимақ, қыпшақ, татар, оғыз, баяндор т.б. тайпалары құрады. IX ғасырға қарай Қимақ мемлекеті біртіндеп өз аумағын кеңейтіп, тұрақты басқару институттарын қаржы, сот жүргізу және әскери құрылымдарын жасақтап, қалыптастырды. Сонымен бірге қимақ жерінде алғашқы шағын қала-қамалдар тұрғызылып, олар әкімшілік, экономикалық, сауда және қолөнер орталықтары ретінде маңызды рөл атқара бастады. Қимақтардың саяси одағының өрлеу кезеңінде оның халқы көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылық кәсібін үйлестіре отырып өмір сүрді. Бұл жағдай мемлекеттің ішіндегі саяси қатынастардың тұрақтылығын нығайтты, екінші жағынан халықтың әлеуметтік топқа жіктелуіне негіз болды. Осыған орай Қимақ қоғамында алыс жайылымдарға көшуге мүмкіндігі жоқ, шағын егіншілік кәсіппен айналысатын кедей әлеуметтік топ — «жатақтар» (ятук) пайда болды. Тарихи деректердің мәліметі бойынша қимақ тайпаларының бірігу кезеңіндегі оның жоғарғы билеушісі *шад* деп аталды. Қимақтар аумағының біртіндеп кеңейіп, соның нәтижесінде жаңа жерлердің қосылып, саяси одақтың нығаюы тұсындағы билеушінің лауазымы — «жағбу» деп аталды. X ғасырдың басында Қимақ мемлекетінің құрамына көптеген түрік халықтарының бірігіп, оның саяси құрылымының нығаюы, өрлеу кезеңінде қимақтардың жоғарғы билеушісі *қаған* деген лауазымға ие болды.

Тарихи деректерде қимақтардың саяси билік жүйесі және әкімшілік құрылымы 12 иеліктен (княздықтан) құралып, оның әрқайсысын қаған өзі тағайындаған нөкерлері басқарды. Қағанның және оның жеке иеліктегі басқарушыларының негізгі өкілеттігі — әскери жасақты ұйымдастырып, басқару, әкімшілік — сот ісін жүргізу өкілеттіктерін атқару және мемлекеттің пайдасына алым-салық жинау болды. Жеке иеліктердің билеушілері саяси мәселелерді шешуге дербестікке ие болды. Сондай-ақ орталық басқару жүйесінде қағанның уәзірі, сарай министрі «хаджиб» қызмет етті. Алғашқы кезеңдегі билеушілер «шад» және «жағбумен» салыстырғанда қағанның билігі мұрагерлікпен беріліп отырды, оған патша әулетінен шыққандар ғана ие болды.

Қыпшақ мемлекеті. Қыпшақтар бастаған тайпалар одағы ХІ ғасырдың басында алғашында қимақ-қыпшақ тайпалары орналасқан аумақта қалыптаса бастады. ХІ ғасырдың соңына қарай қыпшақтардың саяси одағы нығайып, аумағы барынша кеңейіп, оңтүстік орыс далаларына дейін созылды. Тарихи деректерде шығыс қыпшақтардың ұлан-байтақ жері — «Дешті-Қыпшақ» деген атауға ие болды. ХІ—ХІІІ ғасырлардың ауқымында Дешті-Қыпшақтың байтақ даласында көптеген тайпалар мен тайпалық топтардың қозғалысы және араласу үдерісі жүрді. Бұл жақында судың негізіне көптеген тайпалардың, рулардың, шаруашылық, тұрмыстық, салт-дәстүрлік және аумақтық байланыстарының жолға қойылуына ықпал жасады. Осының барысында тіл, мәдениет, салт-дәстүр және басқа да рухани құндылықтарының ортақ белгісі бар қыпшақ этносы қалыптаса бастады. Бірақ бұл үрдісті ХІІІ ғасырдың басында Шыңғыс ханның бастауымен болған монғол-татар шапқыншылығы бұзып жіберді.

Қыпшақ тайпаларының саяси одағы рулық-тайпалық қағидалардың негізінде басқарылды, яғни тайпалардың басында бектер (княздер) тұрды, руларды ақсақалдар басқарды. Қыпшақ тайпалары бірлестігінің жоғарғы билігінің басында күшті, беделді рудан шыққан хан тұрды, оның лауазымы «ұлықхан» деп аталды. Оның билігі мұрагерлік жолмен қалдырылып отырды. Қыпшақтар кәсібінің басты бағыты — маусымдық жайылымдықтарды таңдау арқылы үлкен аймақты қамтып, көшіп-қонуға негізделген қарқынды мал шаруашылығы болды, халқының бір бөлігі жартылай көшпелі және егіншілік кәсібімен айналысты. Малға қатысты жеке меншік құқығы, ірі мал табындары иелерінің іс жүзінде шұрайлы мал жайылымдарын иеленуі — қыпшақтардағы мүліктік теңсіздіктің негізі болды. Жайылымдықтарға байланысты жеке меншік заң негізінде бекітілмеді. Халықтың негізгі басым бөлігін басы ерікті көшпелі қауым мүшелері, ал отырықшы аймақтарда хандардан, бектерден жартылай тәуелді топтар — «жатақтар» құрады.

Орталық басқару аппараты ханның Ордасында шоғырланды. Оның негізгі функциясына мемлекеттік мүліктер мен армияны басқару тапсырылды. Жоғарғы билеуші «ұлық ханнан» бөлек, қыпшақ тайпалары бірлестіктерінің жеке хандары, ірі шенеунік-ақсүйектер — тархандар, югурлар, басқақтар және бектер белгілі болды.

Аумағы және әкімшілік бөлінісі. Қыпшақ мемлекеті сол кездегі дәстүрлі әскери-әкімшілік жүйесінің негізгі бірлігі — «қанатта-

рға» бөлінді. XV—XVII ғасырларда қыпшақтардың саяси бірлестігі іс жүзінде бір-бірінен тәуелсіз екі одаққа — *батыс* (Волга өзенінен батысқа) *шығыс* (Қазақстан аумағы) бөлікке жіктеледі. *Шығыс* бөлігі екі қанатқа бөлінді. Хандықтың орталығы Торғай даласында орнықты. Оң жақ қанаты Қазақстанның батыс аймақтарын қамтып, орталығы Жайық өзенінің төменгі ағысында орын тепті. Сол жақ қанаты Сырдария аңғарын және Қазақстанның Орталық Шығыс өңірлерін алып жатты. Оның билеушісінің ордасы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласында орналасты.

Әкімшілік бөлінісінің негізгі бірлігі — әскери-протестарлық (жария билігі бар) бірлестіктер — тайпалар болды. Батыс қыпшақ одағы 11 (он бір) тайпаға бөлінді. Олар: 1) *тоқсоба*, 2) *жеті оба*, 3) *бұржоглы*, 4) *ельбөрілер*, 5) *қангароглар*, 6) *анджоглар*, 7) *дуруттар*, 8) *құлабегьлар*, 9) *шортандар*, 10) *қарабөріктілер*, 11) *қотандар*. Шығыс Қыпшақ хандығына төмендегідей 16 әскери-потестарлық бірлестіктер кірді. 1) *ельбөрілер*, 2) *тоқсоба*, 3) *жеті оба*, 4) *дурут*, 5) *алтарыс*, 6) *манкуроглар*, 7) *имек*, 8) *бурджоглар*, 9) *таг*, 10) *башкурт*, 11) *кумандар*, 12) *бажынақ*, 13) *баджно*, 14) *қарабөріктілер*, 15) *уз*, 16) *шортан*.

Қыпшақ хандары сол дәуірдегі орыс княздықтарымен, Византиямен, Хорезммен, Қарақандықтармен, Қарақытайлармен тығыз байланыста болды. Кең тараған дипломатиялық байланыстардың бірі — ұзақ уақытқа арналған әскери-саяси және экономикалық одақты негіздеуге мүмкіндік жасаған билеуші әулеттердің арасындағы некелік қатынастар болды. Мұндай туыстық қатынастар батыс қыпшақтары мен орыс княздықтарының арасында, шығыс қыпшақтарымен Хорезмнің арасында орнықты.

Моңғол шапқыншылығынан кейін қыпшақтардың бір бөлігі Венгрияға, Кіші Азия, Мысырға кетті, қалған бөлігі жаңа этносаяси бірлестіктерге кіріп, болашақ қазақ халқының қалыптасуына үлкен ықпал жасады.

10-тақырып. НАЙМАН ЖӘНЕ КЕРЕЙ ҰЛЫСТАРЫ

IX ғасырдың ортасында Орталық Азияда жаңа саяси құрылымдардың қалыптасуымен ерекшеленеді, әлем картасының бетінде найман, керей мемлекеттері пайда болды. Наймандар, керейлер жөніндегі алғашқы деректер VIII ғасырда пайда болып, олардың ұйғыр қағанатының құрамында болғандығы айтылады. 840 жылы ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін, найман, керей тай-

палық одақтары саяси дербестікке ұмтылып өз мемлекеттерін құра бастады. Қытай деректерінде олардың жиынтық атауы «сызубу» деп аталды. Солтүстік «сызубу» керейлер, батыс «сызубу» наймандар деген атқа ие болды. Мемлекеттіліктің нығаюы XI ғасырда олардың христиан дінінің несториан ағымына кіргеннен кейін қарқынды жүрді. Алайда найман, керей тайпалары XI ғасырдың аяғында Қытай империясының тәуелсіздігіне түседі. Қажырлы күрес барысында 1125 жылы керейлер, ал 1143 жылы наймандар саяси дербестікке ие болды. Осы кезден бастап, XIII ғасырдың басына дейінгі мерзімде найман, керейлер дербес мемлекеттер ретінде даму жолынан өтіп, саяси тұрғыдан әлсіреген кезде Шыңғыс хан шапқыншылығына ұшырап, оның билігін мойындауға мәжбүр болды.

Тарихи тұрғыдан карағанда, «сегіз оғыз» деп аталатын найман тайпалар одағы (түрікше сегіз тайпа одағы) VIII ғасырдың орта шенінде жоғарғы Ертіс пен Аргун (Моңғолия) аралығында өмір сүріп, Ханғайдан Тарбағатайға дейінгі жерді алып жатты. Керейлер Орхан (Моңғолия), Тола өзендерінің өңірінде көшіп-қонып жүрді.

Мемлекеттік басқару құрылымы. IX–XI ғасырларда найман, керей («сызубу») конфедерациясы *далай-хан* жоғарғы лауазымды билеушісі арқылы басқарылды. Сонымен бірге одаққа кірген әрбір тайпалық бірлестіктің өздерінің жеке хандары болды. Тарихи деректердің мәліметтерінде бұл кезде наймандарды таяндар және хандар басқарды, алайда бұл лауазымдарының өкілеттілігінің арақатынасы жөнінде еш нәрсе айтылмаған.

1092 жылы қидандармен (кара қытайлар) соғыста жеңіліске ұшырап, далай-хан Марғұз опат болғаннан кейін наймандар Ляо көшпенділер империясының қол астына өтеді. 1143 жылы қайтадан дербестік алғаннан бастап мемлекеттік басқару құрылымында бірнеше өзгерістер болды. Керей тайпаларында жоғарғы билеушінің лауазымы «бұйрық хан» деп аталып, оның билігі мұрагерлікпен беріліп отырды. 1183 жылы керейлердің билеушісі Тұғырылды Қытай империясы ресми түрде хан есебінде (қытайша – «Ван») танып, керей мемлекетінің саяси егемендігін мойындайды. Осы кезден бастап, Тоғырыл билеуші Қытай тарапына *Ван-хан* деген лауазымға ие болды.

XII ғасырдың соңында XIII ғасырдың басында бірнеше дербес иеліктерге бөлінген найман мемлекетін «Күшлік хан», «Бұйрық хан» және «Таян хан» билеген. «Күшлік хан» айбынды әмірші

дегенді білдірді. Ал «Бұйрық хан» әмірші жарлық таратушы деген мағынада айтылды. Найман және Керей ұлыстарындағы негізгі атқарушы билік ханның Ордасы және үкіметі болды. Орда негізінен ханның мүлкі мен әскеріне басшылық етті. Басқару тетігі басқару жүйесіндегі ерекше санаттағы қызмет шенеуніктері – *чербилер* арқылы жүзеге асырылды. Хан ордаларында ресми түрде іс қағаздары жүргізіліп, олар ханның мөрі арқылы бекітіліп отырды. 1203 жылы керейлерді моңғолдар талқандап, түпкілікті саяси дербестігінен айырылды.

Аумағы және әкімшілік бөлінісі. «Сызбу» (найман, керейлер) мемлекетінің аумағы жартылай дербес бірлестіктерге бөлініп, оның солтүстік бөлігі *керейлер*, батыс бөлігі *наймандар* деп аталды. Саяси дербестікке қол жеткізгеннен кейін наймандар мен керейлер көшпелі мемлекеттің ерекше нысаны – «ұлыстарды» қалыптастырды. «Ұлыс» термині негізінен «халық», «халық билігі» деген түсінікті бере отырып, мемлекет ауқымындағы белгілі бір аумақ пен халықтың саяси жүйесінің өзін-өзі басқарылу үрдісін бейнелейді. Жеке иеліктердің шекаралық шептері нақты белгіленіп, олар атты әскери жасақтармен қорғалып, күзетілді.

Керей ұлыстары әскери-потестарлық (жария билік) құрылымдар тайпаларға бөлінді. Кейбір деректерде соғыс жағдайында белгілі бір әскер жасақтарының сандық құрамын жасақтауға мүмкіндік беретін, әскери-әкімшілік бөліністер – «түмен» (он мың), «мыңдық», «жүздік», «ондық» сияқты бірліктерден тұратыны жөнінде айтылады.

Найман ұлысы да екі қанатқа бөлініп, әскери құрылымының бірлігі – «түмендерден», «мыңдықтардан», «жүздіктерден» құралды. Сонымен қатар басқару жүйесіне өз билеушілерімен қатар жергілікті қауымға кірмеген, қаңлы, қыпшақ тайпаларының арасынан тандалған шенеуніктер де қатыстырылды.

Саяси дербестік кезеңінде найман, керей ұлыстары белсенді сыртқы саясат бағыттарын ұстанады. Осындай белсенді дипломатияның бірі әрі маңыздысы – 1007 жылы Мерв қаласына христиан дінінің несториан ағымын қабылдай, оны далалық аймақтарға тарату мақсатында жіберілген елшілік болды. Сондай-ақ, найман, керей ұлыстары тұрақты негізде Қытай, Тангут, Тұрфан елдерімен елшілік деңгейде қарым-қатынаста болды және өздерінің мемлекетінің арасындағы байланыстар белсенді түрде жүзеге асырылып отырды. Наймандар мен керейлер өз мемлекетінің халықаралық деңгейде танылуына үлкен мән берді.

Құқығы. Құқықтың негізгі қайнар көзі — әдет-ғұрып болды. Кейбір деректердің мәліметінше, ерекше заңдар кодексі «Еке-Төре» немесе «Ұлы ақиқат» құқық жүйесінің болғаны жөнінде хабардар етіледі. Наймандар мен керейлер құқық нормаларын аспан әлемінің бейнесі ретінде қабылдап кезегінде хандар осы нормаларды негіздеуге және орындауға қатысты ерекше құзыретке ие болады деп есептеді.

Бакылау сұрақтары:

1. Ежелгі Түрік империясының құрылу себептері қандай?
2. «Ель» терминінің мәні неде?
3. Қарақандықтардың мемлекеттік-құқықтық жүйесінің негізгі сипаты неде?
4. «Икта» институтының мәні не?
5. Орда және ұлыс терминінің мәнін түсіндіріңіз?

Әдебиеттер:

1. История государства и права Казахской ССР. Ч.1. Алма-Ата, 1982.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бізге дейінгі) 1-том. Алматы, 1996.
3. *Кузембайұлы А., Абдиль Е.* История Республики Казахстан. Астана, 1999.
4. *Агаджанов С.Г.* Очерки истории огузов и туркмен в Средней Азии IX—XIII в.в. Ашхабад, 1969.
5. *Акинжанов С.М.* Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1989.
6. *Бартольд В.В.* Тюрки: двенацать лекции по истории Турецких народов Средней Азии. Алматы, 1998.
7. *Гумилев Л.Н.* Ежелгі түріктер. Алматы, 1998.
8. *Гумилев Л.Н.* В поисках вымышленного царства. Сиб., 1994.
9. *Кадырбаев А.Ш.* Очерки истории средневековых уйгуров, джалаилов, найманов и керейов. Алматы, 1993.
10. *Мыңжан Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 1994.
11. *Кумеков Б.Е.* Государство кимаков IX—XI в.в. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972.
12. Краткая история уйгуров. Алматы, 1991.
13. *Худяков Ю.Г.* Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. 4 по сибирск, 1986.

IV бөлім. ШЫҢҒЫС ХАН ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ОРДАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

II-тақырып. ШЫҢҒЫС ХАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТАРИХ САХНАСЫНА ШЫҒУЫ

XII ғасырдың соңы – III ғасырдың басында Орталық Азиядағы моңғол тайпаларының белсенді түрде бірігу үрдісі жаңа көшпенділер империясының қалыптасуына ықпалын тигізді. 1206 жылы ұзаққа созылған күрестің нәтижесінде моңғолдардың басын біріктіруші әрі мемлекет басшысы Темучин «Шыңғыс хан» (Ұлы билеуші) деген жоғарғы лауазымға ие болды. Ол моңғол ұлыстарын бір орталыққа біріктірген мемлекеттік жүйені құруға септігін тигізген бірқатар әскери және әкімшілік реформаларын жасады. Керейлерді, наймандарды талқандап, өз империясының құрамына қосқаннан кейін, Шыңғыс хан Қытайға, Жетісуға, Орта Азияға жаугершілік жорықтарын жасады. Оның тақ мұрагерлері Шыңғыс ханның жаугершілік саясатын жалғастыра отырып, Еуразия құрлығының көп бөлігін қамтитын әлемдік империя құрды. 1218–1240 жылдары Қазақстан аумағында Моңғол империясының қол астына өтті.

Мемлекеттік басқару жүйесі. 1227 жылы Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін Моңғол мемлекетінің басында оның әулетінен шыққан қағандар тұрды. Жоғарғы биліктің заңдылық негізгі (легитимность) әулеттің негізін салушы мен оның мұрагерлеріне құдайдың таңдауы арқылы берілген деген діни сенімге негізделді. Моңғолдардың билік басындағы жоғарғы лауазымды тұлға қаған – әмбебап билеуші ретінде абсолютті сипатқа ие болып, оның билігі тек моңғол империясына ғана емес, іс жүзінде оның қол астындағы барлық жерлерге таралды. Жоғарғы билік өсиет бойынша мұрагерлікпен беріліп отырды. Билік тағына бекіту үрдісі құрылтайда (халық жиналысы) сайлау арқылы жүзеге асырылды. Қағанға өте кең ауқымдағы өкілеттіктер берілді. Ол бүкіл мемлекет аумағын басқарып, халыққа билік жүргізумен бірге, жоғарғы заңды күші бар заң жасақты («ясак») жарлықты – жар-

ғыны шығарды, әскерлердің жоғарғы бас қолбасшысы және моңғолдардың бірінші дінбасы ретінде есептелді. Қағаннан кейінгі билік сатысында Шыңғыс ханның ұлдарынан тараған ұрпақтары — ұлыстардың хандары тұрды. Олар қағанның жоғарғы билігін мойындағанымен өз иеліктерінде дербес билеушілерге айналды. Жаулап алынған жерлерде қаған және ұлыс хандары өздерінің нөкерлері даругаттарды тағайындады. Олардың құзыретіне төмендегідей міндеттер жүктелді: халықтың санын анықтау; жергілікті халықтан әскер жасағын құру; почта байланысын ұйымдастыру; халықтан салық жинап; оны ордаға жеткізу т.б. Шыңғыс ханның және оның тұсында империяның орталық басқару аппараты қалыптасты. Атқарушы биліктің маңызды органы ретінде мемлекеттік кеңес есептеледі, оның құрамына империяның жоғарғы шенді шенеуніктері енгізілді. Оның басында әкімшілік, қаржы және әскери мекемелерді бақылайтын «оң канат» министр тұрды. Басқару жүйесіндегі маңызды орынды ханның кеңсесі иеленді. Хатшылардан, жылнамашылардан құралған кеңсені «улуг — битиги» (үлкен хатшы) басқарды. Жергілікті билік қаған тағайындаған Шыңғыс әулетінің өкілдеріне және түмендерге берілді. Бірқатар өңірлерде қаған тағайындаған «жарғуштар» сот билігін жүзеге асырды. Мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды саласын почта қызметі құрады.

Әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Моңғолдар империясы негізгі төрт ұлысқа бөлінді, оларды өздерінің хандары басқарды. Моңғолия мен Қытайдың аймағы негізгі ұлыс деп есептеліп, оны қағанның өзі басқарды. Қазақстанның (Жетісудан басқа) Төменгі Еділ, Солтүстік Кавказ, Қара теңіз бен Арал жағалауы *Жошы ұлысына* берілді. Жетісу, Қашқария және Орта Азия жерлері *Шағатай* ұлысын құрды.

Наймандардың, керейлердің және ұйғырлардың бұрынғы иеліктері *Удегей* — ұлысының құрамына кірді. Кейінірек жаулап алынған Иранның, Таяу Шығыстың жерлері *Хулагу* ұлысына бекітілді. Өз кезегінде үлкен ұлыстардың жер аумағы бірқатар ұсақ құрылымдарға бөлінді, оларды *кіші ұлыстар* деп атады. Олар үш түрге бөлінді:

1. *Шыңғыс хан руы мүшелерінің иелігіндегі ұлыс.* Оның халқының саны 10 мыңға дейінгі адамды құрады.

2. *Түмендер ұлысы* — хан тағайындаған түмейдер билігінде болды, халқының құрамдық саны 2—10 мың отбасын құрады.

3. *Провинциалық ұлыстар*. Олар негізінен отырықшы халықтан құралып, дару, габектер арқылы басқарылды және жоғарғы моңғол билігінің тұрақты бақылауында болды.

Салық жүйесі. Империяның көшпелі халқы бірыңғай салық *копчурды* төлеп, ол бір жылдың мал басының 1% құрады. Одан басқа әскери салық — *тагар*, төтенше салық — *аваиз* болды. Отырықшы халық *харадж* деп аталатын жер салығын бөледі.

Құқық жүйесі. Моңғол империясы құқығының негізгі қайнар көзі ретінде әдет-ғұрып есептелді. Моңғолдардың түсінігінше, құқық нормалары ғарыштағы үйлесімдікті қамтамасыз ететін әлемдік заңдарға сәйкес келеді және оларды сақтау, орындау арқылы ғана қоғамдағы үйлесімдікті кепілдендіруге болады деп есептеді. Әлемдік заңдардың жердегі іске асырушысы қаған деп танылды, сондықтан ол империядағы ең жоғарғы заң шығарушы және сот билігіне ие болды. Шыңғыс ханның және оның мұрагерлерінің кезінде жаңа заңдар жинағы — *Яса* немесе «жасак» дайындалды, ол жаңа қалыптасқан әлеуметтік-саяси қатынастарға негізделіп жасалды. Шыңғыс ханның «жасак» заңы екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім — *Білік* деп аталып, онда Шыңғыс ханның моральдық-нормативтік сипаттағы ойларының жиынтығы және мемлекет құқығының негізгі нормалары жинақталды. Заңның екінші бөлімі тікелей «жасак» деп аталды, онда қылмыстық құқық нормалары және діни тыйымдар қарастырылды. Жасақтағы маңызды орынды әскери ұйымдардың, ондағы тәртіптің және соғыс олжаларын бөлуді реттейтін нормалар алды. Шыңғыс ханнан кейін «ясаны» сақтаушы ретінде оның ұлы Шағатай сайланды. Моңғол империясында жоғарғы судья лауазымындағы «*жарғу* — *жарғулугсан*» және қатардағы судьялар «*жарғуштар*» болды.

Алтын Орданың әкімшілік-аумақтық жүйесі. XIII ғасырдың 20–30 жылдарындағы моңғол-қыпшақ соғыстарының барысында қазақ даласының көп аймағы Жошы ұлысының құрамына кірді. Ол қайтыс болғаннан кейін (1227ж.) билік басына Бати келді. Ол моңғол қағанының егемендігін мойындағанымен, іс жүзінде ол басқарған ұлыс тәуелсіз болды. Батидың билікке келген мұрагері Берке хан басқарған кезде Жошы ұлысы тәуелсіз мемлекет деп танылды. Ресми құжаттарда бұл мемлекет «Ұлық ұлыс» деп атала бастады. Орыс деректерінде «Алтын Орда» деген атауға ие болды.

Аумақтақ-әкімшілік бөлінісі. XIII ғасырдың 40-жылдарынан XIV ғасырдың басына дейінгі аралықта Алтын Орда («Ұлық ұлыс») «оң» және «сол» қанатқа бөлінді. Сол қанаттың аумағы Қара теңіздің солтүстігін, Солтүстік Кавказ, Еділдің орта және

төменгі жағалауындағы өңірлерді қамтиды. Оң жақ қанаты — шығысқа қарай созылып, Қазақстанның және Батыс Сібір аймақтарын қамтиды. Жошы ұлысының оң және сол қанатқа бөлінуі, ол қайтыс болған соң (1226 ж. шамасында) Шыңғыс ханның тікелей өсиетімен жүзеге асырылған деген деректер кездеседі. IX ғасырда Алтын Орданың оң жақ қанатының орталығы Жайық өзенінің төменгі ағысындағы *Сарайшық* қаласына орнығып, «Ақ Орда» деп атала бастады. Түріктердің түр-түске қатысты символикасы бойынша бұл атау — үлкендік және басымдылық дегенді білдіреді. Оның хандары қысқы мерзімді Сарайшықта өткізіп, жазғы маусымдары экономикалық тұрғыдан қажеттілік болмаса да Ордамен бірге көшіп жүрді. Осы тұрғыдан Алтын Орда хандары өздерін көшпелі-номадтардың әулетінен тарағандығының тарихи үндестігін көрсетті.

Ұлық ұлыстың (Алтын Орданың) сол жақ қанаты — шығыс Қыпшақ тайпалары бірлестіктерінен құралған Сырдарияның орта бөлігіндегі Сығанақ қаласында орналасты. Мұндағы хан ордасы — «Көк Орда» деп атала бастады. XIV ғасырдың 20—30 жылдары «Көк Орда» жойылып, сол жақ қанат хандарының тағайындауындағы билер арқылы басқарыла бастады.

Салық жүйесі. Алтын Ордада салық жинау жүйесін тәртіпке келтіру үшін қол астындағы аймақтар халқының санағын жүргізіп отырды, сонымен бірге малдың жалпы саны, өңделетін жерлердің көлемі, оның орташа шығымдылығы да есепке алынды. Осының негізінде арнайы салық кітабы — «дафтар» құрастырылды. Көшпенділер бір жылғы мал өсімінің 1% құрайтын «копчур», егіншілер — «харадж» салығын төледі. Әскери салық «тагар» екі түрге бөлінді, 1) «азук» — азық-түлік жинау, 2) «алым» — астық түрінде салық жинау. Моңғол империясының қол астындағы орыс княздықтарының халқы жыл сайынғы мүліктің 10% құрайтын *шығын* салығын төледі.

Алтын Орданың жерімен жүріп өтетін сауда керуендері мемлекетке үлкен кіріс әкелетін бас салықтарын төлеп отырды.

Құқықтық жүйесі. XII—XIV ғасырдың басында Алтын Ордадағы құқықтың негізгі қайнар көзі — Дешті-Қыпшақ даласының жағдайына бейімделген Шыңғыс ханның «Ясасы» болды. Одан басқа ұлыс аймағында діни сипаттағы құқықтық нормаларда қолданыла бастады. XIV ғасырдың басында Өзбек ханның билігі тұсында ислам мемлекеттік дін деп жарияланды. Бұл жағдай бүкіл ұлыстың аумағында мұсылман құқығы нормаларының енгізілуіне ықпал жасады.

XIV ғасырдың ортасына қарай Шағатай ұлысы өз ішінен екі дербес иелікке — шығыс және батыс бөлікке айрылды. Осы шығыс бөліктің билігі іс жүзінде Дулат тайпасының билеушісі Болатшының қолында еді. Бірақ ол Шыңғыс ханның ұрпағы болмағандықтан өзін жеке хан етіп жариялай алмады. 1348 жылы шығыс аймақтың шонжарлары бірлесе отырып, Шағатай өулетінен шыққан 18 жасар Тұғылық Темірді хан көтерді. Сөйтіп, бұрынғы Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде Моғолстан хандығы құрылды. Ал Шағатай ұлысының батыс бөлігі Мавреннахрда Әмір-Темір мемлекеті құрылды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдари Дулатидың жазып қалдырған деректері бойынша Моғолстанның бастапқы кездегі аумағы: шығысында Моңғолия жерімен шектесіп, Баркөл, Еміл, Ертіс өзендерін қамтыды. Солтүстікте Балқаш көлі мен Қаратал өзеніне дейін созылды, батыста Түркістан және Ташкентпен шектеседі, оңтүстікте Ферғана мемлекетімен, Кашқар, Ақсу және Тұрпанмен шектеседі деген мәліметтер келтірілген. Алайда тарихи оқиғаларға байланысты Моғолстанның жер көлемі бірде кеңейіп, бірде тарылып отырды.

Моғолстан мемлекеті халқының негізгі құрамын түркі тілдес тайпалар — дулат, қаңлы, үйсін, керей, арғын, барын, барлас, бұлғаш т.б. құрады. Бұлардың басым көпшілігі ежелден осы өмірде жасаған түркі тілдес тайпалар, олардың ішінде жергілікті түркі тілдес халықтарына сіңісіп кеткен моңғол тайпалары да болды. Ал Моғолстанның бір бөлігі қазіргі оңтүстік Шыңжанның негізгі халқы ұйғырлар болды.

Орта ғасырдағы тарихшылардың деректеріне қарағанда, XIV ғасырда жоғарыда аталған ру-тайпалар «моғол» деп аталған. Бірақ бұл кездегі «моңғол» атауы қалыптасқан халықтың аты емес әскери-саяси одақтың аты болды. Сонымен XIV ғасырдың ортасында осы «моғол» одағын негіз етіп құрылған хандық «Моғолстан» деп аталады.

Моғолстан мемлекетінің алғашқы ханы Тұғылұқ Темір өзі билеген түркі тілдес мұсылман халықтары арасында беделін арттырып, үстемдігін нығайту үшін хан тағына отырған соң мұсылман болған. Сонымен бірге өзіне қарасты ел арасына ислам дінін таратқан.

Моғолстан мемлекетінде көшпенді жартылай көшпенді тайпалардың тарихи дәстүріне сай ұлттық жүйе сақталды. Мемле-

кеттін басшысы болып, Шағатай әулетінен шыққан хан есептелді. Алайда, кең ауқымдағы билік жергілікті шонжарлардың өкілдері – ұлыбектердің қолында болды. Сонымен Моғолстанда Дулат тайпасынан шыққан Болатшы әулетінің параллельді билігі қалыптасты. Ханның және ұлыстектің жанында хандық кеңес құрылды. Ұлыбектер хан қазынасына өзіне қарасты ұлыстардан алым-салық жинап беруге міндетті болды. Моғолстанда орталық басқару, билік органы әлсіз болды, оның есесіне жергілікті жерлердегі, әсіресе отырықшы-егіншілік болды, аудандардағы басқару жүйесі жетілген деңгейде бұл алым-салықты жинауды жүйелі ұйымдастырудың қажеттілігінен туындады.

Моғолстандағы жергілікті басқару жүйесі орталық ұлыстағы басқару жүйесінен өзгешелеу болды. Моғолстанның құрамына қазіргі Қырғызстанның, Қашқарияның Қашқар, Қотан, Ақсу сияқты маңызды қалаларын қамтыған автономиялық аймақ – Маңғылай – Сүбе кірді. Мұнда дулат тайпасынан шыққан ұлыбектер дербес билік құрды. Одан басқа Моғолстанның және Маңғылай-Сүбенің жерлері Шыңғыс әулетінің және Дулат әмірлерінің жеке иеліктеріне бөлінді. XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың ортасына дейін Моғолстан жерінде ішкі қайшылықтармен бірге, Орта Азияны билеген Әмір-Темірдің тарапынан болған тұрақты шапқыншылықтар оны әлсіретті.

XV ғасырдың алғашқы жартысында Моғолстан жері түпкілікті әмірлердің дербес билік жүргізетін иеліктеріне бөлініп кетті. 1465–66 жылдары Жетісуда (Шу бойында) қазақ хандығы құрылған соң, көп ұзамай Моғолстан хандары өздерінің Жетісу өңіріндегі билігінен айырылды. Ондағы қазақ тайпалары қазақ мемлекетінің негізгі бөлігімен бірікті.

Бакылау сұрақтары.

1. Моңғол империясында ұлыстардың қандай түрлері болды?
2. XIV ғасырдың соңғы ширегіндегі Алтын Ордадағы (Ұлы Ұлыс) саяси дағдарыстың себептері қандай?
3. Моғолстан мемлекетінің этникалық құрамы қандай ру-тайпаларды біріктірді?
4. Моғолстан мемлекетінің ыдырауына қандай ішкі және сыртқы факторлар әсер етті?

Әдебиеттер:

1. История государства и права Казахской ССР. Алма-Ата, 1982.

2. Қазақстан тарихы (Ежелгі дәуірдегі біздің заманымызға дейін) Алматы, 1998.
3. Кузембайұлы А. Абиь Е. История Республики Казахстан. Астана, 1992.
4. Кляшторный С.Г. Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трехтысячелетия. Алма-Ата, 1992.
5. Краткая история уйгуров. Алматы, 1991.
6. Пищулина Н.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV–XVI в.в. Алма-Ата, 1979.
7. Скрынникова Т.Д. Харизма и власти в эпоху Чингиз-хана. М., 1997.
8. Утемши-хаджи. Чингиз-номе. Алматы, 1992.
9. Хара-Даван Э. Чингиз-хан как полководец и его наследие. Алматы, 1992.
10. Юдин В.П. Орда Белая. Синяя Золотая...// Казахстан, Средняя Азия в XVI–XVIII веках. Алма-Ата, 1983.

13-тақырып. ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ НОҒАЙ ОРДАСЫ

XV ғасырдың 20–30 жылдарында Алтын Орда ыдырап, («Ұлы ұлыс») нәтижесінде оның сол қанатындағы аумақта бірнеше жартылай тәуелді иеліктер құрылды. Атап айтқанда, Солтүстік Арал аймағын Шейбани әулетінен шыққан Жұмадық хан биледі, Орталық Қазақстанда Мұстафахан, Солтүстік Қазақстан мен Сібірде – Кебек би мен Адаб бек, Тобыл өңірінде – Мухаммед-Қожа-хан, Батыс Қазақстанда Қазы би билік құрды. 1428 жылы Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір аймағын алып жатқан Ибир (Сібір) ұлысының орталығы Шымға-Төреде Едіге бидің ұрпағы Бақас бидің қолдауымен Шыңғыс ханның Шейбани әулетінен шыққан 17 жасар Әбілқайыр хан болып жарияланды. Ол билік басына келгеннен кейін бұрынғы Алтын Орда мемлекетінің басқаруын орталықтандыру арқылы қалпына келтіріп, орталық билікті нығайтып әрі күшейтуге талпынды. XV ғасырдың 30–40 жылдары Әбілқайыр Алтын Орданың сол қанатының барлық билігін қол астына біріктіру арқылы барлық Шыңғыс хан ұрпақтарын және Едіге бидің әулетінен шыққандарды өзіне бағындарды. Оның билік жүргізу иелігі шығыстан батысқа дейінгі Ертіс өзенінен Еділге (Волга) дейінгі жерлерді қамтыды. Бұл аймақ шығыстың тарихи деректерінде «Өзбек ұлысы» немесе «Көшпелі өзбек мемлекеті» деген атауға ие болды. Оның бұл атауы XIV ғасырда Алтын Ордада билік құрып, ең алғашқы болып мұсылмандықты

кабылдап, өте жоғарғы беделге ие болған *Өзбек* ханның есімімен байланыстырылды және оның қол астындағы барлық тұрғындар «Өзбектер» деген жиынтық атауға ие болды. XV ғасырдың бірінші жартысында «өзбек» термині Алтын Орданның бұрынғы сол қанатының халқына қатысты, яғни қазіргі Қазақстан аумағында да қолданылды.

Әбілқайыр ханның бұрынғы Алтын Орданның саяси жүйесін қайта құрып, жандандыру әрекеті уақытша ғана нәтижелі болып, ол сәтсіз аяқталды. *Біріншіден*, сауда-көпестік құрылымдардың жүйесі нашар дамыды, *екіншіден*, ірі қала орталықтарының болмауы, мемлекеттік аппаратты асырап-сақтауға байланысты кірістерді әкелмеді, *үшіншіден*, жартылай көшпелі аграрлық бірлестіктердің рөлі күшейіп, олар әскери-потестарлық құрылымдарға айнала бастады. Хан өз тарапынан ұлыс билеушілерін тағайындағанымен, олардың билігі тұрақтанып, шынғыс әулетінен тарамаған бектердің рөлі күшейді. Сондықтан хан іс жүзіндегі ұлыс билеушілерінің бекітуге мәжбүр болды. Осыған орай Керей, Жәнібек сұлтандар Сырдарияның Орта ағысында, Едіге әулетінен тараған Мұса, Жаңбыршы билер Батыс Қазақстанда, Шейбани әулетінің өкілі Ибрагим Тобыл өңірінде дербес билік құрды. Сонымен Әбілқайырдың билігі кезіндегі Өзбек хандығының саяси ұйымы-орталықтандырылған хандық билігімен қатар, көшпелі және жартылай көшпелі бірлестіктердің дербес билігімен үндесіп отырды. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызды орындар өкілетті және алқалық билік органдары-*хандық кеңес* пен *дуанға* берілді. Хандық кеңестің құрамына жоғарғы лауазымды шенеуніктер, әскер басылар және ханның туыстары кірді. Дуан атқарушы билік органы ретінде рөл атқарды. Жоғарғы шенеуніктердің арасындағы ерекше орынды *ұлысбектер* алды. Олардың негізгі құзыретіне армияға қолбасшылық жасау, әкімшілік билікті жүзеге асыру, көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды жолға қою сияқты маңызды міндеттер жүктелді. Ханның кеңесшісі *инактар* және тақ мұрагерінің тәрбиешісі әрі тәлімгері *атабектің* де басқару жүйесіндегі рөлі маңызды болды. Отырықшы егіншілік аймақтар мен қалаларды ханның тікелей тағайындауындағы *даругабектер* мен *хакимдер* басқарды.

Ногай Ордасы XIV ғасырдың соңында XV ғасырдың басында Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде Дешті Қыпшақ даласында пайда болған дербес мемлекеттік құрылым еді. Оның негізін

осы үлкен аймақтағы түркі тілдес ру-тайпалардан құралған Ақ Орданың ұлыс билеушісі болған атақты батыр, шешен әрі биедіге салды. Ол 1396—1419 жылдары билік құрған уақытта, алғашқы болып, Шыңғыс әулеттерінің билігіне балама ретінде, жергілікті халықты басқарудың жаңа мемлекеттік-құқықтық нормаларына негізделген билер институтын қалыптастырды. Оның негізгі мәні — Едіге бидің және оның ұрпақтарының келісімінсіз, бекітуінсіз бірде-бір Шыңғыс тұқымы билікке үміткер бола алмады. Осының негізінде Ақ Орда мемлекетінде ресми түрде екі билік жүйесі қалыптасты, Шыңғыс әулетінен хан, Едіге ұрпағынан билер басқарды. (Бірі — хан бірі — би). Билердің билік басына келуі Едігенің саяси қызметімен тікелей байланысты болды. Ол Тоқтамыс ханның билік құрған кезінде «беклербек» лауазымын иеленіп, жергілікті көшпелі қауымның басшысы ретінде танылып, солардың мүддесін қорғады. 1390 жылы Тоқтамыс ханмен арадағы қақтығыстың нәтижесінде қуғындалып Ақ Ордан кетуге мәжбүр болады. Осыдан кейін Едіге өзінің көптеген жақтастарының басын біріктіріп және Самарханд билеушісі Әмір-Темірдің көмегімен Ұлыс аймағындағы билігін қалпына келтірді. 1396 жылдан бастап Едіге «би» деген лауазды иелене отырып, іс жүзінде Ақ Ордада жеке дара билік құрып, өз қалауынша хандарды билік тағына отырғызып және ауыстырып отырды. Кейіннен бұл үрдіс Ноғай Ордасының билік жүйесінде тұрақты орнығып, елдің белгілі бір аймағында төңкеріс жолымен билікке келген оның қарсыластары да, олардың хандық билігін Едігінің тарапынан танылуын сұрауға мәжбүр болды. Сондықтан биліктің танылмауы оның жойылуына әкеліп соқтырып, оның салдары халық пен армияның көз алдында бұл биліктің заңсыздығын көрсетті. Едіге қайтыс болғаннан кейін Шыңғыс әулеттерінің билігін бекітіп, негіздеу оның келесі ұрпақтарының қолына көшті. Мәселен, 1419 Едігенің ұлы Мансур-бий Шыңғыс әулетінің өкілі Мұхаммед қажыны, 1423 жылы Орыс ханның немересі Барақты хандық таққа отырғызып, биліктерін бекітті. Сонымен Ақ Орда билеушілерінің арғы тегі Шыңғыс тұқымынан тараған ханзадалар болғанымен оның негізгі тұрғындары болашақ қазақ халқын құраған қыпшақ тайпалары болды, оның әскери күші де солардан құралды. Ақ Орданың ресми тілі — Қыпшақ тілі болды. Осы тұрғыдан қарағанда Ақ Орда қазақтардың хандығы еді.

Ү б ө л і м. ҚАЗАҚ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫ

14-тақырып. ҚАЗАҚ ОРДАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан аумағында болған саяси үдерістердің нәтижесінде XV ғасырда жана мемлекеттік құрылым – қазақ хандығы пайда болды. Бұл оқиға қазақ халқының тарихында және оның мемлекеттік-құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен дамуында аса маңызды рөл атқарды. Әбілқайыр мемлекетінің (Көшпелі өзбек хандығы) саяси жүйесіндегі дағдарыс XV ғасырдың 50 жылдарында жоғарғы әлеуметтік топтар мен қатар бұқара халықтың арасында да оппозициялық қозғалыстың пайда болуына ықпал жасады. Әбілқайырдың 1457 жылы қалмақтар мен арада болған соғыста жеңіліс табуы – елді сыртқы шапқыншылықтан тиімді қорғау арқылы өзінің негізгі функциясын атқаруға қабілетсіз екенін көрсетті. Осы жеңілістің кері салдарының бірі – Орыс ханның ұрпақтары Керей және Жәнібек сұлтандардың өз қарауындағы ру-тайпаларымен Моғолстанның солтүстік-батыс аймағындағы Шу және Қозыбасы өңіріне көшіп кетуі болды. Жалпы беделі төмендеген, саяси ықпалы әлсіреген билеушіге наразылық ретінде қол астындағы адамдарының оның билігіне мойынсынбай көшіп кету үдерісі көшпенділердің арасында кең тараған құбылыстардың бірі болды.

Сондықтан, 1459–60 жылдары Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған халықтың үдере көшуі Дешті-Қыпшақтың шығыс бөлігіндегі Ақ Орданың соңғы тірегі – Әбілқайыр мемлекетінің құлауына әкеліп соқтырды. Осы кезден бастап Керей және Жәнібектің қол астындағы тайпалардың тобы – *қазақ* деген атауға ие болды. Бұл термин ежелгі түрік сөзінен аударғанда «ерікті», «бостандықтағы», «жауынгер» деген ұғымды білдірді.

1468 жылы Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін мемлекеттегі саяси дағдарыс барынша шиеленісті, оның ұлы әрі тақ мұрагері Шейх-Хайдардың билігі тұрақты болмады және ұзаққа созылма-

ды. 1470 жылы Шейх-Хайдар мен оның жақтастары қарсыластары тарапынан жеңіліс тауып, ол өлтірілді, оның иелігі үш бөлікке айырылды. Нәтижесінде Жетісудың батысы, Орталық Қазақстан, Сырдарияның Орта бөлігі Жәнібек пен Керейдің қолына көшті. Бұл саяси бірлестік — Қазақ Ордасы деген атқа ие болды. Батыс Қазақстанда маңғыттардың билігі орнығып, Ноғай Ордасы қалыптасты. Солтүстік Қазақстан және Батыс Сібір Шейбани әулеті Ибрагимнің билігіне өтіп, Сібір хандығы орнықты.

Әлем картасындағы жаңа саяси құрылым қазақ мемлекетінің пайда болуына бір мезгілде оған әсер еткен бірнеше кешенді саяси, экономикалық және этникалық себептердің ықпалы болды. Саяси себептердің қатарына ең алдымен, Алтын Орданың империялық дәстүріне негізделіп құрылып, қоғамдағы реттеушілік функциясын өз деңгейінде іске асыра алмаған саяси-құқықтық жүйесінің қабілетсіздігін қосуға болады. Осы тұрғыдан Әбілқайырдың қол астындағы халқы оның жүргізген саясатына көңілі толмағандықтан, қоғамды қайта құрып, онды өзгерістерге ұмтылған оның саяси қарсыластарының жобасын белсенді түрде қолдауға мәжбүр болды. Мәселен, XV ғасырда би ретінде танылған Едігеннің ұрпақтары — Мұса, Жаңбыршы хан билігімен Шыңғыс әулеті-төрелерді ығыстырып, оларды едігеліктермен ауыстыруды ұсынды. Орыс ханның ұрпақтары Керей және Жәнібек хандық билікті сақтай отырып, оның билік құзыретін қауым өкілдерінің съезі-маслихатпен шектеуді ұсынды. Ұзаққа созылған күрестің барысында қазақ хандары жеңіске жетіп, нәтижесінде XVI ғасырдың соңы — XVII басында елді өз биліктерінің қол астына біріктірді.

Қазақ хандығының қалыптасуының экономикалық себептерінің қатарына *біріншіден*; Алтын Орданың Еуразиялық бөлігіндегі экономикалық орталығы болған төменгі Еділ аймағының рөлінің төмендеуі — оның көшпелі халқының басым бөлігін қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударуға мәжбүр етті. Нәтижесінде халықаралық транзиттік сауданың рөл төмендеді. *Екіншіден*, Осман империясының нығайып әрі күшейіп, халықаралық аренада үстемдік құруы, Алтын Орданың Еуропа мемлекеттерімен арадағы сауда-экономикалық қатынастарына кері әсерін тигізіп дағдарысқа ұшыратты. *Үшіншіден*, жедел қарқынмен даму жолына түскен Еуропалық мемлекеттер Индияның Қытайдың су жолдарын игеру арқылы Алтын Орданың аумағын айналып өту мүмкіндігіне ие болды. *Төртіншіден*, Ұлы Жібек жо-

лының бағытында орналасқан Сырдария бойындағы қалалардың маңызы өсіп, халықаралық транзиттік сауда Еділ бойынан Қазақстанның көшпелі – отырықшылық аймағына ауыса бастады. Осы аталған жағдайлар Қазақстан жерінде ерекше дербес мемлекеттік құрылымды қалыптастыруды тездетті. Этникалық тұрғыдан алғанда Қазақ мемлекетінің қалыптасуы XIII–XIV ғасырларда Қыпшақ атын иеленген, XIV–XV ғасырларда ноғай, өзбек атауымен белгілі болған түркі тілдес тайпалардың бірлестігі – XVI ғасырда «қазақ» атауына ие болып, өзінің дербес мемлекеттігін қалыптастырып, нығайтты, оның халқының орналасқан жері – Қазақстан деп атала бастады.

Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі мәселелерді түйіндей келе төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Қазақ Ордасының негізін 1465–66 жылдары Өзбек хандығынан бөлініп, Шу өзенінің аңғарына қоңыстанған тайпаларды басқарған – Керей, Жәнібек сұлтандар қалады.

2. Қазақ хандығы Ақ Орданың мұрагері ретінде, оның бір ұлысының негізінде пайда болып, XV–XVI ғасырларда оның аумағындағы көшпенділердің басым көпшілігінің басын біріктірді. Іс жүзінде Ақ Орданың аумағы XVI–XVII ғасырларда Ресей империясы мен Қазақ Ордасының арасында бөлінді.

3. Қазақ хандығының халқы XV–XVI ғасырларда да этникалық мәдени және антропологиялық тұрғыдан өзгеріске ұшырамай, XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда құрамындағы қыпшақтардың тікелей ұрпағы болып қала берді.

4. Қазақ Ордасының XV–XVIII ғасырлардағы саяси құрылымы ұзаққа созылған мемлекеттік-потестарлық институттар мен қатынастардың эволюциялық үдерістердің нәтижесінде қалыптасып, Моңғол және Алтын Орда империяларының моделі ретінде көрінді.

Қазақ Ордасының үш жүзге (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) бөлінетіндігі жөніндегі деректер XVIII ғасырдағы орыс жазбаларында айтылады. Негізінде «жүз» атауы сандық мағынаны білдірмейді ол қазақ Ордасының, халқының *бөлігі, саласы* және *иелігі* деген ұғымды білдірді. Негізінде қазақ жүздерінің құрамы XVIII ғасырға дейін қалыптасып болды. Этникалық тұрғыдан қарағанда Қазақ Ордасы көшпелі кәсіпке негізделген рулық-тайпалық негізде құрылды, бұл жағдай белгілі бір автономиялық дербестік сақтап, жер аумағына иелік еткен ірі тайпалардың бірлестігі жүздердің қалыптасуына ықпал жасады. Бұл үрдісті

Қазақ Ордасындағы Ұлы ханмен қатар бірнеше дербес хандардың болуымен, ру-тайпа басшылары жиналып, бас қосатын «құрылтайдан» байқауға болады.

Қазақ Ордасының жүздерге бөлінуінің саяси негізіне төмендегідей экономикалық, этносоциал және географиялық факторлар әсер етті: 1) көшпелі шаруашылық кәсібінің басымдылығы; 2) ірі қалалардың аздығы; 3) ішкі рыноктардың қалыптаспағандығынан бірыңғай саяси билікті жүзеге асыруға мүмкіндіктің болмауы. Қазақ жүздері бірі-біріне туыстас, қандас әрі көршілес, бір аймақта өмір сүрген ру-тайпалардың негізінде қалыптасты. XVIII ғасырда қазақ жүздерінің қалыптасып, тиісті аймақтарға орнығуы аяқталды. Әрбір жүз өздерінің ішінде — тайпа, ру, ата баласы сияқты бөліктерге ажыратылды. Олардың әрқайсысын өздерінің арасынан шыққан — билері, батырлары және ақсақалдары арқылы басқарылды. Тайпалар мен рулар оның мүшелерінің тек қана этникалық бірлестігі ғана емес, оның шаруашылық-саяси органы ретінде де есептелді. Рулардың автономиялық дербестігін, өмір салтындағы кейбір ерекшеліктері мен өзгешеліктерін айқындайтын белгілері — рулық ұрандары, тамғалары, өзіндік дәстүрлері және ру адамдарын жерлейтін қасиетті орындары болды. Әрбір қазақтың жеке еркіндігі сол рудың мүддесімен тығыз байланысты болды. Сондықтан, адамдардың арасындағы маңызды саяси, әлеуметтік, тұрмыстық қатынастар мәселелері ең алдымен рудың мүддесі ескеріле отырып шешілді.

Қазақ Ордасының Ұлы жүзі — Қазақстанның қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының аймақтарында ежелгі заманнан бері мекендеген ру-тайпалардың негізінде қалыптасты. Ұлы жүздің негізін құраған — үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, жалайыр, шапырашты, сіргелі, ошақты тайпалары болды. Орта жүз тайпалары Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарын мекендеді. Орта жүздің негізін — қыпшақ, арғын, керей, найман, қонырат тайпалары құрады. Кіші жүз тайпалары Батыс Қазақстанның Сырдария жағалауын, Арал теңізінің жағасын, Каспий аймағының солтүстік бөлігін мекендеді. Кіші жүздің этникалық негізін — алшын, кердері, адай, черкеш, керей тайпалары құрады. Кіші жүз рулары үш топқа жіктелді: 1) Алты ата — Әлімұлы; 2) 12 ата — Байұлы; 3) Жеті ата — Жетіру.

Қазақ Ордасының Ұлы, Орта және Кіші жүздерге жіктелуі дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығының қалыптасу үрдісімен ғана емес, рулар мен тайпалардың арасындағы өзара қарым-қаты-

настарының субординациялық қағидасын (үлкендік, кішілік) анықтауға ықпалын тигізді. Осы тұрғыдан өздерінің қоғамдық және тұрмыстық өзара қатынастарында қазақ тайпалары «үлкен», «орта», «кіші» топтарға бөлінді. Халық ұғымында жүздердің арасына Ұлы жүзге өзінің мәртебесі жағынан беделді, құрметті, сыйлы орын берілді.

Қазақ Ордасының қоғамдық құрылысы. Қазақ Ордасының халқы хандық билік кезеңінде негізгі екі әлеуметтік топқа жіктелді. Олар «ақ сүйектер» және «қара сүйектер» деп аталды. Олардың құқықтық мәртебесі тек экономикалық деңгейі тұрғысынан ғана емес, көп жағдайда саяси және құқықтық белгілері негізінде анықталды. «Ақ сүйектердің» қатарына Шыңғыс әулетінен тараған-сұлтандар мен Мұхаммед пайғамбардың әулетінен тарап, ислам дінін таратып, насихаттауда ерекше белсенділік көрсеткен «қожалар» жатқызылды. Қазақ қоғамындағы жүздердің құрамына кіретін басқа әлеуметтік топтары (төлеңгіттерден басқа) «қара сүйектер» атауына ие болды.

Қазақ қоғамының тектік (сословиялық) топтарға бөліну қағидасы және осыған қатысты құқықтық ерекшелік белгілері нақты әрі қатаң жүргізілді. Осы тұрғыдан сұлтандар ақ сүйектер тобының өкілдері ретінде қазақ қоғамының ең ықпалды саяси күші болып есептелді. Алғашында сұлтан сөзінің жиынтық түсінігі – «билік құру», «билік ету», «үкімет» деген ұғымды білдірді. X ғасырдан бастап селжук-түріктерде «сұлтан» термині жоғарғы зайырлы биліктің лауазымды адамына қатысты қолданыла бастады. Кейінірек, Осман империясының жоғарғы билеушісі сұлтан деп атала бастады.

XIV ғасырдан бастап Өзбек хандығы тұсында сұлтан термині Шыңғыс хан ұрпағынан тараған әулеттің әрбір мүшесінің ерекше лауазымды аты болып қалыптаса бастады. Сонымен бірге сұлтандармен қатар патшалық билікте болмаған Шыңғыс хан ұрпақтары – «оғлан», «төре» деген атауларға ие болды. Шыңғыс ұрпағынан тараған балалар экономикалық жағдайына, сондай-ақ, ақыл-ой, дене бітім сапасына қарамастан туған кезінен бастап тек осы әлеуметтік топқа қатысты қолданылатын сұлтан деген атқа ие болды. Сұлтандар хан тағына ие болуда монополиялық басымдылыққа ие болып, Моңғол империясының дәстүрі сақталған кез келген аймақта хандық билікке таласуға үміткер бола алды. Жалпы мемлекеттік басқару жүйесінде сұлтандар ұлыстарды басқарып, биліктерін дербес жүргізді, олардың билік құзыреті

жыл сайынғы өтетін жалпыхалықтық жиналыс-құрылтайда рәсім-деліп, бекітілді. Шығу тегі жағынан «ақ сүйектер» тобына жататындықтан басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда сұлтандарға ерекше құқықтық басымдылықтар беріліп, ерекше міндеттер жүктеліп, оларға қарсы істелген әрекеттерге қатаң жазалар тағайындалды. «Жеті Жарғы» заңында сұлтанды немесе қожаны өлтірген адам жеті адамға тең құн төлейді, оларды сөзбен балағаттаған жағдайда 9 малдың, қол жұмсағаны үшін 27 малдың есебінде құн төлейді деп көрсетілген. Заңда көрсетілген әртүрлі жауапкершілікпен қатар тек сұлтандарға қатысты міндеткерлік те негізделді. Сұлтандар алым-салық міндеткерлігінен босатылып, тек қана әскери міндет орындауға шақырылды. Барлық қазақ ұлысы сұлтандарының «қара сүйек» тобындағы адамдардың қолдануға, айтуға құқық бермейтін ерекше ұрандары — «Арқар» деп аталды. Сұлтандарға құқықтық тұрғыдан берілген басымдылықтың бірі төн жазасы қолданылмады және билер сотына тартылмады. Оларды жазаға тарту тек ханның немесе аға сұлтанның құзырында болды. Ақ сүйектердің өмір сүру салтының тағы бір белгісі — жалпы отырыстарда, барлық салтанатты жағдайларда олар тек қана ақ киіз төселген жерде отыратын болды. Сұлтандардың некелік қатынастары өздерінің арасында тектік сипатқа ие болып, «қара сүйектермен» қыз алысқанымен өздерінің қыздарын оларға ұзатпады. Қарапайым халық ішінен жалған әдіспен «сұлтан» лауазымын иеленгендер жазаға тартылып 15—20 рет дүре соғылды. Алдау жолымен сұлтанның қызына үйленген кінәлі адам ер адамның құнына тең қалыңмал төлеуі тиісті болды.

Қазақ қоғамындағы «ақ сүйектерден» басқа халықтың негізгі басым тобы — «қара сүйектерге» жатқызылды. «Қара сүйектердің» әртүрлі категориясын сұлтандардан, қожалардан ажырату үшін олардың атауы төмендегідей терминдермен сипатталды; каракиши, құл-құтандар, шаруа, бұқара. «Каракишилер» басы ерікті тұлға ретінде есептеліп, жеке және мүліктік құқықтарға ие болды. Жеке басының еркіндігі бар көшпенді тұлға өз қалауынша мүлкін мұраға қалдыруға, сотта куәлік беру құқығына ие болды. Олардың ақ сүйектерден өзгешелігі — қара сүйектер жеке рутайпаларға бөлініп, олардың барлығы қазақ жүздерінің құрамына кірді. Мүліктік, әлеуметтік жағдайы тұрғысынан қазақ дәстүрлі қоғамындағы қара сүйектер «бай және кедей» деп жіктелді. Орта ғасырлық зерттеуші Ибн Рузбиханның айтуынша, бай адамға өз иелігінде көп мыңдаған мал табындары, көпте-

ген жылжымалы мүліктері бар (қозғалмалы киіз үйлерімен қоса), өз ортасында үлкен ықпалға ие болған әлеуметтік топтың өкілдерін жатқызды. Бұл деректерге сәйкес ең аukatты, бай қазақ отбасыларының жеке меншігінде басқа мал түріктерінен басқа 15,18 және 26-мыңға дейінгі жылқы табындары болды.

Қара сүйектер әлеуметтік тобының арасында ерекше құқықтық мәртебені қазақ билері иеленді. Олар негізінен рулар мен тайпалардың басында тұрды. Билер ерекше құқықтық мәртебеге ие болғандықтан өз аймағында сот, әкімшілік және әскери билікті жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Осы тұрғыдан билер үлкен саяси беделге ие болып, сұлтандармен қатар жыл сайынғы халық жиналысына қатынасып, жалпы мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік алды. Өте ықпалды әрі беделді билер хан билігінің маңызды органы — *билер кеңесінің* құрамына кірді. XVIII ғасырдың аяғына қарай Тәуке хан билік құрған кезде билер тобы бірыңғай әділ сот жүргізу қызметімен айналыса бастады. Бұл кездегі билер сайланбады, би лауазымы адамның дарындылық әрі дайындық деңгейіне қарай мұрагерлікпен беріліп отырды. Би болуға лайықты адам төмендегідей бірнеше қасиеттермен ерекшеленуге тиісті болды.

- 1) халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жетік білуі;
- 2) сөзге шешендігі және тапқырлығы;
- 3) «қара кылды қақ жаратын» әділдігі.

Қазақ халқының әлеуметтік тобының ерекше бір бөлігін батырлар құрады. Батырлар сұлтандардың, билердің және қарапайым халықтың ортасынан да шығып отырды. Батырлар негізінен бейбіт кезеңде хандардың, сұлтандардың және билердің қызметінде болды. Жаугершілік заманда мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайына, саясатына үлкен ықпал жасап отырды. Батыр атағына жаугершілік уақытта жеке басының үлгісімен жанқиярлық ерлік көрсетіп, қол бастап, жауын бірнеше рет қирата жеңген адамдар ие болды.

Қазақ мемлекетінің негізгі әлеуметтік тобын шаруалар құрады. Олар қоғамының негізгі өндіргіш күші ретінде есептеліп, мал шаруашылығы кәсібімен, ал Жетісу, Сырдария, Жайық аймағында егіншілік кәсіппен айналысты. Олар мемлекеттің пайдасына салықтың негізгі екі түрін төледі, жыл сайынғы «зекет» салығы — малдық 20/1 бөлгін құрады, «үшур» салығы алынған егіннің 10/1 бөлігін құрады. Сонымен қатар қосымша әскери салық «тағар», «сыбаға», «соғым» сияқты төлемдер төледі. Қазақ шаруасы

өзінің құрамы жағынан біркелкі болмады. Олардың арасында өздерінің меншігінде төрт түлік малы болмағандықтан отбасы мүшелерімен бірге бай-ауқатты адамдардың қызметіне жалданып, күнкөріс үшін уақытша сауын малдарын пайдаланатын қоңсы-шаруалар және бай егіншілердің жерлерінің шағын бөлігін өндеп, жалға алу арқылы күн көретін егінші-кедейлер болды. Қарасүйектердің әлеуметтік тобының төменгі сатысында төлеңгіттер тұрды. Олар негізінен басы ерікті болғанымен, әртүрлі себептермен өз руының құрамынан шығып қалып, кедейленген қазақтардан және әрқилы себептермен қазақ арасына келіп сіңісіп кеткен басқа ұлт өкілдерінің тобынан құралып, жартылай тәуелді жағдайда болды. Төлеңгіттер — хандардың, сұлтандардың, билердің алуан-түрі тапсырмаларын орындайтын, тікелей қол астындағы қызметшілері болды. Төлеңгіттердің құқықтық жағдайы олардың келесі ұрпақтарына мұрагерлікпен таратылып отырды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында «ақсүйек», «қарасүйек» топтарымен қатар жеке басының еркіндігі жоқ «құлдар» мен «күндер» болды. Алайда, мұнда Батыс елдеріндегі сияқты (Греция, Рим) классикалық құлдың жүйесі емес, шағын үй құлдығы қалыптасты. Сондықтан қазақ қауымы құлдардың жағдайына түсінушілікпен қарап, қажетті жағдайда олардың басына бостандық беріп, үйлендіріп өз отбасының, руының құрамына қосып алып отырған. Дегенмен, құлдардың жеке басының еркіндігі болмағандықтан сот алдында куәгерлік етуге, айғақ беруге және өз қожайынына шағым түсіруге құқы болмады. Олардың істеген теріс әрекеттері үшін қожайындары ғана жауап беріп, олар өз қалауынша жаза тағайындап отырды. Қазақ қоғамындағы құлдықтың қайнар көздері; соғыс тұтқындарының, сатып алу жолымен, қарыздық борышын өтей алмаған адамдардың есебінен толықтырылып отырды.

Қазақ Ордасының саяси құрылысы. Қазақ мемлекетінің жоғарғы заң шығарушы билігінің құзыретіне мәслихат немесе құрылтай ие болды. Ол барлық қазақ жүздерінің беделді өкілдерінің және сұлтандардың бас қосуымен жылына бір рет күз айында өткізілді. Құрылтайда жалпымемлекеттік маңызы бар төмен-дегідей мәселелер қаралып, шешіліп отырды: а) бітім жасау; б) соғыс жариялау; в) мал жайылымдықтарын қайта бөлу; г) көші-қон бағыттарын анықтау т.б. Одан басқа құрылтайдың өкілеттігіне ең лайықты үміткердің арасынан ханды сайлау немесе оны биліктен алу құзыреті де берілді. Құрылтайдың жұмысы-

на қатысуға жеке басының еркіндігі бар, міндетті түрде қару асынған барлық ер адамдар келуге құқы болды. Оған жақын маңдағы барлық казак тайпаларының, руларының адамдары қатыса алды, сондықтан «халық жиналысы» деп аталады. Атқарушы билік толығымен ханның қолында болды. Хан Шыңғыс хан ұрпақтарынан тараған Орыс хан әулетінен сайланды, өздерінің қызметтерін өмір бойы мерзімге атқарды. Кей кездері ел сенімін ақтамаған ханды тағынан тайдырып, қуып жіберетін сәттер де болды, «оны хан талау» деп атады. Қазак тарихында мұндай жағдайлар сирек болса да болып тұрды 1511 жылы мұндай жағдай Мұрындық ханның басына төніп, ол Самарқанға кетуге, 1526 жылы Тахир хан билігін қалдырып, қырғыздарға кетуге мәжбүр болды. Кей кездері хан сайлау үрдісі күшті саяси күрестің, бәсекелестің жағдайында өтіп отырды. Осының барысында халық жиналысында басым қолдауға, дауысқа ие болған үміткер лайықты деп танылып хан болып жарияланды. Халық дәстүріне сәйкес оны ақ киізге отырғызып, үш рет көтеретін болған. Хан билікке келгеннен кейін төмендегідей функцияларды атқаруға міндетті болды.

1. Сыртқы жаулардан мемлекетті қорғауды ұйымдастыру.

2. Мемлекеттің сыртқы саяси бағытын анықтау.

3. Жоғарғы сот билігін іске асыру.

4. Қоғамдық құрылымды және қалыптасқан тәртіпті қорғау.

XV–XVI ғасырларда казак хандары жан-жақты әрі кең өкілеттіктерге ие болды. Ол казактың барлық әскери жасақтарының бас қолбасшысы болып, оның бұл таланты оған хандық билікте ұзақ отыруға ықпал етті. Ол маңызды сыртқы саяси функцияларды атқарып, соғыс жариялауға, бітім жасауға, елшілерді тағайындап, қабылдауға және халықаралық шарттарды жасауға құқы болды. Хан жоғарғы судья міндетін де атқарды. Ол шағым соты ретінде билердің шығарған үкімін қайта қарады, ірі тайпалардың, ұлыстардың арасындағы даулы мәселелерді карап, шешіп отырды. Хан сот процесінде әдет-ғұрып заңдарын басшылыққа алды. Сот жүргізу ісіндегі төлем ретінде оған талап ісінің 10% мөлшерінде ақы төленді, ол – «хандық» деп аталды.

Қоғамдық құрылым мен қалыптасқан тәртіпті қорғау мақсатында халықтың барлық топтарына ортақ әрі міндетті жарлықтар, өкімдер шығарды, салықтардың түрлерін және мөлшерін анықтады, әкімшілік бірліктерді құрып, олардың басшыларын тағайындады. Хан әулетінің өкілдері немесе сұлтандар да бірқатар маңызды өкілеттіктерге ие болды. Ханның жақын туыстары жеке ұлыстарды басқаруға тағайындалып, негізінен дипломатиялық

функцияларды атқарып, соғыс жағдайында батырлар мен бірге өздерінің өкімшілік иеліктеріндегі әскери жасақтарға басшылық етті. Сұлтан-басқарушылар өз ұлыстарындағы сот, азаматтық және әскери билікті жүзеге асырды және ханға тікелей бағынды.

Мемлекет аумағындағы аса маңызды саяси, құқықтық және әскери саладағы мәселелерді қарап, шешуде қазақ қоғамының саяси құрылымында Билер кеңесінің рөлі ерекше болды. Оның құрамына қазақ рулары мен тайпаларының арасынан шыққан аса дарынды, беделді билер тартылды (Мысалы: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б.). Сонымен *Билер кеңесі* ханның жанындағы кеңесші әрі заң шығарушы орган ретінде танылып, қазіргі кездегі Парламенттің және Жоғарғы Соттың міндетін атқарды. Сонымен бірге ханның аппаратында оның іс қағаздарын жүргізетін кеңесі — *дуан* болды.

Қазақ Ордасының саяси құрылымының негізі үш жүздің құрамына кіретін, ежелден қалыптасқан рулық-тайпалық қағида бойынша басқарылды. Көшпелі мал шаруашылығының сипатына байланысты біріңғай өкімшілік-аумақтық басқару орнықпады. Әрбір жүздің құрамындағы ру, тайпа, ауыл белгілі ауқымда дербестікке ие болып, 1000 (мың) шаршы шақырымға дейінгі аймақта еркін көшуге мүмкіндігі болды.

XV–XVIII ғасырлар қазақ халқының рулық құрылымы 26 өте ірі тайпалық бірлестіктерден құралды, оның құрамына 80 ірі рулық қауымдар кірді, олар өз кезегінде жеке ауылдарға және ата баласына бөлінді. Қазақтардың экономикалық және саяси жүйесінің маңызды бірлігі ретінде есептелген ауылдар 10–15 отбасыдан құралды.

Қазақ Ордасындағы мемлекеттік құрылымның маңызды бірлігі бола отырып, қазақ рулары төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталды:

1. Әрбір рудың мүшесі өзінің жеті атасына дейінгі шежіресін білуге міндетті болды.

2. Әрбір ру өзінің көші-қон аймағында тұрып, сол аймақтың шеңберінде қозғалып отырды.

3. Әрбір ру мүшесі өзінің руласын қорғауға міндетті болып, туысы өлтірілген жағдайда «қанды кек» қайтаруға құқылы болды.

4. Руластар қажетті жағдайда «қалыңмал», «құн», «айып» төлемдерін бірлесіп төлеп, бір-біріне көмек қолын созуға міндетті болды.

5. Рудың жесір қалған әйелі бір жыл өткен соң сол рудың адамына күйеуге шығуға міндетті.

6. Әрбір ру өзінің өлген адамдарын жерлейтін қасиетті орындарын анықтады.

7. Әрбір рудың малдарына салынатын, жайылымдық жерлеріне қойылатын ерекше тамғалары болды.

8. Әрбір рудың өздеріне тән әскери ұрандары болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ Ордасының пайда болу себептерін атаңыз?
2. XV–XVIII ғ.ғ. қазақ хандары қандай функциялар атқарды?
3. Сібір хандығының әлсіздігі немен түсіндіріледі?
4. XVII ғасырдың аяғында Қазақ мемлекетінің саяси жүйесінде қандай өзгерістер болды?
5. Қазақ Ордасының жеріндегі қалалар қандай рөл атқарды?
6. Қазақтарға қауымдардың қандай типтері сақталды?
7. Қазақ қоғамының негізгі әлеуметтік жіктерін (сословие) атаңыз?

Әдебиеттер:

1. История государства и права Казахской ССР. Ч. 17. Алма-Ата, 1982.
2. Қазақстан тарихы. (Көне заманнан бізге дейінгі) 2-т. Алматы, 1948.
3. *Күзембайұлы А., Абыль Е.* История Республики Казахстан. Астана, 1999.
4. *Абусейтова М.Х.* Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата, 1985.
5. *Ахинжанов М.Б.* Об этногенезе казахского народа. Алма-Ата, 1957.
6. *Абыль Е.* Этногенез казахов. Опыт системного подхода. Костанай, 1997.
7. *Абдиров М.* Хан Кучум: известный и неизвестный. Алматы, 1996.
8. *Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* Казахстан. Летопись трехтысячелетий. Алма-Ата, 1992.
9. *Кузембайұлы А., Абыль Е.* Казахская Сибирь. Костанай, 1997.
10. *Миллер Г.Ф.* История Сибири. Т.1, М., 1938.
11. *Пищулина Н.А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVII в.в.// Казахстан XV–XVIII в.в. Алма-Ата, 1969.
12. *Тынышпаев М.* История казахского народа. Алма-Ата, 1993.
13. *Әлдібекөв Ж.С.* Қазақстанның мемлекеттік және құқықтық құрылымының тарихи-теориялық мәселелері (XVII ғасырдың соңғы ширегі – XVIII ғасырдың алғашқы жартысы) Алматы, 2009.

Жүздеген жылдардың ауқымында Қазақ елінің аумағында мемлекеттік билік тарапынан бекітілген және кепілдендірілген, қалыптасқан қоғамдық тәртіпті сақтау әрі қорғау мақсатында мәжбүрлеу тәртібімен орындалатын құқықтық қағидалардың, ережелердің және нормалардың жиынтығы — *әдет-ғұрып* құқығының реттеушілік маңызы зор болды. Қазақ әдет-ғұрып құқығы *әдет* немесе *заң* термині арқылы бекітілді. Ұзақ уақыт бойы біртіндеп қалыптасып, қазақ дәстүрлі қоғамының барлық әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірімен тығыз ұштасқан қазақ құқығы төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады:

1. Қылмыстық әрекеттер мен азаматтық талап қою ісінің арасындағы жіктелудің және мемлекеттік қылмыс түсінігінің болмауы.

2. Жазалау жүйесінің салыстырмалы түрдегі ізгіліктілігі.

3. Мүліктік жауапкершілік пен отбасы — неке қатынастарына қатысты нормалардың нақтылығы және дәлме-дәл реттелуі.

4. Құқықтық нормалардың, ережелердің және оның шешімдерінің ауызша таралуының басымдылығы.

5. Құқық нормасының сипаты бар ішкі қауымдық және қауымаралық міндеткерлік жүйесінің болуы.

Қазақ құқығының қайнар көздері. XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ әдет-ғұрып құқығының қайнар көздері төмендегілер болды: 1. *Құқық-тық әдет-ғұрып* (әдет немесе заң); 2. *Бидің биігі* (Сот прецеденті); 3. *Ереже* — би съездерінің шешімдері. Қазақтар өздерін мұсылмандар ретінде таңуына қарамастан, шариат заңдары қазақ құқығының жүйесінде ерекше үлкен рөл атқармады.

Құқықтық әдет-ғұрып. Әдет-ғұрып адамдар арасындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мінез-құлық нормативінің ең көне кешені болып есептеледі. Осы тұрғыдан, Қазақ Ордасы заңдарының түп-төркіні қазақ халқында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген әдет-ғұрыптық ережелерден шықты. Бұл ғұрып-әдеттік ережелер ежелден ел салтына сіңген. Халық арасына түсінікті заң болды. Қазақ мемлекетінің заңдары «Жарғы» деп аталды. Оның негізгі орта ғасырларда қыпшақ, шағатай ұлыстарында қолданған «ярғу» заңынан алынған. Қазақша «Жарғы» әділдік дегенді білдіреді. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл, әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап «қара қылды қақ жарған» деп

мадақтаған. Одан басқа қазақ құқығына қатысты «жора», «жол» терминдері де қолданылды.

Қазақ Ордасының іргесін қалап әрі нығайтқан хандардың бірі — Қасым хан (1511–1523) мемлекеттегі саяси жағдайды ескеріп халық бұхарасы мен билердің тілегіне негіздеп, қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрыптық ереже-тәртіптеріне маңызды өзгерістер енгізіп, дамытып, Билер кеңесінде ақылдаса отырып «жарғы» заңын жасады.

Халық бұхарасы Қасымның ислам құқығының негізгі шариғатты алмай ежелден қалыптасқан билер заңы — жарғыны жаңаша көтергенін қатты ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кетті, бұл заңға енгізілген ережелер мынандай:

1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері)

2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза)

3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат)

4. Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынастардағы сыпайлық, әдептілік)

5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке өткізу ережелері т.б.).

«Қасым ханның қасқа жолы» заңы бір ғасырдан атқарылған соң, тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, Есім ханның тұсында (1598–1645) «Есім ханның ескі жолы» деп аталған құқықтық жүйе жасалды. Ел аузында сақталған деректерге қарағанда, Есім хан тұсында «қасқа жолға» қосылған жаңалық: «хан болсын, ханға лайық заң болсын; абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын; би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер екен. Жоғарыда көрсетілген ережелер Қазақ хандығы құрылысының саяси-әкімшілік, әскери, рухани және сот істері жөніндегі негізгі заң сипатындағы төрт тұғыры екендігі байқалады.

Қазақ құқығының жетілдірілген жүйесі XVII ғасырдың соңында Тәуке хан билік құрған тұста жасалды. Осыған дейінгі «Қасқа жол», «Ескі жол» заңдары қайта толықтырылып, өзгерістер енгізіліп, дамытылды. Бұл заңдар жинағы «Жеті Жарғы» деп аталып, оны жасауға қазақтың атақты билері қатысты. Бұл заңның кейбір нұсқалары XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс зерттеушілері Г. Спасскийдің, А. Левшиннің қалдырған жазбалары негізінде бізге дейін жетті «Жеті Жарғы» заңы жеті бөлімнен тұрды:

1. *Жер дауы* – жайылымдықтар мен суаттарға қатысты құқықтық меншікті реттейтін нормалар.

2. *Жесір дауы* – жесірлер мен жетімдердің мүліктік және жеке құқықтарын реттейтін нормалар, оларға қатысты қауымның және туыстарының міндеткерлігі.

3. Отбасы – неке құқығының нормалары.

4. Сот процесін жүргізуді реттейтін нормалар.

5. Мемлекет басқару және әскери іске қатысты құқықтық нормалар.

6. «Айып» төлеуді қарастыратын қылмыстық құқық нормалары

7. «Құн» төлейді негіздейтін қылмыстық құқық нормалары.

Бидің билігі (сот прецеденті). Құқықтық әдет-ғұрып – билердің іс жүргізу практикасы негізінде тұрақты толықтырылуының нәтижесінде қазақ әдет-ғұрып құқығының қайнар көздерінің біріне айналды. Оның негізгі мәні – құқықтық әдет-ғұрыпта бұрын-соңды мәлім болмаған, күрделі істер бойынша шығарылған өте беделді билердің соттық шешімдері болашақта осындай істерді шешуде басқа билер үшін үлгі ретінде қалыптасып, прецеденттік сипатқа ие болды. Осы тұрғыдағы билер сөзі, яғни олардың қызықты өрі үлгілік сот шешімдері мен үкімдері өте мәнді мақал-мәтелдер, канатты сөздер түрінде ауызша таратылып, фольклорлық жәдігерлерде сақталған.

«Ереже» – би съездерінің шешімдері. Қазақ дәстүрлі қоғамындағы әртүрлі тараптардың күрделі мәселелерін, мүдделерін қарастыратын маңызды істерді бір ғана би емес билер ұжымынан құралған судьялар шешіп отырды. Мұнда алты-жеті биден құралған алқалық сот – «жүгініс» деп аталса, ал он – жиырма бидің қатысуымен өтетін сот отырысы – «кеңес» деп аталды.

Әсіресе «Ережелерді» қабылдаудың басымдылық сипаты қазақ хандықтарының жойылып, халқымыздың Ресей империясының қол астына өтуімен байланысты, билердің сайланбалы жасақталуы кезінде орын алды. Осы тұрғыдан жылына бір рет өтетін болыстың және төтенше би съездеріне қабылданған «Ережелер» арнайы кітаптарда жазбаша түрде ресімделді.

Меншік құқығы және меншік қатынастары. Қазақ әдет-ғұрып құқығында келісім-шарт тек ауызша түрде жасалды, оның негізгі объектісі мал болды. Ең кең тараған келісім-шарттардың түрлері – *айырбас, қарыз беру* және *несие* болды.

Айырбас келісім-шарты — акша жүйесі қатынастарының нашар дамыған жағдайындағы қолөнер өнімдері малшы мен кәсіпкердің арасындағы тікелей келісім негізінде, немесе саудагер арқылы алудың негізгі қайнар көзінің бірі болды. Қазақтар үшін айырбас шартының негізгі бірлігі мал болып есептелді.

Қарыз беру келісім-шартты бір жылға дейінгі мерзімге жасалды, мұндай кезде қарыз беруші қарыз алушыдан кепілдің болуын талап етті. Кепіл адам, егер қарыз алушы өзінің борышын белгілі бір себептермен өтей алмаған жағдайда, оның қарызын өтеуге міндеттенді. Қарыз алған малы төлдеген жағдайда, борышкер оны төлімен қоса қайтаруға міндетті болды.

Несие келісім-шарты. Бұл келісім, әдетте несие алушыға сауылатын малды уақытша беру, яғни сауын нысанында жүзеге асырылды. Бұл жағдайда несие алушы оның сүтін пайдаланып әрі оны бағып-күтіп, мерзімі біткенде иесіне төлімен қайтаруға міндетті болды. Сонымен бірге қазақ құқығының жүйесінде өзара рулық-туыстық міндеткерліктердің төмендегідей түрлері көрсетілді.

1. Аманат-мал. Бұл міндеткерлік бойынша ауқатты, бай деп саналатын мал иесі, өзінің кедейленген руласына, ауылдасына жас төл есебінен мал бөліп беріп, оны бағып, өсіруді міндеттеді. Бұл міндеткерліктің пайда болу себебі — ірі мал табынының иесі оның барлығын бағып-күтуге мүмкіндігі болмағандықтан, өзінің жақын туыстарына уақытша бөліп беру оған тиімді болды. Бұл жағдай малды жұттан, басқа да өлім-жітімнен сақтауға және келіленген адамдарды жұмыс күшімен қамтуға мүмкіндік берді.

2. Жылу міндеткерлігі барлық қауым мүшелеріне ортақ міндет ретінде қарастырылып, жұт және т.б. табиғат апаттарына байланысты малдарынан айырылған туыстарына көмек ретінде мал беріп, оның орнын толтыруға қатысты шаралар істелді. Мұндай көмек әрбір малшының әлеуметтік жағдайына, деңгейіне байланысты көрсетілді. Мұндай көмекті беруден бас тартқан адам, өзі осындай қиын жағдайға түскен кезде, туыстары тарапынан көмек алу құқығынан айырылды.

3. Қызыл көтеру. Жылуға ұқсас болғанымен, мұнда малдың өзі емес иесі, сойған малдың етінің мүшелері туыстарына тартылып, шығын болған малдардың орны толтырылды.

4. Жұртышылық немесе ағайыншылық міндеткерліктері келіленген туысына немесе ауылдасының қарызын қайтару, үйленген кезде қалыңмалын төлеп, жыртысын апару, ол кінәлі болған

кезде айып, құн төлеуді бірлесіп атқару арқылы жүзеге асырылды. Бұл кезде әркімнің жағдайына байланысты жалпы көмекшығынының сомасы қауым арасында бөлінді.

5. Асар. Бұл міндеткерлік туыстар, ауылдастар арасында ең кең тараған дәстүр ретінде есептеліп, олар әртүрлі ауылшаруашылығы жұмыстары кезінде, яғни қыстау тұрғызу, шөп шабу, құдық қазу, қой қырку т.б. наукандық шараларда бір-біріне көмектесу арқылы аталған шаруаларды бірлесіп атқаратын болған. Ал асарға шақырған адам жұмыс істегендерді қонақасы беріп сыйлауға міндетті болды, жұмыс үшін басқаша төлем қарастырылмады.

6. Қонақасы міндеткерлігі тек қана өз туыстарының арасында ғана емес, қазақ ауылына бет түзеп келген кез келген жолаушыға қатысты болды. Оның мәні — жолаушы таныс болмаса да үй иесі, оны тегін тамақтандырып, және жататын орынмен қамтамасыз ету міндеті тұрды. Жолаушыны сыйлаудың деңгейі үй иесінің тұрмыс жағдайына байланысты болды және оны тамақтандырудан, қондырудан бас тартуға құқы болмады. Өз кезегінде жолаушы («құдайы қонақ») қонақжайлық көрсетпеген адамның үстінен сотқа шағым түсіріп, *ат-шапан айып* талап етуге құқы болды.

Неке және отбасы құқығы. XV—XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамында жұбайлардан, егде ата-анадан және некеге тұрмаған балалардан құралған шағын жеке отбасы басым болды. Отбасының қожасы ретінде әкесі немесе күйеуі есептеліп, ол отбасы мүшелерінің мүдделеріне қайшы келмейтін жағдайды ескере отырып, барлық меншікті басқаруға құқы болды. Әйелі күйеуімен қатар мүлікті иелене алды. Жесір әйел балалары балиғат жасқа келгенше күйеуінің туыстарының арасында тұрған жағдайда ғана отбасының, қожайыны ретінде танылды.

Қазақ құқығы балалардың құқықтық жағдайын қатаң реттеп отырды. Кәмелеттік жасқа толып, үйленген ұлдары ғана бөлініп, жеке отбасын құрып, әкесінен *енші* ретінде малдың бір бөлігін алуға құқы болды. Оның көлемі әкесінің материалдық деңгейіне байланысты болды. Кенже баласы отбасының негізгі мұрагері болғандықтан бөлек шықпады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін бөлек шыққан балалары оның мүлкінің бір бөлігін алуға үміткер бола алмады.

Қыздардың құқықтық жағдайы төмендеу болды. Әкесі қыздарын жыртыс кәдесімен бірге күйеуге беруге міндетті болды, осы-

дан кейін олар мұраны талап етуге құқы болмады. Күйеуге шықпаған қыздары ұлдарының мүлік мұрасының жартысына ие болды. Қазақтарда өсиет бойынша мұра қалдыру сирек кездесті, сондықтан алғашқы кезектегі мұрагерлер болып ұлдары, әйелдері, бауырлары және әке жағынан келетін жақын туыстары есептелді. Әкесінің қалауынша тек мүліктің 3/1 бөлігі ғана өсиет бойынша мұраға берілді. Қазақ әдет-ғұрып құқығында некеге қатысты көп әйелалушылық заңдастырылды (полигамия), алайда шариат заңындағыдай әйелдердің санына шек қоймады (құранда төрт әйелге дейін алуға рұқсат етілген). Дегенмен, тұрмыс деңгейі жоғары, аukatты қазақтар ғана көп әйел алу мүмкіндігіне ие болды. Отбасындағы үлкен әйел-*бәйбіше*, кіші әйел-*тоқалға* қарағанда кең құқықтарға, жоғарғы мәртебеге ие болды. Алайда, әрбір әйелдің басына жеке баспана және жеке шаруашылық бөлінді. Қазақ құқығы әйелдің меншік құқығының дербестігін ресімдеді. Оның төркінінен әкелген жыртас мүлкі, дербес шаруашылық ретінде күйеуінен алынған мал-мүліктері әйелдің меншігі болып есептелді.

Некеге тұру нысандары. Әдет-ғұрып құқығы жеті атаға дейінгі аралықта қазақтардың арасында қыз беріп, қыз алысуға қатаң тыйым салды. Мұндай тыйым сұлтандар мен қожаларға таралмады. Қазақ әдет-ғұрып құқығы бір-бірімен тығыз байланысты төмендегідей некенің нысандары қарастырды.

1. Қалыңмал төлеу арқылы некеге тұру
2. Қалыңмалсыз неке (Бел құда)
3. Қарсы құда (қалыңмалсыз неке)
4. Бесік құда
5. Қызды (әйелді) алып қашу арқылы некеге тұру
6. Әменгерлік (левират)
7. Балдыз алу (сорорат)

Отбасын құрудың негізгі басты нысаны — «қалыңмал» некесі болды яғни алдын ала құда түсіп, қалыңдықты болашақ күйеуі «қалыңмал» төлеу арқылы алады. Күйеу бала мен қалыңдықтың ата-аналары арасында неке туралы, қыздың жыртасы, жасауы, тойға қатысты туралы шығын келіссөздер, «құда түсер» келісімімен аяқталып, екі жақтың «күйрық-бауыр» жесу дәстүрімен бекітілді. Осыдан кейін құда түсу келісімі заңды негізде ресімделді деп есептелді. Қалыңмалдың толық көлемде төленуі некенің құқықтық тұрғыдан бекітілгенін айғақтап, күйеу баланың және қалыңдықтың ауылында той жасалуымен аяқталды.

Жақын туыстары жоқ ер адам үйлену үшін берілетін қалыңмалды жұмысты атқару арқылы төлейтін болды. Мұндай жағдайда болашақ күйеу қалыңдықтың әкесінің отбасында қалыңмал көлемін өтеуге дейінгі мерзімде жұмыс атқарып, үйленгеннен кейін қайын атасының қолында қалуға тиісті болды. Мұндай отбасының отағасын қазақтар «күшік күйеу» деп атады.

Отбасын құрудың ертеден келе жатқан нысанының бірі — «өменгерлік» (левираттық) неке болды. Әдет-ғұрып құқығының ережесі бойынша күйеуі қайтыс болған жағдайда жесір әйел бір жылдан кейін оның бауырларының біреуіне немесе жақын туыстарының біріне тұрмысқа шығуға міндетті болды. Өменгерліктің негізгі мақсаты — шаруашылықты бөлшектенуден сақтап, балаларға жетімдік көрсетпей, әке отбасының шаңырағында қалдырып тәрбиелеу болды. Егер жесір әйелдің балалары болған жағдайда, ол екінші рет тұрмысқа шығудан бас тартып, балалары көмелеттік жасқа толғанша әке отбасының иесі болуға құқы болды. Өменгерлік құқығы тек жесір әйелге ғана емес, қалыңмалы төленген қалыңдыққа қатысты да таратылды.

Әйелі қайтыс болған жағдайда ер адам әйелінің өзінен кіші сiңiлiсiне үйленуге құқылы болды, оны «балдыз алу» некесі деп атады. Алайда, қыз әкесінің мұндай некеге келісім бермей бас тартуға құқы болды, өйткені, балдыз алу некесі (соророттық) өменгерлікпен салыстырғанды міндетті түрде жасалатын неке болмады.

Қалыңмал және жасау кәдесі: Қалыңдық үшін төленетін қалыңмалдың көлемі мен құрамы әр аймаққа некеге тұрушылардың тұрмыс деңгейіне байланысты әр түрлі болды. Батыс Қазақстан өңірінде қалыңмалды орташа деңгейі 20 жылқымен есептелді. Орта және Ұлы жүз аймағында қалыңмалдың көлемі өлеуметтік жағдайына қарай 7, 17, 37 және 47 қара мал санымен анықталды. Қазақ қауымындағы ең кең тараған қалыңмалдың көлемі 47 қара мал есептеліп, ол 9 түйеден тұратын екі бөліктен құралады: «Бас жақсы» және «аяқ жақсы». Мұнда әрбір, түйенің құны 5 жылқыға теңестірілгендіктен қалыңмалдың жалпы көлемі — 77 ірі қара деп есептелді. Тұрмысы орта деңгейдегі отбасылардың төлейтін қалыңмал төлемі 37—47-ге дейінгі жылқы малын құрады, ал кедейлер «домалақ қалыңмал» беріп есептесті, яғни көлемі онға дейінгі санды құрайтын төрт-түлік малдар. Сонымен бірге қалыңмалдың құрамына құлдар, күндер, қару-жарак, бағалы заттар енгізіліп, малдың басқа да түрлерімен ауыстырылатын жағдай-

лары болды. Мәселен, бір жылқының орнына 4—5 кой, бір түйенің орны 20 коймен ауыстырылды. Қыз төркінінен келетін «жасаудын» құрамына қалыңдықтың әкесі қызын ұзатқан кезде беретін барлық қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктер кірді. Жасаудың құрамына: жас отбасының киіз үй-отау, төсек-орын, тұрмысқа қажетті мүліктер, үй малдары және қалыңдықтың бас киімі-сәукеле енгізілді. Әдетте, жасаудың көлемі берілген қалыңмалдың деңгейіне сәйкес болды.

Қылмыстық құқық және жаза. Қазақ құқығында қылмыс түсінігінің арнайы термині болмады. Оның орнына «жаман іс», «жаман қылық», «күнә», «жазық» түсініктері қолданылды. Қылмыс ретінде материалдық және моральдық тұрғыдан келтірілген кез келген зиян есептелді. Қазақ әдет-ғұрып құқығында әдейі жасалмаған қылмыстың түсінігі — **қателік** деп аталып ол үшін жауапкершілік көзделмеді, ал әрекет қабілеттілігі жоқ адам жасаған қылмыстық әрекет-**уақиға** деп аталып, ол үшін жауапкершілікке туыстары тартылды. Әдейі жасалған қылмыстық әрекеттер — «жаман ой» немесе «қастық» деген түсінікке ие болып, жауапкершілік күшейді, ал жәбірленушінің кінәсінен болған ашу-ыза кезінде, істелген әрекеттер үшін жауапкершілік жеңіл болды. Қазақ құқығында қылмысқа қатынасқан сыбайластық түсінігі ерекше ажыратылып көрсетілмеді. Қылмыстық әрекеттегі негізгі тұлғалар — **күнәһар, азғыру және көмекші** деп аталып, олардың бәрі бірдей жауапкершілікке тартылды.

Жаза. XV—XVIII ғасырларда қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде төмендегідей жазалар көрсетілді:

1. Өлім жазасы.
2. Тән және масқаралау.
3. Күн.
4. Айып.
5. Кінәлі адамды жәбірленушінің қолына беру.
6. Елден қуу.

Өлім жазасы өте сирек қолданылды. Мұндай жазаға күйеуге шыққан әйелді, құда түскен қызды өлтірген немесе зорлаған қылмыстар үшін тартылды. Тараптардың келісімі бойынша өлім жазасы күн төлеумен ауыстырылды.

Тән және масқаралау жазалары дінге қарсы (басқа дінге өту, антты бұзу т.б.) және жеке тұлғаларға қарсы жасалған қылмыстар үшін қолданылды. Мәселен, ата-анасына бағынбаған балаларға аталған жазалар қолданылды.

Құн – жазаның ең негізгі түрі ретінде кісі өлтіру және ауыр дене жаракатын салу жағдайларында қолданылды. Ер адамды өлтіргені үшін – 1000 кой, әйелдер үшін – 500 кой есебінде кінәлі адам құн төледі. Сұлтандарды өлтіргені үшін құн мөлшері жеті есе өсті. Кінәлі жақ құнның жартысын төмендегідей бес жақсы затпен ауыстырып төлеуге құқы болды – құлмен, қарумен аншы бүркітпен және таңдаулы малмен. Құнды кінәлі адамның өзімен бірге қауымы бірлесіп төледі.

Айып – жаза ретінде мүлікке және жеке тұлғаға қарсы қылмыстар үшін қолданылды. Оның көлемі тоғыз бас малдың санымен анықталды. Айыптың төмендегідей түрлері ресімделді.

1. *Бас тоғыз* – құрамына түйе және малдың басқа түрлері қамтылды.

2. *Орта тоғыз* – ат бастаған тоғыз мал қамтылды.

3. *Аяқ тоғыз* – өгіз бастаған тоғыз қойдың құрамындағы айып.

4. *Тоқал тоғыз* – тек тоғыз қойдың құрамындағы айып.

5. *Ат-шапан айып* – мінетін ат пен қымбат шекпеннің көлеміндегі айып.

Кінәлі адамды жәбірленушінің қолына беру жазасы жауапкердің өзі және туыстары жәбірленушіге құн немесе айып төлеуден бас тартқан жағдайда қолданылды. Мұндай кезде соттаушы өз еңбегімен төленетін құнның немесе айыптың орнын толтыруға немесе зәбір көруші тарапынан өз қалауынша оны өлім жазасына тартуға құқы болды.

Елден қуу – жазасы негізінен діннен безген кезде немесе рулық-туыстық дәстүрдің қағидаларын бұзған жағдайда қолданылды. Мұндай кезде кінәлінің етегін кесіп елден қуып жіберіп, оны заңнан тыс деп жарияланды. Елден қуылған адамға қарсы істелген кез келген әрекет, оны өлтірген жағдайда да заңдық тұрғыдан қуғындалмады.

Сонымен қазак дәстүрі қоғамның қылмыстық әдет-ғұрып құқығы өзінің ізгілікті сипатымен ерекшеленіп, жеке тұлғаға қарсы қылмыстар, мүліктік құқық бұзушылықтар үшін жаза ретінде мүліктік жауапкершілік қолданылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ әдет-ғұрып құқығының қайнар көздерін атаңыз?
2. Қазақ құқығы бойынша некеге тұрудың қандай негізгі нысандары көрсетілді?
3. «Құн» және «Айып» деген не?

4. «Барымта» заңды іс жүргізу нормасы ретінде қандай талаптарғы сәйкес болуы міндетті?

5. «Хандық» және «Билік» деген не?

Әдебиеттер:

1. История государства и прав Казахской ССР. Ч.1. Алма-Ата, 1982.

2. Казакстан тарихы (Көне заманнан біздің дәуірімізге дейін) 2-т. Алматы, 1993.

3. Кузембайұлы А. Абиь Е.И. История Республики Казахстан. Астана, 1999.

4. Зиманов С. Өсеров Н. Казак әдет-ғұрып құқығына шарифаттың әсері (монография). Алматы: Жеті жарғы, 1998.

5. Әлдибеков Ж.С. Казакстанның мемлекеттік және құқықтық құрылымының тарихы теориялық мәселелері (XVII ғасырдың соны ширегі – XVIII ғасырдың алғашқы жартысы). Алматы, 2009.

6. Казактын Ата заңдары. Құжаттар. Деректер және зертеулер 1–4-томдары. Алматы, 2005.

7. Ахметова Н. Обычное право казахов в конце XVIII–XX в.в. Караганда, 1990.

8. Культелеев Т.М. Обычное уголовное право казахов. Алматы, 1995.

9. Казахи. Алматы, 1995.

10. Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX в.в. Алма-Ата, 1981.

11. Проблемы казахского обычного права // Сб. статей. Алма-Ата, 1989.

16-тақырып. «ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

Тәуке хан билік құрған заман және «Жеті Жарғының» қабылдануы – казак құқығы тарихының маңызды кезеңі болып табылады. Осы тұрғыдан «Жеті Жарғы» заңы мемлекетті нығайтып, тәртіп орнату үшін тиімді, халық мүдесіне сай келетін, орындалуы арнайы тетіктермен камтамасыз етілген құқық жүйесі болып есептеледі.

Тәуке хан құқық жүйесін жасау қызметіне казак қоғамында өздерінің «қара қылды как жарған», әділ шешімдерімен елге танымал болған билерді тарта білді. Олардың негізгі өзегін «Үш пайғамбар» деп атанған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би және Әйтеке би құрады. Соның негізінде казак қоғамының алғашқы дала конституциясы – «Жеті Жарғы» дүниеге келді. Ол тек қана сол заманның талаптарына сай келетін құқықтық құжат емес. Оның ол өзінің мәні және мазмұны жағынан көшпелі казак хал-

қының этикалық, шаруашылық ұйымдастыру және географиялық ерекшеліктеріне сай қабылданған аса құнды құқықтық құжат болып табылады. «Жеті Жарғының» әрбір бабы қазақ – халқының әлеуметтік практикасының жемісі, ұлтты қорғау үшін көшпелі қоғамдық қатынастарды тиімді реттеуге бағытталып, қабылданған билердің дана шешімінің нәтижесі. Тарихи-құқықтық әдебиеттерде «Жеті Жарғы» қай жылы қабылданғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Дегенмен, қазақ құқығының белгілі зерттеулері – Н. Өсеровтың, С. Өзбекұлының еңбектерінде «Жеті Жарғы» заңы 1680 немесе 1684–85 жылдары қабылданды деген пікірге тоқталамыз. Негізінде «Жеті Жарғы» заңының барлық құқықтық нормалары бізде толық жеткен жоқ. Өйткені, бұл заң «Билер кеңесі» бекіткеннен кейін ел арасында ауызша таралған. Оның көптеген баптары зерттеушілер – К. Шүкірәлиевтің, Я. Гавердовскийдің, А.И. Левшиннің, Г. Спасскийдің еңбектерінде берілген. Өз атауынан көрініп тұрғандай «Жеті Жарғы» жеті саладан тұратын сол кездегі қазақ қоғамының күрделі жеті мәселесін реттеуге бағытталған ереже – жарлық, екінші жағынан жеті санын қазақ қасиетті деп білген. Сондықтан данышпан үш биіміз елдің есінде ұмытылмай жүретін жеті санын әдейі тандап алған. «Жеті Жарғының» негізгі баптары төмендегідей жеті мәселені реттеуге негізделген:

– **Бірінші бап – жер дауы.** Оны билеріміз ақылға сыйымды, сол кездегі тіршілікке қолайлы етіп шешіп береді. Өткені, Атамекен әркімге қымбат қазына, байлықтың көзі – жер, онсыз адамның күні жоқ; жер адамды, барлық тіршілік иесін асырайды. Жер қоныс, қыстау-атадан балаға мирас, мұра болып қалады. Жер дауының қиындығы сонда.

– **Екінші бап – отбасының және оның тіршілігінің мәселесі.** Мұнда негізінен үлкенге құрмет, кішіге ізет, әке мен бала, ене мен келін арасындағы сыйластық, жас ұрпақты лайықты азамат етіп өсіру сөз болады. Шаңырақтағы мейірім, шапағат, имандылық уағыздалады «жиганың болмаса да иманың болсын», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» тәрізді адамгершілік қағидалары кеңінен сөз болып, көрініс табады.

– **Үшінші бап – ұрлықты тыю, халықты адалдыққа еңбек етуге үндеу, соған тәрбиелеу.** «Ұрлық түбі – қорлық» – дейді халқымыз. Бұл бапта ру мен ру арасындағы ұрланған малға айып төлеу мөлшері нақтылап көрсетілген, мұнда аса қауіпті бауқеспе ұрыларға кейде өлім жазасы кесілетіні де айтылған.

– Төртінші бап – ел ішіндегі дау-жанжалды әділдікпен шешу. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген накыл сөз осы кезеңде өмірге келген. Мұнда би дауды шешкенде оның арғы-бергісін біліп, жай-жапсарын екшеп, егжей-тегжейлі сарапқа салуы керек екендігі айтылған.

– Бесінші бап – Отанды қорғау, жаумен ерлікпен шайқасу, сардар сайлау, ауызбірлікті болу.

– Алтыншы бап – құн дауы. Мұндай істерді, қанға – қан, жанға – жан жолымен емес, бітіммен, келісіммен шешу көзделген.

– Жетінші бап – түгелдей жесір дауына арналған. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қазақ даласындағы ең өзекті мәселенің бірі – жесір дауын «Жеті Жарғыда» үлкен көрегендікпен шешкенін көреміз. Үш биіміздің қазақтың қанына сіңген бұл дауды ерекше шиеленістірмей айып төлеу, келісім жасау, татуластыру жолымен шешкенін байқаймыз. Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңында некелік қатынастар бір жүйеге түсіріліп, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдарының негізін одан әрі дамытып, өлеуметтік өмірдің жаңа талаптарына сай арнайы нормалар енгізілді. Онда некеге тұрудың шарты ретінде 13 жас белгіленді. «Он үште отау иесі» деген сөз сол заманнан қалған көрінеді. Екінші шарты – болашақ жұбайлардың жеті атаға дейінгі аралықта туыстық қатынаста (некелік) болмауы. Жеті атаға дейін қыз алыспау туыстар арасында қанның араласуынан сақтап, дені сау ұрпақты қалыптастырған.

«Жеті Жарғыда» үйленуді екі жолмен іске асыруды талап етеді:

1. Атастыру.

2. Айттыру.

Атастыру қыз бен баланың ата-аналары сәбилердің жас кезінде келісу арқылы, барлық рәсімдерді жасап, кәметтік жасқа толғанда үйлендіруге уәделеседі. Атастыру кезінде бір-бірімен етене жақын, достар, тамырлар, құда-жекжаттар арасында болатын әдет-ғұрып. Бұл дәстүрдің басы салтанатты той-томалақпен, көпшіліктің басын қосу кезінде жарияланады. Екі жақтың ата-аналары жас кезінен бастап бала мен қыздың саналарына олардың атастырылғанын айтып, тәрбиелік жұмыс жүргізеді. Соның нәтижесінде, әсіресе қыз баланың болашақ қайын жұртына деген сүйіспеншілігі арта түседі, психологиялық дайындығы қалыптасады. Бұл да қазақ халқының этникалық ерекшеліктерінің, ұлттық психологиясының өзіне тән бір көрінісі. Сөз арқылы жеке адамның мінез-құлқын қалыптастырады, өзгертеді.

Айттыру — балалардың әке-шешелері тарапынан іске асырылатын әрекет. Кәмелетке толған баласына өздеріне ұнаған, көңілдері түскен үйдің ата-аналарына қызын беру туралы сөз салады. Айттыру әртүрлі нәтижемен аяқталып отырған, нәтижесіз болғаны да кездесіп отырған. Себебі «қыздарының дәулетті, текті жерге баруын қалаған ата-аналары бұрын жақын таныс емес адамдарға қыздарын беруге онша ниеттері болмаған». Өз бетімен, яғни ата-аналарының ақ батасын алмай қосылған болса, ел арасында үлкен дау туып отырған. Мұнда айттырылып қойған қызды алып қашқан жігіт те, онымен бірге қашқан қыз да айыпты деп танылып, оларға өлім жазасын кесуге дейін барған. Ал егер әйел біреудің некедегі адамы болса, екеуіне де өлім жазасына кесіледі, қалыңмал беріп алып отырған қыз болса, екі қыздың қалыңмалын төлейді, ал біреуге атастырылмаған басы бос қыз болса, қалыңмалын және оның үстіне айыбын төлейді. Атастырылып немесе айттырылып қойған қыздарға ер баланың ата-аналары қалыңмалын өткізіп қоюға құқылы. Оның мөлшері әртүрлі болып қалыптасқан. Негізінде «он жеті», «жиырма жеті», «қырық жеті» бас жылқыдан құралған.

Лу — қалыңмалы ажырамас бөлігі ретінде күйеудің қалыңдық ауылына бірінші рет баруына байланысты және болашақ жұбайымен тұңғыш рет кездескені үшін берілетін сыйлықтар.

Сұтақы — қалыңмалдың бір құрамдас бөлігі ретінде болашақ күйеудің қалыңдықтың анасына арнайы берілетін ақы немесе сыйлық. Сұтақы әр түрлі бағалы заттардан, киім-кешектерден тұратын болған.

Тоймал — күйеудің ауылынан қалыңдықтың ұзату тойына апарылатын мал. Тоймалдың саны, дәрежесі келін түсетін елдің, жанұяның, рудың дәулетіне байланысты болған.

Өлітірі — негізінде қызды ұзатудан бұрын оны тойсыз алып кеткен күйеудің әке-шешелері, туыстары тарапынан қыз ауылына не кешірімге барғанда апаратын мал мен сыйлықтар.

Кәде — күйеудің өз атынан қалыңдығының туыстарына және құрбыларына берілетін сыйлықтар. Тәуке ханның заманынан қалған мынандай сөз бар: «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды». Күйеуді кәде жасауға арнайы дайындап, әр адамдарға беретін сыйлықтарды күні бұрын туыстарымен ақылдасып өзірлейтін болған.

Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» әменгерлік институты да бекітілген. Әменгерлік — өлген күйеудің жесір қалған әйелінің

оның бауырына немесе жақын ағайындарының біріне күйеуге шығуы. Бұл талапты қазақ халқы сол Тәуке хан заманынан «аға өлсе, жеңге мұра, іні өлсе, келін мұра», «аға өлсе, іні мұрасы, іні өлсе аға мұрасы» деген мақалдармен заң нормасынан өз шешімін тауып отырған.

Арнайы норма ретінде «Жеті Жарғыда» көп әйел алушылықтың институты да бекітілген. Шариғат нормаларының талаптары бойынша еркектің төрт әйелмен некелесуге рұқсат етілетіні белгілі. Ал «Жеті Жарғы» болса әйел санын шектемеген, ер адамның тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларына байланысты қалыптасқан және дәстүрлі қазақ қоғамында бұл институт кең өріс жайған. Тарихи даму кезеңінде жалпы көп әйел алушылық институты қазақ қоғамында прогрессивтік рөл атқарған.

«Жеті Жарғы» өзінің баптарында «қылмыс» деген ұғымды ешқандай мазмұнда түсіндіріп мәнін ашып көрсетпейді. Бекітілген нормаларда тек қазақ қоғамының әлеуметтік практикасында жиі кездесетін зиянды іс-әрекеттердің аттары аталып оларға қолданылатын жазалардың түрлері көрсетілген. Негізінде «Жеті Жарғыда» мынадай қылмыстардың құрамдары беріледі: кісі өлтіру, ұрлық, тонау, бүлік шығару, ерінің көзіне шөп салу, денеге, мүшеге зақым келтіру, әйелді зорлау, әйелді алып қашу, экзогамиялық табу, күйеуі бар әйелмен көңілдес болу, тәңірге тіл тигізу, христиан дініне өту, сияқты әрекеттерді жауапқа тартуды көздейді. Қылмыс істеген адамдарды қылмыскер деп танымайды, керсінше «жын соққан», «пері соққан», «құдай атқан» деген мағынада бағалайды, қылмыскерді «күнәһар» деген ұғыммен алмастырып қарайды.

Қылмыстық жауапқа тарту 13 жасқа толған мөлшерден басталған. Қылмыс субъектісінің ақыл-есі дұрыс, өз әрекеттеріне толығымен жауап бере алатын болуы шарт. Осы тұрғыдан «он үш жаста отау иесі» деген сөз әр адамның әрекетіне жауап бере алатынының нышаны болса керек. Қазақтың қылмыстық құқығы мақау, есі дұрыс емес адамдарды жауапқа тартпаған. Сонымен қатар қылмыс субъектісі болып құлдар саналмайды. Олардың жасаған әрекеттері үшін иелері жауап береді. Екі қабат әйелдер кісі өлтіргені үшін жауапқа тартылмайды, бірақ олар елдің қарғысына ұшырайды.

«Жеті жарғыны» халық арасында қолдану, оны сот процесінде іске асыру және насихаттау мәселелері қазақ билеріне жүктелген.

Қазақтың дәстүрі қоғамдағы *би* — дегеніміз сол қоғамның әлеуметтік өмірін, салт санасын, әдет-ғұрпын, құқықтық жүйесін жетік меңгерген, халық арасынан суырылып шығып, өзінің ақылгөй даналығымен, шешендік қасиеттерімен дау-жанжалдарды шешуде әрқашан асқан әділдік танытқандықтан халықтың құрметіне бөленген әлеуметтік топ өкілдері. Сондықтан, *би* әлеуметтік мүдделерден ада, олармен мүлдем байланысты емес. Ол — тек қана әділеттіліктің символы. Тәуке хан билік құрған заманнан бастап ХІХ ғасырдан 30-жылдарына дейінгі аралықта қазақ билерінің іс қаруы өте салтанатты жағдайда өтіп, қандай дау болса да билердің шешімі бүкіл жұртшылықты қанағаттандырып отырғанын байқаймыз.

Яғни билер сотының шешімі тек әділеттілікке негізделген және құқық жасау сипатына ие болған. Бір сөзбен айтқанда, нақтылы істі шешу қағида, нақыл сөздер, норма, сот прецеденті ретінде ел арасында тарап, болашақта осындай ұқсас іс, дау-жанжал болғанда қолданылып отырған. Егер бидің шығарған шешімі тек бір жақты ғана риза қылған болса, онда іс әділетсіз шешілді деп танылып, бидің беделінің түсуіне әкеп соқтырған. Болашақта ондай билерге дауласқан адамдар іс қарауға талаптар қоймайтын еді. Сот процесіндегі даулы істерді әділеттілікпен қарап, шешуде қазақ билері бірнеше маңызды қағидаларды басшылыққа алды.

Біріншіден, қазақ билерінің іс қарауы, билік айтуы ашық түрде, яғни жариялылық принципі негізінде жүргізілді. Сондықтан әділ сот ісінің барлық оқиғалары, дәлелдеу процесі оған қатысушылардың көзінен таса болмаған. Істі құпия түрде қарауға тыйым салынған.

Екіншіден, билерді дауласқан екі жақтың адамдары өз қалаулары бойынша таңдайды. Егер *би* тек бір жақтың қалауымен таңдалса, шығарған билік әділетсіз деп танылып, қайта қаралады. Мұның құндылығы жеңілген жақтың өзі қаншама өз мүддесіне қарама-қайшы келетін билікті естісе де оның әділеттілігіне күмән келтірмейді, себебі өз қалауымен сол биге билік айтуға құқық берді.

Үшіншіден, дауласқан екі жақ билердің айтқан билігіне ризашылық білдірмесе, шағым беруге құқылы.

Төртіншіден, билер сотында ант беру рәсімі қабылданған және қаралған істер бойынша қорғаушылар қатысады. Олар іс бойынша көрсетілген дәлелдердің мүмкіндіктерін пайдаланып, билерге

нақтылы мәліметтерді анықтап беріп отырған. Қорғаушы болуға Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» талаптары бойынша, барлық ниет білдірген адамдарды қатыстырған. Қорғаушылар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, айыпкерді қорғау құқығына ие болған. Егер қаралған іс бойынша куәгер болатын адамдар жоқ болса, *ант* яғни *жан беру* рәсімі іске асырылды.

Қазақ құқығында істің қаралуы екі сатыға бөлінген: біріншісі, екі дауласқан жақ билердің істі қарауына дейін, өзара келісім арқылы дауды шешуге қимыл-әрекет жасайды. Әдет құқығында оны «Бітім», «Береке», «Салауат» деп аталған.

«*Бітім*» екі жақтың өзара келісімі арқылы, сөз жүзінде даудың аяқталуы. Бітімнен кейін билерге істі қарауға құқық берілмейді. Өйткені бітімді, өзара келісімді бір жақты бұзу-сөзде, сертте тұрмаудың, жалпы ар-ұжданның жоқтығының белгісі деп бағаланады.

«*Береке*» айырбас немесе сатып алу туралы сөз жүзінде шарт жасау, өзіндік мүдделерін қанағаттандыру. Жалпы қазақтың әдет құқығында «Береке» институты барлық келісімшарттардың негізі болған.

«*Салауат*» немесе кешірім, дауласқан екі жақтың бір-біріне талап қоюдан бас тартуы, яғни кешірім беруі. Кешірім жасау ауыл, ел, ру ақсақалдарының қатысуымен өтетін болған.

Даулы істерді қараудың екінші сатысы – «Жүгініс» деп аталып, яғни жеке адамдар және рулар арасындағы даулар мен қақтығыстарды билердің алқалық құрамымен қарауы. Негізінде бұл институт далалық қауымдық демократияның нышаны ретінде танылып және оның тәртібі бойынша екі жақтың келісімімен, дауға ешқандай қатысы жоқ өзінің әділеттілігімен ел көзіне түскен ақыл-парасаты жоғары яғни «ала жіпті аттамаған», «Ара биді» немесе «Төбе биді» сайлайды. Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі, басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті, феномені – дау-жанжалдары мағыналы, шешендік сөздермен шешуі болды, осыған орай сөз қадірін пір тұтқан қазақ халқы ғасырлар бойы «Тіл тас жармаса бас жарады», «Тіл қылыштан өткір», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Сөз сүйектен өтеді», «Өнер алды – қызыл тіл» сияқты тұжырымдарды өте тауып айтқан.

Бақылау сұрақтары:

1. «Жеті Жарғы» заңын қабылдау қандай саяси құқықтық қажеттіліктен туындады?

2. «Жарғы» ұғымы нені білдіреді?
3. «Жеті Жарғыда» қылмыс түсінігі қандай атаулармен белгіленген?
4. «Жеті Жарғыда» заңды некеге тұрудың қандай түрлері көрсетілген?
5. «Би» деп кімді атаймыз?

Әдебиеттер:

1. *С. Созақбаев*. Тәуке хан «Жеті жарғы». Алматы, 1994.
2. *С. Зиманов, Н. Өсеров*. «Жеті жарғы жайлы» // Проблемы казахского обычного право. Алматы, 1989.
3. *А. Левшин*. Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацских орд и степей. Алматы, 2005.
4. *Ж. С. Әлдибеков*. «Жеті жарғы» және әділ сот, адам құқығы мәселелері. // Қазақтың Ата заңдары, 4-т. Алматы, 2005.
5. «Жеті Жарғы» / Қазақтардың көне ел билеу заңы. Алматы, 1992.
6. *С.З. Зиманов*. Қазақ заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың Ата заңдары. 4-том. Алматы, 2005.

VI бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДА

17-тақырып. ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ МЕН САЛДАРЫ

XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басында Ресей империясының әскери саяси күш қуатының өсуі, оның шығыс аймақтарда белсенді саясат жүргізуге итермеледі. Осы тұрғыдан орыс патшасы I Петр қазақ жерлерін өзіне қосып алудың саяси маңыздылығын ерекше ескере отырып, «Қазақ елін барлық Орта Азия жерлеріне шығудың қақпасы әрі кілті» ретінде бағалай отырып, ең алдымен оны империяның қол астында қосуды жоспарлады. Осы мақсатты көздей отыра, Ресей империясы XVIII ғасырдың басында Орта Азияның әр түрлі аймақтарына ішкерілеп кіруге бірнеше рет әрекет жасады. 1714 жылы Шығыс Қазақстан аймағына полковник Бухгольц басталған әскери экспедиция жіберілді және оның басты мақсаты – Ертіс өзенінің бойына камал салу еді. Дәл осы кезде Бекович-Черкасскийдің әскери экспедициясы Каспий теңізінің шығыс жағалауын зерттеуге кірісті. Алайда бұл экспедициялардың әрекеті саяси тұрғыдан толық нәтижеге қол жеткізе алмады. Сондықтан I Петр патша Қазақстан жерін толық өз қол астына қаратпайынша, Орта Азияға кірудің мүмкін еместігін түсінді. Осыдан кейін ол қазақтарды Ресейдің қол астына алу туралы елшілеріне нұсқау беріп: «Бұл Орданың өзі (қазақ хандығы) анық қол астымызға қарағысы келмейтін болса, онда бір жапырақ қағазға қол қойғызып болса да, Ресей империясының қол астына қарауға міндеттеп қайтуға тырысып көріңдер» деген болатын. Алайда Петрдің қайтыс болуы (1725) өзінің ойлаған жобасын іске асыруға мүмкіндік бермеді. XVIII ғасырдың 30-жылдары қазақ хандығының әлсіреуіне байланысты саяси жағдай өзгеріп, нәтижесінде Кіші жүз, Орта жүз хандықтары Ресей империясының қол астындағы оның билігін мойындап, империяның құрамдас бөлігіне айналуға мәжбүр болды.

Кіші жүздің Ресейге қосылуы: 1715 жылы қазақ-жоңғар әскери қақтығыстарының қызып тұрған тұсында Тәуке ханның қайтыс болуы, XVIII ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы саяси қайшылықтардың барынша қордаланғанын көрсетті. Сыртқы саяси жағдайдың шиеленісуі, әскери істерде маманданған жекелеген батырлардың, сұлтандардың әлеуметтік мәртебесін күшейтуге әкеп соқтырды. Сонымен бірге бұл кезеңде қазақ қоғамының саяси өмірінде билердің басымдылық рөлі де байқалып отырды. Тәуке ханның тірі кезінде қазақ хандығының шекаралық аймақтарында қазақ-жоңғар қақтығыстарында өзін ерекше көрсеткен сұлтандар шыға бастады. Солтүстік Батыс өңірде 1709—1710 жылдары башқұрттардың Ресейге қарсы көтерілісіне қатысып, Орал казактары мен Еділ қалмақтарына қарсы бірнеше рет қол бастаған батыл әрі жас Әбілқайыр сұлтанның ықпалы күшейді. Орта және Кіші жүз бірлестігінің бір бөлігін Қайып сұлтан басқарды. Олар кезінде Тәуке ханның жоғарғы билігін мойындағанымен кейбір құжаттарда өздерін хан деп атады.

1715 жылы қазақ мемлекетінің бас ханы болып Қайып сайланады, алайда сұлтандар тобы арасындағы билік үшін бөсекелестік күшейе түседі. Тақ мұрагеріне негізгі үміткер ретінде Ұлы жүз бен Орта жүздің бір бөлігіне билік еткен Тәуке ханның баласы Болат және Кіші жүздің беделді сұлтаны Әбілқайыр танылды. 1718 жылы Аягөзде қазақ жасақтарының жоңғарлардан ірі жеңіліске ұшырауы, Әбілқайыр мен Қайып ханның әскери жорықтағы іс-әрекетінің сәйкес болмауынан туындады. Осыдан кейін Қайып хан билік үшін таласқан қақтығыста өлтіріліп, Болат бас хандық тағына отырады. Түркістан Әбілқайырдың билігіне көшті. Болат ханның беделінің жоқтығы, әлсіздігі қазақ мемлекетін дербес хандықтарға ыдыратуға жол ашты. Әбілқайырдың басқару аймағы Оралдың жағалауы мен Батыс Қазақстандағы Кіші жүз, Орта жүз тайпалары бірлестіктеріне таратылды. Ұлы жүздің бір бөлігі Болат ханның билігін таныды, ал 1720 жылы Ташкентте Жолбарыс, Сайрамда Күшік хан деп жарияланды.

1723 жылы жоңғар қалмақтарының Оңтүстік Қазақстан жеріне жасаған жойқын шабуылы арасына жік түсіп, дербес хандықтарға бөлінген қазақ мемлекетінің әлсіздігін көрсетті. Болат хан жоңғарларға қарсы күшті біріктіре алмады, әрбір қазақ бірлестігі дербес жеке қорғанысқа көшуге мәжбүр болды. Осының салдарынан қазақ халқының басына алапат заман «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» деген атаумен белгілі ауыр жағ-

дай туындады. 1726 жылы Кіші жүз, Орта жүз батырларының бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана жоңғарларға алғашқы рет күйрете соққы берілді. 1729 жылы қазақтың үш жүзінің басшылары жоңғарларға тойтарыс беру күресін ұйымдастыру мақсатында жалпықазақтық съез өткізуге келісті. Бұл бас қосу жоңғарларды екінші рет ірі жеңіліске ұшыратқан Анырақай шайқасынан кейін өткізілді. Бұл кеңестен кейін көп кешікпей Болат хан қайтыс болып, оның орнына бас ханды сайлау мәселесі көтерілді. Бұл сайлауда бас хандық лауазымға өзін бірден-бір үміткер ретінде есептеген, жоңғарларға қарсы соғыста үлкен ерлік көрсеткен Әбілқайырдың кандидатурасын қазақ билері қолдамай, оның орнына беделі төмен Болат ханның баласы Әбілмамбетті бас хан етіп сайлады. Мұндай лауазымға қолы жетпеген Әбілқайыр және Семеке сұлтандар съезді тастап бөлініп, өздерін жақтаған батырлармен бірге өз аймақтарына кетуге мәжбүр болды.

Өзінің саяси іс-әрекетінде қазақ хандығының жоғары элитасынан қолдау таба алмаған Әбілқайыр сыртқы күштерден қолдау іздеуге ұмтылды. 1730 жылы Әбілқайыр орыс билігінің қол өтуге астына ұсыныс білдіріп, Уфаға елшілік жіберді. Кіші жүздің ханы қазақтарды Ресейдің қол астына алу жөніндегі бастаманы кездейсоқ көтерген жоқ, 1726 жылдың басында алғаш рет Ресейдің қол астына өту мақсатын көздей отырып, келіссөздер жүргізу үшін Петерборға өзінің елшісін жіберген еді.

1730 жылдың мамыр айында Орта және Кіші жүздің ақсақалдары Әбілқайырға қазақ-башқұрт қайшылықтарын шешу, жоңғарларға қарсы күресте көмек алу мақсатын көздеп, Ресеймен арада келісім жасау туралы келіссөз жүргізуді тапсырады. Алайда ол өзінің өкілеттігін асыра пайдаланып, екінші жағынан ішкі саяси күресте Ресейдің қолдауына сүйенуді көздеп, қазақтардың Ресейдің қол астына өтуі туралы мәселені көтереді. Орыс елшісі А.Тевкелев 1732 жылы Әбілқайырдың ордасына келгеннен кейін оның түпкі мақсаты туралы патшаға берген ақпаратында былай деп жазды:

...«Әбілқайыр хан ұлы патшайымның қамқорлығында болу арқылы өзі дербес әрі бас хан болып, келешекте билігі балаларына мұрагерлікпен қалдырылса дейді...»

1731 жылы 10 қазанда Кіші және Орта жүздің ақсақалдары бас қосқан жиында ұзақ талас-тартыстан кейін әр түрлі пікір қайшылығына қарамастан Ресейге патшайымның қол астына өтіп, оған адал болуды міндеттейтін антқа қол қоюға мәжбүр болды.

Бұл құжат Әбілқайырды Ресейдің қол астына бағынуды негіздейді оның бұрынғы патшаның атына жазған өтініші мен сол кездегі патшайым Анна Иоанновнаның оны өзінің қол астына алу жөніндегі жіберген грамотасы негізінде жасалды.

Орта жүздің Ресейдің қол астына өтуі. Әбілқайырдың Ресейдің қол астындағы протектораттық тәуелділігін мойындағаннан кейін көп кешікпей Орта және Ұлы жүздің хандары, сұлтандары және ақсақалдары Ресейдің қол астына өтуге ниеті бар екендіктерін білдірді. 1731 жылы 19 желтоқсанда Орта жүздің ханы Семеке, 1740 жылы 28 тамызда Ұлы жүздің ханы Әбілмамбет және Абылай сұлтан Әбілқайырдың қабылдаған шартының негізінде Ресейдің қол астында болуға келісім берді. Бұл саяси актінің басты себебі – ішкі саяси күресте Әбілқайырға басымдылық бермеу мақсатын көздеді.

Ресейдің қол астына өтудің саяси-құқықтық шарттары мен салдары. Ресей империясы мен қазақ билеушілерінің арасында жасалған келісімдердің барысында империяның алдындағы тәуелділіктің алғашқы нысаны протекторат қалыптасты. Оның негізгі мәні – Ресейдің қол астына кірген Қазақстан өзінің сыртқы егемендігінің маңызды бөлігінен айырылып, халықаралық қатынастарды, байланыстарды дербес жүргізу құқығынан шеттетілді. Оның орнына Ресей патшасы өзіне тәуелді мемлекеттің мүддесін үшінші елдің қол сұғуынан қорғауға міндеттенді. Осы кезден бастап Қазақстан халықаралық қатынастардың субъектісі болу құқығынан айырылды.

Әбілқайыр ханның Ресейдің қол астына өтуінің протектораттық негіздегі тәуелділігінің шарттары төмендегідей талаптармен негізделді:

1. Қазақстан аумағы арқылы жүріп өтетін Ресейдің сауда керуендерін қорғау міндеті қойылды.

2. Қымбат аң терілерін тапсыру есебінен ясақ салығын төлеу.

3. Ресейдің үшінші бір елмен соғыс қимылын жүргізуі кезінде оған әскери көмек беру. Ресей империясы өз тарапынан қазақ жеріне орыс адамдарының басып кіруіне жол бермеуге және Әбілқайырдың сыртқы жауларына қарсы күресте оған көмек көрсетуге міндеттелді. Ресей империясының әкімшілігі қазақ хандықтарының оның қол астына өтуінің қосымша шарты ретінде – аманат институтын енгізілді. Оның негізгі мәні – хан ұлдарының бірнешеуі кезекпен Ресейдің жерінде кепіл ретінде ұсталып, өмір сүруі тиісті болды. Протектораттық негіздегі келісімде Ресей

империясы Қазақстанның ішкі істеріне араласа алмады, 1748 жылы Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін орыс императорлары оның ішкі істерге қол сұғып, хандарды ресми түрде лауазымға бекіту құқығын өз беттерінше қолға алды. Бұл жағдай қазақ хандықтарының алғашқы кездегі келісімдегі тәуелділік жағдайының протектораттық нысанының сақталмағанын көрсетеді. Алайда, екі жақ та протектораттық тәуелділікті өздерінше түсініп, бағамдады. Қазақ билеушілері өз тарапынан Ресеймен арадағы жасалған келісімді, қазақ мемлекетінің егемендігін шектемейтін әскери одақ деп қабылдады. Сондықтан, бұл келісімді қазақтарға ыңғайлы сәтте, кез келген уақытта бұзуға болады деп есептеді.

Дегенмен, XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап, Қазақстанның бір бөлігі Ресей империясымен арадағы қарым-қатынастарда протектораттық — вассалдық сипатқа ие болды. Қазақ хандықтары дербес мемлекет ретінде өмір сүруін жалғастырып, бірақ барлық сыртқы байланыстар Ресей империясының Сыртқы істер алқасы арқылы жүргізілді.

Ресей империясының қазақтарды формальды түрде оның протектораты ретінде тануы, қазақ жеріне біртіндеп, әскери-саяси мақсатты көздеп, ішкерілеп кіруіне мүмкіндік жасады. Ресей империясы қазақ жеріндегі өзінің отарлық билігін бекітудің әрі нығайтудың екі әдісін таңдады, біріншісі — қазақ орыс шекарасының бойын жағалай әскери гарнизондар орналасатын бекіністер салу, екіншіден — Ресейге қарсы бағытталған қарсылықты басып жаншу үшін қазақ, қалмақ және башқұрттар арасындағы қайшылықты пайдалану. Осының нәтижесінде 1715—1745 жылдары Ертіс бойында, XVIII ғасырдың 40-жылдары Орынбар бағытында және Есіл бойында әскери бекіністер салынды. Одан кейін мұндай бекіністер Жайықтан Каспий теңізіне дейінгі, Ертістен Алтай тауына дейінгі, аралықты қамтып, қазақ даласын өз қоршауына алды. Бұл істелген шаралар Ресей империясының билігіне әскери база ретінде маңызды рөл атқарып, Орталық Азия жеріне ішкерілеп кіруге мүмкіндік жасады.

Қазақ жүздеріндегі хандық билікті шектеудің алғашқы нысандары. Қазақстанның солтүстік-батыс өңірлерінде елдің басқа аймақтарына карағанда патша әкімшілігінің ықпалы күштірек болды. Өйткені, Ресей империясының үкіметі бұл аймақта шекаралық бекіністерінің әскери күшіне сүйене отырып, хандық билікті шектеу саясатын дәйекті жүргізді және қазақ даласын толық бағындыру мақсатын көздеп, өздерінің әкімшілік құры-

лымын тікелей ендіруге тырысты. Хандық билікті шектеудің негізгі әдістерінің бірі патша шекара әкімшілігінің хандардың биліктегі беделін түсіру арқылы, оларды айналып өтіп, Кіші жүздің ықпалды сұлтандарымен, ақсақалдарымен, рубасыларымен тікелей қарым-қатынас жасауы болды. Бұл кезеңде патша әкімшілігі сайланған хандарды лауазымға бекіту құқығын толық өз қолдарына алған болатын және осының барысында бұйрықтарын мүлтіксіз орындайтын, өздеріне тәуелді хандардың билікке келуіне жағдай жасады. Бұл саясаттың алғашқы қадамын патша империясы 1748 жылы Әбілқайырдың ұлы Нұралыны қалыптасқан халықтық салт-дәстүрді бұза отырып, хан лауазымына бекітуден бастаған еді. Сондықтан халық арасында беделі төмен Нұралы хан өз билігін ұстап тұру үшін, өзінің қорғаншысы болып саналатын патша әкімшілігінің тарапынан үнемі қолдау іздеуге мәжбүр болды. Нұралы хан іс жүзінде Ресей империясы шенеунігінің рөлін атқарып, Ресей билігіне қарсы шығуға ниеттенген жеке рубасылар мен, сұлтандардың әрекеттерін патша әкімшілігіне хабарлап отырды және олардың қарсылығын басу үшін жазалау отрядтарын шақыртты. Бұл жағдай халықтың алдында хан билігінің беделін түсірді.

Хандық билікті әлсіретудің тағы бір әдісі ретінде патша империясы бір аймақта екі ханды билікке бекіту арқылы қазақ халқының саяси бірлігіне жік салу саясатын жүргізді. Қазақ даласын өзіне бағындырудың белсенді әдісі ретінде империялық билік әртүрлі саяси топтардың (әсіресе, рубасылар мен сұлтандардың) арасындағы ішкі тартысты, күресті барынша қолдап өршітіп отырды. Патша әкімшілігі мұндай кикілжіндерді сырттай жіті бақылауға алды және қажетті жағдайда төрешілік жасап, өздеріне мүдделі топты қолдап отырды.

Осындай жүргізілген саясаттың салдарынан Ресеймен шектесетін шекаралық аймақтағы қазақ даласында саяси дағдарыстар барынша өршіп, хандық биліктің беделінің өте төмендеуіне өкеліп соқтырды.

Игельстром реформасы. Кіші жүздегі хандық биліктің әлсіреуі, қазақтардың шекаралық аймақтардағы жерлерді пайдаланудың шектелуі, орыс әскерилерінің үнемі жазалау іс-әрекеттері, XVIII ғасырдың соңында азаттық қозғалыстың көтерілуіне түрткі болды. Бұл қозғалыстың негізгі екпіні патша әкімшілігінің қол шокпары болған Нұралы ханға және империяның отарлық саясатын қолдаған жеке рубасыларының іс-әрекетіне қарсы бағытталған

еді. Басым көпшілік қазақ рубасылары мен сұлтандарының ханға қарсы көңіл-күйін пайдалана отырып, патша өкімшілігі шекаралық аймақтағы хандық билікті мүлдем жойып, оның орнына Ресейге тікелей бағынышты басқару нысанын енгізуге талпынды. Осы мақсатты көздеп, 1785 жылы Орынборда генерал-губернаторы барон фон-Игельстром Ресей патшайымына Кіші жүзді басқарудың жаңа жобасын ұсынды, ол көп кешікпей бекітілді. Бұл жоба бойынша Кіші жүз халқы Әлімұлы Байұлы, және Жетіру болып үш тармаққа бөлінді. Елдің әрбір аталған бөлігі-құрамында төрағасы, ықпалды рубасынан шыққан екі орынбасары және іс жүргізушісі бар *расправа* арқылы басқарылуға тиісті болды. Расправа генерал-губернатордың қол астындағы шекаралық сотқа бағынып, оның құрамы төрағасы орыс офицері, бес орыс шенеунігі және сайланбалы алты қазақ рубасылары арқылы жасқалды. Игельстромның жобасы бойынша расправаға және шекаралық сотқа кең өкілеттіктер беріліп, олар өкімшілік, сот және полицейлік міндеттерді атқаруға тиісті болды. Кіші жүздің рубасылары мен сұлтандары бас қосқан съезде елдің әрбір бөлігін басқаруға ағамандар (старшиндар) бекітіліп, олар шекаралық соттық жанында ант қабылдады және оларға жалақы тағайындалды. Кіші жүзде хандық билік жойылды. Алайда Игельстромның реформасы өзінің алдына қойған мақсатына жетпеді. Күшейген азаттық қозғалыстың көсемі Сырым батыр бастаған топтар, расправаның және шекаралық соттық жұмысын бұзып, іс жүзінде оны жоққа шығарып мойындамайды. Осының салдарынан хандық билікті жақтаушылардың басым бөлігі Ресейге қарағанда Хиуамен байланысы бар Қайып хан етіп сайлады. Сонымен хандық билікті хандық жоюдың алғашқы қадамы қазақ даласындағы шекаралық өкімшіліктің ықпалын әлсіретіп, 1789 жылы Кіші жүзде хандық билікті қайтадан келтіруге қатысты жаңа басқару жобасы жасалды.

Хандық биліктің қалпына келтірілуі: 1791 жылы Кіші жүздің ханы болып Ералы сайланып, оның билігін шектеу мақсатында жанынан екі сұлтаннан және үш беделді ақсақалдардан тұратын кеңес құрылды. Алайда, азаттық қозғалыстың шеңберінде сұлтандар мен рубасылар топтарының арасындағы ішкі күрес жалғаса берді. 1795 жылы Ералы қайтыс болғаннан кейін Кіші жүздің ханы болып Есім тағайындалды, бірақ Сырым батыр бастаған рубасылар, Қаратай сұлтан бастаған Әбілқайырдың ұрпақтары оған қарсы көтерілді. Алайда, хандық биліктің беделінің түсуі 1797

жылы оның өліміне әкеліп соқтырып, нәтижесінде Кіші жүздегі хандық билікті жойып, оны Ресей империясының бақылауындағы орган арқылы басқару үшін ұмтылыс жасады. Осыған орай генерал-губернатор Игельстом Кіші жүзді хандық кеңес арқылы басқаруға қайтадан ұсыныс жасап, оның құрамына төрағасы ретінде бір сұлтан және алты рубасы кіруге тиісті болды. 1797 жылы тамыз айында хандық кеңес сұлтан Айшуақтың төрағалығымен өзінің жұмысын бастады. Одан басқа ірі рулық бірлестіктерді басқаруға аға старшиндар етіп Сырым батыр мен Қаракөбек тарханды сайлады. Алайда, саяси дағдарыс онымен бітпеді. Сұлтандар тобы хандық кеңеске қарсы шығып хандық лауазымға үміткер ретінде Қаратай сұлтанды ұсынды. Хандық кеңестің жұмысына көңілі толмаған Сырым Сырдария өңіріне қоныс аударды. Осының нәтижесінде саяси жағдай шиеленісіп, Орынбор әкімшілігінің бақылауынан шыға бастады, сондықтан 1797 жылы Кіші жүздің ханы болып жасы егде тартқан Айшуақ бекітілді.

1803 жылғы саяси дағдарыс. Орынбор әкімшілігі арқылы билікке келген Айшуақ ханның қазақтардың арасында беделі болмады. Съездер шақырылмады, рулық қатынастарды реттеуге қабілетті беделді органдардың болмауы, жеке қауымдар мен ауылдардың арасындағы қатынастарды шиеленістіруге әкеп соқтырды. Бұрын барымта жауапкерді билер сотының шешіміне мәжбүрлеп бағындыратын әдіс болса, енді ол баю мақсатын көздейтін бей-берекет тонаушылық әрекетке айналды. Сондай-ақ, патша әкімшілігінің әскери қызметінде тұрған Орал казактарының, башқұрттардың қазақ жеріне шапқыншылығы жалғаса берді.

1803 жылы Кіші жүздің барлық беделді рубасылары Орынбордың маңында бас қосты. Бұл съездің негізгі мақсаты — өзара ішкі қырқысты, талан-таражды тоқтатып ішкі саяси өмірді тұрақтандыру болды. Бұл съезде әрбір рубасы өз тараптарынан ант қабылдап, Айшуақ ханның ықпалымен оған төмендегідей пункттер енгізілді:

1. Қазақтар мен орыс әкімшілігінің арасындағы барлық даудамайлар қазақтар өздері тандаған, құрамы екі орыс шенеунігінен тұратын ерекше органның қарауына берілуге тиісті.

2. Хандық билікті нығайтып, сұлтандар мен хандардың арасындағы вассалдық қатынастарды орнату.

3. Ауқатты ауылдар мен шекара маңындағы аймақтарды тонаумен айналысатын көптеген кедей тобырларды, қауымдардың арасына бөліп орналастырып, оларды жұмыспен қамтамасыз ету.

Бұл анттың авторлары Орынбор шекара әкімшілігінен жаза-лау операциясының атын жамылып, қазақ ауылдарын тонайтын орыс және башқұрт барымташыларының іс-әрекетін қатаң жа-залауды талап етті. Съезге қатысушылардың басым бөлігі Ресей әкімшілігіне қарсы талап қоймай, іс жүзінде оның билігінің қол астында болуға ниет білдірді. Сондай-ақ, ханның билігіне және патша әкімшілігіне вассалдық қатынаста болғысы келген руба-сылары мен сұлтандар бұл Антқа қол қоядан бас тартты.

Алайда, 1803 жылғы съездің шешімдері іс жүзінде орындал-мады, Ресей империясының үмітін ақтамаған Айшуақ хан орны-нан алынып, оның орнына Жантөре тағайындалды. Сұлтандар-мен рубасылардың арасында оның ешқандай беделі болмағандық-тан, Кіші жүздің ханы болып, қазақтардың азаттық қозғалысын бастаушылардың бірі Қаратай сайланды. Бірақ, 1809 жылы Қара-тайдың өлтірілуі, патшаның отарлау әкімшілігіне хандық билікті қайтадан жоюға ұмтылыс жасауға мүмкіндік берді. Осыған орай патша І Александр «хандық кеңестің» ережесін бекітіп, онда кеңестің төрағасы генерал-губернатордың тарапынан бекітіліп, оның алты кеңесшісі қазақтардан сайланып, олардың лауазам-дық қызметін Орынбор әскери бекінісінің қолбасшысы бекітетін болды. Сонымен қатар шекара әкімшілігі әрбір ру топтарында сайланған жеке басқарушыларды лауазымға бекітуге құқы бол-ды. Патшаның отарлық билігі қазақтардың сот жүйесіне өзгеріс жасауға талпыныс жасап, ауыр қылмыстарды қарау үшін оларды Орынбор шекаралық комиссиясына жолдауға шешім шығарды. Сонымен, патша әкімшілігі қазақ даласының саяси элитасының арасынан өздеріне бағынышты шенеуніктік аппаратты қалып-тастырып, Қазақстанның шекаралық аудандарына бақылау ор-натуға ұмтылды. Олардың бұл саясаты ерекше нәтижеге қол жеткізбесе де, Ресей империясының қазақ жеріне әскери-саяси мақсатты көздеп, біртіндеп ішкерілеп кіруге мүмкіндік беріп, қазақ елін толық, түпкілікті бағындырудың алғы шарттарын жа-сады.

Бөкей Ордасының құрылуы. Кіші жүздің аумағында жайы-лымдық жерлердің тарылып, шаруашылықтың құлдырауы 1801 жылы Бөкей хандығының құрылуына әкеп соқтырды. 1797 жыл-дан бастап көп жылғы күрестің барысында қазақтар Еділ өзені мен Жайықтың арасындағы жайылымдық жерлерді пайдалану құқығына ие болған еді. Көп кешікпей қазақтар малдарын Жай-ықтың оң жағасына өткізіп жаюмен шектелмей, өздері де бұл

аймаққа жаппай қоныстана бастады. Бұл жағдай Ресей тарапынан қиын реттелетін процеске айналды. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, патша үкіметі 1771 жылы Жонғарияға қашып, қалмақтардан босаған Еділ мен Жайық арасындағы бос аймақтарға қазақтардың қоныстануына ресми түрде рұқсат берді. Мұндағы патша империясының түпкі мақсаты — «бөліп ал да, билей бер» деген сұрқия саясатты жүзге асыру арқылы Кіші жүздің халқын екіге бөліп тастап, оның бір бөлігін империяның қол астында бағындыруды көздеді.

Қоныс аударушылардың басшысы болып, хандық кеңестің төрағасы болған Бөкей сұлтан тағайындалды. Сонымен, патша өкімшілігінің шешімі бойынша Еділ мен Жайықтың арасындағы аймақта жаңа «қуыршақ» мемлекет құрылып, 1812 жылы Бөкей сұлтанға хан лауазымы берілді. Осы кезден бастап бұл аймақ Бөкей Ордасы, немесе «Ішкі Орда» деген атауға ие болды. Бөкей қайтыс болғаннан кейін 1824 жылы Орданың ханы болып, орысша жақсы білім алған, Ресейдің императорлық тағының билігіне шын берілген оның ұлы Жәңгір сайланды. Ол бірқатар реформалар жүргізу арқылы Бөкей Ордасын нағыз монархияға айналдырды.

Басқару жүйесі. Бөкей хандығын басқару үш сатылық негізде жүргізілді: 1) жалпы қадағалау жүйесі, 2) жақыннан қадағалау жүйесі, 3) жергілікті негізгі басқару жүйесі. Жалпы қадағалау алғашында Ресей империясының Сыртқы істер министрі арқылы жүзеге асырылып, ал 1838 жылдан бастап бұл міндет Мемлекеттік мүлік министрлігіне берілді. Жақыннан қадағалау Орынбор әскери губернаторы мен Шекара комиссиясы арқылы жүзеге асырылды. Жергілікті негізгі басқару ханға және оның өкімшілігіне жүктелді. Ханның билігі өсиет бойынша қалдырылып, оны лауазымға орыс патшасы бекітіп отырды. Ол өзінің қолына хандықтағы барлық өкімшілік, сот және заң шығарушылық биліктерді шоғырландырды. Ханның жанында оның туысқандарынан іріктелген, беделді сұлтандардан тұратын бейресми билік органы құрылды. *Сұлтандар кеңесінің* басында тек кеңесшілік функциясын атқаратын аға сұлтан тұрды. Одан басқа ханның қасында ірі рулық бірлестіктерінен жасақталған, 12 билден құралған *билер кеңесі* құрылды. Билер құқық шығармашылық ынтасына ие болып, ханның кеңесшілері болып есептелді.

Ханның жанында кеңсе құрылып, ол екі бөлімнен тұрды: а) негізгі (орыс) кеңсесі; б) татар кеңсесі. Негізгі кеңсеге арнайы басқарушы тағайындалып, оның құрамы арнайы тергеушіден, іс

жүргізушіден, аудармашы мен хатшыдан тұрды. Сонымен бірге хандықтың басқару жүйесінде рухани және сот істерімен айналысатын *сарай ақыны* лауазымы бекітілді.

Тауар-ақша қатынастарының дамуы *базар сұлтандары* институтының қалыптасуына ықпал жасады, хан оларды ірі жәрменке және сауда пункттеріне үнемі жіберіп тұрды. Ханның арнайы тапсырмаларын орындайтын *есаулдар* ірі ру бірлестіктерінің ағамандар арасынан тағайындалды. Хандықтың жеке бөліктерінің басқарушылары мен қауымдардың арасын тұрақты байланыста ұстау мақсатында *хабаршылар* институты құрылды. Жергілікті билік өз аймақтарында ханның қаржылық және жерге қатысты саясатын жүргізіп, салық жинайтын, ханның және патша әкімшілігінің өкімдерін қамтамасыз ететін, ханның шешімімен тікелей тағайындалатын ірі ру бірлестіктерінің басшылары *сұлтан-басқарушылары* арқылы жүзеге асырылды. Әрбір ру бірлестігінің бөлімін хан тағайындаған ағамандар басқарады. Оларды *жарғы* ағамандары деп атады.

Бөкей ордасының шекаралық бөлігінде депутаттар лауазымы белгіленіп, олар төмендегідей міндеттерді атқарады: қазақтардың өз бетімен шекарадан өтуіне жол бермеу, орыстың шекаралық әкімшілігінің өкілдері жүргізетін тергеу істеріне қатысу, өз аймақтарында күдіктілерді іздестіру, ханның тапсырмасы бойынша сот істерін талдау.

Аумақтың-әкімшілік бөлінісі. Бөкей Ордасының аймағы Ресей империясының меншігі болып есептелді, алайда іс жүзінде шекаралық үкімет оның ішкі істеріне араласпады. Алғашында хандық әскери-жария (потестарлық) билігі бар бірлестіктерден тұрды, кейіннен хандардың жүргізген реформаларына байланысты көнеден келе жатқан «рулар» атауы сақталып, жеке әкімшілік бірлестіктерге айналды. XIX ғасырдың 30 жылдарында Бөкей Ордасы 12 рудан құралды. Әрбір рулық қауым өз кезегінде старшиндықтарға бөлінді, XIX ғасырдың 40 жылдары олардың саны 200-ге жетті. Одан басқа 10 шекаралық учаскелер болды.

Салық жүйесі. Хан билігінің біртіндеп нығаюына қарай Бөкей Ордасында салық жүйесі реформаланып, ескі салықтар өзгертіліп жаңа салықтар енгізілді. Салықтың негізгі түрі зекет есептеліп, ол малдың 40/1 бөлігінің көлемін құрады. Мәселен, 5 бас түйеден 1 кой, 46 бас түйеден — 1 бас төрт жасар түйе салық ретінде алынды. Жылқы малының зекеті оның 40/1 бөлігінің құнын құрап, 30 рубльге 1 жылқы есебінде алынды. Салықтың келесі түрі — соғым

болды, ол ханның отбасына қыс кезінде етпен қамтамасыз етуге қатысты міндеткерлік болды. Қосымша салық ретінде әрбір шаруашылық ханның малын қамтамасыз ету үшін бір үймек шөп, хабаршылардың қызметіне әрбір қауымдастық 128 рубль беріп отырды.

Құқық жүйесі. Бөкей Ордасының құқығында Ресей құқықтық жүйесінің ықпалымен біршама өзгерістер байқалды. Мәселен, сатқындық, үкіметке бағынбау, шетелге қашу, кісі өлтіру, жалған ақша жасау, мемлекеттің және қоғамның мүлкін ұрлау, өрт қою, тонау, барымта және 30 рубльге дейінгі ұрлық жасау әрекеттері, қылмыстық іс ретінде танылып, олар Оралдағы әскери сотта және Орынбор шекаралық комиссиясында Ресей империясының жалпы қылмыстық заңдарының нормалары бойынша жауапқа тартылды. Құрамына сарай ақыны кіретін ханның өз сотынан басқа, хан тағайындаған сұлтан-басқарушылар мен билерден құралған жергілікті соттар болды. Жергілікті және хан соттары әдет-ғұрып құқығы мен шариғат нормаларын басшылыққа алды, алайда хан белсенді түрде құқықтық шығармашылықпен айналысып, билерді кірістіре отырып, қаралатын істер бойынша жаңа заң ережелерін шығарып отырды.

1845 жылы Жөңгір хан қайтыс болғаннан кейін хандықты басқару үшін *қорғаншылық кеңес* бекітілді, оны ханның жақын туыстарының бірі басқарды, кейіннен ол Бөкей Ордасын басқару жөніндегі «Уақытша кеңес» деп қайта құрылып, енді оның басында арнайы тағайындалған орыс шенеуніктері тұрды.

Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты. Қазақ мемлекеттілігінің қайта өрлеуі Абылай ханның есімімен байланысты болды. Ол XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап Қазақстанның солтүстік өңірінде ірі әскери-тайпалық бірлестіктердің басшысы ретінде ерекше көзге түсе бастады. Оның ерекше ұйымдастырушылық және дипломатиялық таланты 1739—42 жылдардағы Жоңғарымен арадағы соғыста көрінді. Ол жоңғарларға тұтқынға түсіп, одан жәй босап қана қоймай, олармен арада тиімді бітім жасауға қол жеткізді. Жоңғар мемлекеті әлі де күшейіп тұрған бұл кезеңде қазақ хандығының аз уақыт мерзімде оларға формальды түрде бағынуының тактикалық маңызы болды. Абылай XVIII ғасырдың 40 жылдарынан бастап, Жоңғар билеушілерінің өзара ішкі қырқысу күресіне белсенді араласа отырып, оларды бір-біріне қарсы қойып, қажет болған жағдайда айдап салу арқылы Жоңғар мемлекетінің іргесін шайқалтып, Қазақстанның Ор-

талық, Солтүстік және Оңтүстік аймақтарындағы хандық бөлікті нығайтуға ықпал жасады. Іс жүзінде Орта және Ұлы жүздің ханы ретінде Абылай есептелді. Оның айғағы XVIII ғасырдың 60 жылдарына Қытай императоры өте ықпалды Абылай сұлтанның хандық лауазымын танып әрі мойындап, орыстарға қарсы күресте көмек беруге бірнеше рет ұсыныс жасады. Өз кезегінде 1759 жылы орыс елшілігі Абылайды Ресей патшайымына өтініш беру арқылы оны хандық лауазымға бекітуге ұмтылыс жасады, ол бекітілген жағдайда оған Ресей билігі қорғаншылық көрсетіп, ішкі жауларымен күресте көмек беруге уәде етті және Абылайды хандық лауазымға ресми түрде бекіту үшін оны Орынборға шақырды. Алайда, Абылай одан бас тартқаннан кейін, Әбілмәмбет хан мен Абылайдың қол астындағы қазақтардың Ресейден бөлектеніп кетуінен қауіптенген патша әкімшілігі оның ордасына өздері келіп, сый-сыяпат жасап, жыл сайын белгілі мөлшерде қаржылай жалақы төлеп тұрды. Дегенмен, Абылай Ресей империясының протектораттық тәуелділігінен мүлдем бас тартқан жоқ, өйткені Ресеймен арадағы қарым-қатынастың қазақтар үшін белгілі деңгейде тиімділігі болды және Ресей мен Қытайдың арасындағы қайшылықтарды пайдалана отырып іс жүзіндегі қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін сақтауға ұмтылды.

1771 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін Түркістанда өткен құрылтайда Абылай ресми түрде барлық үш жүздің ханы болып сайланды. 1772 жылы аталған хандық лауазымды Қытай императоры мойындап, таныды және 1776 жылы Орыс үкіметіне өзін жалпықазақ ханы ретінде тануды сұрап өтініш білдірді. Патшаның отарлаушы билігі Әбілқайыр ұрпақтарын Кіші жүздің хандары ретінде ресми түрде танып, әрі қолдағандықтан, Абылайды 1778 жылы тек қана Орта жүздің ханы етіп бекітті. Бұл жағдай Абылайды қанағатандырмады, сондықтан ол XVIII ғасырдың 80 жылының басынан бастап Ресеймен арадағы барлық байланыстарды тоқтатты.

Абылай өз заманында қазақтың барлық үш жүзіне билік еткен беделі жағынан оған теңесе алмайтын соңғы хан болды. Оның билігі Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінің шағын шекара аймағындағы Әбілқайыр хан ұрпақтарының билігін мойындайтын көшпелі қауымға ғана таратылмады. Абылай ханның басқаруы кезінде орталық билікті нығайту мақсатында мемлекеттік-құқықтық жүйені өзгерту саясаты жүргізілді. Олар бұрын билер соты ғана шешуге өкілетті өлім жазасын қолдануды тікелей өз

қолына алды. Одан басқа Абылай жергілікті билікті қайта құру шараларын қолға алып, олардың әскери-саяси тұрғыдағы дербестігін шектеді. Ол бұрыннан қалыптасқан рулық жария биліктің жүйесін сақтай отыра, екінші жағынан ұлыстық басқару жүйесін енгізу мақсатын көздеп, өзінің ұлдарын, жақын туыстарын тікелей тағайындау арқылы хандықтың жеке бөліктерін басқаруға қойды. Мәселен, ұлы Әділ сұлтан Батыс Жетісуді, екінші ұлы Сүйік Солтүстік-Шығыс Жетісуді басқаруға қойылды. Күйеу баласы Құдайменде Тобыл өзені бойындағы көшпелі қауымды, екінші күйеу баласы Дайыр Қазақстанның Орталық бөлігін басқаруға жіберілді.

Алайда Абылай хан өзінің билігін толық деңгейде жүзеге асырып, оны нығайта алмады. Өйткені, сол кезде Дайыр сұлтан онымен қатарласып хандық билікке таласса, наймандардың билеушісі Әбілфейіз сұлтан Абылайдан тәуелсіз жағдайда болды. Сондай-ақ, кейбір ру-тайпа басшылары орталық билікке қарсы әрекет жасауға талпынды. Өз кезегінде Ресей империясының шекара әкімшілігі жекелеген қазақ рубасыларының дербестікке ұмтылған іріткі әрекеттерін қолдау арқылы, оған қарсы қоюға әрекер жасап, осындай әдіспен Абылайдың билігін әлсіретуге тырысты. Алайда XVIII ғасырдың соңына дейін қазақ хандығының Ресей империясына тәуелділігі толық жүзеге аспады, ол тек номиналды түрде болды.

Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы. XIX ғасырдың басында қазақ жеріндегі хандық биліктің әлсіреуі Ресей империясының әкімшілігіне өзінің тікелей басқару жүйесін енгізуге бағытталған бірқатар әкімшілік-құқықтық реформаларды жүргізуге мүмкіндік жасады. Өйткені, XIX ғасырдың 20 жылдарында хандық институты өзінің жоғарғы билік органы ретіндегі сипатынан айырылып, ішкі мәселелерді реттеп басқарудағы қабілетін жоғалтты. Осындай жағдайда патша үкіметі еш кедергісіз хандық билікті жойып, Қазақ өлкесін өзінің отарына айналдыру мақсатын көздеп, өз ынтасымен, әрі қалауынша қазақ даласындағы басқару жүйесін империялық үлгіде қайта құруды қолға алды. Бұл реформалар Қазақстанның әр түрлі аймағында жүргізіліп, қазақ халқының әр түрлі патша әкімшілігінің бағыныштылығында болуына байланысты өзіндік ерекшеліктермен сипатталды.

Орта жүздің хандары Бөкейдің (1817) және Уәлидің (1819) қайтыс болуынан кейінгі қалыптасқан саяси дағдарыстан кейін және кейбір сұлтан топтарының Ресей империясының мүддесін

жақтап, онымен жақындасуына байланысты патша өкімшілігі жаңа хандарды сайлап, бекітудің қажеттілігі жоқ деп есептелді. Ал халық атынан әкесінің орнына хан болып сайланған Уәлидің баласы Ғұбайдолланың хандық лауазымын патша үкіметі танымады өрі мойындамады. Қалыптасқан дағдарысты жағдайды өзіне тиімді пайдаланған патшаның шекара өкімшілігінің билігі тез кимылдап, басқарудың өзіне ұтымды, жаңа жүйесін енгізуге кірісті.

Сібір қазақтарының (қырғыздарының) жарғысы. 1822 жылы Батыс Сібірдің губернаторы М.М.Сперанскийдің басшылығымен «Сібір қазақтары туралы жарғы» дайындалды. Бұл жарғыға сәйкес Есіл және Ертіс жағалауындағы қазақтар қоныстанған аймақ Сібір қазақтарының облысы деген жаңа атауға ие болып, Омбы облысының құрамына енгізілді. Осының негізінде Ресей империясының аумағында орналасқан қазақ жерлері ішкі округтерге, оның шекаралық аймағынан тысқары жатқан жерлер сыртқы округтерге бөлінді. Әрбір округ 15–20 болыстан, әрбір болыс 10–12 ауылдан, әрбір ауыл 50–70 түтіннен құрылды. Округтер мен болыстар өкімшілік-аумақтық қағидатқа (принципке) негізделіп құрылды, дегенмен оларды жасақтау кезінде ауылдардың белгілі бір рулық-тайпалық бірлестіктерге жататын қандық-туыстық белгісі ескерілді. Патша өкімшілігінің жаңа тәртібіне сәйкес, осы кезден бастап қазақтардың бір округтен екіншісіне өтуі, тек шекаралық үкіметтің рұқсатымен ғана мүмкін болды.

Басқару жүйесі. Орта жүз қазақтарын басқарудың ең жоғарғы билігі генерал-губернатор мен Омбы облысы бастығының қолына берілді. Сыртқы округтердің басында аға сұлтандар мен округтік бұйрықтар тұрды. Округтік бұйрықтың бастығы аға сұлтандар қазақ сұлтандарының арасынан үш жыл мерзімге сайланды, майор әскери шенінде болып, он жыл қызмет істегеннен кейін дворян атағын алуға мүмкіндігі болды. Округтік бұйрықтың құрамына төрағадан басқа кеңесшілер ретінде екі орыс шенеунігі мен екі қазақ сұлтаны және тілмаш енгізілді. Қазақ кеңесшілері екі жыл мерзімге билер мен ақсақалдардың қатысуымен сайланды. Аға сұлтан және оның кеңесшілерін тиісті лауазымға облыстық басқарманың бастығы бекітті. Округтік бұйрықтар кең ауқымдағы төмендегідей өкімшілік-полицейлік міндеттерді атқарды; қазақ даласындығы тыныштық пен тәртіпті қорғау; қылмыстық әрекеттер бойынша тұтқынға алып, сотқа тарту; қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізу; тонаушылық,

барымта және үкіметке бағынбаған әрекеттері үшін жазалау отрядтарын жасақтау т.б.

Болыстарды басқару «құрметті қазақтардың» қатысуымен өмір бойы мерзімге сұлтан басқарушылардың құзырына берілді және оның лауазымының мұрагерлікпен ауысуына рұқсат етілді. Болыс бастығын лауазымға облыстық басқарма бекітті. Кейіннен, 1855 жылдан бастап, болыс бастығын сайлаудың ережесі өзгертіліп, болыс бастығы лауазымына «халық алдында беделі бар, еңбегі сіңген» сұлтандар тегінен шықпаған адамдарды да сайлауға рұқсат берілді. Бұл тәртіп бойынша болыс бастығының сайлауына «құрметті» қазақтармен қатар әрбір ауылдан іріктеліп алынған бес таңдаушылар қатысуға мүмкіндік алды. Болыс бастығының сайлауына округтің аға сұлтаны қатысып отырды. Болыс басқарушының өз аумағындағы көшпелі қазақтарға толық билік жүргізуге құқы болды. Оның негізгі міндетіне; округтік бұйрықтың шешімдерін орындау, сот үкімдерін іске асыру, болыс аймағындағы тыныштық пен тәртіпті сақтау тапсырылды.

Ауылдық ағамандар (старшина) басқарып, олар лауазымға ауылдастарының қатысуымен үш жыл мерзімге сайланды және округтік бұйрықтың тарапынан бекітілді. Оларға әскери шен берілмеді, олардың құқықтық жағдайы ішкі Ресей империясының басқару жүйесіндегі селолық старосталардың деңгейімен теңестірілді. Ол болыс бастығына бағынып, оның рұқсатымен көшіп қонды және өз билігіндегі ауылға тыныштық пен тәртіп орнатуға тиісті болды.

Сот және сот жүргізу ісі. 1822 жылғы «Жарғы» қазақтардың құқықтық жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізді. Әдет-ғұрып құқығының қолдану аясы мен билер сотының өкілеттігі барынша тарылды, осыған орай империялық заңдардың алдындағы соттылық енгізілді. Қазақтардың құқтық жағдайы Ресей азаматтарымен теңестіріліп, қазақтарға 1808 жылғы «Көшпелі бұратана» халықтар жарғысының ережелері таратылды. Қазақ қоғамының құқықтық жүйесіне біраз өзгерістер енгізілді. Қылмыстық және азаматтық құқық бұзушылықтың ара жігі көрсетіліп, әкімшілік және сот органдарының сот жүргізу функциясы нақтыланды. «Жарғы» бойынша құқық бұзушылықтар үш категорияға бөлінді: 1. Қылмыстық істер, 2. Талап қою істері, 3. Басқаруға қатысты шағым істері. Қылмыстық істерге төмендегідей әрекеттер жатқызылды: 1. Мемлекетке сатқындық 2. Кісі өлтіру, 3. Тонау, 4. Барымта, 5. Үкіметке бағынбау, 6. Лауазымдық қылмыстар, 7. Жал-

ған ақша жасау, 8. Өрт қою, 9. Қылмыстық істерді қараған кезде жалған айғақ беру. Тергеуді округтік бұйрықтар жүргізіп, олар жалпы империялық заңдар негізінде қылмыстық істері қарайтын негізгі сот инстанциясы болды. Қылмыстық істер бойынша қадалау сатысы облыстық сот болды. Талап қою істерін әдет-ғұрып құқығы негізінде билер соты қарады. Бұл соттың шешіміне қатысты түскен шағымдар облыстық басқармаға жіберіліп, олар әдет-ғұрып құқығы ережелеріне сәйкес қаралды.

Ұрлыққа қатысы бар талап қою істерін билер соты қарады. Дауға байланысты 2 мың рубльге дейінгі түпкілікті шешімді округтік бұйрықтар, 5 мың рубльге дейінгі шешімді Шекара басқармасы, ал 5мың рубльден жоғарғы талап қою сомасын үкіметтік Сенат бекітетін болды. Сонымен қатар билер сотына ұрлыққа қатысты істерді қараған кезде әдет-ғұрып құқығының негізіндегі қосымша жазалар ретінде дүре соғу, 1 аптадан 1 айға дейінгі мерзімде тұтқынға алу шараларын қолдану тапсырылды. Сонымен, 1822 жылғы «Жарғы» бойынша жүргізілген әкімшілік шаралар қазақ жерлерінің отарлық жағдайын бекітіп, қазақтар үшін жалпыимпериялық заңдардың нормаларын басшылыққа алуды негіздеп, қазақ қоғамының үстем таптарын Ресейдің басқару жүйесінің шенеуніктеріне айналдырды. Бұл үрдіс ХІХ ғасырдың 30—50 жылдарында өзінің жалғасын тапты.

Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуы. 1822 жылы Орынбор генерал-губернаторы П.К.Эссен Сыртқы істер министрлігінің Азиялық комитетіне «Орынбор қазақтарының жарғысы» жөніндегі жобаны дайындап, ол тек 1824 жылы бекітілді. Бұл жобаға сәйкес Орынбор шекаралық аймағы 12 дистанцияға бөлініп, Бөкей Ордасы ішкі округ мәртебесін алып, аға-сұлтаннар басқаратын үш сыртқы округтер құрылуға тиісті болды. Алайда іс жүзінде «Жарғының» ережелері біраз өзгерістерге ұшырады.

1825 жылы Орынбор қазақтарының облысы Шығыс, Орта және Батыс бөліктерге жіктелді. Шығыс бөлігінің негізгі өзегін Арғын тайпаларының ұрпақтары құрады, Орта бөлігін Жетіру тайпаларының рулары, Батыс бөлігіне Байұлы, Әлімұлы тайпаларының рулық бірлестіктері иелік етті. Осының алдында, 1824 жылы Кіші жүздің ханы Серғазы Орынборға шақырылып, оның хандық өкілеттігі тоқтатылатыны жарияланып, ол Орынбор шекаралық комиссиясының қарамағына жіберілетіні туралы айтылды. Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуы ешқандай қиындықсыз әрі кедергісіз жүзеге асырылды. Өйткені, Орта жүзбен салыстырғ-

анда мұнда ханның билігі өте әлсіз болып, формальды жағдайда өмір сүрді. Екінші жағынан, хан патша үкіметіне қызмет еткенмен, патшаның ресми саясатына қарсы әрекет еткен сұлтандық топтармен тығыз байланысты болды. 1817 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясы Серғазы ханның әрекетсіздігіне байланысты ескерту жасап, егер хан жақын арада ішкі саяси жағдайды түзетпесе, онда ол хандық биліктен тайдырылып, орнына басқа хан тағайындалатыны жөнінде ескертілген еді.

Эссенің «Жарғыда» көрсетілген жобасы бойынша Кіші жүздің аталған үш бөлігіне сатылы басқару жүйесі енгізілуі тиісті болды; а) ауылдарды басқару, б) ауылдар бірлестігіндегі руларды басқару; в) рулардан құралған жеке бөлікті басқару. Билік жүргізетін лауазымдар төмендегілер болды; ауылда ағаман (старшина), руларда жеке басқарушылар, жеке бөліктерде аға сұлтан немесе хан. Жоғарыда көрсетілген лауазымдардың барлығы сайланбалы болып, оны атқаруға тек қана қазақтар жіберіліп отырды.

1831 жылы Орта жүздегі үлгі бойынша Кіші жүз даласының шекаралық аймағының бойында әкімшілік округтер құрылып, олар *дистанциялар* деп атала бастады. Олар өз кезегінде *старшиндықтарға* бөлінді. Орта есеппен әрбір старшиндықтың құрамына екі мың шаруашылық қамтылды. 1831–1841 жылдар аралығында Кіші жүздің далалық аймағы мен Шекаралық жағалауында 31 дистанция құрылса, 1857 жылы олардың саны 50-ге жетті олардың 32-і шекаралық сызықта болса, 25-і далалық аймақта орналасты.

Басқару жүйесі. Кіші жүздегі басқару органдары жоғарғы, жалпы және жеке болып үш түрге бөлінді. Жоғарғы билік Сыртқы істер министрлігінің қолына шоғырланып, аймақты тікелей басқару Орынбор генерал-губернаторының қолына берілді. Жалпы басқарумен Орынбор шекаралық комиссиясы (1859 жылдан бастап Облыстық басқарма) айналысты. Оның құрамына: төрағасы, оның орынбасары, төрт кеңесшісі, қазақтардан тағайындалған төрт алқа мүшесі, ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунік, кеңсе т.б. қызметтер енгізілді. Төрағаны император, басқа лауазымды тұлғаларды генерал-губернатор тағайындады.

Жеке басқару Әбілқайыр ұрпақтарының арасынан шыққан сұлтан — басқарушылар, олардың көмекшілері, дистанциялық және ауыл бастықтары, ағамандар арқылы жүргізілді. Іс жүзінде қазақтарға қатысты екі жақтық бағыныштылық орнады, яғни бір тараптан шекаралық комиссия мен әскери камалдардың басшы-

лығының билігі жүрсе, екінші жағынан, дистанциялық командирлердің билігі орнықты. Жеке басқару органдарының барлық лауазымды тұлғалары Орынбор әскери губернаторының бұйрығымен тікелей тағайындалды.

Басқару органдарының функциясы. Шекаралық комиссия ауқымды әкімшілік құзыретке ие болып, төмендегідей міндеттерді атқарды:

- қазақтардың сыртынан полицейлік қадағалауды жүзеге асыру;
- жеке басқару органдарына лауазымды адамдарды іріктеу;
- сот жүргізу функциясы.

Сұлтан-басқарушылар мен дистанциялық бастықтарының міндетіне:

- жеке бөліктің немесе дистанцияның аймағындағы халықты басқару;
- тәртіп бұзушылықтың алдын алу;
- халықтан патша әкімшілігінің пайдасына алым-салық жинау;
- халықтың ішкі аймақтағы көші-қонын бақылау;
- қарсыластарының қарсылығын басып, олардың билігін өз иелігінен шығаруды қамтамасыз ету.

Одан басқа дистанция бастықтары шекара бойындағы қазақтарға сот және тергеу істерінде өкілдік жасап, Шекара әкімшілігімен байланыс орнату міндетін атқарды. Шекара бойындағы ағамандар (старшиндар) шекара әкімшілігіне өздерінің бейтараптығын көрсету үшін өз туыстарының арасынан кепіл – аманат тапсыруға міндетті болды.

Сонымен, 1824 жылғы Орынбор қазақтарының, 1822 жылғы Сібір қазақтарының «жарғысының» мақсаты, мәні жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, алғашқысында лауазымды адамдарды сайлау қағидасы мүлдем болмады, бұл жағдай орта және төменгі деңгейдегі барлық шенеуніктердің патша империясының отарлық саясатын тікелей жүргізушілер ретінде қалыптасуына ықпал жасады.

1844 жылғы ереже. 1844 жылғы маусым айында «Орынбор қазақтарын басқару жөніндегі Ереже» қабылданды. Мұнда басқару жүйесіне айтарлықтай ірі өзгерістер мен тек *қорғанышлар институты* ғана енгізілді. Қорғаншылар орыс офицерлерінің арасынан тағайындалып, олар шекара аймағының тұрғындары мен

қазақтардың арасындағы даулы мәселелерді шешуге тиісті болды. Одан басқа қорғаншылар қазақ ағамандарын бақылау жасап, (старшиндар) жалпы басқару органдарының тапсырмаларын орындады, тергеу істерін жүргізді. Кіші жүз аумағында төмендегідей барлығы алты қорғаншылық өкімшіліктері құрылды:

1. Гурьев, 2. Орал, 3. Орынбор, 4. Орск, 5. Троицк, 6. Михайло-сек.

Сот және сот жүргізу процесі. XIX ғасырдың 20—40 жылдарында қазақ қоғамының сот жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізіліп, оның негізгі мақсаты — Батыс Қазақстан аумағында жалпы Ресейлік заңдар мен сот жүргізу процесін енгізуді жеңілдетіп, оны жалпыимпериялық жүйемен жақындатуды көздеді. Ең алдымен қылмыстық әрекеттер мен азаматтық құқық бұзушылықтың ара жігі ашылды және әр түрлі категориядағы істер өртүрлі деңгейдегі соттардың қарауына берілді.

Әскери соттар — мемлекетке сатқындық, кісі өлтіру, тонау, барымта, Ресей адамдарын тұтқынға алу, үкіметке қарсы іс әрекет жасау сияқты қылмыстық істерді қарады. Істерді әскери сотпен қарау алдын ала тергеу материалдарының негізінде Орынбор әскер корпусы штабының шешімімен қабылданды. Сонымен бірге ол сот шешімін бекітіп отырды.

Қылмыстық істерді қарау бөлімінің өкілеттігі шекаралық комиссияларға беріліп, мұнда ұрлыққа қатысты және елу рубль күміс ақшаға дейінгі бопсалауға қатысты, мемлекеттің шарап шығару монополиясын бұзу, шекаралық шептен құпия өту сияқты істерді қарады.

Азаматтық істерді қарау бөлімі бойынша шекаралық комиссия жалпы сомасы елу рублден асатын талап қою істерін қарады. Бұл категориядағы барлық соттар жалпыимпериялық заңдарға негізделді.

Билер сотының құзырына тек жалпы сомасы елу рубльге дейінгі азаматтық талап қою істерін қарау тапсырылды. Билер мұндай істерді әдет-ғұрып құқығының негізінде шешкенімен, бұрын әдет-ғұрып құқығының жүйесінде болмаған түрмеге қамау, полицейлік қадағалауға беру, зиянды қалпына келтіру, шыбықпен сабау сияқты қосымша жазаларды қолдануға рұқсат берілді.

Ауызша бітім соты Шекаралық комиссияның жанында құрылып, азаматтық талап қою істерін және би соттарының шешімдеріне түскен шағымдарды қарады. Оның құрамы шекаралық комиссияның қазақ-кеңесшісінен, тараптар таңдаған екі судья дел-

далдан жасақталды. Бітім сотының шығарған шешімі түпкілікті деп есептеді.

Сонымен XIX ғасырдың 20–50 жылдары Қазақстанның батысында жүргізілген өкімшілік және құқықтық реформалар бұл аймақты Ресей империясының құрамына түпкілікті қосып алу арқылы Кіші жүздің барлық жеріне жалпы империялық басқару жүйесі мен заңдарын тарату мақсатын көздеді.

Кенесары Қасымұлының жүргізген реформалары. Қазақ даласына жаңа басқару жүйесін енгізіп, оны Ресей империясының отарына айналдыру тұлғасындағы шаралары жергілікті халықтың қарсылығына ұшырап, оның соңы азаттық соғысқа ұласты. 1822 жылғы Сібір қазақтарының, 1824 жылғы Орынбор қазақтарының «жарғыларының» ережелерін патша империясы қазақ даласына күштеп әскер енгізу және әскери бекіністер салу арқылы жүзеге асырды. 1824 жылы империялық отарлық саясатты қолдаушы сұлтандардың белсенді әрекетінің барысында Көкшетауда, Қарқаралыда әскери қамалдар салынып, тиісті округтік бұйрықтар ашылды. 1832 жылы Ақмола әскери бекінісінің, одан кейін Құсмұрын, Атбасар бекіністерінің негізі қаланды.

Іс жүзінде XIX ғасырдың 20–50 жылдары орыс әскерінің қазақ жерлерін әскери қоныстарымен қоршап, жаппай жаулап алу әрекеті қазақтар тарапынан кескілескен қарсылыққа тап болды. 1823 жылдан бастап Жоламан Тіленішұлы бастаған Кіші жүздің әскери отрядтары Ресейдің шекаралық өкіметіне қарсы күресті бастап, әскери бекіністерді жойып, және Арынғазыны тұтқыннан босатуды талап етті.

1824 жылы Саржан Қасымұлы бастаған Орта жүз қазақтары патшаға қарсы күреске көтерілді. 1837 жылы азаттық қозғалысты басқару сұлтан Кенесары Қасымұлының қолына көшеді. Ол Орта және Кіші жүздің күштерін біріктіре отыра, бірнеше жазалаушы отрядты талқандады және Ақмола әскери бекінісін басып алды. Көп кешікпей Кенесары мен оның жақтастарының бақылауына Батыс және Орталық Қазақстанның ұлан-байтақ жері қарады, осының нәтижесінде 1841 жылдың қыркүйегінде Қазақ хандығы қайтадан жандана бастады.

1833 жылы Арынғазы ханның өлімі және Уәлидің ұлы Ғұбайдулланың екінші рет тұтқынға алынуы қазақтарды ханның жаңа сайлауын өткізуге итермеледі. Ұзақ кеңесуден кейін, 1841 жылы, қыркүйек айында маслихат шақырылып, үш жүздің өкілдері Кенесарыны бірауыздан хан етіп сайлады. 1841–42 жылдары Кене-

сары Кокан хандығымен соғыс жүргізу барысында Созақ, Жаңа-қорған. Ақмешіт қалаларын босатып, орыс әскерлеріне қарсылықты жалғастырды. 1843–44 жылдары бірқатар табыстарға жетуіне карамастан Кенесары 1845 жылдардың күзінде Батыс және Орталық Қазақстанды қалдырып Сырдария бойына, содан кейін Жетісуға шегінуге мәжбүр болды. Ол қокандықтарды талқандап. Мерке қаласын басып алды. 1847 жылы Кенесары хан қокандықтарға және Ресейдің одақтасы қырғыз манаптарына қарсы соғыс бастап, бірақ жеңіліс табады. Кенесары өлім жазасына кесіліп, оның құрған хандығы өмір сүруін тоқтатады. Қазақ мемлекетінің қысқа мерзімі ішінде (1841–1847) қайта өрлеу кезінде Кенесары тарапынан бақайшығына дейін қаруланған, саны жағынан неғұрлым басымдылыққа ие болған Ресей әскери күшіне төтеп беруге мүмкіндік жасаған бірқатар әкімшілік және құқықтық бағыттағы реформалар жасалды.

Басқару жүйесі. Мемлекеттің басында дәстүрлі хан лауазымын иеленген Кенесарының өзі тұрды. Оның жанында *Хан кеңесі* құрылып, оның құрамы елге белгілі әрі беделді батырлардан, билерден және Кенесарының туыстарынан жасақталды. Бұл орган кеңесшілдік функция атқарды. Кеңестің құрамына елге әйгілі батырлар — Ағыбай, Иман т.б. кірді. Мемлекет қызметінің әртүрлі бағыттарының іс әрекетіне жауап беретін бірнеше мекемелер құрылды. Мәселен, алым-салық жинаумен айналысатын қаржы мекемесін Сеилхан басқарса, дипломатиялық саладағы мәселелердің басында сұлтан Есенгелді Саржанұлы, Сайдаққожа Оспанұлы, Шокпар Бақтыбайұлы және татарин Әлім Ягудин тұрды. Маңызды рөлді Наурызбай және Бопай батырлар бастаған әскери мекеме атқарды. Ерекше штаб-әскери Совет құрылып, оны басқаруға өзбек Сейдаққожа Оспанұлы қойылды. Әскерлерді қамтамасыз ету мәселелерімен Орск көпестері — Хусайын және Мұса Варнаевтар айналысты.

Жергілікті жерлердегі атқарушы билік Кенесарының нөкерлері жасауылдарға берілді. Олардың негізгі міндетіне салық жинау барысын бақылау, ханның шығарған өкімдерін орындау, көші-қон аймағын анықтау және қазақ ауылдарын Кенесарының жағына тарту үшін үгіт жүргізіп, оны ұйымдастыру болды. Жасауылдарды ханның өзі әрбір қазақ руларына тағайындап, оларды өзінің сарбаздары мен төлеңгіттерінің арасынан іріктеп алды.

Сот және Сот жүргізу ісі. Кенесары қазақ қоғамының сот жүйесіне бірқатар өзгерістер жасады. Ең жоғарғы сот билігі Кене-

сарының өз қолында болып, маңызды істерді шешу үшін билерді тағайындады. Іс жүзінде дәстүрлі билер соты жойылып, судьялар мемлекеттік шенеуніктерге айналды. Ерекше сіңірген еңбегі үшін билерге орыстардан алынған үлгі бойынша «граф» деген атақ берілді.

Кенесарының өзі және оның билері үш категория бойынша істерді талдап, шешіп отырды:

– Кенесарыға бағынышты адамдардың арасындағы барымта және кісі өлтіруге қатысты істер;

– Өздерінің өтініші бойынша Кенесарыға бағынбайтын рулық бірлестіктердің арасындағы талап қою істері;

– Кенесарының азаматтары мен орыс адамдарының арасындағы даулы істер.

Жазалау жүйесінде үлкен өзгерістер болмады, дегенмен Кенесары ерікті қазақтардың құлдарға қатысты құқын негіздеп, құлды өлтіргені үшін құн төлеу ережесін бекітті. Сондай-ақ, ол барымтаға байланысты сот шешімін қысқартуға ұмтылды.

Салық жүйесі. Кенесары ханның басты міндеті — қазақ мемлекеттілігін нығайту үшін салық жүйесін ретке келтіру болды. Осыған орай, Кенесары хандығының барлық азаматтары Ресей империясына, Қокан, Хиуа хандығына тиісті барлық салық-төлемдерден босатылды. Оның орнына қазақтар *зекет* салығын төледі. Қырық басқа дейінгі мал табынына салық салынбады, 40-тан 100 басқа дейінгі малдан 1 бас зекет, 140-тан екі бас, 180-нен үш бас, 200 бас малдан бастап оның әрбір бір 40 басынан 1 мал зекет алынды. Екіншілікпен айналысатын халықтан алынған өнімнің 10% көлемінде *ушу* салығы алынды.

Міндетті салыққа қосымша ретінде Кенесарыға бағынатын қазақ қауымы ерікті түрде мемлекет қазынасына мал, азық-түлік және киім тапсырып отырды. Қазынаны толықтырудың тағы бір әдісі отарлық әкімшіліктің жақтастарының мал-мүлкін мемлекет пайдасына мәжбүрлеп алу болды. Бұл шараларды іске асыру үшін арнайы отряд жасақталып, оны Кенесарының қарындасы Бопай басқарды. Кенесарының бақылауындағы аумақтан өтетін сауда керуендері оған тауар құнының 9/1 бөлігінің көлемінде баж салығын төледі.

Армия. Кенесары Ресей империясымен, Қокан хандығымен үнемі соғыс жүргізе отырып, өзі құрған тұрақты армияға реформа жасауға көп көңіл бөлді. Ол 8 мыңнан 20 мыңға дейінгі әскери құрамын жасақтап дайындады. Алғаш рет әскер құрамын тұрақты оқыту қолға алынды, мұндай істермен Кенесарыға қашып кел-

ген орыс және башқұрт сарбаздары айналысты. Олар бірнеше жүз казак сарбаздарын жаяу әскер тәртібіне, атылатын қаруды игеруге үйретті. Армия түменге, мыңдықтарға, жүздіктерге бөлініп, оларға сардар, мыңбасы, және жүзбасы тағайындалды. Одан басқа мерген-атқыштар отрядының командирі мерген басы тағайындалды. Сарбаздарды ажырату үшін олардың төсіне, иығына көк және қызыл жолақтан тігілген ерекше белгілер енгізілді. Командирлер қызыл сукнадан тігілген қылыштың қынын асынып, Кенесарының өзі полковник шеніндегі белгі тағынды. Барлық қару-жарақ мемлекеттің меншігі болып есептеліп, арнайы орын — қонақканада сақталып, әрбір әскери операцияның алдында, таратылып берілді.

Сонымен, Кенесары билік құрған кезеңдегі казак хандығының мемлекеті мен құқығы билікті орталықтандыру мақсатында белсенді реформалар жүргізумен сипатталды, алайда қазақтардың жеңіліске ұшырап, хандықтың жойылуы бұл реформаларды аяқтауға мүмкіндік бермеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Протекторат деген не?
2. Кіші жүз бен Орта жүздің Ресей империясының қол астына өтуінің саяси-құқықтық шарттары қандай?
3. Абылай хан қандай саясат жүргізді?
4. Патша әкімшілігі хандық билікті әлсірету үшін қандай әдістер қолданды?
5. Гельстром реформасының мәні неде?
6. Бөкей Ордасы қандай мақсатпен құрылды?
7. 1822 және 1824 жылғы қабылданған «Жарғылар» бойынша Қазақстанның әкімшілік құрылымында қандай өзгерістер болды?
8. Кенесары Қасымұлы қандай реформалар жүргізді?

Әдебиеттер:

1. *Апполова Н.Г.* Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. Алма-Ата, 1948.
2. *Басин В.Я.* Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века. // Казахстан в XV—XVIII в.в. Алма-Ата, 1969.
3. *Зиманов С.З.* Политический строй Казахстана конца XVIII — первой половины XIX веков. Алма-Ата, 1960.
4. *Зиманов С.З.* Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата, 1982.
5. *Таукелев А.Н.* Политические идеи движение во главе со Срымом Датовым. // Ученые зап. КазГУ, вып. 9, сер.юрим., 1970.
6. Национальные окраины Российской империи: становление и развитие системы управления. М., 1998.

7. История государства и права Казахской ССР. Ч.1. Алма-Ата: 1982.

8. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. Алматы, 1992.

9. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. М., 1980.

18-тақырып. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Қазақстанның отарлық жағдайының ресімделуі. XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресей империясы тарапынан Қазақ жерлерін жаулап алу аяқталып, Қокан және Хиуа хандықтары іс жүзінде талқандалды. Осыдан кейін отарлық биліктің алдында Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы басқару құрылымдарын сәйкестендіріп, оны жалпыимпериялық әкімшілік жүйесіне бейімдеу міндеті тұрды. Бұл шаралар Ресейді әскери-феодалдық мемлекеттен буржуазиялық империяға айналдыруға ықпал еткен 60–70 жылдардағы жүргізілген ішкі реформалармен тұстас келді. Алғашқы кезекте тауар өндіруде Еуропа мемлекеттерімен бәсекелес бола алмайтын Ресей үшін оның Ортаазиялық иеліктерінің арзан шикізат көзі ретіндегі стратегиялық және экономикалық маңызы артты. Сондықтан Қазақстанның бай ресурсын пайдаланып, оны іске қосу үшін отарлық аумақтың барлық аймағында жаңа басқару жүйесін енгізіп, жалпыимпериялық заңдарды тарту қажеттілігі туындады.

Осы мақсатты көздей отырып, 1863 жылдан бастап патша үкіметті арнайы құрған «Ерекше Комитетте» кеңестер өткізіліп, нәтижесінде «Ресейдің Азиялық бөлігінің Орынбор өлкесін қайта құру туралы ұсыныстар жинағы» дайындалды. 1865 жылы құрамында статкеңесшісі Ф.Гирс (ІІМ), полковник А.Гейнис (әскери министрлік), полковник Чутковский (Орынбор генерал-губернаторлығы), капитан А.Проценко (Батыс Сібір генерал-губернаторлығы) кіретін арнайы комиссия құрылды. 1867 жылы бұл комиссияның жасаған жобасын талқылау үшін бұл жоба мүдделі империялық министрліктер мен жергілікті әкімшіліктерге жіберілді. 1868 жылы 21 қазанда Ресей патшасының «Орынбор және Сібір қазақтарын басқаруды қайта құру» жөніндегі шығарған жарғысы негізінде Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі «Уақытша Ереже» қабылданды. Осы-

ның алдында 1867 жылғы 11 шілдеде «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару жөніндегі Ереженің» жобасы қабылданып, Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтары кіретін «Түркістан генерал-губернаторлығын құру» жөніндегі патшаның жарлығы шыққан болатын.

Бұл аталған «Ережелер» 2–3 жыл өтпелі кезеңге негізделіп жасалып және енгізілуге тиісті болғанымен іс жүзінде ХІХ ғасырдың аяғына дейін қазақ өлкесіндегі әкімшілік және құқықтық өмірді реттейтін патша империясының негізгі құқықтық құжаты болып қала берді.

1867–68 жылдардағы әкімшілік реформалар. 1867–68 жылдардағы «Ереже» бойынша Қазақстанның аумағы Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірді. Орынбор генерал-губернаторлығының құрамына Орал, Торғай облыстары қамтылды. Мұнда алғашқы болып, Орынбор орыс-казактарының Батыс және Орта бөлігін қамтитын аймақта Орал казак әскері құрылды. Торғай облысының құрамына Орынбор казактарының Орталық және Шығыс аудандары кірді.

Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы Ақмола және Семей облыстарына бөлінді. Ақмола облысының аймағында Атбасар, Көкшетау және Ақмола округтері құрылып, бұл аумақтарда Сібір казак әскерінің 1, 2, 3, 4, 5, 6-полктері шоғырландырылды. Семей облысы Баянауыл, Қарқаралы, Семей, Сергиополь округтерінен және Зайсан приставтығынан құралып, бұл аймақтарда Сібір казак әскерілерінің 7, 8-полктері орналыстырылды.

Түркістан генерал-губернаторлығы Жетісу және Сырдария облыстарының аумағын қамтыды. Сырдария облысы Қоқан хандығынан жаулап алынған Ташкент аймағы мен Сырдария әскери бекінісінің жерлері есебінен құрылды. Жетісу облысының құрамына Сергиополь округінің оңтүстік бөлігі мен Алатау округі кірді.

Әрбір облыс уездерге бөлінді – Орал облысының құрамында Орал, Гурьев, Калмыков, Темір уездері құрылды. Торғай облысына Ырғыз, Ақтобе, Қостанай, Торғай уездері кірді. Ақмола облысы Петропавл, Көкшетау, Ақмола және Атбасар уездерінен тұрды. Семей облысының ауқымында Павлодар, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан уездері орналасты. Жетісу облысы төмендегі алты уезден тұрды: Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент, Пішпек және Прежевальск. Соңғы екеуі қазір Қырғыз республикасының құрамында. Сырдария облысының құрамына Қазалы, Перовск, Чимкент, Ташкент уездері қамтылды.

Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан генерал-губернаторлықтарының әкімшілік орталықтары тисінше, Орынбор, Омбы, Ташкент қалаларында, Орал, Торғай облыстарының орталығы Орал және Орынборда, Ақмола және Семей облысы – Омбы мен Семейде, Сырдария және Жетісу облыстарының орталығы Ташкент және Верный (Алматы) қаласында орын тепті.

Уездер өз кезегінде болыстарға бөлініп, олар 1–2 мыңға дейінгі шаруашылықты қамтыды. Болыстар аумақтық белгілері бойынша құрылып, казактарды рулық топтарға бөлу әкімшілік тұрғыдан патша империясының заңдарына сәйкес емес де танылды. Болыстар 100–200 түтінді қамтитын әкімшілік ауылдарға бөлінді. Сонымен, 1867–68 жылдары уақытша «Ережелер» енгізілгеннен кейінгі аумақтық бөлініс казак қоғамының дәстүрлі рулық-тайпалық құрылымын бұзуға ықпал жасады. Рулық негізді түпкілікті жою мақсатында бұрынғы дәстүрлі ауылдардың аттары өзгертіліп, оларға сандық атаулар бекітілді. Сонымен бірге Батыс Қазақстанның аумағында жоғарыда аталған генерал-губернаторлықтардың құрамына кірмейтін екі әкімшілік құрылым жасакталды. Олар Астрахан губерниясының құрамына кіретін Бөкей Ордасы мен Закаспий облысының аймағында орналасқан Маңғыстау уезі болды.

Салық жүйесі. 1822 және 1824 жылғы «Жарғы» бойынша Қазақстанның халқы жылына мал басының 1% көлемін құрайтын *ясақ* салығын төледі. 1837 жылы Орынбор әкімшілігі жылына 1 рубль 50 тиынды құрайтын, әр отбасыға міндеттелген *түтін* салығын енгізді. 1867–68 жылдары «Ережеге» сәйкес түтін салығы әр отбасыға 3 рубльға дейін өсіріліп, бұл салықтан Уәли Бөкей және Айшуақ хандардың тұқымдары босатылды. Ауылдан шығып жұмыс істеуге кеткен казактар 1 рубль 50 тиын көлемінде құжаттық жинақ төлеуге тиісті болды. Сонымен бірге болыс бастықтарын, ауылдық ағамандарды, іс жүргізушілерді және шабармандардың жол сапарын қамтамасыз ету үшін жылына 50 тиынды құрайтын қосымша салықтар енгізілді, ол «қарашығын» деп аталды. Қазақстанның оңтүстік аймағының халқы алынған өнім құнының 10% құрайтын харадж және сондай көлемде танаптық алым-салық төледі.

1867–68 жылдардағы реформалар бойынша басқару органдары. Қазақ даласындағы ең жоғарғы билік әкімшілік-саяси, әскери, сот және шаруашылық саласында кең ауқымды өкілеттіктерге ие болған *генерал-губернатордың* қолында болды. Оның патшаға

тікелей жүгініп, одан ерекше маңызды нұсқауар мен тапсырмаларды алуға құқы болды. Оның негізгі функциясына төмендегідей мәселелер кірді:

– жергілікті әкімшілік пен басқа да билік органдарының үстінен тікелей қадағалау жүргізу (оның ішінде, қазыналық палаталарды, жер басқармаларын, мемлекеттік мүлік департаментінің салаларын, салық мекемелерін, соттарды, кедендері, банктерді және оқу орындарын);

– тиісті әскери округтердің әскерлеріне басшылық жасау;

– төменгі сатыдағы соттар қараған істерді касациялық жолмен шешу;

– облыстық басқарманың бөлім бастықтарын, уездік бастықтарды тағайындау, әскери министрлікке облыстың әскери губернаторын тағайындауға ұсыныс жасау;

– Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша шекаралас мемлекеттермен дипломатиялық қатынас жасау;

Жалпы алғанда, генерал-губернатор орталық билік органдары мен облыстық мекемелердің арасында делдалдық міндет атқарды.

Облыс аумағындағы барлық билік *әскери губернатор* мен *вице-губернатор* басшылық жасайтын *облыстық басқармаға* берілді. Әскери губернаторды император тағайындады және ол өз аймағындағы азаматтық, әскери, әкімшілік және сот биліктерін иеленді. Сонымен қатар, ол өз аумағында орналасқан барлық әскери бөлімдердің командирі ретінде есептелді, облыстық әкімшілік-полицейлік аппаратты басқарды, облыстық мекемелердің қызметіне бақылау жасады, болыс бастықтарын лауазымға бекітті.

Облыстық басқарма үш бөлімшеден құралды: 1) әкімшілік; 2) шаруашылық; 3) сот. Облыстық басқарманың мүшелері ретінде дивизиялық дәрігер, архитектор және кен, орман саласы бойынша ерекше тапсырмалар орындайтын шенеунік тағайындалды. Әкімшілік бөлімінің функциясына төмендегідей мәселелер кірді:

– облыстың әкімшілік бөлінісін және құрылымын анықтау;

– үкіметтің жарлықтары мен өкімдерін жариялау;

– облыстың әкімшілік аппаратының қызмет және демалыс жағдайын реттеу;

– облыстық және ауылдық әкімшіліктерінің сайлауын ұйымдастыру;

– жергілікті халықтың рухани өмірін бақылау;

- шетелдіктерді азаматыққа қабылдау;
- империя заңын бұзғандарды әкімшілік тұрғыдан жер аудару және оларды қайтару;
- денсаулық сақтау және білім беру мекемелеріне басшылық жасау;
- облыстағы тәртіпті сақтау.

Шаруашылық бөлімінің міндетіне:

- жерлерді есепке алып, оларды тұрғындардың арасында бөлу;
- жәрменкелерді және базарларды ұйымдастыру;
- статистикалық мәліметтерді жинау;
- салықтар мен төлемдерді жинау.

Сот бөлімінің міндетіне қылмыстық және азаматтық істерді тыңдауға дайынау және сот, тергеу істерінің арасындағы байланысты ұйымдастыру. Уезд аумағындағы барлық әкімшілік-полицейлік және әскери билік орыс офицерлерінің арасынан тағайындалған уезд бастығының құзырына берілді. Ол төмендегідей функцияларды атқарды:

- уезд аймағындағы тәртіптің сақталуын бақылау;
- салық жинауды қадағалау;
- статистикалық мәліметтерді жинау;
- денсаулық сақтау мен сауданың жағдайына бақылау жасау;
- болыстық съездердің өтетін уақытын және орнын анықтау;
- ауылдық ағамандарды (старшиндарды) бекіту.

Сонымен бірге уезд бастығы болыс басқарушыларын қызметінен уақытша шеттетуге төменгі лауазымдағы тұлғаларға және қарапайым қазақтарға әкімшілік жаза қолданып, оларды 7 сөткеге дейін түрмеге қамасуға құқығы болды.

Жергілікті басқару. Қазақ халқының өкілдері төменгі деңгейдегі әкімшілік билікке ғана жіберіліп, онда сайланбалық принципі заңдастырылды. Болыс басқарушысы үш жыл мерзімге сайланып, бұл лауазымға жасы 25 беске толған, бұрын тергеуде болмаған, соттылығы жок, халықтың құрметі мен сеніміне ие болған тұлғалар таңдалды. Болыс бастықтары болыстық съезде сайланып, оны сайлауға болыс аумағынан іріктеліп алынған 50 таңдаушы адамдар ғана қатысты, оларды «елуліктер» деп атады. Болыс басқарушысының құзыретіне төмендегідей міндеттер жүктелді:

- болыс аймағындағы тәртіпті қадағалау;
- алым-салықтар жинау;
- сот шешімдерінің үкімін іске асыру;
- ауыл ағамандарының сайлауына бақылау жасап, оның жиынына қатысу;

— болыс съездерінің шешімдерін орындау;

— билер съездерінің жұмысына қатысу және талап арыздарды қабылдау.

Одан басқа болыс бастығы биліктің талаптарын орындамағаны, төбелескені үшін 3 күнге дейін түрмеге қамауға, 3 рублге дейін айып салуға құқығы болды. Олар билер сотына жауапкерлердің келуін қамтамсыз етіп, куәгерлердің қатысуын бақылады.

Болыс бастығының сайлауы бұл лауазымға үміткер бөсекелесі топтардың арасындағы қызу тартыс, күрес жағдайында өтіп, сайлау барысында заңды және заңға қайшы әдістер де қолданылды. Уезд бастығы сайлауға міндетті түрде қатысты және оның пікірі шешуші рөл атқарды. Іс жүзінде уезд бастықтары болыс бастығына үміткер жеке кандидаттармен сөз байласу арқылы олардан үлкен көлемде пара алып отырды. Осының салдарынан уездік және болыстық деңгейдегі басқару жүйесінде сыбайлас жемқорлық кең көлемде өріс алды.

Болыстық съездер болыс бастықтары мен билерді сайлап, ауыл арасындағы жер дауларын шешті, уезд бастығына статистикалық мәліметтер беріп, ауылдар арасындағы алым-салық жинаудың көлемін анықтап отырды.

Ауылдық ағаман (старшина) ауылдастарының жиналысында үш жыл мерзімге сайланып, оны сайлауға ауыл аймағынан іріктелген он таңдаушы қатысты, олар «ондықтар» деп аталды. Ауыл ағамандары болыс бастықтарының міндетіне ұқсас функцияларды атқарып, негізінен ауыл отбасылары шаруашылығының арасында жайылымдықтары бөлу, жер дауларын шешу, ауылдастарының алым-салық төлеу мәселеріне жауап берді. Қазақстанның оңтүстігіндегі егіншілік аудандарындағы әрбір қауымдастық өздерінің жиналыстарында ақсақалдарын сайлады, ірі аймақтар мен қалалардың жергілікті тұрғындары кварталдарға бөлініп, оларды да өздерінің ақсақалдары басқарды.

Жалпы алғанда 1867—68 жылдардағы жүргізілген реформалардың негізгі мақсаты — Ресей империясының қол астындағы барлық қазақтарды бірыңғай басқаруға біріктіру арқылы жергілікті ақсүйектерді биліктен шеттетіп, дәстүрлі рулық негізді әлсіретіп, қазақ даласын біртіндеп Ресей империясының басқа бөліктерімен қосу көзделді және патша үкіметі бұған реформа барысында қол жеткізді.

1886—1891 жылдардағы реформалар. 1867—68 жылдардағы «Ережелер» уақытша, 2—3 жылға арналып жасалғанымен «Қазақ да-

ласының халқы оның тәртібімен ондаған жылдар бойы өмір сүруге мәжбүр болды. Өйткені, патша империясының билігі ұзақ уақыт бойы қазақ жерінде әскери-отарлық режимді сақтауға барынша мүдделі болып, азаматтық басқару жүйесіне көшуге асықпады. Бұл кезеңде Ресей империясының Қазақстан сияқты шеткері отарлық аймағында әкімшілік және құқықтық жүйеде белгілі бір өзгерістер болғанымен, бірақ олар отарлық басқару принциптерінің негізіне ешқандай әсер етпеді.

Далалық генерал-губернаторлықтың құрылуы. 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығы жойылып, Торғай және Орал облыстары Ішкі істер-министрлігінің қарамағына берілді. Одан кейін көп кешікпей Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы да жойылды. Осыдан кейін қазақтар басым тұратын облыстарды жеке аумақтық-әкімшілік бірлікке бөліп шығару туралы шешім қабылданып, 1882 жылғы 28 мамырда патшаның жарлығымен орталығы Омбы қаласы болып белгіленген Далалық генерал-губернаторлығы құрылып, оның құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары енгізілді. Осыған орай Жетісу облысы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамынан шығарылды.

1886 жылғы Ереже. 1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже» қабылданып. Ол 1917 жылға дейін Оңтүстік те тұратын қазақтардың негізгі құқықтық құжаты болып есептелді. Түркістан генерал-губернаторы әскери және азаматтық билікті қоса иелене отырып, саяси тұрғыдан сенімсіз адамдарды бес жыл мерзімге жер аудару және ерекше маңызды қылмыстық істерді әскери сотқа беруге құқы болды. Генерал-губернатордың жанында азаматтық және әскери шенеуніктерден құралған кеңесі, ерекше тапсырмалар орындайтын шенеуніктер, аудармашылары және кеңесі болды. Кеңсе үш бөлімнен тұрды: — басқару және жеке құрам мәселелері бөлімі;

— жер мәселелері, салық, құрылыс, байланыс, оқу-ағарту және медицина саласы бойынша бөлім;

— қаржы, статистика, вакуфтық мүлік және шетел азаматтарын бақылайтын бөлім.

Генерал-губернатор кеңесінің ерекше дипломатиялық бөлімі орта азиялық Хиуа мемлекеті мен Бұхар әмірлігінің Ресейге қатысты протектораттық мәселелерімен айналысты.

Генерал-губернатор кеңесінің қарауына өлкенің қаржылық бюджетін қабылдау, жергілікті аймақтардағы алым-салықтың көлемін анықтау, жерге орналастыру және құқықтық тұрғыдағы

мәселелермен байланысты кең ауқымдағы шараларды жүргізу тапсырылды. Облыстарды басқаруда өзгерістер болмады, ал уездерде полицейлік басқармалар пайда болды. Белгілі бір аймақтарда полицейлік бақылауды орнату үшін стандық приставтар, полицмейстрлер және полицейлік приставтар тағайындалды.

Қалаларды уезд бастықтары басқарды, олар жоқ жерде учаскелік приставтар басқарды. Қалаларда Дума сайланып, оның құрамының 2/3 бөлігі орыс халқының өкілдерінен 1/3 бөлігі жергілікті казактар өкілдерінен жасақталды. Сот жүйесіне де өзгерістер енгізілді. Ресей империясының Орталық аймағында қалыптасқан *бітім судьяларды* лауазымы енгізіліп, олар жеке міндеттемелер мен келісімдер және мүлікке қатысты 2 мың рубльге дейінгі талап қою істерін қарады. 1886 жылғы «Ереже» бойынша харадж және танап алым-салықтары ауыстырылып, олардың орнына жерден түскен орташа табыстың 10%-ы көлемінде бірынғай жер салығы енгізілді.

1891 жылғы «Ереже». 1891 жылы 25 наурызда Ақмола, Семей, Жетісу, Орал жән Торғай облыстарын басқару жөніндегі «Ереже» қабылданып, онда 1867-68 жылдардағы «уақытша Ережелердің» басқару жүйесі бекітілді. Далалық генерал-губернатор Түркістан губернаторының құзыретіне тең мәртебе алды. Уезд бастықтары генерал-губернатор арқылы тағайындалса, ал Орал, Торғай облыстарында оларды әскери губернатор тағайындады. Басқа жағынан басқару жүйесі Түркістан губерниясымен ұқсас болды. 1891 жылғы Ереже бойынша Далалық облыстардағы сот құрылымы 1886 жылғы Түркістан өлкесінде қабылданған Ережемен ұқсас болды. Барлық уездердегі және Семей, Верный (Алматы) және Орал қалаларындағы бітім судьялары Далалық генерал-губернатордың келісімімен Әділет министрлігі арқылы тағайындалды. 1898 жылғы 2 шілдеде Сырдария, Семей, Жетісу, Самарканд, Ферғана, Ақмола, Орал, облыстарының аймақтарында 1864 жылғы Ресейде қабылданған сот жарғысын қолдану жөніндегі «Уақытша Ереже» қабылданды. Бұл ережелерде бітім судьяларының, бітім соттары съездерінің, округтік соттардың, сот палаталарының және жоғарғы шағым соты ретіндегі Үкіметтік Сенаттың құзыреттері анықталды. Округтік соттардың жүйесіне өзгеріс енгізіліп, олар қылмыстық істерді алқа билердің қатысуымен қарап, бұрынғы облыстық соттардың орнын ауыстырды. Округтік сот қылмыстық және азаматтық бөлімдерден құралып, әрбір бөлімі екі тараптан тұрды; тәж соты және алқа биер соты.

Округтік соттардың шағым инстанциясы ретінде сот палаталары есептеліп, олар генерал-губернаторлықтардың орталығында құрылды.

Қорытынды. 1867—68, 1886 және 1891 жылдардағы жүргізілген реформалар Қазақ даласының Ресей империясының билігіндегі отарлық жағдайын түпкілікті бекітті. XIX ғасырдың 50 жылдарынан бастап қазақ өлкесін басқару тетігі Сыртқы істер министрлігінен алынып, Ішкі істер министрлігі мен әскери министрліктің қарауына берілді. Қазақстан халықаралық құқықтың субъектісі бола алмады. Сонымен қатар қазақ жерінің басқару жүйесі жалпыимпериялық басқарудан ерекшеленіп, Ресей империясының әскери-полицейлік функциясының рөлі күшейді. Өйткені, азаматтық және өкімшілік биліктің арасында өзара бөлініс болмағандықтан, іс жүзінде басқыншылық режимді орнықтырған билік қалыптасты. Тіпті XIX ғасырдың 60—70 жылдардағы буржуазиялық реформалардың барысында Ресей халқы қол жеткізген шамалы құқықтар мен еркіндіктер қазақ жеріне таратылмады.

Құқықтық жүйесі. Сот және Сот ісін жүргізу. 1867—68 жылдардағы реформалар Қазақстанның барлық аймағына жалпы империялық сот жүйесі мен жалпыимпериялық заңдарды таратуды көздеді. Осы тұрғыдан Қазақстанның сот жүйесіне қосылған жаңа өзгерістің бірі — құқықтың жаңа қайнар көзі империялық заңдардың енгізілуі болды. Империялық құқықтың барлық нормалары екі топқа бөінді: а) Ресей империясының аумағына тарайтын жалпы нормалар; б) Қазақстан аймақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қабылданған арнайы құқық нормалары. Қазақ дәстүрлі қоғамының рулық-тайпалық құрылымының ыдырауына байланысты және қазақ жеріне жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастардың енгізілуіне орай әдет-ғұрып құқығы бірқатар өзгерістерді бастан кешірді.

Қылмыстық және азаматтық құқық бузушылықтың өзара бөлінуі сақталып әрі бекітіліп, қылмыстық әрекеттерге қатысты қылмыстың құрамы тұрақты кенейіп отырды. Мәселен, XIX ғасырдың ортасынан бастап, бұрын қазақ қауымына мәлім емес төмендегідей қылмыс құрамы пайда болды: көршілес Орта Азия елдерінен мұсылман діні иелерін рұқсатсыз ауылға кіргізу; қайыршылар мен қанғыбастарды өз үйінде тұрғызу, ұрлық жасауды ойластыру; өлген малдың терісін сыпыру; қасақана немесе абайсызда тұтқынға түскендердің қашуын ұйымдастыру; қоғамдық

тәртіпті бұзу т.б. Қылмыстық құқықтың практикасында тұтқынға алу, мәжбүрлеп жұмысқа жегу және тән жазаларын қолдану кеңінен өріс алды. Одан басқа кісі өлтіру, барымта, тонау, ұрып-соғу, өрт қою, ақша жүйесіне қарсы әрекеттер, мемлекетке сатқындық, билікке мойын ұсыну, үкіметке қарсы үгіт, почтаға және көлікке шабуыл жасау, христиан дінінің қызметкерін өлтіру, лауазымды адамдарды өлтіру сияқты әрекеттер билер сотының қарауынан мүлдем алынып, қылмыс ретінде дәрежеленіп жалпы-империялық соттардың құзырына берілді. Мүліктік құқыққа қатысты да бірқатар елеулі өзгерістер пайда болды. 1867–68 жылдардағы «Ережелер» бойынша қазақтар өмір сүріп жатқан барлық жерлер Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланып, оны ауылдық қауымдарға уақытша пайдалануға берілді. Бұл құқықтық норма ХІХ ғасырдың аяғында қазақтардың ең шұрайлы жерлерін жаппай тартып алудың заңдық негізін қалады. Іс жүзінде қазақтарда жерді пайдаланудың формальды ғана құқығы сақталып, мемлекеттік жер қорының едәуір бөлігі тартып алынып, орыс және украин шаруаларының жеке меншігіне және казак әскерлері мен шетел кәсіпкерлерінің иелігіне берілді. Жалпы алғанда, жалпы империялық құқық нормаларына негізделген меншік құқығын одан әрі кеңейту шаралары жүргізілді.

Отбасы – неке құқығында ерекше өзгерістер болмады, дегенмен орыс заңдарының ықпалымен «Ереже» арқылы казак әдет-ғұрып құқығына кейбір жаңа нормалар енгізілді. Мәселен, әйелдердің құқығы кеңейтіліп, мүлікті мұраға қалдыру тәртібі нақты қарастырылды. Міндеткерлік құқықтың нормалары қайта қаралды, өйткені ол Қазақстандағы рулық қауымның ыдырауымен және товар-ақша қатынастарының ықпалымен пайда болған жана әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеуге бағытталды. Одан басқа жергілікті казак халқы мен орыс қоныстанушыларының арасында да жана құқықтық қатынастар пайда болды.

Жалға беру келісімшарты негізгі екі түрге бөлінді: а) қазақтардың қауымдық жерлерін орыс шаруалары мен кәсіпкерлерге жалға беру; б) казак әскерлері иелігіндегі жерлерді казак қауымдарына жалға беру. 1867–68 жылдары «Ережелер» бойынша болыстық және ауылдық жиналыстар қауымдық жерлерді орыс шаруаларына, көпестеріне және кәсіпкерлерге жалға беру құқығына ие болды. ХІХ ғасырдаң аяғынан бастап, бай-ауқатты казак отбасыларының пайдалануындағы қысқы жайылымдық

жерлер ауыл жиынының шешімінсіз жалға беріле бастады. Жалға беру қатынастарының тағы бір түрі — ірі жер телімдерін казак әскерінің иелігіне бөліп берумен байланысты болып, бұл жағдай шекара бойындағы казактар үшін жерге қатысты зәрулікті тудырды. Сонымен бірге орыс-казак офицерлеріне жалпы әскери жер қорының есебінен жеке меншік жер үлестері берілді. Мұндай жер телімдерін өз бетінше өндеп әрі пайдалануға мүмкіндігі және ынтасы болмағандықтан, олар жеке меншіктегі үлестік жерлерін жері аз казак қауымдастықтарына жалға беріп отырды. Мәселен, XIX ғасырдың аяғында 43600 адамды құрайтын 6700 шаруашылық Сібір казак әскерлерінің меншігіндегі жерлерді жалға алды. Оның үстіне жерді жалға алудың жылдық төлемі тұрақты өсіп, XIX ғасырдың аяғында әрбір шаруашылыққа орта есеппен 13 рубль 25 тиыннан келді. Жерді жалға алушы казактардың мүдделерін қорғайтын арнайы құқықтық кепілдемелер мүлдем болмады.

Бұл кезеңдегі міндеткерлік құқықта казактар үшін жаңа құбылыс — *жеке жалдану* келісімшарты болды. Оның пайда болуының негізі — рулық қауымның ыдырауымен және казак ауылдарындағы мүліктік жіктелудің өсуімен байланысты болды. Казак жеріне тауар-ақша қатынастарының дендеп кіруі, казак қоғамының сауда-өсімқорлық тобының өкілдері — жаңа байларды қалыптастырса, екінші жағынан, қоғамның өте кедейленген топтары — *байғұстар* мен *қонсылардың* көбеюіне әкеліп соқтырды. Ішкі қауымдық өзара көмек принциптерінің және ұжымдық меншік негізіндегі еңбек қызметінің әлсіреуі, кедейленген казактарды өздерінің бай ауылдастарының пайдасына қызмет жасау арқылы жеке жалдану шартының таралуына ықпал етті. Жеке жалдану келісімшарты бір маусымға ауызша жасалып, төлем мал есебінде жүргізілді. Жалданушылардың мүдделерін қорғауға қатысты құқықтық кепілдемелер болмағандықтан, олардың еңбегін қанау орын алды. Сонымен бірге атап өтетін жәй, казак даласына капиталистік қатынастар элементтерінің енуіне қарамастан, рулық-қауымдық қатынастар толық ыдыраған жоқ, яғни XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы казак ауылындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар қауымдық қағидаларға негізделген жағдайда өмір сүрді.

Сот және Сот ісін жүргізу. 1867—68 жылдардағы қабылданған «Ережелердің» бұл салаға енгізген негізгі жаңалығы — бүкіл Қазақстанның аймағына жалпымпериялық соттар қызметінің

таралуы болды. Маңызды қылмыстық істер, әсіресе аймақтағы отарлық биліктің сақталуына қауіп төндіретін қылмыстар *әскери-соттық* комиссия арқылы қаралды. Басқа ірі қылмыстарды және 2 мың рублге дейінгі азаматтық талап қою істерін бітім соттарының және Ресейдің қылмыстық және азаматтық соттарының палатасы құқығына ие болған облыстық басқармалар қарады. Сонымен қатар Ресей империясының өз ішінде және Қазақстан аумағында судьялардың және сот алқа билерінің сайланбалық жүйесі болмады. Үш күнге дейінгі қамауға алу, 100 рублге дейінгі айыппұл салуға қатысты қылмыстық істерді, сондай-ақ 2000 рублге дейінгі азаматтық талап қою істерді уездік судьялар қарап, олар бітім судьялары құқығын иеленіп, үкімет арқылы тағайындалды. Барлық сот сатылары жалпыимпериялық заңдарды басшылыққа алды.

Бұл кезеңде «халық соты» деген атауға ие болған билер сотының жүйесі сақталып, бірақ ол көп өзгерістерге ұшырады. Оның сот жүргізу ісіндегі өкілеттігі барынша тарылып, бұл соттық құзыретіне аз көлемдегі азаматтық талап қою істерін, отбасы-неке істерін және жеңіл қылмыстарды ғана қарау тапсырылды. 1867—68 жылдардағы «уақытша Ережелерге» сәйкес би лауазымы сайланбалы болды. Билер болыс съездерінде үш жыл мерзімге сайланып әскери губернатор арқылы бекітілді. Әрбір болыста 4—8-дейін билер сайланып, әрбір әкімшілік ауылға бір биден артық штат берілмеді. Билер сотының үш инстанциясы бекітілді:

— *жеке дара билер соты* — 300 рублге дейінгі азаматтық талап қою істерін қарап, талап ісі бойынша 100 рублге дейінгі түпкілікті шешім қабылдауға құқығы болды;

— *болыстық билер соты* — бойынша азаматтық талап қою істерінің сомасы шектелмеді, алайда талап қою ісі бойынша 500 рублге дейінгі сомада түпкілікті шешім қабылдау құқылы болды. Одан басқа болыстық билер съезі екінші инстанциядағы билер соты ретінде іс қарау мүмкіндігіне ие болды;

— *төтенше билер съезі* — әрбір болыстың құрамына кіретін қауымдардың арасындағы даулы істерді қарап, сонымен қатар болыстық съездер қараған істерді қайта қарауға қатысты екінші сот инстанциясы болып есептелді.

Сот өндірісі саласында бірқатар өзгерістер енгізіліп, яғни сот үкімдері жазбаша ресімделіп, оның көшірмесі мүдделі тараптарға берілетін болды. Болыстық және төтенше билер съездерінде қылмыстық және азаматтық істерді қарау кезінде ортақ басшы-

лыққа негізделген жазбаша ережелер міндетті түрде қабылданып отырды. Сонымен бірге билер соты нотариалдық іс-әрекеттерді де куәлөндyруға құқық алды. Алайда, билердің отарлық билік арқылы сайлануы мен бекітілуі, іс жүзінде би лауазымын сатып алуға кең мүмкіндік жасап, соттардағы жемқорлықтың өсуіне әкеліп соқтырды. Егер де қазақтар ХІХ ғасырға дейін кез келген беделді биге жүгінуге мүмкіндегі болса, енді оларда тандау болмай, тек өздерінің болыстық билеріне ғана жүгінуге құқы болды. Болыстық билер көп жағдайда даулы істерді өздерінің туыстарының пайдасына шешіп, немесе паракорлықпен айналысты.

Сонымен, «халық соты» атауына ие болған билер соты Ресей империясы отарлық билігі аппаратының құрамдас бөлігіне айналу арқылы дәстүрлі әдет-ғұрып құқығын ыдыратуға ықпал етіп, бұрынғы ақсақалдардың беделін түсіріп, қазақ қоғамындағы жаңадан қалыптасқан сауда-өсімқорлық топтардың мүддесін қорғауға ұмтылды. Дегенмен, бұл кезеңде де билер соты қазақ даласындағы ең тараған сот жүйесі болып қала берді, тіпті орыс қоныстанушыларының өздері қазақтармен арадағы даулы істерін шешу үшін оған жүгініп отырды. Жалпы айтқанда, патша үкіметінің ХІХ ғасырдың 60 жылдары қазақ жерінде жүргізілген құқықтық реформалары Қазақстанның дәстүрлі құқықтық жүйесін Ресей империясының барлық құқықтық жүйесімен біріктіру бағытында жүргізіліп, ол асырылды.

ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның әкімшілік-құқықтық жүйесі. ХХ ғасырдың басы қазақ халқы үшін ауыр тарихи кезеңдердің бірі болды. Ресей империясының билігі қоғамда қалыптасқан қайшылықтарды өз отарларының есебінен, оның ішінде Қазақстан арқылы шешуге ұмтылды. Дегенмен, кең көлемде қамтыған жалпыұлттық дағдарыс 1905–1907 жылдардағы буржуазиялық революцияның басталуына басты себепкер болып, Ресей империясының саяси жүйесін реформалауға шешуші ықпалын тигізді.

ХХ ғасырды Қазақстан Ресей империясының шеткері жатқан отарлық аймағы ретінде қарсы алды. Қазақтар өздерінің барлық саяси құқықтарынан, ең құнарлы жерлерінен айырылып, оның дәстүрлі шаруашылығы және өлеуметтік құрылымы бұзылды. Сонымен бірге ХХ ғасырдың басы ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеуімен ерекшеленіп, ол жаңа кезеңге аяқ басты. Бұл кезеңдегі азаттық күрестің басы-қасында қазақ зиялылары тұрып, олар шешуші рөл атқарды. 1905 жылғы Ресейдегі саяси оқиғалар азат-

тық күрестің жаңа сапалық әдістеріне көшуге мүмкіндік беріп, отарлық билікке қысым жасауға жағдай қалыптастырды.

Ресейдің орталық аймағындағы патшаның саясатына қарсы бағытталған жаппай наразылық әрекеті 1905 жылғы жаз және күз айларында қарулы қақтығысқа ұласқандықтан, патшаны басқару жүйесіне реформалар жасау арқылы халыққа кейбір жеңілдіктер беруге мәжбүр етті. 1905 жылы 17-қазанда патшаның манифесі жарияланып онда жеке тұлғаның өміріне қол сұқпауға, ар-ождан, сөз бостандығына, жиналыстар өткізуге және ұйымдар құруға кепілдіктер берілді. Патша жариялаған реформаның ең басты жаңалығы – патша қабылдайтын заңдарды талқылап әрі қуаттайтын өкілетті орган Мемлекеттік думаға сайлау өткізу жөніндегі оның шығарған жарлығы болды. 1906 жылы 23-сәуірде мазмұны жағынан Конституцияға жақын «Ресей империясының негізгі мемлекеттік заңдары» басылып шықты. Бұл заңға сәйкес екі палаталы парламент құрылып, оның жоғарғы палатасы – *Мемлекеттік кеңестің* құрамының бір бөлігі патша арқылы тағайындалса екінші бөлігі тектік (сословиялық) белгісі бойынша сайланды. Парламенттің төменгі палатасы – *Мемлекеттік дума* төмендегідей төрт куриялар бойынша сайланды: 1) егіншілер; 2) қала тұрғындары; 3) шаруалар; 4) жұмысшылар. Бірінші және екінші куриялар үшін сайлау екі сатылы, үшінші курияға үш сатылы, төртінші курия үшін төрт сатылы болды. Сонымен, егіншілер куриясының бір дауысы, ауқатты қала тұрғынының үш дауысына, шаруалардың 15 дауысына және жұмысшылардың 45 дауысына теңестірілді. Жасы 25-ке толмаған жастар, әйелдер және әскери қызметкерлер сайлау құқығынан айырылды. 1906 жылы ақпан-наурыз айларында өткен сайлаудың нәтижесінде Ресей империясының шығыс аймағындағы 30 миллион халқының атынан барлығы 14 депутат сайланып, оның төртеуі қазақ халқының өкілдері болды. Олар *Ә.Бөкейханов*, *Б.Қаратаев*, *С.Лапин* және *Е.Оразаевтар* еді. Депутаттарға қойылған міндетті талап – олардың орыс тілін еркін меңгеруі болды.

I Мемлекеттің думаның қызметінің басты бағыты жер мәселесі болды. Думаның қазақстандық депутаттары Думаның кадеттер, октябристер партиясының фракциясына қосылу арқылы Думаның талқылауына қазақтардың жерге қатысты заң ережесін өткізуге талпынды. Осыған орай Дума депутаттары *Б.Қаратаев*, *Е.Оразаев*, *С.Лапин* «Қазақтарды жерге орналастыру жөніндегі» заң жобасын әзірледі. Бұл жобада қазақтарға

мемлекеттік жер қоры есебінен жайылымдық және шабындық жерлерді бөліп беру арқылы, оларды тұрақты түрде бекіту ұсынылды. Оны іске асыру үшін қазақ халқының өкілдерінің қатысуымен жерге орналастыру комиссиясын құрып, қазақтардың жерді пайдалану мәселерімен айналысатын арнайы орган – Жер комитетін бекіту ұсынылды. Алайда, бұл заң жобасы Мемлекеттік Думаның басым көпшілік депутаттарының тарапынан қарсылыққа тап болып, қолдау таппағандықтан аяқсыз қалды. I Мемлекеттік думаның күн тәртібіне қойылған помещиктік жерлерді және мемлекеттік жер қорларын қайта бөлу туралы аз ұлт депутаттарының ұсыныстары мен талаптары патшаға ұнамады. Сондықтан 1906 жылғы 9 шілдеде император I Мемлекеттік думаны тарату жөніндегі манифестке қол қойды.

1906 жылғы желтоқсанның аяғынан бастап II Думаға сайлау науқаны басталды, алайда оның жұмысы I Думамен салыстырғанда тіпті нәтижесіз болды. Бұл Думанның күн тәртібіне қойылған өзекті мәселесінің бірі, – I Думадағы сияқты жер мәселесі болды. Қазақстаннан сайланған депутаттар Ә.Бөкейхан, Ш.Қожағұлұлы, Б.Қаратайлар бұл жолы мұсылман фракциясының құрамына қосылып және кадеттер партиясының қолдауымен қазақ халқының экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған бірнеше ұсыныстар жасады. Атап айтқанда, олар қазақ ауылдарының ең құнарлы жер аймақтарын Ресей империясының отарлық жер қорының пайдасына жаппай тартып алу саясатын сынға алды. II Думаның отырысында жер мәселесі жөніндегі заң жобасын талқылауға қатысты қызу пікірталас өрбіді. Патша үкіметі жер мәселесі бойынша депутаттармен арада ешқандай ымыраға келмейтінін танытты, осының салдарынан император 1907 жылы 3-маусымда II Думаны тарату жөнінде жарлық шығарып, III Мемлекеттік думаның сайлауы жөнінде «Ережелер» шығарды.

Жаңа сайлау заңы куриялардың арасындағы теңсіздікті одан өрі терендетті. Бұл сайлау ережесі бойынша бір помещиктің дауысы төрт ауқатты қалалықтың, 68 қарапайым қала тұрғынының, 260 шаруаның және 343-жұмысшының дауыстарына тең болды. Орталық Азияның байырғы тұрғындары, оның ішінде қазақтар да, сайлау құқығынан мүлдем айырылып, Думаға сайлануға құқықтары болмады.

Қазақ халқының және қоныстанушы орыс шаруаларының 1905–1907 жылдардағы ерекше саяси белсенділігі патша үкіметі тарапынан оларға қарсы 1881 жылы 14 тамызда қабылданған

«Мемлекеттік тәртіп және қоғамдық тыныштықты сақтау жөніндегі Ережені» қолдануға мәжбүрледі. Бұл «Ереже» қажетті жағдайда заңдардың қолданысын тоқтатып төмендегідей ерекше үш режимді енгізуге өкілеттілік алды: а) күшейтілген күзет; б) төтенше күзет; в) соғыс жағдайын жариялау. Осы тұрғыдан 1905 жылы Қазақстанда соғыс жағдайы жарияланып, іс жүзінде соғыс уақытындағы төтенше заңдар қолданылды, азаттық қозғалысты қатан басып-жаныштауға бағытталған қуғын-сүргін саясаты жүргізілді.

Қазақстан бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде. 1914 жылдың жаз айында Ресей империясы өзін әскери және моралдық жағынан титықтатқан I дүниежүзілік соғыстың майданына қосылды. Әскери қимылдар басталған сәтте Ресей империясы қаржылық мүмкіндігі жағынан және әскерлерді техникалық жарақтандыру тұрғысынан бұл соғысқа мүлдем дайын емес еді. Әдетте, мұндай төтенше жағдайда барлық уақытта және барлық халықтарда соғыс қимылдары әрекетін қамтамасыз етудің ауыр салмағы еңбекші халықтың мойнына түсетін еді. Бұл соғыс ұланбайтақ Ресей империясының халықтарына қайғы-қасірет және үлкен зардаптар әкелді. Оның ішінде патша шенеуніктерінің шектен шыққан озбырлығы мен зорлық-зомбылығы қазақ халқының қайғы-қасіретін көбейтіп әрі шыдамын тауысты. Өйткені, соғыстың басталуына карамастан, патша үкіметті тарапынан қазақтардың шұрайлы жерлерін жаппай тартып алу жалғаса берді. Мұндай шаралар әсіресе Сырдария және Жетісу облыстарында ерекше қарқынды жүргізілді. Соғыстың алғашқы үш жылында бір ғана Жетісу облысының аймағынан 1 миллион 800 мың десятина жайылымдық және егіндік жерлер тартып алынды. Сонымен бірге соғыс материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуді қажет етті. Қазақстан аумағында аса ірі көлемде шикізат, мал, азық-түлік және мал азығы дайындалды. Түтін басына енгізілген салықтың мөлшері соғыстың басында 3—4 есеге, кейбір жағдайларда 15 есеге дейін өсіп, дала халқының өмір сүру мүмкіндігін қиындатты. Егістік алқаптардың қысқаруы барысында ауылшаруашылық өндірісі құлдырап кетті. 1916 жылға қарай патша үкіметінің қазақ халқының есебінен тартып алынған жерлердің көлемі 45 миллион десятинаға жетті.

Ресей империясы соғыс қимылдарына кіріскен уақыттан бастап қазақ халқының әлеуметтік жағдайы мүлдем төмендеп, оны басып жаншу саясаты жүргізілді. Империяның тарапынан жаса-

лған әлеуметтік қысымшылық, ұлттық қанау мен озбырлық қазақ халқының кедейленуіне, аштыққа және ауруға әкеліп соқтырды. Патшалық империяның ұзақ жылдар жүргізген озбырлық саясаты, атап айтқанда, келімсектерді тартып алынған жерлерге орналастырудың жалғасуы, малдың тәркіленуі және қазақтардың мүліктерінің соғыс қажеттілігіне мәжбүрлеп алынуы т.б. жағдайлар, 1916 жылғы патшаға қарсы қуатты көтерілістің негізгі себебі ретінде қарастырылып оның соңы қазақ халқының ұлттық-азаттық қозғалысына ұласты.

1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалыстың саяси-құқықтық салдары. Бұл көтеріліске тікелей түрткі болған жағдай — 1916 жылғы 25 маусымдағы патшаның шығарған «Қазақтарды және басқа да «жат жұрттық» өкілдерін майдандағы қара жұмысқа алу» туралы жарлығы себеп болды. Бұл жарлықтың негізінде 19—43 жас аралығындағы барлық «жат жұрттың» ер адамдары әскери қорғаныс және байланыс объектілерінің құрылыстарын салуға жұмылдырылуға тиісті болды. «Жат жұрттың» адамдарына төмендегідей азиялық аз ұлттардың өкілдері кірді: қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар, тәжіктер, түркімендер, дунғандар және өзбектер. Бас Штабтың ұйғарыма бойынша Қазақстаннан және Орталық Азия аймағынан майдандағы қара жұмысқа 400 мың адамды жегу жоспарланды. Бұл кезде қазақ өлкесінде 700 мың шаруашылық болса, әрбір үш шаруашылық өзінің жұмыскерінен айырылды және осыншама жұмыс күшінің мәжбүрлеу арқылы тартып алынуы ұлттық көлемдегі апаттық ахуалға әкеліп соқтырды.

Халыққа патшаның шығарған жарлығы жөнінде болыс бастықтары хабарлап, қосымша түсіндірулер мен түсініктемелер жасады. Патша жарлығының кейбір нақтыланбаған тұстарын патша әкімшілігінің шенеуніктері өз пайдаларына шешіп отырды. Жарлық бойынша қара жұмысқа алыну міндетінен мемлекеттік қызметте болғандар, басшылық қызметтегілер, дін өкілдері, орта және жоғарғы оқу орындарының шәкірттері және жоғарғы тап өкілдері босатылды. Азаматтарды қара жұмысқа тарту жөніндегі құқықтық теңсіздік жағдайы қазақ қоғамының арасына жік салып, ерекше жеңілдікке ие болған халықтың шағын тобы өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану арқылы тыл жұмыстарына алынушылардың жастарын бұрмалады, тізімдерді өз қалауынша жасады және паракорлық кең көлемде етек алды. Осындай теріс фактілердің орын алуы жаппай толқуларға әкеліп соқтырды. Қазақ даласы үлкен саяси оқиға дүмпуінің

табалдырығында тұрды. Қазақстан тарихындағы аса ірі қантөгіс басталуы жақындады. Қазақ даласындағы бұл көтеріліс 1916 жығы 25 маусымдағы патша жарлығы жарияланғаннан кейін бірден басталды. Осы жылғы шілде айының басынан бастап Қазақстанның барлық аймақтарында стихиялық тоқулар бастау алып, олар біртіндеп қарулы қақтығыстарға ұласты.

Патша үкіметі көтерілісті қудалау шаралары тоқтатуға талпынды. Шілде айында бүкіл Қазақстанның аймағында соғыс жағдайы жарияланды. 1916 жылы 17 шілдеде Ташкентте уақытша ерекше әскери сот құрылды. Одан басқа жазалаушы әскери бөлімдерінің арасынан ерекше әскери соттарды құруға рұқсат етілді. 1916 жылғы 12 тамызда Жетісу облысының әскери губернаторы М.А. Фольбаумның бұйрығымен барлық жазалаушы отрядтардың жанынан көтеріліске қатысушылардың ісін қарайтын әскери-дала соттарын құруға рұқсат етілді. Түркістанның өзінде ғана бұл соттар 347 адамды өлім жазасына кесіп, 178 адамды қаторгалық жұмысқа және 129 адамды түрмеге қамауға үкім шығарды. Жазалаушы отрядтардың шектен шыққан жүгенсіздігінен көптеген адамдар тергеусіз және сотсыз атылды. Мәселен, Қарқара жәрменкесінен жүздеген саудагерлер заңсыз ұсталып, Пржевальск қаласына айдалып апарып, көпшілігі атылды.

Алайда, патша үкіметінің тарапынан ұйымдастырылған қатан қудалаушылық көтерілісті тоқтата алмады, оның ауқымы кеңейіп ұлт-азаттық революция сипатына ауысты. Бұның дәлелін патшаның отарлық әкімшілігіне қарсы іс жүзінде бүкіл қазақ халқы көтеріліп, қарсылықтың жаппай өріс алуы, Ресейге тәуелді емес өздерінің әкімшілік және құқықтық институттарын құру талпынысынан байқауға болады.

1916 жылы жаз айында болыстардағы көтерілісшілер отарлық әкімшіліктің өкілдерін биліктен аластатып, өзін-өзі басқару жүйесіне көше бастады. Көтерілістің жоғары деңгейдегі ұйымдастырылу нысаны Жетісу өңірінде басталып, халық өз тарапынан лайықты деген адамдарды хан етіп сайлай бастады. Олардың арасында елге кеңінен белгілі боған Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәменке Мәмбетов т.б. болды. Ақмола уезінің оңтүстігінде көтерілісшілер хан етіп Қияшевты сайлады және хандарды сайлау басқа аймақтарда да орын алды.

Әрекет қабілеттілігі жағынан ең жоғарғы басқару жүйесі Торғай облысы көтерілісшілерінің тарапынан ұйымдастырылды. 1916 жылдың шілде – тамыз айларында әрбір болыстық аумағында

өздерінің хандары сайланып, олар жалпы хан Әбдіқапар Жанбосыновқа бағынысты болды. Ханның жақын кеңесшілері болып Айжарқын Қанаев, Оспан Шолақов, бас Сардары болып Аманкелді Иманов сайланды. Әрбір ханның жанында кеңесші-уәзірлер бекітілді, барлық азаматтық және әскери билік Әбдіқапар мен Аманкелдінің қолына шоғырланды. Олар көтерілісшілердің жеке топтарының жетекшілерінен құралған *Кеңесті* басқарды. Кеңестің жанында барлық әкімшілік мәселерін шешетін хатшылық және сот алқасы жұмыс істеді. Сонымен қатар *Кеңеске* болыс әкімшілігінің әскери-азаматтық билігінің басшылары – мың басылар бағынды және олар бейбіт халықпен көтерілісшілердің арасындағы дау-дамайлары шешу үшін сайланған елбегілердің қызметіне арқа сүйеді. Ханның қаржы мәселелерін басқаратын қазынашы тағайындалып, оған көтерілісшілер үшін азық-түлік пен салық жинаушылар жасақшылар бағынды. Патша қазынасына жиналатын барлық алым-салықтар жойылып, оның орнына әрбір шаруашылықтан 4 рубль көлемінде алынатын батамал салығы енгізіліп, бай-ауқатты шаруашылықтар үшін қосымша салықтар салынды. Сонымен Торғай облысының көтерілісшілері патша әкімшілігін биліктен аластату арқылы тікелей өздерінің басқару жүйесін жолға қойып, ол 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін жұмыс істеді. 1917 жылдың наурыз айында Әбдіқапар хан патша үкіметінің құлап, көтерілісшілерге кешірім жасалғанына көзі жеткеннен кейін ғана Уақытша үкіметті танытыны жөнінде мәлімдеме жасады.

Қазақстанның басым көпшілік аймағын қамтығанымен 1916 жылғы көтеріліс бақайшығына дейін қаруланған патша жазалаушы әскерінің күшімен аяусыз басылып, Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы жеңіліске ұшырады. Алайда бұл бүкіл халықтық қозғалыс өзіндік ұлттық санамыздың жоғарылауына, ұлттық саяси белсенділігіміздің артуына және болашақтағы дербес мемлекеттік құрылыстың тәжірибесіне ықпал жасады.

1916 жылдың жазында Мемлекеттік дума фракциясының жекелеген мүшелері қазақтарды майдандағы қара жұмысқа алу үдерісіндегі шектен шыққан заңсыз өрекеттерге көңіл аудартуға талпынды. Бұл мәселе Дума мүшелерінің 10 қыркүйектегі кеңесінде және Думаның әскери-теңіз комиссиясының 27 қазандағы мәжілісінде талқыланды. Бұл талқылаудың нәтижесінде 1916 жылғы 25 маусымдағы патшаның шығарған жарлығының заңды күші жоқ екендігі және оны жариялауға болмайтыны жөнінде мәлім болды. *Біріншіден*, қара жұмысқа алу еңбек міндеткерлігі

болып есептелгендіктен, бұл жағдай тиісті заңнама қабылдағаннан кейін ғана, Мемлекеттік думанның шешімімен іске асырылуға тиісті боды, екіншіден, патшаның жарлығы Ресей империясы азаматтарының бір категориясының ғана құқығын өзгерті, үшіншіден, Ішкі істер министрі өзінің билік лауазымын асыра пайдаланып, өзіне бағынышты генерал-губернаторларға Жарлықтың ережелерін тез арада бұлжытпай орындауға бұйрық берді, төртіншіден, Жарлықты іске асыру барысындағы асыра сілтеушілікке жол бермейтін оның ережелерінің нақты тетіктері жасалмады. 1917 жығы ақпан төңкерісінен кейін 1916 жылғы патшаның Жарлығын іске асыруға және көтерілісті қатал басуға тікелей жауапты болған бұрынғы министрлердің басқа да лауазымды адамдардың заңға қайшы әрекеттерін тексеруге бағыттаған Төтенше тергеу комиссиясы құрылғаны белгілі.

Қазақстан 1917 жылғы Ақпан төңкерісі кезеңінде. Патшаның монархиялық билігін құлатқан Ресейдегі ақпан төңкерісі Қазақстанда үлкен қуанышпен қарсы алынды. Билікке келген Уақытша үкімет өзінің алғашқы кезектегі міндеті ретінде: Германиямен арадағы соғысты жалғастыру, белсенді әкімшілік аппаратты қайта құру, негізгі саяси және өлеуметтік реформаларды жүзеге асыру, Ресейді орталықтандырылған империядан біртіндеп федеративтік мемлекетке қайта құру жолдары сияқты мәселелерді алға қойды.

Уақытша үкімет өлім жазасын алып тастап, әскери-дала соттарын жойды, каторга және жер аудару жазалары ауыстырылды, мемлекеттік қауіпсіздікке байланысты барлық істер алқа билер сотының (присяжные) қарауына берілді. 1917 жылы 20 наурызда «Діни сенім бостандығын және ұлттық шектеушілікті жою жөніндегі» Заң қабылданды. Барлық азаматтар үшін мемлекеттік қызметке кіруге, оқу орындарына түсуге, еркін қозғалуға, тұрғылықты жерін анықтауға, меншікті иемденуге, саудамен, қолөнер кәсібімен айналысуға қатысты бірдей құқықтар жарияланды. Оқу орындарында ана тілін пайдаланып, іс қағаздарын жүргізуге рұқсат етілді. 1917 жылғы шілде айында Ресейді федерациялық негізде қайта құру мақсатында қажетті заңдарды жасау үшін арнайы комиссия құрылды.

Жергілікті әкімшілік міндеті Уақытша үкіметтік комиссарлары атауына ие болған губерниялық және уездік басқармалардың төрағаларының қолына берілді. 1917 жылы 7 сәуірде генерал-губернаторды ауыстырған Түркістан комитетін құру жөніндегі Уақытша үкіметтің қаулысы шықты. Оның құрамына

И.И.Щепкин, Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, С.Н.Мақсұтов, В.С.Елпатьевский, А.Л.Липовский, О.А.Шкапский, П.В.Преображенский және А.А.Давлетшин кірді. Облыстық және уездік деңгейдегі басқаруға тұнғыш рет қазақ халқының өкілдері ие болды. Мәселен, Торғай облысының комиссары болып Ә.Бөкейханов, Жетісу облысында М.Тынышпаев, Оралда – Х.Досмұхаммедов сайланды. Қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының бірқатар серкелері жекелеген уездердің комиссарлары болып тағайындалды. Комиссарлардан басқа жергілікті жерлердегі атқарушы билік облыстық және уездік атқару комитеттеріне берілді. Комитеттер көп жағдайда облыстық және уездік орталықтарда халықтың саяси белсенді бөлігінің жиналыстарында жасақталды. Сонымен бірге қазақтар басым қоныстанған өңірлерде өздерінің тікелей басқару органдары құрыла бастады. 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында бүкіл Қазақстан бойынша облыстық және уездік қазақ съездері өткізіліп, онда ұлттық комитеттер сайланды.

1917 жылы 9 наурызда Ташкентте Шура-Ислам (Ислам кеңесі) құрылып, оның екі өкілі Ташкент атқару комитеті мен түмендіктерді басқару комитетінің құрамына сайланады. 1917 жылы 16–23 сәуірде өткен Шура-Исламның I-съезінде Өлкелік мұсылмандар кеңесі сайланып оның құрамына М.Шоқай енгізіледі. Одан басқа Шура-Ислам жергілікті халықтың сенімді адамдарының арасынан әкімшілік лауазымдарға тандап, ұсынумен айналысты, мұсылман халқы басым аймақтарда уездік және қалалық комиссарларды тағайындады.

Уақытша үкімет өзінің заң саласындағы саясатында «күқықтың үздіксіздігі» қағидасын ұстанып, Ресей империясының 16 томдық заңдар жинағының негізгі ережелерінің одан әрі қолданыста болуын жақтады. Осыған орай өмірлік маңызы бар әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қабылдануы ұзаққа созылып кетті. Жер реформасын іске асыру 1918 жылдың көктеміне қарай белгіленіп, соғысты тоқтату жөнінде мүлдем сөз болмады. Көптеген заңдарды Құрылтай жиналысының күн тәртібіне енгізіп, талқылау ұсынылды. 1917 жылдың жазында ғана сайлау заңының жобасын жасау жөніндегі Ерекше кеңесті шақыруға қол жеткізілді. Бұл заң бойынша жалпыға бірдей сайлау құқығы көрсетілді ал сайлаудың өзі Уақытша үкімет құлағаннан кейін, 1917 жылдың қазан айында өткізілді.

Уақытша үкіметтің іс-әрекетінің дәйексіздігі мен батылсыздығының салдарынан кең өріс алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың жағдайында іс жүзінде оның әкімшілік жүйесінің

құлдырауына әкеліп соқтырып, Уақытша үкіметті құлатты. Осының салдарынан үкімет билігін солшыл радикал большевиктер мен эсерлер басып алып, нәтижесінде Қазақстан және бүкіл Ресей аймақтары азамат соғысының қанды майданына айналды.

Қорытынды. Сонымен, Қазақстанда XX ғасырдың басында 1905—1907 жылдары болған революциялық оқиғалардың аясында әкімшілік және құқықтық жүйеде маңызды қайта құрулар мен өзгерістер болды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының және Ақпан төңкерісінің барысында қазақ халқы саяси күрестің және мемлекеттік құрылыстың үлкен тәжірибесін алып, оның саяси мәдениетін және өзіндік ұлттық сана-сезімін қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді. Осының барысында 1917 жылғы болған оқиғалар қазақ мемлекеттілігін демократиялық негізде қайта құруға жағдай жасады, алайда одан кейінгі саяси оқиғалар бұл мүмкіндікті іске асыруға жол бермеді.

Бақылау сұрақтары.

1. 1867–68 жылдардағы реформаларды жүргізу арқылы патша үкіметі қандай мақсаттарды көздеді?
2. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстанның құқықтық жүйесінде қандай өзгерістер болды?
3. XIX ғасырдың соңында жүргізілген реформалардың барысында Қазақстан аумағында қандай режим орнықты?
4. Мемлекеттік думаға сайлаудың куриялық жүйесінің ерекшелігі неде?
5. Қазақтардың 1916 жылғы көтерілісі неге ұлт-азаттық төңкеріс деп аталады?
6. Уақытша үкімет қандай қайта құру өзгерістерін жүргізді?

Әдебиеттер:

1. История государства и права Казахской ССР. Ч. 1, Алма-Ата, 1982.
2. Кузембайұлы А., Абил Е. История Республики Казахстан. Астана, 1999.
3. Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. М., 1957.
4. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстана. Сб. док., М., 1960.
5. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Восстание 1916 г. в Казахстане. Алма-Ата, 1976.
6. Турсунов Х.Т. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане.
7. Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. Алма-Ата, 1972.
8. Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане 1905—1907 гг. Алма-Ата, 1966.

VII бөлім. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

19-тақырып. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНІҢ ЖЕҢІСІ ЖӘНЕ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ

1917 жылдың күзінде Уақытша үкіметтің беделінің түскені ерекше біліне бастады. Патшаның монархиялық билігі құлаған кезден бастап жаңа биліктің тарапынан үкіметтің саяси бағытын анықтауға қатысты бірде-бір маңызды құжат қабылданбады. Үкіметтің әрекетсіздігі байқалды. Осының салдарынан бұрынғы Ресей империясының халқы елде қалыптасқан саяси жағдайдың тұрақсыздығына алаңдаған және жаңа үкіметтің маңызды әлеуметтік мәселелерді шешудегі дәрменсіздігіне назарылықтарын білдіріп, жаппай шерулер ұйымдастырып бас көтере бастады. Осының нәтижесінде бүкіл елде саяси толқулар басталып, оның соңы революциялық көтерілістерге ұласты.

1917 жылы 24 қазанда Петроградта өмірлік маңызы бар объектілерді басып алғаннан кейін Уақытша үкімет түгелімен тұтқындалды. 25 қазанда таңертең В.И. Лениннің «Бүкіл Ресей азаматтарына үндеуі туралы» мәлімдемесі жарияланып, мемлекеттік төңкерістің қорытындысы айтылды. Нәтижесінде Уақытша үкімет құлатылып, саяси билік Петроград солдаттары мен жұмысшылары депутаттары Кеңесінің қолына өтті. 25 қазанда Смольныйда Бүкілресейлік кеңестердің II съезі ашылып, онда кеңестер үкіметінің орнап, қарулы көтерілістің толық жеңгендігі жөнінде В.И. Лениннің үндеуі жарияланды. Кеңестер билік басына келгеннен кейінгі алғашқы күндерде өмірлік маңызы бар екі құжат — «Бейбітшілік туралы декрет» және «Жер туралы декрет» қабылданды. Бірінші құжатта майдандағы соғыс қимылдарын тез арада тоқтату жөнінде айтылып, барлық мүдделі мемлекеттерге әділетті демократиялық бітім жасау жөнінде келіссөздер жүргізуге шақырды. Жер туралы декретте жерге қатысты жеке меншік жойылып, барлық жерлер мемлекеттің меншігі деп жарияланды.

1917 жылы 2 қарашада бұқара халықтың алдында жаңа биліктің беделін көтеруді қамтамасыз еткен, ұлттық мәселелер бойынша маңызды әрі алғашқы құжат «Ресей халықтары құқығының Декларациясы» қабылданды. Бұл құжатта осыдан былай халықтарды бір-біріне айдап салуға қатысты жүргізілген сұрқия саясатқа нүкте қойылатын жөнінде уәде етілді. Ресейді мекендеген халықтардың арасындағы ұлттық саясаттың бағыты төмендегідей негізде жүргізілетіні жөнінде жария етілді:

1. Ресей халықтарының теңдігі мен егемендігі.

2. Ресей халықтарының өздерінің дербес мемлекеттерін құруға дейінгі өзін-өзі ерікті түрде анықтау құқығы.

3. Барлық ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулерді жою.

4. Ресей аумағында мекен еткен аз ұлттар мен этникалық топтардың еркін дамуына жағдай жасау.

1917 жылы 3 желтоқсанда Халық Комиссарлар Кеңесінің тарихи маңызы бар тағы бір құжаты жарияланды. Бұл құжат — «*Ресейдің және Шығыстың барлық мұсылмандарына үндеу*» деп аталды.

Кеңестік Ресей үкіметі барлық мұсылмандарға оның ішінде қазақтарға арналған бұл үндеуде олардың сенімдері мен дәстүрлері сақталып, ұлттық және мәдени мекемелері еркіндікте болады және оларға қол сұғылмайды деп мәлімдеді. Мұсылмандардың барлық құқығы басқа да Ресей халықтарымен қатар революцияның және оның органдарының барлық күш-қуатымен қорғалады деп сендірді. Қазақстанның басым көпшілік халқы большевиктердің бұл ұранына сеніп Кеңес үкіметін қолдады, осының барысында қантөгіс азамат соғысында большевиктердің жеңіске жетуіне ықпал жасады.

Қазақстан аймағында Кеңес үкіметінің орнау үдерісі бір-қалыпты жағдайда өтпеді. Бірқатар өңірлерде бұл үкіметті сенімсіздікпен қарсы алса, кейбір аймақтарда жергілікті халықтың қарсылығына тап болды, көпшілік жерлерде ешқандай қантөгіссіз, бейбіт жағдайда орнықты. Осындай әртүрі саяси ахуал жағдайында 1917 жылы желтоқсанда Орынборда Бүкіл қазақтық II съезд ашылды. Бұл съезге Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен атап айтқанда, Бөкей Ордасынан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Самарқанд облыстарынан және Алтай губерниясынан өкілдер қатынасты. Съезді ұйымдастырушылар қазақтың көрнекті мемекет қайраткерлері — Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсы-

нов, М. Дулатов, И. Омаров, С. Дошанов, Х. Досмұхаммедов т. б. болды. Бұл съезде төмендегідей маңызды мәселелер күн тәртібіне шығарылып, қаралды: Сібір және Түркістан автономиясы, Қазақ облыстарының автономиясы, милиция, ұлттық кеңес, халық соты, муфтият мәселесі, ауылдық басқару және азық-түлік мәселелері.

Съезд қазақ автономиясын құруға қатысты мәселеге ерекше көңіл бөлді және бұл жөнінде Ә. Бөкейханов баяндама жасады. Съезд жұмысының қорытындысында қазақ облыстарының автономиясын құру жөнінде бірауыздан шешім қабылданып, оған қазақтың арғы тегі – «Алаш» атауы берілді. Құрамында 25 адамнан тұратын билік органы «Алаш-Орданың» Уақытша халық кеңесі құрылды. Бұл органның орналасатын жері Семей қаласы болып белгіленді. Халық кеңесінің басшысы болып Ә. Бөкейханов тағайындалды. «Алаш-Орда» құрылған кезеңдегі қалыптасқан күрделі саяси жағдай, оның басшыларына жаңадан қалыптасқан автономияның ішкі және сыртқы саясатын жүргізудегі ІІ съезде қабылданған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға қатысты батыл қадамдар жасауға мүмкіндік берді. Алайда, Алаш қайраткерлерінің ғасырларға созылған қанаушылықты жойып, қазақ халқының өз тағдырын өзі анықтап, нағыз еркіндікке бастайтын саясатының алғашқы қадамдары, кейіннен Кеңес үкіметі тарапынан ұлтшылдық және сепаратистік әрекеттер ретінде танылды. Алаш қайраткерлері өз тараптарынан қазақ ұлтының азда болса еркіндік жағдайын сақтау мақсатын көздеп, Кеңес үкіметімен байланыс орнату жолын іздеді. Осы тұрғыдан жаңа үкіметпен арадағы жүргізілген келіссөздерде Кеңес үкіметі мен Алаш автономиясының бірін-бірі тану туралы мәселелер көтерілді. Алайда, Ресей империясының орнын басқан Кеңес үкіметінің Қазақстан жөнінде өздерінің есептері болды, сондықтан Алаш автономиясын таныды. Осыдан кейін Алаш-Орда қайраткерлері ақ қазақтар әскерінің атаманы А. Дутовпен байланыс орнатуға мәжбүр болды. Олар Кеңес үкіметінің Алаш автономиясына қатысты озбырлық саясат жүргізетініне көздері жеткеннен кейін, келіссөздерді тоқтатып, бұрынғы құлатылған билікпен бірге қосылып, Кеңес үкіметіне қарсы күресуге мәжбүр болды. 1918 жылы қыркүйек айында Уфа қаласында төтенше кеңес шақырылып, онда барлық автономиялық басқаруларды жойып, Ресейде бірыңғай орталықтандырылған билік құруға шешім қабылданды. 1919 жылы қазан айында Кеңес үкіметін өз еркімен

мойындаған оның бұрынғы саяси қарсыластарына кешірім беру туралы шешім қабылданды. Алайда, Қазақстанда Кеңес үкіметі толық орнығып, нығайғаннан кейін, Алаш автономиясы идеясын негіздеп, оны құрушы қазақтың зиялы қайраткерлеріне қарсы ашықтан-ашық жазалау шаралары жүргізіліп, Кеңес үкіметіне сенім білдірмегені үшін басшылық қызметтерден қуылды.

Сонымен, Уфадағы төтенше кеңестің шешімімен «Алаш-Орда» автономиясы 1920 жылдың басында толық жойылып, осы кезден бастап, барлық биліктің тетігі революциялық комитеттердің қолына берілді. Алаш қайраткерлерінің қантөгісі азамат соғысы кезінде, экономиканың барынша құлдырауы, биліктің орталықтандыруы мен нашар ұйымдастырылуы жағдайында Қазақстанда жасауға ұмтылған саяси қайта құруларды іс жүзінде іске асыру мүмкін емес еді. Өкінішке орай, қазақ халқын Кеңес үкіметінің одан кейінгі даму кезеңдерінде де үлкен зобалаң, қайғы-қасірет күтіп тұрды, атап айтқанда, азамат соғысы, ұжымдастыру кезіндегі аштық, жаппай саяси қудалау, екінші дүниежүзілік соғыс қазақ халқына үлкен қиыншылық әкелді.

Азаматтық соғыс. Революциялық комитеттің құрылуы. 1917 жылдың аяғы – 1918 жылдың басында ел аймағындағы оның ішінде Қазақстандағы жаңа үкімет билігіне қарсы күрескен саяси топтардың жеңіліске ұшырауы, революцияға қарсы күштер түпкілікті талқандалды деп айтуға ерте еді. Бұл тұрғыдан большевиктер партиясының көсемі В.И. Лениннің өзі «тарихтағы бірде-бір ұлы төңкеріс азамат соғыссыз өтпейді» деп ескерткен болатын. 1918 жылғы Брест бітімінің нәтижесінде жас Кеңес үкіметі аз ғана уақыт бейбіт өмірмен тыныстауға мүмкіндік алды. Өйткені, көп кешікпей шет мемлекеттердің біріккен әскери күштері мен революцияға қарсы пиғылдағы ішкі күштер бүкіл ел аймағында кеңестік билікке қарсы ірі көлемдегі соғыс қимылдарын жүргізе бастады. Сөйтіп, аз уақытқа созылған бейбіт өмір азамат соғысына ұласты.

1918 жылдың мамыр айында Кеңес үкіметінің қарсыластары чех және словак әскери тұтқындарының есебінен Ресейде құрылған чехословак әскери корпусының арасында бүлік ұйымдастырды. Оның құрамында мыңдаған солдаттар мен офицерлер болды. Бүлікшілер Сібір мен Оралдың аймағындағы Новосибирск, Томск, Омск, Челябинск және Пенза қалаларын басып алды. Қазақстанда олар Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай қалаларын тағы басқа да елді мекендерді басып алып, онда кеңес үкіметін құлатты.

Чехословактардың бүлігін тиімді пайдаланған ақ гвардия әскерінің атаманы Дутов 1918 наурызда Оралды, шілдеде Орынбор қаласын басып алды. Енді Дутов армиясы Жетісуді басып алуға қауіп төндірді, өйткені осыған дейін басып алған Семейден шегінген кезде, олар Жетісудің Қапал, Лепсі уездерін өздерінің бақылауында ұстап тұрған еді. Сонымен, 1918 жылдың жазында Қазақстан аумағының басым бөлігін шетел интервенттері мен ақ гвардияшылар басып алды.

Кенес үкіметінің билігі Сырдария және Жетісу облыстарының көп бөлігінде, Торғай облысының оңтүстік аудандарында, сондай-ақ, Бөкей Ордасының шағын бөлігінде сақталды.

1919 жылдың күзінде Шығыс майданның М.Н.Тухачевский бастаған 5-армиясы Петропавл, Ақмола, Семей қалаларын алды. 1920 жылы наурыз айында ақ гвардияшыл әскери бөлімдер Верный (Алматы) бекінісін басып алды. Алайда, Түркістан майданының Революциялық Кеңесінің өкілі: Д.А.Фурманов бастаған кеңес әскерлерінің келуімен контрреволюциялық күштердің қарсылығы жойылды. Жалпы алғанда 1919 жылдың аяғына қарай Қазақстанның негізгі аймағы ақ гвардияшылардан тазартылып, 1920 жылдың наурыз айында Қазақстандағы азамат соғысының соңғы – Жетісу майданы жойылды.

Кенес үкіметінің түпкілікті жеңісі және Қазақстанның барлық аумағының оның қарауына көшуі Қазақ өлкесінде Кеңестік жаңа басқару органдарын құрудың қажеттілігін талап етті. Осы мәселерді шешіп, сондай-ақ, Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезін дайындау үшін 1918 жылы, 10-шілдеде РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің Декретімен Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет құрылып, оны С.Пестковский басқарды. Оның құрамына қазақ қайраткерлерінен Ә.Жанкелдин, Б.Қаратаев, М.Тунганшин, С.Мендешев, А.Байтұрсынов т.б. енгізілді. Бұл басқару органының құрылуымен байланысты РКФСР-нің ұлт істері халық комиссариатының жанындағы қазақ бөлімі жойылды.

Бұл органның құрылу мақсатына төмендегідей негізде анықтама берілді. «Бүкілқазақтық съезд ашылып, оның шешімімен Қазақ өлкесінде автономия жарияланғанға дейін бұл өлкені басқару үшін Революциялық комитет құрылып оның қолына барлық жоғарғы әскери-азаматтық билік беріледі».

РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Декретінде Қазақ Революциялық Комитетінің қызметіне жан-жақты сипаттама беріліп, оған төмендегідей міндеттер жүктелді:

1. Қазақ өлкесінің аумағында барлық кеңестердің қызметін ұйымдастыру және біріктіру.

2. Орталық Кеңес билігінің барлық қаулыларын жергілікті халықтың тұрмысын, салт-дәстүрін, жағдайын ескере отырып жүзеге асыру.

3. Жергілікті кеңестердің қызметіне бақылау жасау.

4. Өлкенің шаруашылық және мәдениет саласын көтеру үшін барлық шараларды қабылдап, іске асыру.

5. Жергілікті деңгейде пайда болған барлық мәселелерді шешуді ұйымдастыру.

6. Қазақ автономиясы жөніндегі Ережені дайындап, оны жалпы қазақтың съездің бекітуіне ұсыну.

7. Қазақ өлкесі мен Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының және Түркістан Кеңестік Республикасының арасындағы қатынастарды реттеу.

Декреттің негізгі мәтінінде жергілікті кеңестердің билігін таптық тұрғыдан нығайту мақсатында оның құрамына кеңес билігін қолдамайтын «элементтердің» яғни байлардың, молдалардың тіпті ел ішіндегі беделді ақсақалдардың енгізілуіне тыйым салынды. Сонымен, аяғына жаңа нық тұрған кеңестік режим бұл органның билігінің қол астына оған сөзсіз бағынып, бас ұратын бұқара халықтың басым бөлігін топтастыруды көздеді. Сонымен бірге Қазақ Революциялық комитетіне кейбір аудандарда Кеңес үкіметін орнату немесе қалпына келтіру міндеті қойылды. Мұндай міндеттерді шешу үшін оған Төтенше орган мәртебесі беріліп, әскери бөлімдер, милиция топтары және Төтенше комиссияның адамдары бекітілді. Сондықтан, Қазақ Революциялық комитеті кез келген әдіспен жергілікті халықты кеңес үкіметінің жағына тартуды қамтамасыз ету үшін насихат пен үгіт жүргізуге және «Алаш» сияқты ұлттық-буржуазиялық партияларының халыққа тигізетін ықпалын толық бейтараптандыруға міндетті болды.

Қазақстандағы кеңестердің қызметі өзінің жұмысында 1917 жылы 25 қазанда құрылып, Петроградтағы қарулы көтеріліске іс жүзінде басшылық еткен Әскери Революциялық Комитетінің және Қазан төңкерісінен кейін Ресейдің орталық аймақтарында құрылған ревкомдардың тәжірибесін басшылыққа алды. Бұл комитеттер Уақытша Үкімет құлағаннан кейін, оның жергілікті органдарын жойып, билікті Кеңес үкіметіне беруді қамтамасыз етуге міндетті болды. Ревкомдарды құру «революциялық тәртіпті» бекіту қажеттілігінен туындап, олар большевиктік биліктің негізгі органдары болып есептелді.

Сонымен Қазақстандағы барлық Революциялық комитеттердің қызметі бір ғана мақсатқа — кеңес мемлекетінің және большевиктік партияның қазақ жеріндегі жаңа отарлық саясатын бұлжытпай жүзеге асыруға жұмылдырды. Дегенмен, революциялық құруға Комитеттердің қызметі Қазақстандағы Кеңестік мемлекеттілікке маңызды үлес қосып, 1920 жылы тамыз айында Қазақ Кеңестік Автономиялық Социалистік Республикасын құруға жан-жақты ықпал жасады.

Бақылау сұрақтары.

1. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне саяси-құқықтық тұрғыдан қандай баға беруге болады?
2. Қазақстан аумағында Кеңес үкіметі қандай жағдайда орнықты және ол халық тарапынан қалай қабылданды?
3. 1919 жылы құрылған Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет қандай функцияларды атқаруға міндетті болды?
4. 1917 жылы 2 қарашада қабылданған «Ресей халықтары құқығының Декларациясында ұлттық саясаттың қандай бағыттары тұжырымдалды?

Әдебиеттер:

1. *Зиманов С.* Теория и практика автономизации в СССР. Алматы, 1998.
2. *Зиманов С.* История государства и права Советского Казахстана. Алматы, 1961—1965.
3. История государства и права Казахской ССР. Алма-Ата, 1984// Под ред. С.Сартаева.
4. *Аби Е.* История государства и права Республики Казахстан. Астана, 2000.
5. *Сапарғалиев Г.* Основы государства и права Казахстана. Алматы, 1994.
6. *Абдақимов А.* История Казахстана. Алматы, 2001.
7. *Войцеховский Е.И.* Социально-политические особенности становления советской государственности в Казахстане. Алматы, 2003.

20-тақырып. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВТОНОМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОДАҚТАС РЕСПУБЛИКА РЕТІНДЕГІ ӘКІМШІЛІК-САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ. ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1919 жылдың аяғы — 1920 жылдың басында Қазақ Кеңестік автономиясын құруға байланысты қауырт жұмыстар жүргізілді. 1920 жылдың қаңтарында Ақтөбеде Түркістан және Сібір аймағындағы қазақ халқының өкілдерінің катысуымен өлкелік

кеңестік бірінші конференция өткізілді. 1920 жылдың басында Ұлт істері жөніндегі Халық комиссариатының жанында Қазревкомның, Сібір ревкомының және Түркістан Орталық Атқару комитетінің (ТурЦИК) өкілдерінің қатысуымен кеңес шақырылып, онда Ақмола, Семей облыстарын Қазақстанға түпкілікті беру жөніндегі мәселе шешілді. Осы жылдың 17 тамызында Қазақ Кеңестік Автономиялық Социалистік Республикасын құру жөніндегі Декреттің жобасы РКФСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесінде қаралып және мақұлданып, 26 тамызда бұл Декрет бекітіліп, заңды күшіне кірді.

1920 жылдың 4—12 қазанында Орынборда Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі өтіп, онда Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып С.Мендешев, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып В.Радус-Зенькович тағайындалды. Сонымен, Қазақстан Ресей Федерациясы құрамында автономия мәртебесіне ие болып, әкімшілік орталығы Орынбор қаласы болып белгіленді. Осыған байланысты 1920 жылы қыркүйекте Орынбор губерниясы ҚКАСР-ның құрамына кірді. Қазақстандағы партия ұйымдарын тиімді басқару мақсатында Ресей Коммунистік партиясының облыстық және Орталық Қазақ бюросы құрылды. Қазақстан Кеңестері Құрылтай съезінің маңызды қорытындысының бірі — «Қазақ Республикасы еңбекшілерінің құқығы Декларациясының» қабылдануы болды. Бұл құжатта ұлттық дамудың мәселелері көтеріліп, онда әбір ұлт барлық мемлекеттік мекемелерде, мектептерде өзінің ана тілін бірдей деңгейде қолдану құқығына ие болып және олардың әрқайсының ерікті ұлттық даму құқығы қамтамасыз етіліп, оған толық мүмкіндік беріледі деп айтылды. Бұл құжат жай ғана декларация болған жоқ, сол кезеңдегі Қазақстанның бірінші негізгі заңы болып есептелді. Жоғарыдан төменге дейінгі барлық билік формальді заңдық тұрғыдан Кеңестерге берілді. Сонымен бірге Декларацияда таптық тұрғыдағы сайлау құқығы бекітілді. Елдің саяси өміріне араласу құқығынан бұрынғы патшалық Ресейге қызмет еткендер, жалдамалы еңбек арқылы өсімқорлыққа жүгініп, еңбексіз табыспен өмір сүргендер шеттетілді. Ер адамдар мен әйелдердің құқығы теңестіріліп, бұл құбылыс осыған дейінгі патриархалдық салт-дәстүр үстемдік құрған кезеңмен салыстырғанда прогрессивтік маңызға ие болды. Сондай-ақ, Декларацияға кеңес үкіметі еңбекшілердің тегін білім алуына, отырықшылық өмір-салтына көшуіне жәрдемдесіп, ұлттық тілін қолдануды қамтамасыз етіп,

қазақ еңбекшілерінің рухани, саяси және шаруашылық салаларын дамытуға барынша қолайлы жағдайлар жасайды деп сендірді. Айта кету керек, Декларацияда көрсетіліп, күн тәртібіне қойылған бірқатар мақсаттарға қол жеткізіліп, олар орындалды. Атап айтқанда, жалпы білім беру жүйесі жасалып, сауатсыздықты жою қамтамасыз етілді. Білім беру ісіне өскелең ұрпақтың барлығы жұмылдырылды. Ғылыми мекемелердің жүйесі қалыптасып, Ұлттық ғылым академиясы құрылды, ғылыми және техникалық зиялылардың үлкен тобы қалыптасты.

Алайда, көп жағдайда Кеңес үкіметінің практикалық саяси іс-қимылдары алға қойған мақсат-міндеттерді шешудегі, айтылған уәделерін орындаудағы нақты әрекеттерімен сәйкес келмеді, яғни Декретте қабылданып, шешімін табуға тиісті көптеген мәселелер, жай уәделер ретінде қағаз жүзінде қалып қойды. Орнаған алғашқы күннен бастап кеңестер үкіметі барлық ұлттар мен ұлыстар үшін көптеген құқықтар мен бостандықтарды жариялаған болатын. Алайда, оларды іске асырудың нақты тетіктерімен бекітілмеген бұл уәделер халық бұқарасының санасына ықпал етудің маңызды құралы ретінде ғана рөл атқарып, оларды алдандырды, ал көп жағдайда бұл жалаң ұрандатқан уәделер қазақ даласына бұрын мәлім емес, жаңадан құрылған билікті нығайтып, оның жеңісін қамтамасыз етуге жағдай жасады.

Сонымен, 1920 жылы 26 тамызда РКФСР-ның Орталық Аткару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Декреті қабылданып, ол Қазақ Кеңестік Автономиялық Социалистік Республикасының құрылғанын ресми түрде бекітті. Қазақ Автономиялық Республикасы Ресей Федерациясының бір бөлігі ретінде есептеліп, оның құрамына байырғы қазақ жерлері енгізілді. Бұл Декреттің жасалуы барысында Қазақстанның аумағы туралы мәселелер Қазақстанмен шектесетін Ресей аудандары өкілдерінің қатысуымен бірнеше рет талқыланды. Нәтижесінде қазақтардың бұрынғы өткен тарихын және олардың орналасуын толық ескере отырып, Қазақстанның шекарасы анықталды. Қазақ Автономиялық Республикасының құрамына оның бұрынғы әкімшілік шекаралары ескеріле отырып төмендегідей облыстар қамтылды: Семей, Ақмола, Торғай, Орал және Закаспий облысының Маңғыстау уезі. Бұл кезде Қазақстанның бірқатар бөлігі Түркістан Кеңес Республикасының құрамына кірді. Бұл жерлердің болашақ тағдыры Декретте, оны қоныстанған халықтық ерік-жігері негізінде шешіледі деп көрсетілді. 1924 жылдың 27 қазанында

Түркістан Республикасында ұлттық-аймақтық тұрғыдан бөлініс жүргізілді. Осы шаралардың нәтижесінде Қазақ автономиясының құрамына Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері, Сырдарья облысының Әулиеата, Ташкент және Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарканд облысының Жизак уезінің алты көшпелі болыстары берілді. Жетісу облысына – Алматы, Жәркент, Лепсі, Қапал уездері және Пишпек уезінің Георгиевка, Қарақоныс, Шу болыстары енгізілді. Ұлттық-аумақтық бөліністің барлық шаралары өткізілгеннен кейін Қазақстанның аумағы 700 мың шаршы шақырымға ұлғайып, оның жалпы көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымды құрады. Орынбор қаласы Орынбор губерниясының бір бөлігімен қоса Ресей федерациясының қарамағына берілді, осыдан кейін Қазақстанның жаңа астанасы жөнінде мәселе туындады. Осы тұрғыдан тандау – Сырдария облысының орталығы Қызылорда қаласына түсті. 1924 жылы ҚКАСР-ы кеңестерінің V съезінің ынтасымен КСРО-ның Бүкілодақтық Атқару Комитеті (ВЦИК) республиканың және оның байырғы халқының атауын қалпына келтіруге шешім шығарып «қазақ» атауын қайтарды, бұрын «қырғыз» деп аталған болатын. 1928 жылы қазақ жерінде әкімшілік-аумақтық бірліктерге өзгерістер енгізіліп, бұрынғы губерния, уезд, болыс атаулары жойылып, олардың орнына округтер мен аудандар енгізілді.

Жиырмамыншы жылдардың ортасында жүргізілген ұлттық-мемлекеттік тұрғыдағы бөліністердің нәтижесінде Қазақстанның аумақтық құрылымы түпкілікті анықталып, оның аумағы қазіргі кездегі жер көлеміне парапар болды, яғни жер аумағы қазақ халқының ежелден қоныстанған байырғы жерлерін қамтыды.

Қазақ Автономиялық Республикасында заңдар қабылдайтын, елді басқаруды жүзеге асыратын және әділсот жүргізетін органдар құрылды. Заңдарды Кеңестердің республикалық съезі қабылдап, сонымен бірге ол Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесін (Үкіметті) жасақтады. Үкімет заң қабылдаумен қатар басқару қызметін жүзеге асырды. Мемлекеттік органдардың жүйесі биліктің бірыңғайлығы және біртұтастығы қағидасына негізделді. Нақты айтқанда, барлық билік заң бойынша көпсатылы сайлау негізінде еңбекшілер сайлайтын барлық кеңестердің құзырына берілді. Кеңестер мемлекеттік маңызы бар барлық мәселелерді шешу құқығына ие болды. Мемлекеттік биліктің біртұтастық қағидасы Кеңес өкіметінің өмір сүруінің соңғы сәтіне дейін сақталды. Алайда, кеңестердің бүтін билігі

формальді түрде тек заң баптарында ғана сақталды. Іс жүзінде басқару билігінің тетігі өздерін еңбекшілер сайлаған Кеңестерге тиеселі болмады, ал оны Коммунистік партияның ұйымдары мен партияның кәсіпқой қызметкерлері жүзеге асырды.

Қазақ Автономиясының Халық Комиссарлар Кеңесі атқарушы билік тармағының басында тұрды. Облыстық, қалалық және аудандық комитеттер ҚАКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесіне бағынып, жергілікті атқарушы билікті жүзеге асырды. Басқарудың орталық органдары ретінде Халық Комиссарлар Кеңесіне бағынып, жергілікті атқарушы билікті жүзеге асырды. Басқарудың орталық органдары ретінде Халық Комиссариаттары есептелді. Комиссариаттар мемлекеттік өмірдің салаларын нақты басқару үшін құрылды. Мәселен, ауыл шаруашылығы наркоматы – колхоздар мен совхоздарға тікелей басшылық жасап, басқару үшін, оқу наркоматы – оқу орындарын басқару үшін, ішкі істер наркоматы – қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында құрылды.

Іс жүзінде мемлекеттік органдардың қолына бөлінбейтін тұтас билік шоғырландырылып, қоғам өмірінің барлық саласына бақылау жасағандықтан, кейіннен «тоталитаризм» деген атауға ие болды. Жалпыға ортақ «теңгермешілік» саясаты жүргізіліп, жеке адамдардың қабілеттілігін, мүмкіндігін көрсетуге бағытталған ерекше шығармашылық ынталылығын, өз бетінше басқа да бастамаларды көтеріп, оны іске асыруға шектеу қойылды. Экономиканы дамытудағы оның негізгі қозғаушы күштері бәсекелестікке, базар (рынок) қатынастарының ерікті дамуына, өндіріс құралдарына қатысты меншіктің көптүрлілік нысанына жол берілмеді.

Өзі өмір сүрген дәуірдегі Кеңес мемлекетінің сыртқы бейнесі – биліктің бірден-бір қайнар көзі халық деген қағиданы бекітіп, оны жүзеге асыруға талпынған оның нышанынан және мән-мағынасынан көрініс тапты. Өйткені, формальді түрде Кеңестерге депутаттар қоғамның әртүрлі өкілдерінің тарапынан (жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер т.б.) жалпыға бірдей сайлау негізінде ұсынылды. Елде адамдарды таптық, ұлттық және нәсілдік белгісі бойынша бөліп шектеушілікке жол берілмеді. Алайда, шындығына келгенде мемлекетті Коммунистік партия бір өзі жеке дара басқарды. Бұл жағдай Коммунистік партияның тарапынан мемлекет қабылдаған заңдарға қайшы келетін, бірде-бір ресми құқықтық актілерде көрініс таппаған жабық түрдегі әділетсіз шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беріп отырды.

Қазақ Кеңестік автономиясының 20-жылдардағы дамуы жағдайында қазақ әйелдерінің басыбайлықтан құтылып, ерлермен

қатар тендік алуының тарихи маңызы болды. Осыған орай 1920 жылы 20 желтоқсанда ҚАКСР-нің Орталық Атқару Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесі Әділет Халық Комиссариаты дайындаған «Қалыңмалды жою жөніндегі Декрет» қабылдады. Аталған Декретте әдет-ғұрып дәстүрі бойынша некеге тұруға тыйым салынып, мұндай іс-әрекеттер өйелді сатуға және сатып алуға байланысты жасалған заңсыз мәміле ретінде қарастырылып, қалыңмал төлеуге қатысты келісімдердің бұзылуын сот тәртібімен қорғау құқығына тыйым салынды. Бұл Декретте, болашақта қалыңмал беруші және оны алушы тараптарға қатысты қылмыстық жауапкершілік анықталып, бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға және қосымша ретінде қалыңмал мүлкін тәркілеу жазасы анықталды. Айта кету керек, «Қалыңмалды жою жөніндегі Декрет» патриархалдық-рулық қатынастардың сарқыншақтарын жою» атауымен белгіленіп, іс жүзінде қазақтың отбасылық әдет-ғұрып құқығын жоюға қарсы бағытталған Кеңес үкіметінің тек Қазақстанда ғана емес бүкіл ел аумағында қабылданған, отбасы құқығына қатысты алғашқы қылмыстық заңы болып есептелді. Қалыңмалға тыйым салынуына байланысты қалыңдықтың күйеуге шығуы кезінде өз туыстарының тарапынан берілетін мүлік — «жасаудың» тағдыры туралы мәселе пайда болды. Бұл жөнінде ҚАКСР-нің Орталық Атқару Комитетінің 1921 жылғы 29 қыркүйегіндегі арнайы Декретінде «жасау» қалыңдықтың бөлінбейтін меншігі деп қарастырылды. Декретте бұл мәселе нақты былай деп тұжырымдалды: «Дәстүр бойынша некеге тұрушылар мен олардың туысқандары арасында өзара алма-сылған мүлік «жасау» болып есептеліп, қайтарылуға жатпайды. Көп кешікпей ҚАКСР-ның Әділет халық Комиссариаты «Қалыңмалды жою жөніндегі Декреттің» колдану тәртібін түсіндіретін арнайы нұсқама дайындады.

ҚАКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесі 1921 жылғы 17 қаңтарда отбасы қатынастарын реттеуге бағытталған «Қырғыздардың (қазақтардың) неке құқығы туралы» Декрет қабылдады. Бұл Декреттің қабылдануының қажеттілігі Қазақстанның ерекше жағдайы ескеріле отырып, осыған дейінгі неке қатынастарында ежелден орныққан әдет-ғұрып құқығы мен шарият заңдарының ықпалын біржолата жою арқылы оны Ресей Федерациясының неке және отбасы заңдарына сәйкестендіру талабынан туындады. Декретте жаңа жағдайда неке тұрудың негізгі шарты мен некеге тұру жасының мөлшері және оның заңдық тұрғыдан жа-

рамдылығы анықталып, яғни некеге тұру ешкімнің мәжбүр-леуінсіз ерікті түрде жүргізіліп, неке жасының мөлшері ер адам-дарға 18 жас, қалындық үшін 16 жас белгіленді. Сонымен бірге Декретте әйелдерді мәжбүрлеп некеге тұрғызуға қарсы бағыт-талған құқықтық нормалар көрсетілді. Мәселен, Декреттің 9-ба-бында осыған дейін қазақ дәстүрінде жиі кездесетін болашақ күйеуі мен қалындықтың әлі дүниеге келмеген кездегі некені тіркеуге тыйым салды. Декреттің 6-бабы көп әйел алушылыққа қарсы бағытталып, онда осыған дейін некеде тұру жағдайында басқа бір некені ресімдеу оған кедергі болатын жағдай деп көрсетіліп, көп әйел алушылық қазақ әйелдерінің рухани-мо-ральдық құндылығын аяққа таптап, езгіге түсіретін құбылыс деп бағаланды. Аталған Декреттің 12-бабында әдет-ғұрып құқығы жүйесіндегі «әменгерлікті» жою жөнінде нақты айтылып, «жесір» әйел өз тағдырын өзі шешіп, ол екінші рет тұрмыс құрғанда өз қалауымен басқа рудың адамына күйеуге шығуға құқы бар деп көрсетілді. Бұл құқықтық актіде болашақта азаматтық хал актілерін тіркейтін органдарда ғана (ЗАГС) неке қатынастары заңда күшке ие болады деп көрсетілді. Сондықтан, Декреттің 10-бабына сәйкес некеге тұру үшін жасалған ата-аналарының және туыстарының арасында жасалған өзара келісімдер жарам-сыз деп танылып, тараптардың арасында белгілі бір құқықтар-дың орнығуына, міндеттердің пайда болуына негіз болмайды деп айтылды. Некенің бұзылуы жұбайлардың тірі кезінде ажырасу арқылы жүргізіліп бұл мәселе 1918 жылы қабылданған Ресей фе-дерациясының Неке және отбасы кодексінің негізінде шешілді.

1920 жылы 27 желтоқсанда ҚАКСР-нің Орталық Аткару Комитеті «Құнды жою жөнінде» Декрет қабылдады және ол іс жүзінде Қазақ Автономиясының алғашы қылмыстық заңдары-ның бірі болды. Бұл Декреттің 1-бабында құн туралы төмендегі-дей түсінік берілді: «Құн — төгілген қан үшін кісі өлтірген адам-ның немесе оның туыстарының қазақтың әдет-ғұрпы негізінде бекітілген дәстүрі бойынша кінәлі адамды жауапкершіліктен босату үшін оның жазасының орнына мал есебінен төленетін өтем ақы». Сол кезеңдегі Кеңестік қылмыстық заңының көзқарасы бойынша байларға, шонжарларға т.б. үстем тап өкілдеріне кісі өлтіруіне мүмкіндік жасалып, екінші жағынан мұндай қылмыс-тарды ашуға және кінәліні жазаға тартуға кедергі жасалады. Сон-дықтан құн төлеуге және оны алуға тыйым салынып, бұл әрекет-тер қылмыс ретінде танылады. Декретте құнға қатысты жазаның

негізгі түрі — оны алған адамның тиісті құнға сәйкес мүлкі тәркіленеді деп көрсетілді. Егер іс бойынша құнды алуға өлтірілген адамның руы тегіс қатысқан жағдайда ұжымдық жауапкершілік негізінде құнның мөлшері барлық ру мүшелерінің есебінен жиналып тәркіленеді.

РКСФСР-дің құрамындағы ҚАКСР-нің құқықтық жағдайы. Кеңестік құрылыстың іс-тәжірибесі сол кездегі одақ құрамындағы халықтарға социалистік мемлекеттіліктің өртүрлі нысандарын алға тартты: а) егеменді кеңестік социалистік республика; б) автономиялық кеңестік республика. Кеңес мемлекетінің алғашқы кезеңдегі даму барысында ұлттық мемлекеттіліктің аталған нысандары одақты мекендеген халықтардың экономикалық, саяси және мәдени дамуының жағдайына байланысты анықталды. Осы тұрғыдан Кеңестер Одағының жоғарғы мемлекеттік органдары ҚАКСР-сы РКСФСР-ның автономиялық бөлігі ретінде Ресей Федерациясының тікелей көмегі негізінде және Компартияның бағыттаушы рөлінің нәтижесінде ғана алдына қойған үлкен міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыра алады деп есептеді. Қазақ Автономиялық Республикасының РКСФСР-ның құрамында автономия ретінде өмір сүруі оның артта қалған халық шаруашылығын тез көтеру қажеттілігінен де туындады. Сонымен Қазақ Автономиялық Республикасының Ресей федерациясының құрамында өмір сүруі оның кеңестік мемлекеттік жүйесін нығайтуда және өнеркәсібін, ауылшаруашылығын, мәдениетін дамытудағы шешуші кепілдік деп есептелді. Алайда, ҚАКСР-нің басқа да автономиялық республикалар сияқты егеменді мемлекет ретіндегі құқықтық белгілері болмады. Дегенмен, Ресей Федерациясының құрамында бола тұра Қазақ Автономиялық Республикасы жергілікті сипаттағы әкімшілік-саяси және мәдени функциялары өз бетінше жүзеге асыру құқығына ие болды. Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақ Автономиялық Республикасы оны мекендеген халқының және анықталған белгілі бір жер аумағының болуымен бірге төмендегідей ерекшеліктермен сипатталды: 1) 1924 жылғы Бүкіл қазақстандық Кеңестердің IV съезінде ҚАКСР-нда ұлттық және тұрмыстық ерекшеліктерді ескере отырып және Ресей Федерациясының Конституциясын негізге ала отыра өзінің Конституциясы қабылданды. 1925 жылы РКСФСР-ның Конституциясы қабылданғаннан кейін, осы жылдың 9 қазанында Қазақ Орталық Атқару Комитеті ҚАКСР-нің түпкілікті өзгертілген Конституциясы жобасының мәтінін бекітті.

ҚАКСР-нің Конституциясы Ресей Федерациясы мен КСРО-ның конституцияларымен толық сәйкестікте жасалды. Оның негізгі себебі – Ресей Федерациясының автономиялық бөлігі болғандықтан және ҚАКСР-індегі, Ресей Федерациясындағы тіпті бүкіл КСРО аумағында мемлекетке жалпы басшылық жасау Компартияның жетекшілігімен жүзеге асырылды.

ҚАКСР-нің Конституциясына оның Ресей Федерациясының құрамына кіру жөнінде былай деп тұжырымдалды: 1) «Қазақстан Ресей Федерациясының құрамына ерікті түрде кіретін және сол арқылы КСРО-ның құрамына біріккен жұмысшылардың, казак еңбекші шаруаларының, казыләскер және казак депутаттар кеңестерінің автономиялық республикасы болып есептелді»; 2) ҚКАСР-сі өзінің төмендегідей жоғарғы мемлекеттік билік органдарын құрады: жалпықазақстандық кеңестерінің съезі, Қазақ Орталық Атқару комитеті және оның президиумы, ҚКАСР-нің Халық Комиссарлар кеңесі. ҚАКСР-і аумағының шеңберіндегі салалық басқарудың орталық органдары халық комиссариаттары болып саналады. Олар өздеріне берілген құқықтардың шегінде республиканың мемлекеттік өміріндегі жеке салаларға тікелей басшылық жасайды. Халық комиссариаттары бірлескен және автономиялық деп екі түрге бөлінді. Бірлескен халық комиссариаттары өздерінің қызметінде Ресей федерациясының халық комиссариаттарына тікелей бағынды. Олардың қызметке тағайындалуы және орнынан алынуы Ресей федерациясының тиісті халық комиссариаттарының келісімімен жүргізілді. Сонымен бірге бірлескен халық комиссариаттары ҚАКСР-нің үкіметі мен Қазақ Орталық Атқару Комитетінің алдында да жауапты болды. Мұндай Халық комиссариаттарына: 1) Азық-түлік; 2) Қаржы; 3) Еңбек; 4) Жол қатынасы; 5) Жұмысшы-шаруа инспекциясы; 6) Төтенше жағдай халық комиссариаттары жатқызылды.

Автономиялық Халық комиссариаттары атаулары ұқсас Ресей федерациясының Халық комиссариаттарына бағынбады, өйткені Халық комиссарлары Орталық Атқару Комитеті арқылы тағайындалып, және оның алдында жауапты боды. Олар төмендегілер: 1) Ішкі істер; 2) Әділет; 3) Оқу-ағарту; 4) Денсаулық сақтау; 5) Әлеуметтік қамсыздандыру; 6) Жер шаруашылығы комиссариаттары.

Қазақстандағы кеңестік құқық жүйесінің қалыптасуы және дамуы. 1926–1930 жылдары социалистік құқықтың әртүрлі сала-

ларының одан әрі дамуы байқалды. КСРО-ның, Ресей федерациясының және ҚазАКСР-нің қолданыстағы заң актілері жаңа социалистік қатынастарды дамытуға тиісті деңгейде ықпал жасауға жұмылдырылды. Осы тұрғыдан құқық қорғау және құқық қолдану органдарының жұмысында республика аумағында қолданылатын заңнамаларды кодификациялау және жүйелеу үлкен маңызға ие болды. Оның алғашқы қадамы ретінде 1930 жылғы I қаңтардан күшіне енген «ҚазАКСР-нің жүйеленген заңдар жинағы» басылып шығып, оның ауқымына Қазақ Кеңестік автономиясы құрылған кезден бастап қыбылданған құқықтық актілер қамтылды. Атап айтқанда, оның біртұтас жүйесіне 1920—25 жылдары қабылданған 20 құқықтық акт, 1926—1929 жылдардағы — 115 актілер кірістірілді. Осыған орай, жүйеленген заңдар жинағының заңды күшіне енуіне байланысты ҚазАКСР-нің жоғарғы билік органдарының 1929 жылғы 31 желтоқсанға дейін қабылданып, заңдар жинағына енбеген құқықтық актілерінің күші жойылды.

Бұл кезеңде *азаматтық құқықтың* одан әрі даму үрдісі байқалды. Нақты айтқанда, одақтық маңызы бар төмендегідей құқықтық актілер қабылданды: «Мемлекеттік өндірістік трестер жөніндегі ережелер» (1927 ж.), «Темір жол жарғысы» (1927 ж.), «Авторлық құқық негіздері» (1929 ж.) және «Теңіз саудасының кодексі» (1929 ж.). Жоспарлы экономиканың нығаюымен қатар шаруашылық есеп дами бастады. Заңды тұлға ретінде табылмаса да мекемелердің дербестік тұрғысындағы қазметі кеңейді, алайда олар трестердің коммерциялық тұрғыдағы сенімді өкілдері деңгейінде іс-әрекет жасады. 1931 жылы 20 мамырда ҚазАКСР-сы Орталық Атқару Комитетінің «Шаруашылық есепті жүргізудің барысы және кредиттік реформаға түзетулер енгізу» туралы қаулысы қабылданды. Бұл акты бойынша тікелей банктік несиелеу тәртібі енгізіліп, яғни шаруашылық ұйымдарының арасындағы өзара есеп айырысу тек мемлекеттік банк жүйесі арқылы қолма-қол емес тәртіппен жүргізілетіні айтылды. Мұндай тәртіп коммерциялық несиелеуді және шаруашылық ұйымдарының бірін-бірі өзара қаржыландыруын жойды. Азаматтық құқық саласының заңдық практикасындағы жаңалықтың бірі — 1932 жылы 20 мамырда КСРО-ның Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қабылданған жеке саудаға тыйым салу жөніндегі қаулысы болды. Бұл саясат 1932 жылы тамыз айында бекітілген «Кеңес базарлары жөніндегі Ереже» деп атала-

тын құқықтық актіде бекітілді. Бұл заңда кеңес базарларының ішінде жеке магазиндер, дүкендер, дүңгіршектер ашуға тыйым салынды. Бұл кезеңдегі кеңес саудасының маңызды міндетінің бірі — жеке саудамен айналысатындарды тауар айналымынан түпкілікті шығаруы арқылы алыпсатарлықпен айналысатындарға қатысты заң негізінде қылмыстық жауапқа тарту көзделді.

Отбасы құқығы саласында да жаңа тарихи жағдайдың талаптарына сәйкес біраз өзгерістер жасалды. Осыған дейінгі отбасылық заңдарда балаларды асырауға қатысты алименттік міндеткерліктер жұбайлардың заңды тіркелген некелік қатынастарына ғана таратылып, некеден тыс туған балаларға қатысты ата-аналарының алимент төлеу міндеттері көрсетілмеген еді. Осы олқылықты жою мақсатында Ресей Федерациясының 1926 жылы қабылданған «Неке, отбасы және қорғаншылық жөніндегі заңдар кодексінде» ресми тіркелген неке мен тіркелмеген некелер теңестіріліп, бірге тұрған кездегі пайда болған ортақ мүлікті бөлу негізінде балалардың пайдасына алимент өндіру көзделді.

Еңбек құқығы. Бұл кезеңде КСРО аумағында оның ішінде Қазақстанда жұмыссыздық әлі жойылмаған еді. Үкіметтің саясатында әйелдер мен жастардың арасындағы жұмыссыздықты жою шараларына ерекше мән берілді. Мәселен, 1928—1929 жылдары Еңбек халық комиссариаты тарапынан бөлінген қаржы сомасының 30%-ы әйелдердің арасындағы жұмыссыздықты жұмсарту мақсатында жұмсалды. 1928 жылы мекемелерде және кооперативтік ұйымдарда жолдастық соттар құрылып, олар өндірістік тәртіпті нығайтуға, ескі тұрмыстың сарқыншақтарын еңсеруге ықпал етуге міндетті болды. 1927 жылы Ресей Федерациясы Орталық Атқару Комитетінің және Халық Комиссарлар Кеңесінің еңбек ерлеріне қатысты жеңілдіктер мен артықшылықтар беру жөніндегі қаулысы қабылданып, олардың артық баспана алаңын пайдалануға, салық төлеуге, қарауындағы балалары мен басқа да адамдарын оқу және тәрбие орындарына қабылдауға қатысты жеңілдіктер көрсетілді.

Бұл кезеңдегі еңбек құқығы саласына енгізілген маңызды оқиғаның бірі — жеке шаруа қожалықтарында жалдамалы еңбекке тыйым салу болды. Бұл шара 1930 жылы 19 ақпанда ҚАКСР-нің Орталық Атқару мен Халық Комиссарлар кеңесінің «Ауыл шаруашылығында социалистік қайта құруды нығайту және байлармен кулактарға қарсы күрес шараларын жүргізу» жөніндегі арнайы қаулысында көрсетілді. Сонымен қатар еңбек құқығы

шеңберінде реттелетін еңбекті ұйымдастыру, еңбекақы төлеу, еңбек тәртібін қалыптастыру сияқты маңызды мәселелердің рөлі артты. Осы тұрғыдан төмендегідей бірнеше құқықтық актілер қабылданды. «Өндіріс орындары мен мекемелердің ішкі еңбек тәртібі ережелері», «Тәртіптік шаралар табелі» және КСРО ОАК мен ХКК-нің 1932 15 қазандағы «Себепсіз қыдырымпаздық жасағаны үшін жұмыстан шығару» туралы қаулысы қабылданды.

1926 жылғы ҚАКСР-нің Конституциясының жобасы. 1924 жылғы 4–10 қаңтар аралығында Қырғыз (қазақ) АКСР кеңестерінің IV съезі болып, онда басқа маңызды мәселелермен қатар Қырғыз (қазақ) АКСР Конституциясының жобасы қаралды. Жоба 7 бөлімнен 18 тараудан және 103 баптан тұрды.

Алайда еліміздің алғашқы Ата заңы жобасындағы мемлекеттік-құқықтық институттардың рәсімделуі өлі де болса көптеген жағдайларда заң техникасының талаптарына сәйкес келмейтіндігін, жетілдірілмегенін байқатты. Бұл күрделі жұмыс тұңғыш рет білім негіздері қалыптаспаған кезде іске асырылды, оның үстіне тәжірибемен жүйеленген дағдылар болмады. Соның салдарынан және объективтік немесе субъективтік өзге де факторларға байланысты жұмыста шалағайлықтар орын алды. Кейініректе оларды түзетуге көп уақытты кетіруге тура келді.

1925 жылы 19 сәуірде ҚАКСР Кеңестерінің V съезінде ҚАКСР үкіметінің есебі жөнінде резолюция қабылданып, оның 4-тармағында «ҚАКСР Конституциясының жобасы қайта қаралсын, онда ҚАКСР және РКФСР органдары арасындағы өзара қарым-қатынастарын белгілеуге дәлме-дәл көңіл бөлінсін» деп көрсетілді. Көп кешікпей 1925 жылы 25-шілдедегі. Бүкілресейлік ОАК-і Президиумының қаулысымен Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта аталынды. Осыдан кейін 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ ОАК-нің V шақырылымында Қазақ КСР Конституция жобасының ақырғы редакциясы қабылданып деген қаулы шықты. Оған Қазақ АКСР-нің Конституциясы (Негізгі заңы) тіркелген. Мұнда небары 5 бөлім, 11 тарау, 94 бап бар.

Жаңа Конституцияның құрылымдық бөлімдері мыналар: «Жалпы ережелер» деп аталатын I бөлім, бір аттас тараудан, 15 баптан тұрады. II бөлім «Кеңес үкіметін құру туралы» алты тараудан: а) Бүкілқазақтық Кеңестер съезі туралы; б) Кеңестердің Қазақ Орталық Атқару Комитеті және оның Президиумы туралы; в) ҚАКСР Халық Комиссарлар кеңесі туралы; г) Халық Ко-

миссариаттары туралы бөліктерінен және 60 баптан тұрады. Бұл бөлімде мемлекеттік жоғарғы және жергілікті үкімет пен басқару органдарының құзыреті мен құқықтық жағдайы, олардың өзара қарым-қатынастары, заңдар мен басқару саласындағы ҚАКСР-ның КСРО және РКФСР мен өзара қарым-қатынастары жөнінде сөз етіледі. *III бөлім* «Кеңестердегі сайлау туралы»: а) Белсенді және бәсең сайлау құқығы және б) Сайлау ісі туралы, в) Сайлауды тексеру және оны жою, әрі депутаттарды кері қайтарып алу туралы бөліктерден және бір тараудан, 8 баптан тұрады, бұл сайлау арқылы мемлекеттік үкімет органдарын құруға арналған.

IV бөлім «Бюджет құқығы туралы» бір тараудан, 9 баптан тұрады. *V бөлім* «ҚАКСР гербі және туы, 2 баптан тұрады. Қазақ АКСР-нің Конституциясы (Негізгі заңы) Ресей Федерациясы шеңберінде Қазақ Кеңестік Автономиялық мемлекетін І-Бүкіл-қазақтық съезінде қабылданған ҚАКСР еңбекшілер құқықтары декларациясының негізгі ережелеріне және КСРО мен РКФСР Конституцияларының негізгі бағытына сүйеніп құру ғана емес, кеңестік Ресеймен жан-жақты байланысын бекітті. Сонымен қатар Конституция (Негізгі заң) жұмысшы шаруа (декхан), қызыл әскер және орыс казактарының достық одағын, әрине сол кезеңдегі жұмысшы табының бағыт беруші рөлін заңдастырды. Онда қандай ведомстволар мен ұйымдар республикалық үкіметке, олардың федералды үкіметке қандай негізге бағынатындары нақтыланды.

Сонымен Қазақ АКСР-нің бірінші Конституциясы (1926) ҚАКСР-інде мемлекеттік үкімет өкілді органдарының шынайы және түпкілікті тұрғыдан нығайтылуында басты рөл атқарды.

Қазақстандағы отырықшыландыру және ұжымдастыру. Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстандағы ауылшаруашылық саласын социалистік жолмен қайта құру міндеттері күн тәртібіне өткір қойылды. Кеңес үкіметінің пікірінше, бұл шараларды іске асыруға ауылдағы ескі, күні өткен ортағасырлық қатынастарды сақтауға ұмтылған байлар тобы кедергі жасады. Сондықтан байларға қарсы жан-жақты шабуылды бастау үшін олардың экономикалық негізін үзіп, байлардың ауыл еңбекшілеріне тигізген ықпалының бастауларын жою қажеттілігі туындады. Осы мақсатпен шабындық және егіншілік жер телімдерін қайта бөлу жүргізілді. Нәтижесінде көптеген аймақтардағы шабындық және егіншілік жерлер байлардың иелігінен тартып алынып, кедей және орта деңгейдегі шаруашылықтарға берілді.

Социалистік қатынастарды қайта құру бағытындағы келесі кадам — ауылдардағы бай-феодалдардың мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару саясатына негізделді. Бұл саясаттың негізгі мақсатына Қазақстандағы ұжымдық шаруашылықты дамытуға, социалистік қатынастарды нығайтуға және жергілікті жерлердегі Кеңес билік органдарының белсенділігін арттыру арқылы ауылдағы феодалдық-патриархалдық сарқыншақтарды негіздеуші әрі таратушы байларды тап ретінде жоюдың алғы шарттары белгіленді. Бүкілқазақстандық VI партия конференциясының шешіміне сәйкес (1927, қазан) 1928 жылғы 27 тамызда ҚазақКСР-нің ОАК мен ХКС «Байлардың шаруашылығын тәркілеу» туралы қаулы қабылдады. Аталған қаулыға сәйкес өздерінің теріс ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі келтіріп, жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарды сақтауға мүдделі болған жергілікті халықтың ірі байлары жер аударылуға тиісті болды. Бұл категорияға көшпелі аудандарда 400 бастан аса, жартылай көшпелі аудандарда 300 бастан аса, отырықшы аудандарда — 150 бас ірі кара малы бар адамдар жатқызылды. Бұрынғы таптық қоғамның көптеген артықшылықтарын пайдаланған сұлтандардың, хандардың ұрпақтарына қатысты өкіметтің ерекше шешімі талап етілмеді.

Жер аударылуға тиісті тұлғаларға және олардың отбасы мүшелеріне бұрынғы аудандарында тұрып, шаруашылықпен айналысуға тыйым салынды. Аталған тұлғалардың еңбек құралдарынан басқа ауыл шаруашылық мүлкі тәркіленуге тиісті болды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің құрамына кірмейтін, күнделікті үй тұрмысында қолданылатын заттар (көйлек, мата, мебель, үй заттары) тәркілеуге жатпады. Кедейлердің байлардың алдындағы борыштық міндеткерлігінің барлығы жойылды. Тәркілеу шараларын жүргізу үшін орталық және округтік комиссиялар құрылды. Тәркіленген мүліктердің басым бөлігі (60—70%) жергілікті халықтың кедейленген шаруашылықтарына берілді. Қалғаны колхоздардың қарауына берілді.

Байлардың шаруашылықтарын тәркілеп, жер аударудың барысында олардың экономикалық және саяси тұрғыдағы тигізген ықпалына түпкілікті соққы берілді. Жалпы алғанда, республика бойынша 696 шаруашылық тәркіленіп, 145 мың мал басы мен көптеген мүліктер тартып алынды. Тәркіленген 85 мың мал басы кедейлер мен жалшыларға таратылды. 1928 жылы 24 қарашада ҚазОАК-ті «Байлардың мүліктерін тәркілеу шараларын аяқтау

және Орталық, жергілікті барлық комиссияларды тарату жөнінде» қаулы қабылдады. Осыған орай барлық комиссиялардың жұмысы 1928 жылы I желтоқсаннан бастап тоқтатылып, осы кезден бастап жер аударуға және тәркілеуге қатысты істер жалпы тәртіппен прокуратура мен жұмысшы шаруа инспекциясында (ЖШИ) қаралуға тиісті болды.

Қазақстандағы ұжымдастыру (колхоздастыру) шаралары компартияның XV съезі өткеннен кейін кең өріс ала бастады. 1926—1928 жылдар аралығында ауылшаруашылығы артелдерінің саны 773-тен 1608 дейін, жерді өңдеу серіктестігі (ТОЗ) 177-ден, 727-дейін өсті. Оның есесіне коммуналардың саны бірнеше есеге кеміді (97-ден 80-ге дейін). Осы тұрғыдан ауыл шаруашылығы кооперациясында өндіріс құралдарын біріктірудің деңгейі бір-бірінен ерекшеленеді. Өндіріс құралдарын біріктірудің жоғарғы сатысы коммуналарда (іс жүзінде 100%) төменгі деңгейі жерді өңдеу серіктестігінде (ТОЗ) жүргізілді. Бұл кезеңде ауылшаруашылығын индустрияландыруға ерекше маңыз берілді. Мәселен, 1928 жылы Қазақстандағы ауыл шаруашылық өндірісін дамытуға мемлекет тарапынан 80 миллион рубль бөлінді. 1929 жылы тамыз айында республикаға 803 трактор әкелінді, оның 122-сі совхоздарға, 402-сі колхоздарға берілді.

1932 жылы көктемде ұжымдастыру шараларына көшпелі және жартылай көшпелі халықтың 71,2% қамтылды.

Алайда, 30-жылдары қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарын отырықшылыққа бейімдеу мақсатында жүргізілген ұжымдастыру шаралары жергілікті халықтың қалыптасқан дәстүрлі тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларын есепке алып жүргізілмегендіктен қазақтардың басына үлкен зобалан тудырды. Өйткені, қазақтар арасындағы ұжымдастыру шараларын жоғарғы партия органдарының берген тапсырмасы негізінде қысқа мерзімде аяқтау міндеті тұрды. Сондықтан жергілікті жерлердегі кеңес үкіметінің органдары қазақтарды отырықшылыққа бейімдеп, ұжымдастыру шараларын жоғарыдан түскен бұйрыққа сәйкес өте асығыстықпен, жасандылықпен әрі мәжбүрлеу әдістері арқылы жүргізіп, соның барысында қарапайым шаруалар өздерінің күн көріп отырған мал-жандарын ортаға салуға мәжбүр болды, оның соңы үлкен нәубет-аштыққа алып келіп, қазақ халқының басым бөлігі қолдан жасалған аштықтан қырылды.

ҚАКСР-нің одақтас республикаға айналуы. 1935 жылдың басында Бүкілодақтық Орталық партия комитеті КСРО-ның жаңа Конституциясын жасап, оны қабылдау қажеттілігін мәлімдеді. Көп кешікпей Кеңестердің Бүкілодақтық VII съезінде Конституциялық комиссия құрылды. 1936 жылдың жазында жаңа Конституцияның жобасы жарияланып, бүкілхалықтық талқылауға жіберілді. Бұл Конституцияның Қазақстан үшін үлкен маңыздылығы сол — оның жобасында Қазақ Автономиялық республикасын тікелей КСРО құрамында одақтас республика етіп қайта құру көзделді.

1936 жылы қазан айында республика көлемінде аудандық, облыстық кеңестердің төтенше съездері өткізіліп, онда КСРО Конституциясының жобасы бірауыздан мақұлданып, халықтың арасында оны талқылаудың онды нәтижелері айтылды.

КСРО-ның жаңа Конституциясының жобасы бүкілхалықтық талқылаудан кейін КСРО кеңестерінің төтенше VIII съезінде қаралып, қабылданды. 1936 жылғы Конституцияны қабылдаған кезден бастап Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы КСРО құрамында одақтас республикаға айналды. Бұл тарихи маңызды акт Қазақ кеңестік ұлттық мемлекеттіліктің дамуындағы жаңа кезеңге жол ашты.

ҚАКСР-нің одақтас Республикаға айналуына байланысты оның одақтас республика мәртебесіндегі Конституциясын жасап, қабылдау міндеті күн тәртібінде тұрды. Осы мақсатпен 1936 жылы 9 шілдеде Қазақ ОАК «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы» жөнінде қаулы қабылдап, Конституциялық комиссия құрды. Республика Конституциясының жобасын талқылау кең әрі бұқаралық сипатта жүргізілді. 1937 жылы 21—26 наурызда Кеңестердің Бүкілқазақстандық төтенше X съезі шақырылып, оның соңғы жұмыс күні редакциялық комиссия ұсынған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясын (Негізгі Заңын) бекіту жөнінде қаулы қабылданды.

Қазақ КСР-нің Конституциясы республиканың барлық саладағы қоғамдық өмірінің негізгі заңы ретінде 1937 жылы 26 наурызда заңды күшіне енді.

Аталған Конституция 11 тараудан, 124 баптан тұрды. Бұл құжат Одақтық Конституцияда негізделген принциптерге толық сәйкестікте жасалды. Қазақ КСР-нің 1937 жылға Конституциясы әйелдердің құқықтарына қатысты кейбір толықтырулар енгізді. Атап айтқанда, оның 99-бабында былай деп көрсетілді:

«Әйелдердің іс жүзіндегі бостандық алуына қарсылық көрсету (жас қыздарды күйеуге беру, олармен некеге тұру, қалыңмал алу, көп әйел алушылық, әмеңгерлік, әйелдердің білім алуына, ауыл шаруашылығына, өндіріске, мемлекеттік басқару ісіне, қоғамдық өмірге араласуына кедергі жасау) заң арқылы жазаланады».

Конституцияның 11-бабында Қазақ КСР-нің егеменді Социалистік Республика екендігі бейнеленіп, ол басқа республикалар сияқты одақтас республикалардың федеративтік қатынастарына еріктілік принцип негізінде кіргені айтылып, онда былай деп көрсетілді: «Әрбір одақтас республиканың КСРО құрамынан өз еркімен шығу құқығы сақталады». Алайда бұл баптың мәні тек декларативтік сипатта ғана айтылып, іс жүзінде республикаларға ондай мүмкіндіктер берілмеді.

ҚКСР-нің мемлекеттік егемендігінің жалпы принципінің шеңберінде республиканың өз аумағына қатысты жоғарғы басымдылық рөлі көрсетілді (16-бап). Бұл бапта былай деп тұжырымдалды. «Республиканың құзырына қарайтын, оның мемлекеттік шекараларын құрайтын, нақты белгіленіп, бекітілген өзінің аумағы бар. (Конституция қабылданған кезде ол 8 облыстан құралды). Бұл аумақ республиканың жоғарғы билік органдарының келісімінсіз ешқандай қысқартуға немесе кеңейтуге жатпайды.

Конституцияға сәйкес республика аумағындағы ең жоғарғы мемлекеттік билік органы ҚКСР-нің Жоғарғы Кеңесі есептеліп, ол еңбекшілер бұқарасымен жалпыға бірдей тең және тікелей сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру арқылы 4 жыл мерзімге сайланды. Одан басқа тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік биліктің органы ретінде ҚКСР-нің Жоғарғы Кеңесінің Президиумы есептелді. Конституция мемлекеттік басқару органдарының алғашқы қатарына Республика үкіметін, яғни Халық Комиссарлар кеңесін бекітті. Үкімет ең алдымен Жоғарғы Кеңес Президиумының алдында жауапты болды. Осы кезеңде қалыптасқан тарихи жағдайға сәйкес Конституция республиканың жоғарғы мемлекеттік органдарының құрылымын және Қазақстан үкіметінің құрамын анықтады. Екі тарапты бағыныстағы одақтық-республикалық Халық Комиссариаттарының және республика аумағындағы комиссариаттарының тізімдері көрсетілді.

Жергілікті мемлекеттік билік органдары — Еңбекшілер депутаттарының жергілікті кеңестерінің қызметі мен ұйымдастырулы мәселелері Конституцияның V тарауында көрініс тапты.

Республика бюджетін жасау, қалыптастыру құқығының мәселелері Конституцияның VI тарауында, Сот және прокуратура органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібінің қағидалары оның VII тарауына айқындалды. ҚКСР-нің Конституциясының VIII тарауы түгелімен азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарына арналды. Атап айтқанда, Конституция азаматтардың еңбек ету, демалу, білім алу, қартайған кезде әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілу құқығын бекітті, сондай-ақ барлық ұлттар мен ұлыс өкілдерінің және этникалық топтардың, республиканың қоғамдық өмірінің барлық саласындағы ер адамдар мен әйелдердің құқықтық теңдігін жариялады.

ҚКСР Конституциясының қалған тараулары төмендегідей тәртіппен орналасты:

IX тарау – сайлау жүйесінің негіздері жөнінде.

X тарау – республиканың астанасы, ел таңбасы және туы жөнінде.

XI тарау – ҚКСР-ның Конституциясына өзгерістер енгізу тәртібі жөнінде.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандағы мемлекет пен құқық.

Фашистік Германияның Кеңес одағына тұтқиылдан шабуыл жасауы, 1939 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыстың жаңа кезеңге аяқ басқандығын көрсетті. Шабуылдың аяқ астынан басталуы, әскери техника саласындағы басымдылығы және соғысқа жұмылдырудың жоғарғы деңгейінің нәтижесінде фашистік армия КСРО-ның батыс аймақтарын тез арада басып алды.

Фашистік Германия өздерінің құпия жасалған жаугершілік жоспарларында Кеңес Одағын бірқатар рейхкомиссариаттарға бөлшектеуді көздеді: оның ішінде «Москва», «Остланд», «Украина», «Кавказ», және «Түркістан», оның құрамына Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан кіруге тиісті болды. Қазақстанның басқа аудандарын «индустриялық облыстар» деп аталатын Еділ-Оралға біріктіруді көздеді.

Жауға тез арада тойтарыс беріп, елдің әскери және экономикалық ресурсын соған қарсы жұмылдыру мақсатында КСРО Жоғарғы Кеңесінің, Орталық Партия Комитетінің, Халық Комиссарлар Кеңесінің біріккен қаулысымен Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды. Оның төрағалығына И.С.Сталин сайланды. Осы кезден бастап бұл төтенше органның қолына мемлекеттік биліктің барлық саласы топтастырылды – яғни барлық мемле-

кеттік, әскери және қоғамдық ұйымдар мен азаматтар оның шығарған шешімдері мен өкімдерін сөзсіз орындауға міндетті болды. Қазақстанда және басқа да республикаларда, оның өкілетті адамдары жұмыс жүргізді. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулылары мен өкімдері жоғарғы билік және басқару органдарының құжаттарымен теңестіріліп ең жоғары заңды күшке ие болды.

Қалыптасқан төтенше жағдайға байланысты Кеңес органдарының, мемлекеттік органдардың жұмысы қайта құрылып, олардың кейбіреуін барынша қысқартып, немесе жою арқылы жаңа наркоматтар мен ведомстволар құрылды. Соғыстың алғашқы айларында эвакуация кеңесі жұмыс істей бастады. 1943 жылы ҚКСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен жергілікті Отан Халық Комиссариаты құрылды және оның тиісті басқармалары облыстарда жұмыс істеді. Халық Комиссарлар Кеңесінің жанында Құрылыс материалдары өндірісінің Бас басқармасы, Жол Бас басқармасы, Өнер істері, саябақтарды, көне ескерткіштерді қорғау, полиграфия және баспа істері жөніндегі басқармалар құрылды. 1944 жылы ҚКСР-сы ХКК кеңесі жанындағы архитектура ісі жөніндегі басқарма құрылды.

Орталық партия органдарының 1941 жылғы қарашадағы Ұлттық әскери бірлестіктерді құру туралы тапсырмасына сәйкес Қазақстанда ұлттық әскери жасақтау жөніндегі комиссия құрылды. Қарулы күштерді жабдықтауды нормалауға байланысты құрылған маңызды ұйымдық шараның бірі — 1942 жылдың басында жұмыс істей бастаған жұмыс жабдықтау мекемелері болды. Бұл мекемелер ең алдымен жетекші қорғаныс өнеркәсібінде және көлікте құрылып жұмыс істеді. Мұндай мекемелер колхоз және совхоз аумағында да құрылды.

1943–1944 жылдары Қазақстанның жеке облыстарының мемлекеттік билік органдары Солтүстік Кавказдан саяси қуғын-сүрінге ұшырап, өкімшілік тұрғыдан жер аударылған халықтардың өкілдерін қоныстандыру және еңбекпен қамту шараларымен айналысты.

1944 жылы сәуірде ҚКСР-сы Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясында ҚКСР одақтық — республикалық Қорғаныс Халық комиссариатын құру жөніндегі заңдар қабылдады. Соғыс кезінде ҚКСР-нің өкімшілік аумақтық құрылымына кейбір өзгерістер енгізілді. 1944 жылы наурызда ҚКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімімен Көкшетау және Талдықорған облыстары құрылды.

Кенес құқығының дамуы. 1945 жылы 14 наурызда ҚКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен сол кездегі қолданыстағы отбасы және неке кодексінің «Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлер» туралы бөліміне кейбір өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерге сәйкес заңды мұрагерлердің құқықтық ауқымы едәуір кеңейді. Егер осыған дейінгі қолданыстағы заң бойынша мұрагерлікке балалары, көзі тірі жұбайдың бірі, еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелері (ата-аналары) ие болатын болса, жоғарыда көрсетілген заңнамалық актілерде екінші және үшінші топтағы мұраға ие болатын үміткерлер көрсетіліп, бірінші топтағы үміткерлер болмаған жағдайда олардың мұраны иемденуге қатысатыны жөнінде айтылды. Бұл заңда екінші топтағы үміткерлерге ата-аналары, үшінші топтағы мұрагерлікке үміткерлерге іні-қарындастары жатқызылады.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен одақтың неке-отбасы құқығын реттеуге қатысты заңдарға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, «Бала асырап алу жөнінде», «Көп балалы және жалғыз басты, аяғы ауыр әйелдерге мемлекет тарапынан көмекті көбейту жөнінде», «Ана мен баланы қорғауды күшейтіп, «Батыр ана атағын» белгілеу туралы жаңа заңдар қабылданды. 1944 жылы 8 шілдедегі жарлыққа сәйкес тек заң негізінде рәсімделген неке ғана жұбайлардың тарапынан белгілі бір құқықтар міндеттерді туындатты. Осыған байланысты сот тәртібімен әкелікті анықтау және тіркелмеген некеден туған балалардың пайдасына алимент өндіріп алу тәртібі жойылып, некенің бұзылуының күрделі ережесі енгізілді.

Еңбек құқығы саласы да бірқатар өзгерістерге ұшырады. Нақты айтқанда, соғыс жағдайы жарияланған жерде еңбек міндеткерлігін енгізу қарастырылды, кезекті еңбек демалыстарының берілуі тоқтатылды, билік органдарының еңбекші халықты өнеркәсіпке жұмылдыруға қатысты құқығы кеңейтілді (16 жас-тан 55-ке дейін), мектепте оқымайтын 16—18 жас аралығындағы жастарды фабрика-зауыт оқуына (ФЗУ) жіберу қарастырылды, бірқатар мекемелердің жұмыскерлері әскери қызметкерлердің мәртебесіне теңестірілді. (Мәселен көлік саласының жұмыскерлері).

Қылмыстық құқық саласында басқару тәртібіне, социалистік меншікке қарсы қылмыстар бөліміне байланысты біршама өзгерістер жасалды. Төтенше соғыс жағдайы қылмыстардың жаңа құрамдарын анықтауға мәжбүр етті. Олардың кейбіреулері мемлекеттің жоғарғы органы арқылы емес, тікелей Жоғарғы Сот-

тың, Прокуратураның және КСРО-ның Әділет халық комиссиясының шешімдерімен енгізілді.

Колхозшылар тарапынан міндетті еңбек күнін өрескелдікпен орындамағаны немесе колхоз ұжымының, жеке шаруаның ауылшаруашылық өнімдерінің міндеттелген нормасын орындамағаны үшін іс-әрекеттері қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Азық-түлік карточкасын заңсыз негізде алу сауда ережесін бұзу ретінде есептеледі. (РКФСР-сі Қылмыстық кодексінің 105-бабы). Міндетті әскери оқу ісінен бас тартқан азаматтар да қылмыстық жауапкершілікке тартылды. 1942 жылы КСРО әділет халық комиссариаты әскери есепке тұрудан бас тартқаны және есепке тұрмауға жағдай жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуға нұсқау берді. (РКФСР-сы Қылмыстық кодексі 193, 10а-бабы).

Соғыс жылдарында жалпыодақтық нормативтік актілер өрекет жасап, әрі қолданыста болғандықтан, Қазақ КСР-нің қылмыстық заңдары дербес негізде дами алмады.

Бақылау сұрақтары:

1. ҚКАСР-нің еңбекшілері құқығының Декларациясы бойынша кімдер сайлау және сайлану құқығынан шеттетілді?
2. ҚКАСР-сін құру жөніндегі Декрет негізінде (1920, 26 тамыз) оның әкімшілік-аумақтық аумағы қалай анықталды?
3. Халқымыздың байырғы «қазақ» атауы қай жылы, қандай мемлекеттік органның шешімімен қайтарылды?
4. ҚКАСР-нің мемлекеттік органдары 20-жылдары әйелдерді басы байлықтан босатып, ерлермен қатар құқықтық теңдікке ие болуға қатысты қандай маңызды заңдық актілер қабылдады?
5. 1925 жылғы ҚКАСР-нің Конституциясы бойынша Қазақстанның ВКФСР-сы құрамындағы құқықтық жағдайы қалай анықталды?
6. Қазақстандағы көшпелі халықты отырықшылдандыру және ұжымдастыру шаралары қандай әдістермен жүргізілді?
7. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының КСРО құрамындағы егеменділігінің декларативтік сипатын қалай түсінуге болады?

Әдебиеттер:

1. Қазақ ССР тарихы 5-т. 1980.
2. История государства и права Казахской ССР, 42. Алма-Ата, 1984.
3. Қозыбаев М.К., Бекмаханова Н.Е. История Казахской ССР. Алматы, 1991.
4. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Республики Казахстан. Астана, 1990.

5. Абдақимов А. История Казахстана. Алматы, 2001.
6. История Казахстана; Белые пятна. Сб. Статей, Алматы, 1991.
7. Козыбаев М.К., Абылқожин Ж.Б. Коллективизация в Казахстане; Трагедия крестьян. Алматы, 1992.
8. «О сложных вопросах коллективизации Казахстана»// Каз. правда. 14–17 января, 1989.
9. Кан. Г. История Казахстана. Алматы, 2005.

21-тақырып. 1950–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУ

1953 жылы қыркүйек айында Н.С. Хрушевтің билік басына келген кезден бастап қоғамдағы құндылықтарды ой жүйесінен қайтадан өткізу, жаңа саяси режим жағдайындағы мемлекеттің одан әрі дамуын қайта қарау қажеттілігі өткір мәселе ретінде тұрды. Осы тұрғыдан Кеңес қоғамы бастан кешкен бетбұрыс кезеңі, КОКП-ның XX съезінің рөлі ел тарихындағы реформалардың бастамасы деп есептелді. Аталған съезд бірқатар бағыттар бойынша реформалар жүргізуге шешім қабылдады. Атап айтқанда, елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын қайта құру көзделді. Елдегі саяси жағдайды нақты әрі жан-жақты ашып көрсетіп, талдауға қатысты маңызды құжат – КОКП-нің «Жеке басқа табынуды жою және оның зардаптары» туралы қаулысы болды. Әрине, мұндай барлық қайта құруларды халық көптен күткен еді және оның кеңес қоғамы үшін қажеттілігі туындады. Алайда, Коммунистік Партияның басшылық рөлінен айырылып калудан қауіптеніп, жартылай жүргізілген бұл реформалар Жоғарғы Кеңес билігінің тарапынан басталғанымен соңына дейін жеткізілмеді. Бұл шаралардың барысында ірі партия көсемдерінің қылмыстық іс-әрекеттерін әшкерлеу жалпы сипатқа ие болмай, фактілердің бірқатары бұқаралық жариялылыққа берілмеді. Саяси қудалаушылыққа қатысты шындықты айғақтайтын цифрлар мен оның көлемі айқындалмады, сондай-ақ сталинизм кезеңінің құрбандары болған адамдардың барлығы ақталмады. Әсіресе, Алаш Орда қайраткерлерінің қызметі тыйым салынған мәселе ретінде қала берді. Қазақтарды отаршылдыққа бейімдеп, ұжымдастыру кезіндегі және 30-жылдары жасалған жасанды аштыққа қатысты өткір мәселелерді зерттеуге және сараптауға тыйым салынып, мемлекеттік құпия тақырыптардың санатына кірді. Дегенмен, КОКП-ның XX съезінің тарихи маңызы болды. Өйткені, осы аталған съезде Кеңес үкіметі кезеңінің өткен тари-

хы терең ой-елегінен өткізіліп көрсетілді. Бұл съездің қарарында адам құқығы мен бостандықтарын аяққа таптайтын теріс құбылыс сталинизмге жол берілмейтіндігі тұжырымдалды.

1961 жылы қазан айында өткен КОКП-ның XXII съезінде партияның жаңа бағдарламасы мен жарғысы қабылданып ол «Коммунистік қоғамды құру бағдарламасы» деп аталды. Бұл құжатта социалистік мемлекеттің жетістіктеріне жоғары баға беріліп және төмендегідей жаңа мақсаттар алға қойылды: қарама-қайшы таптарды толық және түпкілікті жою, социалистік қоғамның соңғы сатысы — коммунизм құруға көшу т.б. Коммунизм құру — қоғамның бірден-бір көшбасы коммунистік партия басшылығымен іске асатын Кеңес мемлекетінің ең басты міндеті болды. Коммунистердің бейнеленуінше коммунистік қоғам қандай болуға тиісті деген сұрақ әрқашанда туындады. Ең алдымен таптар мүлдем болмайтын, өндіріс құралдары бірыңғай қоғамдық меншікке негізделген «теңгермешілік» қоғам ретінде көрсетілді. Мұндай мемлекеттің халқы өзінің ар-ұятымен ғана өмір сүріп, өзінің рухани-материалдық қажеттілігін сол деңгейде тұтынуға тиісті болды.

Одақтас республикалар құқығының кеңеюі: 1937 жылғы Конституция негізінде ҚКСР-сы өзін-өзі анықтау құқығына ие болды (15-бап). Бұл баптың мазмұны 1936 жылғы КСРО Конституциясының тиісті баптарынан туындап, онда былай деп көрсетіледі: КСРО-ның құрамына кіретін республикалар ерікті тең құқықты егеменді мемлекеттер болып есептеледі. Алайда, республикалардың және жалпы одақтың Конституциялары баптарының декларативтік сипаты — олардың іс-әрекетіндегі қолданыс тетіктерінің нақты жасалмағандығынан, іс жүзінде республикаларға Негізгі Заңда жарияланған құқықтарын пайдалануға мүмкіндік бермеді.

Осы тұрғыдан кеңес кезеңіндегі көптеген құқықтанушылар мен тарихшылар одақтас республикалар КСРО құрамынан шығуға қатысты өздерінің ерікті құқығын іске асыруға қажеттілікті сезінбеді деп тұжырымдады. Алайда, айтылған мұндай пікірлер тарихи тұрғыдан шындықты бейнелемеді. Өйткені, Балтық жағалауы, Кавказ, Молдова республикалары КСРО-ның құрамында қалуға ниетті болмады, сондықтан олардың бөлектену ұмтылыстары Жоғарғы партия билігінің тарапынан басылып отырды. Осының нәтижесінде КСРО-ның құрамына кіру әсіресе, шығу мәселесі одақтас республикалар үшін басқа нұсқаларды қарастыруға жатпайтын бір жақты іс-әрекет бо-

лып қала берді. Іс жүзінде одақтық жоғарғы басшылыққа шексіз өкілеттікті беру арқылы республикалар өздерінің мемлекеттік егемендігін, тәуелсіздігін, саяси және экономикалық құқықтарын жоғалтты.

Осы тұрғыдан Қазақ КСР-і Конституциясының кезінде қолданыста болған 14-бабының саяси-құқықтық салдарына ерекше зейін қойып тоқталсақ, онда былай деп көрсетілген: «Республика өзінің халықаралық қатынастар саласындағы, соғыс және бітім мәселелеріндегі, қорғанысты ұйымдастырудағы, заң шығармашылық негіздерін, халық шаруашылық жоспарларын, ақша және несие жүйесін қалыптастырудағы құқығының бөлігін ерікті түрде КСРО-ға береді». Орталық билік органдарына барлық саяси, экономикалық және әлеуметтік өкілеттіктердің берілуі түптеп келгенде, Қазақстанды КСРО-ның алдында тәуелділікке әкеліп соқтырды. Осының салдарынан Республиканың өзі ішкі аумағында белгілі бір маңызды мәселелерді дербес шешуге шамасы келмеді. Қазақстан сол кезеңдегі Кеңестер Одағының федерация субъектісінен іс жүзінде оның аумақтық-әкімшілік бірлігіне айналды.

1954 жылдың басында КОКП-ның орталық органдары одақтас республикалардың халық шаруашылығын басқару саласындағы құқықтарын кеңейтуге бағытталған бірқатар кешенді шараларды қабылдады. Халық шаруашылығын басқару саласындағы келеңсіздіктер «орталықты» кейбір жеңілдік шараларын қолдануға мәжбүр етті. Бұл кезеңде өнеркәсіпті басқару бойынша үш түрлі нысанды топ әрекет етті: 1) КСРО-ның ерекше өкілеттілігі; 2) Кеңес Одағы мен одақтас республикалардың өнеркәсіпті басқару бойынша бірлескен өкілеттілігі; 3) Одақтас республикалардың өкілеттілігі. КСРО-ның Қазақстанның өнеркәсібін басқару тұрғысындағы ерекше өкілеттілігі төмендегідей бірнеше салаларды қамтыды; түсті металлургия, көмір және мұнай өндіру, газ өнеркәсібі. Сонымен қатар одақтық органдардың басымдылық рөлі жұмыс істеп тұрған мекемелермен қатар, республика аумағында салынуға тиісті мекемелерге таратылды. Мұндай мекемелердің Кеңес Одағына тікелей бағынуы республиканың бұл мекемелерге басшылық етуден шеттелетіндігін білдірді. Бұл кезеңде ұсақ өндіріс салалары мен жеке мекемелер де орталықтандырылып, Қазақ КСР-нің Конституциясына сәйкес, олар ресми түрде оның аумағында орналасқандықтан республиканың тікелей қарауында болады деп көрсетілді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі дамытудағы ерекше орынды тың және тыңайған жерлерді игеруге қа-

тысты жүргізілген шаралар алды. Бұл шараларды іске асыру Қазақстанға көрсетілген бүкіл Кеңес Одағының жан-жақты көмегі, халық шаруашылығының ірі қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын барынша жұмылдыру нәтижесінде мүмкін болды. КСРО үкіметі мындаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеру барысында Қазақстанға жан-жақты үлкен көмек көрсетті. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында ауыл шаруашылығын одақтық бюджеттен қаржыландыру (Қазақстан бойынша) үш есеге өсті.

Бұл кезеңдегі ауыл шаруашылығы саласын басқарудағы ірі шаралардың бірі — машина-трактор станцияларын қайта құру болды. 1958 жылы машина-трактор станцияларының орнына жөндеу-техникалық станциялары құрылды (ЖТС). Алайда, ауыл шаруашылығын қайта құруда кемшіліктер байқалды, жөндеу-техникалық станциялары (ЖТС) өз функцияларын дұрыс орындай алмады. Нәтижесінде ЖТС-тер таратылып, оның негізгі функциясын атқару жергілікті жерлердегі жөндеу мекемелері мен бөлімшелерінің жүйесі — «Қазақсельхозтехникаға» берілді. 50 жылдардың аяғында Қазақстанда экономикалық жағынан әлсіз көптеген колхоздар ірілендіріліп, совхоздарды құру шұғыл қолға алынды. 1958 жылы Республика ірі совхоз өндіріс өлкесіне айналып, олар астық өндірісінде, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде жетекші рөлге ие болды.

Бюджеттік құқығының кеңеюі. Одақтас республикалардың экономика саласындағы кейбір мәселелерді дербес қалыптастыруға қатысты құқықтарын кеңейтуге байланысты қабылданған шаралардың нәтижесінде Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында (1955) алғаш рет Кеңестік Қазақстанның мемлекеттік бюджет мәселесі қаралды. Бюджеттік қаржыны бөлу және қайта бөлу құқығы «Кеңес Одағы мен Одақтас республикалардың бюджет құқығы туралы» Заңда (1959, қазан) бекітілген болатын. Аталған заң Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының (1961, тамыз) «Қазақ КСР-і еңбекшілер депутаттар кеңесінің бюджеттік құқығы туралы» шешімімен толықтырылды. Осы заңдардың негізінде Қазақстан осыдан былай республиканың және жергілікті бюджеттің көлемін дербес анықтау мүмкіндігіне ие болды. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Алматы қаласы мен әрбір облыс өздерінің бюджеттерін бекіту құқығына түпкілікті ие болды. Одан басқа облыстар мен қалалардың бюджеттеріне республикалық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдардың табысынан, төлемдерінен және қоғамдық,

мемлекеттік салықтардың белгілі бір бөлігі жіберіліп отырды. 1953—1958 жылдар аралығында, Қазақстанның бюджет көлемі 4,5 есеге дейін өсті.

Кеңестік халық шаруашылығы кеңестерінің (совнархоздар) құрылуы. Бұл мәселе мемлекеттік басқару органдарын жаңа буыны ретінде Орталық Партия Комитетінің Пленумында (1957) Н.С.Хрущевтың бастамасымен көтеріліп, КСРО Жоғарғы Кеңесі VII сессиясының (1957, мамыр) қарауына жіберілді. Бұл жаңа енгізілген өзгерістердің барысында бірқатар одақтық-республикалық министрліктер таратылып олардың қарауында болған мекемелер совнархоздарға берілді. Олардың негізгі мәні — өнеркәсіпті басқарудың Республика Министрлер Кеңесіне тікелей бағынатын салалық басқарудан аумақтық (территориялық) басқару принципіне көшуімен негізделеді. КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі «Өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құру туралы» Заңды қабылдай отыра, әкімшілік және экономикалық аудандардың совнархоздарын одақтас республикалар Министрлер Кеңесінің қарауына берді. Осыған байланысты КСРО Конституциясының 14-бабына толықтыру енгізіліп, онда өнеркәсіп және құрылысқа қатысты одақтық-республикалық бағыныстылықта Кеңес Одағы жалпы басшылықты жүзеге асыратын, республиканың әртүрлі экономикалық міндеттерін шешуге көмек көрсететін кеңесші-бағыттаушы деп көрсетілді. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің V сессиясында (маусым, 1957) «Қазақстандағы өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құрылымдау» және «Қазақ КСР-де экономикалық және әкімшілік аудандарды құру» туралы заңдар қабылданды. Қабылданған заңдар совнархоздардың құрылу тәртібін, құрылымын, өкілеттілігін анықтап, республикалық министрліктер мен жергілікті кеңес депутаттары кеңестерінің жүйесіндегі өзгерістерді белгіледі. Республика бойынша барлығы төмендегідей 9 (тоғыз) әкімшілік-экономикалық аудандар құрылды; Ақтөбе, Алматы, Гурьев (Атырау), Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және олардың совнархоздары.

Республикалық совнархоздардың қарауына 2 мыңнан аса өнеркәсіп мекемелері беріліп, 95 құрылыс трестері мен басқармалары құрылды.

Одақтас республикалардың заң шығарушылық саласындағы құқығының кеңеюі.

КОКП-ның XX съезінен кейін КСРО Жоғарғы Кеңесі одақтас республикалардың заң шығарушылық саласындағы құқығы

мен одақтас республикалар Жоғарғы Кеңесінің қызмет ауқымын кеңейтуге бағытталған кешенді шараларды жүргізді. Осыған орай одақтас республикалардың Жоғарғы кеңесі заң шығарушылық өкілеттігіне ие болды. Бұл кезеңде құқықтық шығармашылық Қазақ КСР-сі Жоғарғы Кеңесінің құқықтық қызметінің нысаны ретінде қалыптаса бастады. Мәселен, Жоғарғы Кеңестің IV шақырылуында (1955—1959) 42 заң қабылданса, V шақырылуында (1959—1963) оның саны 62, VI шақырылуында (1963—1967) 57 заң қабылданды.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясында (ақпан, 1957) «Одақтас республикалардың сот құрылымы жөніндегі азаматтық, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу туралы заңнамаларды қабылдауды одақтас республикалардың қарауына беру» жөнінде Заң қабылданды. Бұл сессияда қабылданған «КСРО Жоғарғы Соты туралы» ережеде одақтас республикалар соттарының өкілеттілігін кеңейтіп, рөлін жоғарылату мәселесі бекітілді. Осыған орай, одақтас республикалардың өкілеттігіне «Сот құрылымы мен сот өндірісі жөніндегі заң негіздерін», «Азаматтық және қылмыстық заң негіздерін» орнықтыруға құқық берілді. «Одақтас және Автономиялық республикалардың заң негіздерінде» сот жүйесінің бірлігін бекітетін бірқатар нормалар бекітіліп, оның ұйымдық негізін демократияландыруға қатысты ұмтылыстар жасалды. «Заң негіздеріндегі» тұжырымдалған сот органдары қызметінің негізгі қағидалары күдіктіні қорғаудың кепілдігін жоғарылатты, қылмыстық қудалаудың өтімділігін кеңейтті және сот органдарының жергілікті кеңестермен, қоғамдық ұйымдармен және халықпен арадағы байланысын нығайтты. Аталған заң негіздерін қабылдауға дейін Қазақ КСР-нің аумағында Ресей федерациясының 1926 жылы қабылданған Қылмыстық кодексі қолданыста болды. Атап өтетін жайт, одақтас республикалардың ішінде алғашқы болып, Қазақ КСР-де кодекстерді шығару туралы заңдар қабылданып, онда мүмкіндігінше қазақ халқының этникалық ерекшеліктері ескертілді.

Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің V шақырылуының екінші сессиясында (1959) КСРО Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-нің сот құрылымы жөніндегі» заңды бекітті. Бұл заңға сәйкес осыған дейінгі республикада жұмыс істеген барлық соттар жүйесі өзгертілді. Жаңа заңда республикадағы әділсот жүргізу ісі бұрынғы учаскелік соттардың орнына Қазақ КСР-нің Жоғарғы Соты, облыстық, аудандық (қалалық) соттар арқылы жүзеге асырылды. Бұл заң әділсот жүгізудің бірден-бір әдісі-қылмыстық істерді

тек соттар ғана қарап, азаматтардың заң алдындағы бірдей теңдігі танылды.

1960 жылы қазан айында қабылданған «Қазақ КСР-і және аудандық (қалалық) халық соттарын сайлау жөніндегі» жаңа ережеде халық соттары мен алқа билердің (присяжных) сайлау тәртібі өзгертілді. Бұл ережеге сәйкес аудандық (қалалық) халық соттарының алқа билер құрамы жұмысшылардың, қызметшілердің және шаруалардың тұрғылықты жерінде, әскери қызметкерлердің — әскери бөлімдерінде жалпы жиналыста сайлануға тиісті болды. Халық соттарын бұрынғы үш жыл мерзімінің орнына 5 жылға, алқа билерді сайлау екі жыл мерзімге ашық дауыс беру жолымен жүргізілді. Халық судьясы немесе алқа билер мүшесі болып, 25 жасқа толған Қазақ КСР-нің кез келген азаматы сайлана алды (бұрынғы заң бойынша 23 жас). Бұл заңда сот өндірісінің ұлттық тілі және барлық соттардағы сот жүргізу ісінің ашықтық тәртібі, күдіктіні қорғау құқығы анықталды. Ең жоғарғы сот органы ретінде Қазақ КСР-нің Жоғарғы Соты жарияланып оның өкілеттілік қызметі бірқатар кеңейді. Оның негізгі міндетіне барлық сот органдарының қызметін қадағалау, сот практикасының және соттың статистикасының деректерін сараптау, Республика Жоғарғы Соты алқасының есебін тыңдау және ҚКСР-сі Жоғарғы Сот Президиумының қаулыларының жобасын қарау жүктелді. Жаңа ережеде халық соттарының еңбекшілердің алдында есеп беруді, ал облыстық және Жоғарғы Соттардың өздері сайлаған тиісті кеңестердің алдында есеп беруі бекітілді. Егер судья өзіне көрсетілген сенімді ақтамаған жағдайда, сайлаушылардың оны кері шақырып алу құқығы көрсетілді.

Республика азаматтары үшін ерекше маңызды оқиғаның бірі — жаңа қылмыстық заңның қабылдануы болды. Оның басты әрі негізгі қағидасы — кінәсіздіктің презумциясы деп танылды. Енді күдікті оның кінәлілігін қылмыстық кодекстің белгілі бір бабы негізінде заңды сот анықтағанға дейін кінәсіз деп табылды. Әскери трибуналдар жабылып, жаңа заң бойынша олардың өкілеттігіне қарапайым азаматтың және қылмыстық істерді қарау кірмеді. Жазаға тартудың рәсімдері жұмсартылды. Жаңа қылмыстық заңнамада бас бостандығынан айыруға қатысты жазаның ең ұзақтығы бұрынғы 25 жылдан 15 жылға дейін кемітілді. Өлім жазасы тек мемлекетке сатқындық жасаған әрекеттерге қолданылды. Осы кезден бастап өзінің ерекше пікірі үшін, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы үшін, немесе сотталушының туысқаны болғаны үшін сотталуға жатпады және қылмыстық әрекет дәлелденуге тиісті болды.

Аталған қылмыстық кодексте жасы кәмелетке толмаған қылмыскерлер жөнін де өзгерістер қарастырылды. Өлім жазасы жасөспірім тек 16 жасқа толғаннан кейін ғана қолданылды, ата-аналар әрекетінің қылмыстық құрамы толық жойылды, 14–16 жас аралығындағы балаларды қылмыстық жауапқа тартатын құқықбұзушылықтардың тізімі қарастырылды.

Қазақ КСР-нің қылмыстық кодексі 1960 жылдың 1 қаңтарында заңды күшіне енді. Бұл кодекс «КСРО-ның қылмыстық заңнамы негізінде» анықталған жалпы қағидаларға сүйеніп жасалды және жеке қылмыстық баптар мен құрамына қатысты бірқатар карама-қайшылықтарды, сәйкессіздіктерді түзетті. Мәселен, рулық құрылыстың сарқыншақтарына (құн, барымта т.б.) қатысты қылмыстар жөніндегі тарау алынып тасталды. Сонымен қатар Қазақ КСР-нің қылмыстық кодексі ұқсастық бойынша (аналогия) үкім шығару мүмкіндігін жойды. Қылмыстық кодексте бұрын оның құрамында қарастырмаған 26 жаңа баптар енгізілді, оның ішінде «еңбекке қабілетсіз ата-аналарға көмек беруден бас тарту, мазарларды талқандау т.б.»

КСРО Жоғарғы Кеңесі «Кеңестер Одағының және одақтас республикалардың азаматтық заңнамаларының негіздерін» бекітті. (1961). 1963 жылы желтоқсанда «Қазақ КСР-нің Азаматтық кодексі» жөніндегі заң қабылданды. Ерекше заң шығарушы биліктің КСРО Жоғарғы Кеңесінің қарауында болатындығы жөніндегі Конституциялық қағида сақталды. Одақтас республикалардың Жоғарғы Кеңестері өздерінің заңдарында жалпыодақтық заңдардың міндеттерін дәлме-дәл қайталап отырды. Негізінде бұл мәселе Қазақ КСР-нің Конституциясының 22-бабында былайша тұжырымдалған еді. ...»Қазақ КСР-нің Конституциясы республикадағы біден-бір заң шығарушы орган болып есептелді».

Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің құқығы басқа да мәселелер бойынша шектеліп отырды, іс жүзінде, ол қолданыстағы Қазақ КСР-нің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өкілетті болмады. Дегенмен бұл мәселе туралы Қазақ КСР-нің Конституциясының 19-бабында Республиканың Жоғарғы Кеңесі Кеңестер Одағы Жоғарғы оғандарының бекітуінсіз оған өзгерістер енгізе алады деп көрсетілген болатын. Республиканың Жоғарғы Кеңесінің қызметінде құрылымдық жағынан да шектеу орын алды. Мәселен, Қазақ КСР-нің Конституциясының Кеңес Одағы Конституциясынан өзгешелігі, Республика Жоғарғы Кеңесінің құрамы бір палаталық құрылымды бекітті,

бұл оның федеративтік құндылығын бұзу болып есептелді. Өйткені, барлық дамыған федеративтік мемлекеттерде жоғарғы өкілеттілікті органның билігі екі палатадан тұратыны белгілі. Мұндағы екінші палатаның рөлі балама ретінде үкіметтің шығарған қаулыларымен қабылданған заңдардың дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру мақсатында жасақталды. Сонымен бірге басқарудағы демократиялық қағидалардың бұзылуы КСРО және одақтас республикалардың Жоғарғы Кеңесінің қызметін Конституциялық бақылаудың болмағандығынан да көрініс тапты.

Сонымен қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің қызметі КСРО Жоғарғы Кеңесінің алдында толық тәуелді және бағынышты болды.

Әкімшілік-аумақтық реформалар. Кеңестер Одағы өмір сүрген барлық кезеңнің ауқымында оның негізгі заңнамалық құжаттарында, сондай-ақ республикалық маңызды құқықтық актілерде Қазақстан Республикасы аумағының бөлінбейтіндігі және ешкімге берілмейтіндігі жөнінде бірнеше рет айтылған болатын. РКФСР-сі БОАК-нің және ХКК-нің «Қырғыз (қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру» жөніндегі декретінде (тамыз, 1920) республиканың аумақтық жер аумағы анықталған болатын. Ал, 1924 жылы Орта Азия мен Қазақстанның арасындағы ұлттық-мемлекеттік жер бөлінісінен кейін Қазақ Республикасының шекаралық межесі түпкілікті анықталды. Кейіннен Қазақ КСР-і Конституциясының (1937) 16-бабында бұл құқық қайтадан қуатталып және бекітіліп, онда былай деп көрсетілді: «Қазақ КСР-і аумағы оның келісімсіз өзгертілмейді және ешкімге берілмейді». 1957 жылы ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі осы тұрғыдан «Облыстық, өлкелік, әкімшілік-аумақтық құрылымдардың мәселелерін шешуді Одақтас Республикалардың қарауына беру» жөніндегі заң қабылдаған болатын. Бұл заң одақтас республикалардың өздерінің аумақтық мәселелерін шешу құқығының негізі болып есептелді.

Алайда, Республика өз аумағының тағдырын дербес шешуге қатысты Негізгі заңның мәртебесінде және басқа да нормативтік-құқықтық актілерде бекітілуіне қарамастан, оның аумағы мен шекарасы бірнеше рет өзгеріске ұшырады.

1960 жылы «Экономикалық сәйкестік» сылтауымен Н.С. Хрущевтың ынтасы бойынша Қазақстанның бес солтүстік облыстары Тың өлкесіне біріктірілді, ал 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан өлкелері құрылды. Болашақтағы бір дербес – Шығыс Қазақстан өлкесін құру жоспарланды.

1956 жылы қаңтар айында өткен Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясында Бостандық ауданы мен оған жапсарлас жатқан шөлейт далаларды Өзбек КСР-не беру жөнінде заң қабылданды. Бұл жерлерді көрші Өзбекстанға беру мәселесі Кеңес Одағының Орталық басшылығының Қазақстан өз жерлерінің бір бөлігін өзбектерге өз еркімен беруге ынталы деген жасанды түсінікке негізделді. Алайда, қандай себептерге байланысты Қазақстанда артық жерлер пайда болды деген мәселелер ресми құжаттарда айтылмады.

Республиканың өз жеріне қатысты дербес құқығын өрескел бұзу әрекеттері мұнымен тоқталмады. 1962—1963 жылдары «экономикалық тиімділік» сылтауымен Шымкент облысының мақта шаруашылығымен айналысатын аудандары — Қош, Мақтарал және Ильичевский аудандары «ерікті түрде» Өзбек КСР-не берілді. Осыған орай Республиканың бірінші басшылары Д.А. Қонаев, Ж. Тәшенов «орталықтың» мұндай шешімдеріне өздерінің келіспейтіндіктерін ашық білдірді. Олар Н.С. Хрущевтың ынтасымен іске асырылатын үлкен шаралардың «Экономикалық сәйкестілігінің күмәнділігін» және қазақ жерлерін Өзбекстанға беруге қатысты әділетсіз әрекеттердің орын алғандығын дәлелдеуге тырысты. Алайда, Республика басшылығының күш-жігері мен дәйекті пікірлері одақтың жоғарғы партия басшылығының қабылдаған шешімдерінің ақиқаттығына көз жеткізе алмады. Осындай өрескел заңсыздықтың салдарынан Республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығына қол сұғылып, Қазақ КСР-і өзінің 3 миллион 500 000 га аумақтағы жерінен айырылды.

Орталық партия Комитетінің қазан пленумынан кейін (1964) Н.С. Хрущев жоғарғы партия және үкімет билігінен тайдырылғаннан соң ғана Қазақстан үкіметінің талабы бойынша Өзбекстанға берілген жерлердің бір бөлігі қайтарылды. Алайда, одан бұрынғы берілген жерлер қайтарылмады, оларды қайтару мәселесі өлі күнге дейін ашық күйінде қалып отыр.

1978 жылы Қазақ КСР-нің Конституциясы. Қазақ КСР-нің бұл жаңа Конституциясы КСРО Конституциясының негізінде қабылданды. Оны қабылдау қарсаңында оның жобасын республика аумағында кең көлемде талқылау жүргізілді. Алайда, оған халықтың қатысуы формальді сипатта болды. Республиканың құқығын кеңейту, қоғамды демократияландыру, адам құқығын кепілдендіріп, сақтау жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелер шеттетіліп есепке алынбады, сондықтан бұл мәселелер Республиканың Негізгі Заңында көрініс таппады. Конституцияда жария

етілген адам құқықтарының демократиялық негіздері нақты тетіктерімен бекітіліп, іске асырылмады. Негізгі Заңда Қазақстанды ұлттық республика ретінде оның ерекшеліктерін сипаттайтын баптар енгізілмеді.

Бұл Конституцияда КОКП-ның қоғамдағы жетекші рөлі бекітілді. Бұл жағдай басқалай бір балама партияны құруға мүмкіндік бермей, бір партияның өктемдігін күшейтті. Саяси жүйедегі партияның монополиясы оның жоғарғы органдары мен аппаратының өрескелдіктерге жол беріп, билікті асыра пайдалануға, моральдық жағынан іріп-шіруге, төртіп пен жауапкершіліктің төмендеуіне әкеліп соқтырды. Қоғамның барлық саласында нақты билік-кеңес және шаруашылық органдарының қызметін өзіне меншіктеп алған партия аппараттарының қолына көшті.

Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің мүддесін қорғау органынан партия органдары мен әкімшіліктің нұсқауларын орындаушыларға айналды. Комсомол ұйымдарының жұмысы да формализммен ерекшеленді. Комсомол комитеттері партия органдарының қызметін қайталай отырып, жастардың мұқтажы мен мүддесінен алшақ тұрды.

Халық депутаттарының кеңестері еңбекшілердің толыққанды билік органы рөлінен айырылды. Шын мәнінде, көп жағдайда олар партия комитеттерінің шылауына айналды. Еңбек ұжымдары арқылы кандидаттарды ұсыну формальде түрде жүргізілді, іс жүзінде депутаттардың құрамы партия комитеттерінде анықталып, сайлау тағайындау жүйесіне айналды. Бір партиялық жүйе халықты тандау құқығынан айырды. Кеңестердің материалдық-қаржылық тұрғыдан әлсіз базасы оларға бағынышты аумақтағы толық билігін шектеді. Сондықтан көптеген кеңестер ведомствалармен және олардың ұйымдарынан тәуелді болды. Әлеуметтік-экономикалық саясаттағы кемшіліктер мен келеңсіздіктер ұлтаралық қатынастарға да салқынын тигізді. Ресми құжаттарға елдегі ұлттық мәселенің шешілгендігі туралы дәріптеліп іс жүзінде шындық жасырылды, елде болып жатқан үрдістердің көлеңкелі жағы айтылмады. Ұлтаралық қатынастар өз бетінше дамыды. Л.И. Брежнев бастаған Орталық басшылық КСРО-дағы ұлттық қатынастарды үлгілі және шешімін тапқан мәселе ретінде көрсетуге ұмтылды. Ұлттық мәселені шешудегі жетістіктерді дәріптеу «дамыған социализм» тұжырымдамасынан туындады. Керісінше, осы кезеңде ұлтаралық қатынастар жүйесіндегі мәселелр шешілгеннен гөрі одан өрі шиеленісе түсті. «Дамыған социализм» жағда-

йында ұлттардың өздерін-өздері анықтау құқығы жөніндегі қағида ұмыт болды. Кеңес тарихы дамуының бүкіл ауқымында кеңестік федерализм жағдайында социалистік ұлттардың федерация құрамынан шығып, ерекшеленетін бағыт болмайтын «аңыз» ретінде қарастырылды. Бұл тұжырымдаманың пайдасы үшін алынған аргумент ретінде КСРО құрамынан ерікті түрде шығуға құқығы бола тұрса да, бұл мүмкіндікті бірде-бір халық пайдаланған жоқ деген тұжырым айтылды.

Көп жағдайда ұлттық саясат пен интернационаландыру идеясын наихаттау арасындағы мәселеге теңдік қойып, ол дәріптелді. Осы тұрғыдан интернационалдық тәрбие ұлттық саясатпен салыстырғанда басылымдылыққа ие болып, тіпті оның орнын ауыстыратын жағдайға ие болды. Жергілікті жерлерде «шовинизм», «ұлтшылдық», «патриотизм», «интернационализм» түсініктері бұрмаланды. Бұл жағдай идеологиялық және саяси-тәрбие жұмыстарында ұлттық нигилизмге, космополитизмге өкеліп соқтырып, айқын шовинизм көрінісі интернационализм ретінде бағаланып, ал ұлттық өзіндік сананың көрінісі, яғни ұлттық дамудың өзекті мәселелерінің күн тәртібіне қойылуы — ұлтшылдық ретінде көрсетілді.

Мәдениет саласындағы дамудың жетістіктеріне карамастан ұлттарды рухани тұрғыдан қайта түлету мәселесі көлеңкеде қалып қойды. 70—80 жылдары ұлттық ерекшеліктерден гөрі кеңестік дәстүрлер кеңінен насихатталды. Бұл кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде еуроцентризм басымдылыққа ие болып, іс жүзінде қазақ халқының ұлттық мемлекеттілікке, мемлекеттік егемендікке және аумақтық тұтастыққа қатысты құқығы мойындалмады. Кеңес кезеңіндегі тарих ерекше үлгі ретінде көрсетілді.

Интернационализмді дұрыс түсінбеу сонымен қатар Қазақстандағы тіл саясатында ұлтаралық тіл қатынасының құралы — орыс тілін қолдаумен шектеліп, қазақ тілі жөнінде еш нәрсе айтылмады. Іс жүзінде Республикада қос тілдікті насихаттау жағдайы екі тілге тең таратылмады. Қазақ тілінің толыққанды өмір сүру жағдайында ол небәрі 10—15 қана әлеуметтік функцияларды атқарды.

Сонымен КСРО-ның ресми құрылу дәуірінен бастап, қоғам өмірінің өртүрлі саласында бірқатар өзгерістер орын алды. КСРО бірнеше ондаған жылдардың кезеңінде қуатты экономиканың негізін құрып, космосты игерген, ядролық қаруды иеленген мемлекетке айналды. Дегенмен, кеңес үкіметі дамуы кезіндегі әділдікпен атап өтетін бағыттың бірі — халықтың төмендегідей

салалар бойынша әлеуметтік қорғалуының жоғары деңгейі болды. Атап айтқанда тегін медициналық қызмет көрсету, тегін білім алу, әлеуметтік жағынан тұрмысы төмен халықтың топтарына жеңілдіктер беру және жәрдемақы төлеу; жұмыссыздықтың болмауы т.б. 70-жылдардың аяғында ұлттық табыс халықтың әр басына шаққандағы көлемі 12 есе өсті.

Ұлан-байтақ жерді алып жатқан КСРО-ның аумағында 70 жылдардың аяғына дейін болған үлкен өзгерістер 1977 жылы 7 қазанда қабылданған Кеңестер Одағының Конституциясында өзінің көрінісін тапты. Бұл негізгі заң шектен тыс идеологиялық сипатқа ие болғанына қарамастан кеңес қоғамының жаңа кезеңдегі дамуының сапалық деңгейге көтерілуін айқындайтын маңызды нормативтік-құқықтық акті болып есептеледі. Сонымен бірге Конституцияда Компартияның қоғамдағы басшылық мәртебесі бекітіліп, оның рөлі төмендегідей анықталды: жұмысшы табы билігі мемлекетінің бүкілхалықтық социалистік мемлекетке айналуы; КОКП жұмысшы табы партиясының бүкілхалықтық партияға айналып, және кеңес қоғамын басқарудағы бірден-бір маңызды саяси күш ретінде саналады (6- бап). Конституцияның аталған 6-бабының мазмұны, бұрынғы кезеңдегі балама партиялардың құрылуына ешқандай жол ашпай, Коммунистік партияны қоғамға бірден басшылық жасайтын ресми бір саяси күш ретінде түпкілікті заңдастырды.

Бақылау сұрақтары.

1. КОКП-ның XX съезінің шешімдерінің тарихи маңызы неде?
2. Одақтас республикалар құқығының кеңеюі қай салаларды қамтиды?
3. Қазақстанда Тың және тыңайған жерлерді игеру қашан басталы?
4. Кеңестік халық шаруашылығының рөлі қандай болды? (совнархоздардың)

Әдебиеттер:

1. История государства и права Казахской ССР. Алма-Ата, 1984.
2. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Республики Казахстан. Астана, 1999.
3. Қазақстан тарихы (көне дәуірден біздің заманымызға дейін).
4. Рыспаев К. История Республики Казахстан. Алматы, 2000.
5. Костенко-Карибжанов Е. Казахстан 50–60-е годы XX века. Алматы, 2003.
6. Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата, 1992.

VIII б ө л і м. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫ

22-тақырып. ҚАЗАҚСТАН – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫ

1988 жылы Қазақстан өзінің мемлекеттік егемендік алуы қарсаңында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен сталинизм кезеңіндегі саяси қуғын-сүргінге ұшыраған халқымыздың зиялы өкілдері, әрі аса көрнекті қоғам қайраткерлері Ш. Құдайбергенов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов т.б. есімдері ақталып шықты. Заң шығармашылық саладағы келесі маңызды қадамның бірі – 1989 жылы 22 қыркүйекте «Тілдер туралы заң» қабылдануымен байланысты қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі беріліп, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп танылды. Сонымен бірге «Жер кодексі», «Мемлекеттік билік пен басқарудың құрылымын жетілдіру» және «Қазақ КСР-нің Конституциясына өзгерістер енгізу» жөніндегі заңдар қабылданды.

1990 жылы 24 сәуірде Н.Ә. Назарбаев Жоғарғы Кеңестің сессиясында Республиканың алғашқы Президенті болып сайланды.

90 жылдардың басында одақтас республикалар КСРО құрамынан шығу үшін, тәуелсіз мемлекеттер құру үшін қажетті заңнамалық шараларды дайындай бастады. Осының барысында 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі жөнінде Декларациясын» қабылдады.

1991 жылы 19 тамызда мемлекеттік төңкеріс КСРО-да жасау ұмтылысы кезінде «Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет» құрылған кезеңнен кейін халықтың Компартияға деген сенімі мүлдем азайды.

Еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғаның бірі – Қазақстан Президентінің Семей ядролық сынақ алаңын жабу жөніндегі жарлығы болды. Қазақстанның Семей өңіріндегі бұл сынақ алаңы 1949 жылдың күзінде ашылған болатын және ол жойылған уақытқа дейін 500-ден аса жер үсті және жер асты яд-

ролық жарылыстар жасалып, бұл аймақтың табиғи ортасына және халықтың өмірі мен денсаулығына орасан зор зиян келтірді. Сынақ алаңына жақын қоныстанған халықтың жарылыс салдарынан радиациялық сәуле арқылы жұқтырған кейбір сырқаттары бұрынғы кездері медицинаға мәлім болмағандықтан ондай ауыруларды емдеу көп қиындықтарға әкеліп соқтырды.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Мемлекет басшысы болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Осы жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы атауына өзгерту туралы шешім қабылданды. 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жөнінде» заң қабылданып, осы кезден бастап бұл күн — халқымыздың тәуелсіздік мейрамы ретінде атап өтіледі.

90 жылдардың басында Қазақстанның сыртқы саясатында Кеңес Одағының ыдырауымен байланысты қалыптасқан жағдайды тезірек реттеу бағытында жұмыс жүргізілді. Бұрынғы одақтас республикалар 70 жылдан аса уақыт бойы бір жүйеде өмір сүріп қалыптасқан байланысты бір сәтте үзуге болмайтындығын түсінгендіктен, республикалардың достастығын құру қажеттілігін өткір сезіне бастады. Кеңестер Одағының ыдырауына байланысты бірқалыпты жағдайда қамтамасыз ету үшін және бұрынғы одақтас республикалардың экономикасының құлдырауының зардаптарын болдырмау үшін 1991 жылы желтоқсанда Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығын (ТМД) құру жөнінде шешім қабылданды. Осы жылы 8 желтоқсанда Минск қаласында (Беловежская Пуща) Беларусь, Украина және Ресей Федерациясы басшылары бас қосып, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі келісімге» қол қойды. Бұл құжатта былай деп көрсетілді: «Аталған үш мемлекет КСРО одағын құрушылар ретінде 1922 жылғы Одақтық келісімге қол қойғандықтан, осы кезден бастап КСРО халықаралық құқықтың субъектісі және геосаяси құбылыс ретінде өзінің өмір сүруін тоқтатады... Жоғарғы деңгейде келісімге келген тараптар «Тәуелсіз Мемлекеттердің Одағын құрады». Сонымен бұл келісім 1922 жылғы КСРО-ны құру жөніндегі келісім-шарттың күшін жойды.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда өткен бұрынғы одақтас республикалардың яғни 11 тәуелсіз мемлекеттер басшыларының кездесуінде «Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру жөнінде келісімнің» хаттамасына қол қойылды. Дәл осы күні «Тәуелсіз

мемлекеттер достығын құру жөніндегі» Алматы Декларациясы қабылданды.

1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшелігіне өтіп, әлемдік қауымдастық тарапынан жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде танылды. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев сөз сөйледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі болғаннан кейін Қазақстан оның ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЭКОСОС сияқты ұйымдарының қызметіне белсенді түрде араласа бастады. Сонымен бірге Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Халықаралық даму және қайта құру банкісі (ХДКҚБ), Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы секілді ірі халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жасай бастады.

Қазақстан тәуелсіздігінің Конституциялық негіздері. Егеменді Қазақстанның саяси-құқықтық дамуын шартты негізде бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Өзінің тәуелсіздік алған уақытынан бастап, елімізге бірқатар елеулі саяси өзгерістер болды, яғни өз уақытының талабына жауап беретін маңызды заңнамалық актілер қабылданды. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы өмір сүріп тұрған барлық жылдарда қабылданған заңнамалық актілер қоғамды демократияландырудың әр кезеңіне өзінің маңызды үлесін қосты. Сонымен өзінің егемендігін алған уақыттан бастап, Қазақстан саяси және құқықтық дамудың келесідей сатыларынан өтті:

І кезең, 1990—1993 жылдарды қамтыды. Бұл кезеңнің ерекшелігі — қайта құрудан егеменді мемлекетке көшіп, Қазақстанда дербес, егеменді саяси билік жүйесін қалыптастырумен есте қалды. Бұл кезеңдегі негізгі өзгерістің бағыты жаңа жүйені құрумен қатар ескі жүйені ыдыратумен сипатталды. Бұл кезеңнің басты уақиғасы — 1990 жылы 25 қазанда «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын» қабылдаумен ерекшеленді.

ІІ кезең, 1993—1995 жылдарды қамтып, бұл уақыт мемлекеттілік негізінің нығаю үрдісімен анықталып, 1993 жылы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданумен байланысты қоғамның саяси жүйесінде орныққан маңызды өзгерістерді бейнеледі. Бұл кезеңде әр түрлі байқау, сынау әдістерінің барысында жіберген кемшіліктерге қарамастан, еліміздегі саяси, экономикалық, психологиялық, геосаяси және ұлттық ерекшеліктерін ескеруге бағытталған Қазақстанның саяси жүйесінің моделін қарастыру жолдары іздестірілді.

III кезең, 1995—1998 жылдар аралығын қамтыды. Бұл кезеңде саяси жүйенің желісін құру үрдісі жүрді. Оның дамуы 1995 жылы бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституцияның қағидаларымен анықталып, елдегі президенттік басқару нысаны заңдық негізде бекітілді.

IV кезең, 1998 жылдың күзінде басталып, 2007 жылға дейін жалғасты. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі — Қазақстанның саяси жүйесін реформалаудың жаңа бағытын белгілеген, 1998 жылы қазан айында Конституцияға және заңнамалық актілерге енгізілген елеулі өзгерістермен байланысты болды.

V кезең, 2007 жылдан бастау алып, осы уақытқа дейін жалғасуда. 2007 жылы Қазақстан қоғамын одан әрі демократияландыру ісіндегі бетбұрыс кезеңі басталды. Конституцияға енгізілген түзетулердің барысында еліміз өзінің жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Қазақстан президенттік басқару нысанынан президенттік-парламенттік басқару жүйесіне көшу арқылы өкілетті билік тармағының өкілеттілігін кеңейтіп, бірнеше партиядан құрылған парламенттік құрылымды қалыптастыруға бағыт алды.

«Қазақстан КСР-нің мемлекеттік егемендігі жөніндегі Декларациясы». (1990 жылы 25-қазанда қабылданған) Декларацияның қабылдануы Қазақстан халықтарының, оның ішінде республиканың барлық азаматтарының тең және лайықты жағдайда өмір сүруінің алғашқы кезектегі міндеттерін айқындайтын маңызды бетбұрысты оқиға болды. Бұл саяси құқықтық құжат азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін нақты қамтамасыз етудің жаңа сапалық кезеңіне өтудің құқықтық негізін қалады. Декларация Қазақстанның сыртқы өлеммен тікелей байланыс орнату болашағын ашты. Қазақстан егеменді мемлекет ретінде халықаралық қатынастардың дербес субъектісі құқығына ие болып, өз мүддесін көздей отырып, сыртқы саясатты анықтау, дипломатиялық және консулдық өкілдіктерімен алмасу, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатынасу мүмкіндігіне ие болды. Қазақстанның тарихында тұңғыш рет аталған Декларация «Қазақстанның өмір сүріп тұрған аумағы мен шекарасы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз оны пайдалануға тыйым салынады» деп жариялады. Сонымен бірге Қазақ КСР-нің Конституциялық құрылысына қарсы кез келген өрескел әрекеттер, яғни оның аумақтық тұтастығын бұзуға ашықтан-ашық шақыру сондай-ақ, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, бұхаралық бірлестіктердің, немесе жеке тұлғалардың ұлттық өшпенділікті қоздыру

әрекеттері заң негізінде жазаға тартылады деп көрсетілді. Декларация Конституцияның және Республика заңдарының өз аумағындағы басымдылық рөлін бекітті. Осы тұрғыдағы Декларация жарияланған маңызды қағидасының бірі — Республиканың Конституциясын және оның егеменді құқығын бұзған жағдайда, өз аумағында КСРО заңдарының және басқа да оның құқықтық актілерінің әрекетін тоқтатуға құқығы бар екенділігі айтылды. Сонымен Декларация жас мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің маңызды қайнар көзі ретінде ұлттық заңнамалар мен жана Конституцияны жасауда маңызды базалық құқықтық акт рөлін атқарды. Өйткені, аталған Декларация қабылданған уақыт пен ондағы тұжырымдалған қағидалар Қазақстандағы конституционализмнің қалыптасуын едәуір алға жылжитқан маңызды құбылыс болды. Оның қағидаларының нақты іске асуының дәлелі — 1993 жылы 28-қаңтарда Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясының қабылдануы болды.

«Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» ерекше маңыздылығы сол, онда ең алғашқы рет әлемдік қауымдастыққа жоғарғы деңгейдегі елдегі мемлекеттік билік тәуелсіздікке, басылымдылыққа және дербестікке ие болып, республика өз аумағындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысқа байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді деп жарияланды. Бұл құжаттың Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі қалыптасуындағы үлкен маңызы, Декларацияда Республика алдында тұрған маңызды міндеттер — ұлттық мемлекеттілікті қорғау және нығайту, өзіндік мәдениетті, дәстүрлерді, тілдерді қайта жаңғырту және дамыту, қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да халық өкілдерінің ұлттық құндылықтарын нығайтуды негіздеді. Сонымен бірге Декларацияда Қазақстан егемендігінің негізін салып, республиканың барлық ұлттық байлығын құрайтын жері және оның қойнауы, суы мен әуе кеңістігі, өсімдік және хайуанаттар әлемі, басқа да табиғи ресурстары, халықтың мәдениеті және тарихи құндылықтары оның ерекше меншігінде болады деп көрсетілді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң. 90 жылдардың басында Қазақстанның мемлекеттік құрылымын өзгертуге алып келген маңызды қоғамдық-саяси оқиғалар болды. 1991 жылы бірінші желтоқсанда бүкілхалықтық дауыс беру жолымен елдің Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайлан-

ды.; 1991 жылы 10 желтоқсанда Республиканың Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заң қабылдады; 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады.

Бұл заң Қазақстанның егемендік үрдісінің дамуындағы маңызды заңнамалық сатысы болды. Өйткені, аталған аса маңызды құқықтық актінің қабылдануының барысында Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар жүргізіле бастады. Бұл Конституциялық заңның прогрессивтік сипатының мәні – Қазақстанның тәуелсіздігі осыған дейінгі шартты негізден босап, ерікті әрі еркін мәнге ие болды.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қағидаларын дамыта отырып, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң мемлекеттік егемендік жариялаған сәттен басталған, оның қоғамдық саяси өміріндегі жаңа бетбұрысты өзгерістерді бейнелейді. Атап айтқанда ұлттық мемлекеттілікті дамыту, адам құқығы мен еркіндігінің кепілділігі, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыру, азаматтық бітімгершілік пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттер мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заңда тікелей өзінің көрінісін тапты.

Жеке тұлғаның құқығы мен еркіндігін кепілдендіруі Конституциялық заңның негізіне алынған маңызды қағидалардың бірі болды. Өйткені, жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясында, басқа да жалпыға мойындалған халықаралық құқықтың нормаларында бекітілген, мемлекет адам құқығы мен еркіндігінің басымдылығын мойындайды әрі таниды деген заңда көрсетілген ереже Егеменді Қазақстанның демократиялық дамуы үшін шешуші маңызы болды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда халық егемендігі туралы қағида өзінің көрінісін тапты. Конституциялық Заң республикадағы мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі тек қана Қазақстан халқы деп таниды. Бұл туралы аталған заңның 6-бабында былай деп тұжырымдалған: «...Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің, егемендіктің бірден-бір қайнар көзі біртұтас Қазақстан халқы мемлекеттік билікті тікелей және өздері сайлаған органдар арқылы жүзеге асыра алады». Кез келген мемлекеттің толыққанды тәуелсіздігі үшін оның ұлттық байлы-

ғының үлкен маңызы бар. Сондықтан, аталған мемлекеттік тәуелсіздік жөніндегі Конституциялық актіде мемлекеттік тәуелсіздіктің экономикалық негізінің заңнамалық бейнесі өзінің көрінісін тапты. Атап айтқанда, Қазақстанның жері оның қойнауы, өуе кеңістігі, өсімдіктер әлемі, басқа да табиғи ресурстары, ғылыми-техникалық, экономикалық әлеуетінің барлығы оның ерекше меншігіне жатады деп көрсетілді.

Конституциялық заң Қазақстанның мемлекеттердің әлемдік қауымдастығына кіруінің болашағына кең жол ашты. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі болып саналды. Республика халықаралық ұйымдардың қызметіне қатынасып, сыртқы экономикалық қызмет мәселелерін дербес шешуге құқық алды. Конституциялық заңда алғаш рет Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын құру үшін өзінің қарулы күштерін қорғау жөнінде айтылды. Конституциялық заңның аталған нормасы 1993 жылы 9-сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасының қорғанысы және қарулы күштері туралы» Заңында өзінің логикалық көрінісін тапты.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Заңның жас мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызы зор болды. Бұл заң Қазақстандағы Конституциялық құрылымды қалыптастырудағы бірден-бір ірі қадам болды. Іс жүзінде бұл заң Қазақстанның уақытша Конституциясы болып есептелді, өйткені, бұл кезеңде Конституциялық заңға қайшы келмеген жағдайда, 1978 жылғы Қазақ КСР-нің Конституциясының нормалары және басқа да заңнамалық актілері қолданыста болған еді.

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан қоғамындағы демократиялық қайта құрулардың барысында 1978 жылғы Қазақ КСР-нің Конституциясын толық қайта қарау мәселесі туындады, өйткені оның нормалары елімізде болып жатқан демократиялық бетбұрыстарға сәйкес келмеді және мемлекетіміздің егеменді дамуын тежейтін фактор болды. Бұл кезде республикада конституциялық реформаларды жүргізудің негізгі үш бағыты айқындалды: бірінші бағыт — уақытша сипаттағы Конституциялық заңдар тобын қабылдау; екінші бағыт — қолданыстағы Конституцияға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатын көздеді; үшінші бағыттың қолдаушылары Қазақстанның жаңа Конституциясын жасап, қабылдауды жак-

тады. 1992 жылы 1 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында жасаған «Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы» баяндамасында Қазақстанның жаңа Конституциясын жасап, қабылдаудың қажеттілігінің пісіп-жетілгені жөнінде айтты. Жаңа Конституцияны қабылдаудың көптеген себептерінің ішіндегі маңыздылары мыналар болды: Республиканы халықаралық қауымдастықтың құрамдас бөлігі ретінде бекітудің қажеттілігі; Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттілігінің сипатын ең жоғарғы құқықтық деңгейде бекіту қажеттілігі; Республиканы президенттік басқару нысанындағы зайырлы, унитарлық (біртұтас), демократиялық мемлекет ретінде бекітудің қажеттілігі; мемлекеттік билік пен басқарудың жаңа жүйесін бекітудің қажеттілігі; жаңа нарықтық қатынастардың бастамасын бекіту қажеттілігі.

1992 жылдың жазында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің сессиясында жаңа Конституцияның жобасын талқылау басталды. 1992 жылы 11-маусымда Конституцияның жобасын барлық республикалық, облыстық газеттерде жарияланды. Конституцияның жобасын талқылау барысында Республика халқының тарапынан аса көп мөлшерде ұсыныстар түсіп, оларды сараптау барысында Конституция баптарының жаңа редакциясы ұсынылды. 1993 жылы 28 қаңтарда егеменді Қазақстанның бірінші Конституциясы депутаттардың басым көпшілік дауыс берумен қабылданды. Тұңғыш рет Негізгі Заңда Конституцияның ең жоғарғы заңдық күші жөнінде қағида бекітіліп, оның Қазақстан аумағында тікелей қолданыста болатындығы тұжырымдалды. Сонымен бірге жаңа Конституцияның нормаларында оның қағидаларына қайшы келетін заңдар мен басқа да актілердің жарамсыздығы жөніндегі ереже бекітілді. Жаңа Конституцияда тұңғыш рет зайырлы және біртұтас мемлекет түсінігі қолданылды.

Негізгі Заң адам құқығы мен еркіндігі мәселесін барынша кеңейтті. Оның алты тарауы азаматтыққа және азаматтың құқығы мен еркіндігі мәселесіне арналды. 1993 жылғы Конституцияда меншік мәселелері өзінің көрінісін тапты; онда республиканың экономикасы көптүрлі нысандарға негізделеді және мемлекет меншіктің барлық субъектілеріне тең құқықты қамтамасыз етеді деп көрсетілді. Мемлекеттің Негізгі заңында мемлекеттік билікті жүзеге асырудың қағидасы бір жақты бекітіліп,

үш дербес тармаққа бөлінеді: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Конституцияға сәйкес заң шығарушы билік Жоғарғы Кеңес арқылы жүзеге асырылып, ол Қазақстан Республикасындағы бірден-бір заң шығарушы және жоғарғы өкілетті орган болып есептеледі. Атқарушы биліктің басында Қазақстан Республикасының Президенті тұрды, ол бір мезгілде мемлекет басшысы болып есептелді. Сот билігін Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот, Жоғары Төрелік Сот және жергілікті соттар атқарды.

Алайда, 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы өзінің прогрессивтік сипатына қарамастан сол кездегі қарама-қайшылықты уақыттың нәтижесін белгіледі. 1993 жылғы Республика Конституциясы жалпыадамзат құндылықтарын жақтауды жариялағанымен, әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтық қатынастардың қолданыстағы жүйесін сақтады. Конституцияда жарияланған мемлекеттік билік тармақтарының тежемелер мен тепе-теңдік жүйесі соңына дейін жасалмады. Бұл факті республикадағы қоғамдық-саяси жағдайдағы кепілдендіруге және тұрақтандыруға қабілетті әрі күшті мемлекеттік билікті құруға жағдай жасамады. Сонымен бірге жаңа Конституциялық реформаны жүргізудің қажеттілігі президенттік басқару нысанын жетілдіріп оның тиісті Конституциялық негізін құру міндеті тұрды. Қазақстанның 1993 жылғы Конституциясы президенттік республиканың көптеген элементтерін бекіткенімен, онда басқару нысаны Конституциялық тұрғыдан нақты көрініс таппады. 1993 жылғы Конституцияның қабылданған жағдайында президенттің мәртебесі бір мезгілде мемлекет басшысы және атқарушы-өкімдік биліктің басшысы ретінде қарастырылды. Осы тұрғыдан Президент атқарушы билікті тікелей жүзеге асыру арқылы атқарушы органдардың күнделікті мәселелерін шешумен айналысуға мәжбүр болды, бұл жағдай оның мемлекет басшысы мәртебесіндегі қызметіне кері әсерін тигізді. Нәтижесінде Президентті мемлекеттің атқарушы билігінен ажыратудың қажеттілігі мәселе ретінде қойылып, бір мезгілде атқарушы биліктің көптеген мәселелерін шешуге үкіметке жан-жақты дербестік беру мүмкіндіктері қарастырылды. Бұл үшін үкіметтің құқықтық мәртебесін өзгертіп, оны Конституцияда бекіту қажет болды.

Сонымен бірге Республика Жоғарғы Кеңесінің құрылымын жетілдіру жолымен екі палаталы заң шығару органын құру мәселесін тезірек шешуді қалыптасқан жағдай талап етті. Өйткені, заң жобаларының екі палаталы заң шығару органы арқылы

міндетті түрде кезекпен өтуі қабылданған заңдардың сапасын көтеруге мүмкіндік жасайды деп тұжырымдалды.

Мемлекеттің жергілікті атқарушы органдарының жүйесін жетілдіру талабы да туындады. Өйткені, еліміздің 1993 жылғы Негізгі Заңы жергілікті жерлердегі билікті ұйымдастырудың қайшылықты мәселелерін қарастырмай, оны шешуді жүзеге асыру тиісті жергілікті органдарға тапсырылады деп жалпы көрсеткен еді. Бұл Конституцияда азаматтық мәселесі де түпкілікті шешімін таппады. Азаматтардың нақты теңдігін қамтамасыз ету қажеттілігінен және Қазақстан Республикасының егемендік негізінің бүлінуге жол бермеудің негізгі бағыты — ешқандай жағдайда және ешкімге қос азаматтықты беруге тыйым салу керек деген тұжырым қарастырылды. 1993 жылғы Конституцияда бекітілген және кепілдендірілген азаматтардың көптеген құқықтары мен еркіндіктері бұрынғы Кеңестік Конституциялардың нормаларымен салыстырғанда жасалған үлкен қадам болды, алайда, олардың табиғилығын, және бөлінбейтіндігін қамтамасыз етудің құқықтық тұжырымдамасы негіздеу қажет болды. Осыған қарамастан 1993 жылғы Конституция Қазақстандағы ұлттық мемлекеттілікті нығайту үрдісінде және қалыптасқан жағдайды тұрақтандырудағы көптеген күрделі мәселелерді келісім арқылы шешуде аса маңызды және ауқымды рөл атқарды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы. Еліміздің Конституциялық дамудағы маңызды белестің бірі 1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы қабылданған Ата Заңымыз (Конституция) болды. Бұл Негізгі Заңымызда Қазақстан Республикасы ең жоғары құндылықтар ретінде адам және оның өмірі, құқығы мен еркіндіктері деп жарияланған демократиялық зайырлы, құқықтық және өлеуметтік мемлекет деп танылды. 1995 жылғы жаңа Конституцияның негізгі тұжырымдамалары төмендегідей қағидаларды қамтиды: ұлттық және халықтық егемендік; билік демократизмі және конституционализм; құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам; адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігінің табиғилығы және бөлінбейтіндігі; қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық; барлық халықтардың игілігі үшін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын сақтау.

1995 жылғы Конституцияда мемлекеттілікті қазақ ұлтының өзін-өзі анықтайтын сипаты жөніндегі ерекше қағида айтылмаған, алайда, бұл Негізгі Заңда қазақ халқының тарихи және этни-

калық өзіндік сана-сезіміне, өз мемлекеттілігінің заңды құқығына ешқандай нұсқан келтірілмейді деп көрсетілген. Бұл факт мемлекеттің атауы – Қазақстан Республикасы екендігінде бейнеленген. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы тек қана қазақ халқы ғана емес, Қазақстан жерінде тарихи тағдырлары тоғысқан басқа ұлттардың өкілдері саналады деп тұжырымдалған.

Конституцияда Президент пен Үкіметтің арасындағы құқықтық өкілеттілікті бөлу мәселесін шешуге үлкен қадам жасалған. 1995 жылғы Конституцияға сәйкес Президент Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайтын және Қазақстанның ішкі және халықаралық қатынастарына өкілдік жасайтын мемлекет басшысы және ең жоғары лауазымды тұлға болып есептеледі. Осы тұрғыдан мемлекет басшысы ретінде Президент бірде-бір билік тармағына кірмей, олардың өзара қарым-қатынастарының үйлестірушісі болып есептеледі. Осы кезден бастап Республикадағы атқарушы органдар жүйесін Премьер-Министрдің басшылығымен Үкімет жүзеге асырады. Жаңа Конституцияда ел Парламентінің екі палаталық құрылымы белгіленген. Екі палаталы тұрақты Парламенттің құрылуы Қазақстандағы парламентаризмнің берік базасын қалыптастыруға мүмкіндік жасады.

Ата заңымызда азаматтық жөніндегі мәселелерге түпкілікті нүкте қойылды. Бұл жөнінде Конституцияның 10-бабында: «Қазақстанның азаматтығы бар тұлғаға басқа мемлекеттің азаматтында болуы танылмайды деп» тікелей бекітілді. Сонымен бірге бұл қағида Қазақстан Республикасының «Азаматтық жөніндегі заңының» 3-бабында өзінің көрінісін тауып, құқықтық тұрғыдан одан әрі бекітілді. Конституциядағы азаматтық мәселесі жөніндегі жаңа ережеге сәйкес ешқандай жағдайда Қазақстан азаматы азаматтықтан айырылмайды, оның азаматтық құқығына нұсқан келтіріліп, Қазақстан жерінен қуылмайды. Қазақстан Республикасының азаматы халықаралық келісімшарттарда көрсетілген ерекше жағдайларды есептемегенде, шет мемлекетке берілмейді.

Негізгі заңда тілдердің мәртебесі жөнінде мәселе түпкілікті шешілді. Онда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі болып танылып, ал орыс тіліне ресми тіл мәртебесі берілді. Қазақ тілімен қоса барлық мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі қатар қолданылады.

Жаңа Конституция өзінің ең жоғарғы заңдық күшін жариялай отырып, Республика аумағында өзінің тікелей және толық қолданыста болатындығын бекітті. Заңды күшіне енген кезден бастап, Конституцияның нормалары тікелей қолданысқа жататын құқықтық ережелердің жиынтығы ретінде есептеледі. Егер ағымдағы заң нормаларда белгілі бір қатынастарды реттейтін нақты нормалары болмаған жағдайда, онда Конституцияның нормалары тікелей қолданысқа ие болу керек. Сондықтан Қазақстан Республикасының барлық нормативтік-құқықтық және заңға тәуелді актілері тек қана Конституцияның негізінде және оны орындауы үшін ғана қабылдануы тиісті. Конституцияға сәйкес емес деп танылған заңдар және халықаралық келісімшарттарға қол қойылмайды, яғни өз кезегінде олар ратификациялауға және қолданысқа енгізуге жатпайды.

1995 жылғы Конституцияның ерекше сипаттағы белгілерінің бірі оның жалпы танымал демократиялық және құқықтық қағидаларымен сабақтастығы. Осы тұрғыдан Негізгі заңның адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының конституциялық басымдылығын бекітуі демократиялық қайта құру жолында жасалған аса маңызды прогрестік қадам болып есептеледі. Адамның және азаматтық құқығы Конституция және заңда көрсетілген нормалар арқылы ғана шектелуі керек, саяси себептер негізінде азаматтың құқығын және еркіндігін шектеуге жол бермейді. Қолданыстағы Конституцияның нормаларында адам туған кезден бастап шексіз және бөлінбейтін құқықтары мен еркіндіктері иеленген тұлға екендігі және құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде азамат түсінігі нақты жіктеліп көрсетілген. Сонымен бірге Конституция жеке тұлғаның құқығын ғана анықтап қоймай, оның төмендегідей міндеттерін де жіктеп көрсетеді: әрбір азамат Конституция мен заңдарды сақтауға, мемлекеттік рәміздерді сыйлауға, басқа азаматтардың құқығын, еркіндігін және ар-ожданын құрметтеуге міндетті.

Қазақстан – 2030 бағдарламасы және Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап коммунистік саяси жүйеден кейінгі саясатты либерализациялау бағытын дәйекті түрде жүргізіп, жаңа демократиялық институттарды қалыптастырып, заңның басымдылығын қамтамасыз етіп, қоғамның барлық саласында өмір сүру үшін тең мүмкіндіктерді жасауда. Қазіргі таңда елімізде билік бөлінісінің заң шығарушы атқарушы және сот билігінің тармақтарының демократиялық қағидалары табысты енгізіліп жұмыс істеуде.

Балама сайлаулар қазақстандықтардың күнделікті өмір нормасына айналды. Еліміздегі саяси көптірлілікке қол жеткізіліп әртүрлі идеологиялық бағыттағы партиялар жұмыс істеді.

Қазақстан адам құқығы саласындағы барлық халқаралық пактілермен конвенцияларға қосылып, оның талаптарын орындау үшін үлкен күш жігер жасауда. Елімізде адам құқығын қорғау жөніндегі өкілетті орган-омбудсмен құрылып, әрі табысты жұмыс атқаруда. Қылмыстық заңнамаларды ізгілендіру (гуманизация) мақсатын көздеген қылмыстық-құқықтық реформа белсенді жүргізілуде. Елімізде ұлттық, тілдік және дінге қатынасына байланысты қысымшылық жоқ. Ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігін қалыптастырудың бірегей тетігі ретіндегі орган — Қазақстан халықтарының Ассамблеясы табысты жұмыс жүргізді.

Бүгінде Қазақстан Орта Азиялық аймақтағы демократиялық реформаларды жүргізудің жалпыға танылған көшбасшысы ретінде белгілі болып отыр.

Қазақстан елінің тәуелсіздік алған кезден бастап ұзақ мерзімге жобаланған болашақ дамуының негізгі бағыттары — «Қазақстан — 2030» стратегиялық бағдарламасында нақты көрініс тапты. Бұл бағдарлама 1997 жылғы 11 қазандағы ел Президентінің «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деп аталатын Қазақстан халқына арналған Жолдауында нақты тұжырымдалды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бұл Жолдауы елімізді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыру бағыттарын көздейтін негізгі үш бөлімнен тұрады: 1. Бүгін біз қай жерде тұрамыз; 2. Қазақстан мұраты; 3. Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды жүзеге асыру стратегиялары. «Қазақстан — 2030» стратегиялық даму бағдарламасы жөніндегі Президент Жолдауының бірінші бөлімінде еліміздің болашақ дамуының негізгі үш мүмкіндігі бөліп қарастырылды. *Бірінші* мүмкіндік біздің Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен аумағында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды. *Екіншісі*. Мемлекет құрылысы мен реформаларды жүргізудің ауыр процестерін шетелдік мемлекеттер мен донорлық ұйымдар тарапынан қолдау бізге қосымша мүмкіндіктер береді. *Үшіншісі*. Ауқымдану және ғылыми-техникалық прогресс процесі, әсіресе жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуы біздің аумақты әрі аз қоныстанған еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады.

Президент өзінің стратегиялық Жолдауының «Қазақстан мұраты» аталатын екінші бөлімінде еліміз өзінің барлық мүмкіндіктерімен нақ осындай нәтижеге қол жеткізе алмайтын себептер бар ма? деген сұрақ қоя отырып, ондай себептер жоқ деп тұжырымдайды. Сондықтан Қазақстан 2030 жылға қарай *Орталық Азияның Барысына* айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенім білдіреді. Ол өзінің сөзін «бізде жолбарыстар жоқ, ал тауларымызда тіршілік ететін Қар Барысы дүниежүзілік қауымдастыққа онша таныс емес деп» дәйектейді.

«Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасының «Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары» деп аталатын үшінші бөлімінде еліміз өзінің болашақтағы мақсат-мұратына қол жеткізу үшін төмендегідей ұзақ мерзімді, жеті басымдылықты жүзеге асыру қажеттілігі айтылады.

1. Ұлттық қауіпсіздік. Аумақтық тұтастығын сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретіндегі дамуын қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап нығайта беру.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейін жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы білімі мен әл-ауқаты. Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білім мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. Энергетика ресурстары. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел артыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. Инфрақұрылым. Әсіресе көлік және байланыс. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. Кәсіби мемлекет. Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметкерлерінің ықпалы және осы заманғы корпусын жасақтау.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы үшін біз біржылдық, үш, ал кейіннен бесжылдық жоспарларда белгіленген нақты іс-қимылдарға күш-жігерімізді жұмылдыра отырып біз стратегиямызды талдап жасауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға тиіспіз.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтар мемлекет пен біздің азаматтарымыздың күш-жігерін жұмылдыру үшін қызмет етуге еліміздің бюджеті мен кадр саясатын қалыптастыру кезінде өлшемдер негізіне алынуы тиіс.

2007–2010 жылдар Қазақстан тарихында мемлекеттік басқару нысанының президенттіктен президенттік-парламенттік басқару жүйесіне көшумен ерекшеленіп, осының нәтижесінде Қазақстанның демократиялық дамуының жаңа сатысының басталғанын паш етті. Ата заңымызға енгізілген түзетулердің негізінде партиялық тізім жүйесі бойынша өткен 2007 жылғы 18 тамыздағы бүкілхалықтық сайлауда Қазақстан Парламентінің төменгі палатасының жаңа құрылымына абсолюттік көпшілік дауыс алған «Нұр-Отан» саяси партиясының өкілдері сайланып, басшылыққа ие болды.

2011 жыл тәуелсіз мемлекетіміздің тарихында маңызды саяси оқиғалармен ерекшеленді. Елбасының билік өкілеттігін 2020 жылға дейін ұзартуға байланысты ынталы топ құрылып, олардың белсенді іс-әрекеттерінің нәтижесінде қысқа мерзім ішінде бұл бастаманы қолдауға тілек білдірген 5 миллионнан аса азаматтардың дауысы жиналды. Алайда, Елбасының ұйғарымы бойынша референдум арқылы сайлау өткізудің заңдылығын тексеріп анықтау Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесіне жіберілді. Бұл мәселені жан-жақты қараған Конституциялық Кеңес бастамшыл топтың референдум арқылы сайлау өткізу жөніндегі іс-әрекетін Конституцияның баптарына сәйкес келмейді деп шешіп, Елбасыға хабардар етті. Осыдан кейін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Парламентке мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізу жөнінде Ата заңымызға өзгерту енгізу туралы парламентке өтініш жасады. Бұл өтініш қабылданып, Негізгі заңымызға тиісті өзгерту енгізіліп, 2011 жылы 3-сәуірде кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы шешім қабылданды. Баламалы негізде өткен бұл сайлауға үш үміткер қатынасып, (Ғ. Қасымов – «Патриоттар партиясынан», Ж. Ахметбеков – Қазақстан Халықтық Компартиясынан, Н.Ә. Назарбаев – «Нұр Отан» партиясынан) халықтың дауыс беруі нәтижесінде сайлау-

шылардың 95,5 % дауысын жинаған іс басындағы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жеңіске жетті.

Бақылау сұрақтары.

1. «Қазақстанда тілдер туралы заң» қашан қабылданды және қазақ тілі қандай мәртебеге ие болды?
2. Қазақстанда президенттік басқару институты қашан белгіленді?
3. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қашан қабылданды?
4. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң қашан қабылданды және оның негізгі қағидаларының мазмұнында не айтылды?
5. 1993 және 1995 жылғы Конституциялардың арасындағы ерекшеліктер немен сипатталады?
6. «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді бағдарламасы бойынша қандай басымдықтарды іске асыру көзделген?

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы. Алматы, 1993.
2. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы. Алматы, 1995.
3. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан – 2030». Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-аухатының артуы. Алматы, 1997.
4. *Табанов С.Л., Оразова А.Ә.* Күрделі заманның өтпелі кезеңдердегі қазақ қоғамы Ата заңдарының (Конституцияларының тарихи-құқықтық сабақтастығы. Алматы, 2005.
5. *Күзембайұлы А., Абиль Е.* История Республики Казахстан. Астана, 1999.
6. *Шеретов С.Т.* Новейшая история Казахстана (1985–2002 гг.). Алматы, 2003.
7. *Козыбаев М.К.* Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы, 2000.

СЕМИНАР (ТӘЖІРИБЕ) САБАҚТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы мемлекет жән құқық тарихы: пәні жәнә әдістері, мақсаты мен тарихнамасы.
2. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктер: пайда болуы жәнә дамуы.
3. Қазақстан аумағындағы ертефеодалдық монархиялар.
4. Шыңғыс хан империясы жәнә Қазақстандағы ордалық мемлекеттер.
5. Қазақ ордасының құрылуы мен дамуы.
6. Қазақстан Ресей империясының құрамында.
7. Кеңестік Қазақстандағы мемлекет пен құқық.
8. Тәуелсіз Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың дамуы.

КУРСТЫҚ ЖӘНЕ РЕФЕРАТТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Қазақстан Республикасы мемлекет жәнә құқық тарихы пәніне сипаттама
2. Үйсін мемлекеті
3. Ғұн мемлекеті
4. Қанлы мемлекеті
5. Батыс-Түрік қағанатының мемлекеттік-құқықтық жүйесі
6. Қимақ мемлекеті
7. Қыпшақ мемлекеті
8. Оғыз мемлекеті
9. Найман жәнә Керей ұлыстары
10. Алтын Орда
11. Шыңғыс ханның ұлы жасасы
12. Әбілқайыр хандығы
13. Моғолстанның мемлекеттік құрылысы
14. Қарахан мемлекеті

15. Тәуке ханның «Жеті Жарғысы»
16. Арынғазы реформасы
17. 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы жарғы»
18. Игельстром реформасы
19. Тәуке хан тұсындағы Билер кеңесінің құқықтық мәртебесі
20. 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясының тарихи-құқықтық мінездемесі
21. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Декреттері
22. Ноғай Ордасының саяси жүйесі
23. Сырым Датұлы көтерілісінің саяси-құқықтық маңызы
24. Бөкей Ордасының саяси жүйесі
25. Қазақ ордасының саяси жүйесі
26. Абылай ханның реформалары
27. Қазақ Ордасының қоғамдық жүйесі
28. 1919 жылғы Қазақ Өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитет
29. Қазақстан Ресейдің құрамында. Оның саяси-құқықтық салдары
30. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы әкімшілік басқару және құқықтық жүйе
31. 1916 ж. Амангелді Иманов басқарған көтерілістің саяси-құқықтық маңызы
32. 1916 жылғы Жетісу өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілістің саяси-құқықтық сипаты және тарихи орны.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ ПӘНІНЕН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ НҰСҚАСЫ

1. Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихының пәні:

- а) Қазақ жеріндегі мемлекеттік-құқықтық жүйелердің пайда болуы және даму үдерісі
- ә) Қоғам өмірінің әр кезеңі тарихындағы мемлекеттің ролі мен орны;
- б) Қоғам өміріндегі құқықтың ролі мен орны
- в) Көшпелі өндіріс кәсібі жағдайындағы мемлекеттік-құқықтық жүйелердің ерекшеліктері
- г) Барлық жауаптар дұрыс

2. Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихының әдісі дегеніміз:

- а) Шындықты игеруді қабылдаудың жиынтығы
- ә) Тарихи-құқықтық білімдердің қордалануы
- б) Әлеуметтік қатынастардың реттелуі
- в) Құқықтың пайда болу үдерісі
- г) Тарихты идеологиядан арылту

3. Тарихи-құқықтық ғылымдардың әдістемесі дегеніміз:

- а) Әртүрлі әдістемелердің жиынтығы (объектіні оқып-үйренуге қолданылатын)
- ә) Жалпы-ғылыми әдістер
- б) Арнайы әдістер
- в) Нақты-мәселелік әдістер
- г) Диалектикалық және метафизикалық әдістер

4. Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихының маңызы:

- а) Барлық жауаптар дұрыс
- ә) Мемлекеттік-құқықтық жүйелердің даму заңдылықтарын ашады
- б) Мемлекеттік-құқықтық жүйелердің даму заңдылықтарын негіздейді
- в) Саяси-құқықтық қатынастардың мәселелерін сараптайды
- г) Саяси-құқықтық қатынастар дамуының болашағын болжауға мүмкіндік жасайды

5. Потестарлық бірлестіктер дегеніміз:

- а) Жария билікті іске асыруға негізделген бірлестік
- ә) Бірнеше мемлекеттердің бірлестігі
- б) Тайпалардың бірлестігі
- в) Әскери мақсаттарға қол жеткізу үшін құрылған бірлестік
- г) Ішкі қауымдық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін құрылған бірлестік

6. Сақ дәуірінде кең тараған кәсіп:

- а) Көшпелі мал шаруашылығы
- ә) Отырықшы-егіншілік
- б) Шағын кәсіптің дамуы
- в) Мешіттер құрылысы
- г) Қала мәдениеті

7. Экзогамия қағидасы дегеніміз:

- а) Бір қоғамдық топтың ішіндегі еркек пен әйелдің некеге тұруына тыйым салынуы
- ә) Өзара міндеттерді қамтамасыз ету
- б) Ірі феодалдардың жақсы жайылымдықтарды алуға құқықтық басымдылығы
- в) Қан тапсыру салығы
- г) Балық аулау кәсібі

8. Сакрализация дегеніміз:

- а) Патша билігін құдайға теңестіру
- ә) Некеге тұру жоралғысы
- б) Қалындықты сатып алу
- в) Некенің бұзылуы
- г) Қылмыстық жазаның нысаны

9. Сақтардың саяси құрылымын атаңыз:

- а) Тайпалардың әскери-саяси одағы
- ә) феодалдық мемлекет
- б) хандық
- в) қағандық
- г) Құл иеленуші мемлекет

10. Тайпалар одағы дегеніміз:

- а) Алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған дәуірдегі әлеуметтік қауымдасудың ең жоғарғы сатысы
- ә) хандық
- б) қағандық
- в) монархия
- г) Рулық-тайпалық ақсүйектер

11. Томирис қай сақтардың патшасы:

- а) Массagetтердің
- ә) Хаомваргалардың
- б) Тигрохаудалардың
- в) Парадараялардың
- г) Исседондардың

12. Рулық қауым дегеніміз:

- а) Қандас туыстардың ұжымы
- ә) Алыс туыстардың ұжымы
- б) малшылардың ұжымы
- в) судьялар
- г) Көшпенділер

13. Сатраптар дегеніміз:

- а) Патшаның тағайындаған нөкерлері
- ә) патшаның төңірегіндегілер
- б) судьялар
- в) сарбаздар
- г) Көшпенділер

14. «Ұлы жасақ» дегеніміз:

- а) Моңғолдардың кодофикацияланған әдет-ғұрып құқығы;
- ә) Ханның лауазымы
- б) Қазақ әдет-ғұрып құқығы
- в) Әскери кимылдар
- г) Діни жоралғылар

15. «Ұлы жасақ» нені қамтыды:

- а) Халықтық әдет-ғұрыптарды
- ә) Сараптау және қосу
- б) Қаржы құқығы
- в) Шағатайдың иелігі
- г) Біріктіру

16. Моңғолдар мемлекетінің сипаты:

- а) Әскери ұйым қағидасы бойынша құрылған
- ә) құлиеленуші
- б) зайырлы
- в) мұсылмандық
- г) буржуазиялық

17. Дала көшпенділерінің өміріне енгізілген моңғолдардың әдет-ғұрып құқығының нормалары:

- а) «Ұлы жасақ»
- ә) Каролина

- б) Жеті Жарғы
- в) Орыс ақиқаты
- г) Дала заңы

18. «Алтын Орда» кімнің билігі тұсында құрылды:

- а) Батыйдың
- ә) Жошының
- б) Шыңғыс ханның
- в) Күшліктің
- г) Әл-Фарабидің

19. Батый тұсында Жошы ұлысы қайсы елдің құрамында:

- а) Алтын Орданың
- ә) Моғолстанның
- б) Жетісудың
- в) Отырардың
- г) Удегейдің

20. «Ұлы жасақтың» құрамы неден тұрады:

- а) Біліктен және Жасақтан
- ә) Ұлыстардан
- б) Моғолстан мен Қазақстаннан
- в) Араб саяхатшыларының жазбаларынан
- г) Жетісу қалаларынан

21. «Білік» дегеніміз:

а) Мемлекеттік құқықтың негізгі нормалары және Шыңғыс ханның моралдық сипаттағы ойларының жиынтығы

- ә) Қан салығы
- б) Ет салығы
- в) Қамқорлыққа беру
- г) Діни ұйымдардың жері

22. Моңғол империясындағы халықты аумақтық бөлудің негізі:

- а) Ондық жүйесі (түмендер, мындықтар, жүздіктер, ондықтар)
- ә) Билеуші әулет
- б) Жерге отбасылық меншік
- в) Малға отбасылық меншік
- г) Құлдарға жеке меншік

23. Шыңғыс хан империясында салық жинаудың тәртібі:

- а) Қатаң белгілі бір жүйе негізінде
- ә) Бақылаусыз
- б) Парсы халқының өкілдері арқылы
- в) Тек малмен
- г) Тек астықпен

24. Шыңғыс ханның тұрақты атты әскері қандай негізде жасакталды:

- а) «Жасактың» әскери баптары негізінде
- ә) Әскери жасақ ретінде
- б) Ханның жеке жасағы ретінде
- в) Феодалдық жасақ ретінде
- г) Шыңғыс ханда тек қана жаяу әскер болды

25. Алтын Ордадағы маңызды мемлекеттік істердің шешілуі:

- а) Құрылтайда
- ә) Ханның өзімен
- б) Беклербекпен
- в) Баскактармен
- г) Уәзірлермен

26. Уәзірдің өкілеттігі:

- а) Салық және қаржы істерін басқарды
- ә) Әскерге басшылық жасады
- б) Діни міндеттерді орындады
- в) Біліктің авторы
- г) Мұндай лауазым болған емес

27. Басқақтар өкілеттілігі:

- а) Алым-салық жинаушылар
- ә) тайпаларды бағындырушылар
- б) абыздар
- в) дипломаттар
- г) аттеше

28. XV ғасыр ортасындағы Алтын Ордадағы өзгеріс:

- а) Дербес феодалдық мемлекеттерге ыдырады
- ә) Өз аумағымен Литваға қосылды
- б) Персиямен қосылды
- в) Кұл иеленуші мемлекет болды
- г) Конституция шығарды

29. Өзбек хан тұсындағы мемлекеттік дін ретінде:

- а) ислам
- ә) буддизм
- б) христиандық
- в) иудаизм
- г) шаманизм

30. Ноғай ордасындағы саяси биліктің ерекшеліктері:

- а) Орданы чингизидтер емес Едіге әулетінің өкілдері биледі
- ә) Басқару малшы-қауымның қолында болды

- б) Орданы басқақтар биледі
- в) Орданың билігі қарадуандардың қолына шоғырланды

31. Ноғай ордасының ең жоғарғы билік органы:

- а) Үлкен кеңес
- ә) Кіші кеңес
- б) Қарадудан
- в) Басқақ
- г) Икта

32. Қазақ қоғамында хан болып сайлану құқығын иелену:

- а) Шыңғыс хан тұқымдары
- ә) Бағынышты тайпалардың өкілдері
- б) Соғыста көзге түскен батырлар
- в) Байлар
- г) «Қара сүйек» тобының байлары

33. Қазақ хандығының құрылу мерзімі:

- а) XV ғ.
- ә) XX ғ.
- б) X ғ.
- в) XI ғ.
- г) IV ғ.

34. Қазақ хандығының негізін салушылар Жәнібек және:

- а) Керей
- ә) Абылай
- б) Тимур
- в) Әбілқайыр
- г) Нұралы

35. Феодалдық ішкі қырқысудың нәтижесінде көшпелі Өзбек мемлекетінен Моғолстанға қоныс аударып, қазақ хандығын құрғандар:

- а) Жәнібек пен Керей
- ә) Шейбани мен Орда-Иген
- б) Мухаммед пен Берке
- в) Айшуақ пен Қайып
- г) Семекен мен Барак

36. Қазақ хандығындағы билеушілерге қарсы наразылықтың кең тараған түрі:

- а) Ауылдың басқа билеушісінің қол астына көшіп кетуі
- ә) қарулы көтеріліс
- б) шерулер
- в) бейбіт келіссөздер
- г) билеушілерге қарсы наразылық болған жақ.

37. Феодалдық тәуелділікке түсіп, кедейленген туыстар:

- а) қонсылар
- ә) құлдар
- б) төлеңгіттер
- в) шаруалар
- г) иктадорлар

38. Билер кеңесінің өкілеттігі:

- а) Жаңа заңдар туралы мәселелерді шешу
- ә) мемлекетті сыртқы әлемге таныстыру
- б) қарулы күштердің басшысы болу
- в) өлім жазасын орындаушы ретінде
- г) жаулап алынған жерлердегі халықтан салық жинау

39. Соғым, сыбаға дегеніміз:

- а) Ханға тірі мал және ет түрінде сияпат жасау
- ә) Сот орындаушылар
- б) Соттағы куәгерлер
- в) Жалдамалы әскерлер
- г) Рулық тамға белгілері

40. Қазақ билеушілерінің съезі шешетін мәселелер:

- а) Көші-қон аймағын және қыстауларды бөлу
- ә) Жаңа заңдарды қабылдау
- б) Отбасындағы мұрагерлік
- в) Некені бұзу
- г) Ноғай Ордасымен байланысты нығайту

41. Шыңғыс хан тұқымдары тегінің атауы:

- а) төре
- ә) батырлар
- б) билер
- в) кожалар
- г) жатақтар

42. Жатақтар қалай пайда болды:

- а) Малынан айырылған көшуге мүмкіндігі жоқ қауымдастық мүшелері
- ә) Мәжбүрлеу бойынша
- б) Өрттің салдарынан
- в) Малдың аздығынан
- г) Барлық жауаптар дұрыс

43. Батыр атағын иемденудің негізгі шарты:

- а) Ерекше көрсеткен ерлігі үшін кәсіпқой әскери адамдарға берілді
- ә) Мұрагерлікпен берілді

- б) Сатып алу арқылы
- в) Сыйға тарту арқылы
- г) Сайыста жеңу арқылы

44. Би лауазымы:

- а) дала судьясы
- ә) әскери тұтқын атауы
- б) кеңесші
- в) ақ сүйектер өкілі
- г) әскери басшы

45. Ақсүйектердің әлеуметтік тобына жататындар:

- а) төре мен кожа
- ә) шаруа
- б) жұмысшылар
- в) егіншілер
- г) төлеңгіттер

46. «Жүз» терминінің мәнін ашыңыз:

- а) Жалпықазақ аумағын мекендейтін, қазақ ұлтының құрамына кіретін тайпалық бірлестіктер
- ә) Рулық қауым
- б) Шығыс деспотиясы
- в) Аристократтық Республика
- г) Орталықтанған мемлекет

47. Вакуфтық жерлердің иелері кімдер:

- а) мұсылман діні иелері
- ә) патриархалдық құлдық институты
- б) байлар
- в) сұлтандар
- г) шаруалар

48. «Қасқа жол» құқықтық жүйесін жасаушы:

- а) Қасым хан
- ә) Тәуке хан
- б) Шыңғыс хан
- в) Мұрындық хан
- г) Есім хан

49. «Жеті Жарғы» құқықтық жүйесін жасаушы:

- а) Тәуке хан
- ә) Қасым хан
- б) Әбілқайыр хан
- в) Болат хан
- г) Мамаш хан

50. «Ереже» дегеніміз:

- а) Билер съездерінің шешімдері, қаулылары
- ә) Феодалдардың пайдасына алынатын салық
- б) Қанды кек
- в) Ант беру институты
- г) Үйлену рәсімі

51. Барымта – дегеніміз:

- а) Жауапкерге қатысты билер сотының шешімін орындауды қамтамасыз ету құралы
- ә) Сот шешімінің шығуы
- б) Сот процесінің бір сатысы
- в) Куәгерлердің айғақ беруі
- г) Масқаралау жазасы

52. «Сауын» түсінігінің мәнін көрсетіңіз:

- а) Туыстық көмек
- ә) Малды айдап кету
- б) Егіннен алынатын салық
- в) Айырбас келісімшарт
- г) Қалындықты ұрлау

53. «Алажіп» дегеніміз:

- а) Сот процесіндегі даудың аяқталуы
- ә) Сот үкімінің орындалуы
- б) Куәгерлердің сотқа қатысуын қамтамасыз ету
- в) Ханды сайлау
- г) Айыппұл төлеу

54. «Сауынмал» – дегеніміз:

- а) қарыз берушінің сауылатын малды келей адамға оның жұмыс күшін пайдалану арқылы уақытша беруі
- ә) Құн төлеу
- б) Құда түсу
- в) Айырбас сауданың түрі
- г) Айыппұл төлеу

55. «Аманатмал» дегеніміз:

- а) малы көп ауқатты адамның кедейленген туысқанына жас мал есебінен көмек беру
- ә) үйлену тойының рәсімі
- б) қарызды төлеу
- в) құнның ең жоғарғы көлемі
- г) масқаралау жазасы

56. «Әменгерлік институты» дегеніміз:

- а) Жесір әйелдің күйеуі өлгеннен кейін оның бауырларының біреуіне тұрмысқа шығуы

- ә) Феодалдардың өздерінің вассалдарына жер таратуы
- б) Баласынын қылмысы үшін әкесінің құн төлеуі
- в) Алқа билерді сайлау
- г) Ұлына енші беру

57. Әдет құқығы бойынша заңды неке қай кезден басталады:

- а) Қалыңмалды төлегеннен кейін
- ә) Қалыңдықты ұрлағаннан кейін
- б) Ата-аналардың келісімінен кейін
- в) Жасауды дайындағаннан кейін
- г) Қызды зорлағаннан сон

58. «Айып» дегеніміз:

- а) Жауапкердің моральдық және материалдық тұрғыдан келтірілген зиянды төлеудің көлемі
- ә) Сатып алу
- б) Қалыңмал төлеу
- в) Сот дауының аяқталуы
- г) Сот шешімінің орындалуы

59. Әдет-ғұрып құқығы бойынша негізгі мұрагер:

- а) Кенже ұлы
- ә) Үлкен ұлы
- б) Барлық ұлдары
- в) Заң бойынша мұрагерлік болмады
- г) Бәйбіше

60. «Бидің билігі» дегеніміз:

- а) Сот үкімі бойынша бидің прецеденттік сипаттағы шешімі
- ә) Феодалдардың әскери отрядтары
- б) «Ұлы жасақтың» бөлімі
- в) Сатып алу
- г) Ханға малдың 1/20 бөлігін төлеу

61. «Жылу» – дегеніміз:

- а) Өзара туыстық көмек дәстүрі
- ә) Әскери ұран
- б) Малды айдап кету
- в) Мал шаруашылығы
- г) Қалыңмал төлеу

62. «Енші» дегеніміз:

- а) Ұлына мүлік үлесін беру
- ә) Қыздың жасауы
- б) Құдалық
- в) Экзогамия
- г) Асырап алу

63. Отбасы неке әдет-ғұрып құқығы бойынша Ата-мұрасы дегеніміз:

- а) Мұрагерлік жолымен алынған мүлік
- ә) Рулық өзара көмек
- б) Феодалдардың өз вассалдарына жер үлестіруі
- в) Салық жинау құқығы
- г) Міндеттемені камтамасыз етудің құралы

64. Әдет-ғұрып құқығындағы қылмыс түсінігі:

- а) «Жаман кылық, жаман іс»
- ә) Мал ұрлағаны үшін жаза
- б) Қанды кек
- в) Билер сотының практикасы
- г) Билер съездерінің ережелері

65. 1822 жылы пайда болған құжат:

- а) «Сібір қырғыздарының жарғысы»
- ә) «Орынбор қырғыздарының жарғысы»
- б) «Түтін салығы жөнінде»
- в) «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөнінде Уақытша

Ереже»

- г) Далалық облыстарды басқару жөнінде Ереже

66. 1801 жылы Жайық пен Еділдің арасындағы пайда болған саяси

құрылым:

- а) Бөкей хандығы
- ә) Орынбор генерал-губернаторлығы
- б) Астрахан хандығы
- в) Сібір бекініс шебі
- г) Омбы қамалы

67. Кенесары тәуелсіз қазақ хандығын құру жолында күресте өз

атасының жолын жалғастырды:

- а) Абылайдың
- ә) Тәукенің
- б) Әбілқайырдың
- в) Нұралының
- г) Айшуақтың

68. Верный бекінісінің негізі қаланды:

- а) 1854 ж.
- ә) 1838 ж.
- б) 1879 ж.
- в) 1831 ж.
- г) 1880 ж.

69. 1822 жылы «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша Орта жүздің аумағы қалай бөлінді:

- а) округтерге
- ә) губернияларға
- б) облыстарға
- в) уездерге
- г) ұыстактарға

70. XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүзде хандық билікті жоюға талпынған реформа жобасының авторы:

- а) И.О. Игельстром
- ә) И.А. Покровский
- б) М.М. Сперанский
- в) Александр I
- г) П.А. Столыпин

71. Бөкей Ордасының құрылуының себебі:

- а) Патшаның казак жерлерін бөлшектеу саясаты
- ә) Казактардың тәуелсіздік үшін күресі
- б) Сырым батырдың мемлекеттік дербестікті жариялауы
- в) Қ.Қасымов бастаған көтеріліс
- г) Абылай ханның реформалары

72. Кіші жүздің Ресейдің қол астына өтуі туралы грамотаға қол қойылған уақыт:

- а) 1731 жылғы 10 қазан
- ә) 1729 жылғы 5 қараша
- б) 1730 жылғы 21 мамыр
- в) 1730 жылғы 11 қазан
- г) 1731 жылғы 10 қазан

73. Қазақстанның Ресейдің қол астына өтуінің, алғашқы кезеңінде тақта отырған патша:

- а) Анна Ивановна (Анна Иоанновна)
- ә) II Екатерина
- б) I Петр
- в) II Петр
- г) II Павел

74. «Аманат институты» дегеніміз:

- а) Кепілдегілер
- ә) Феодалдарға жер сыйлау
- б) Сот шешімдерінің орындалу құралы
- в) Туыскандық көмек
- г) Салық жинау

75. Вассалитет дегеніміз:

- а) Жеке тәуелділік қатынастар жүйесі
- ә) Соғыс жариялау
- б) Сыртқы егемендікті шектеу
- в) Сот процесі
- г) Малды айдап кету

76. Протекторат дегеніміз:

- а) Жартылай тәуелді мемлекеттің сыртқы егемендігін шектеу
- ә) Туыскандық көмек
- б) Артықшылықтар беру
- в) Сауда керуендерін күзету
- г) Сот процесі

77. Игельстром реформасының мақсаты:

- а) Хандық билікті жою
- ә) Барымтамен күрес
- б) Жоңғарлармен бейбіт келісім жасау
- в) Әскери бекіністер құрылысы
- г) Көшпелі өмір салтын бұзу

78. Игельстром реформасы бойынша Кіші жүз аумағының әкімшілік бөлінісі:

- а) Әлім ұлы, Байұлы, Жетіру тайпалық одақтардың негізінде
- ә) Ішкі және Сыртқы округтер бойынша
- б) Орал, Торғай, Семей, Ақмола облыстары
- в) Генерал-губернаторлық бойынша
- г) Сызықтық дистанциялар

79. Шекаралық сот қандай мақсатпен құрылды:

- а) Қазақ руларының және орыстар мен казактардың арасындағы даулы істерді қарау
- ә) Қысқы көші-қон аймағын шектеу
- б) Тұтқындарды қайтару
- в) Пугачев көтерілісін басу
- г) Көшпелі шаруашылықтарды жою

80. 1771 ж. Абылай қандай лауазымға сайланды:

- а) Барлық үш жүз казактарының ханы
- ә) Бөкей ордасының ханы
- б) Кіші жүздің ханы
- в) Ұлы жүздің ханы
- г) Орта жүздің ханы

81. 1822 ж. «Сібір казактары жарғысының» авторы:

- а) М.М. Сперанский
- ә) І Александр

- б) К.В. Нессельроде
- в) Д.А. Милютин
- г) К.П. Кауфман

82. М.М. Сперанскийдің жарғысы бойынша Орта жүздің әкімшілік-аумақтық бөлінісі:

- а) Округтер, болыстар, ауылдар
- ә) Губерниялар және уездер
- б) Губерниялар және болыстар
- в) Генерал-губернаторлық
- г) Әкімшілік-аумақтық бөлініс болған жақ

83. Абылай ханның қолданыстағы заңға енгізген өзгерісі:

- а) Сот шешіміндегі билердің өкілеттілігін шектеді
- ә) Билердің өкілеттілігін кеңейтті
- г) Билер сотын жойды
- в) Ресей империясының заңдарын енгізді
- г) Ешқандай өзгеріс енгізбеді

84. Қазақстанның Ресейдің қол астына өтуінің негізгі себебінің бірі:

- а) Әбілқайырдың жеке дара билігі үшін күресте өз қарсыластарының ұстанымын (позициясын) әлсірету мақсаты
- ә) Жаңа жайылымдарды іздестіру
- б) Аңырахай шайқасы
- в) Тимур әскерінің жорығы
- г) 1457 ж. Ойраттардан жеңілуі

85. XIX ғ. 60—90 жылдардағы реформа бойынша билердің құқықтық жағдайындағы өзгерістер:

- а) Би лауазымы тек судьялық қызмет атқарған кезде ғана берілді
- ә) Билер соты жойылды
- б) Билер тек шаруалардың арасынан болды
- в) Патша шенеуніктері би болып тағайындалды
- г) Өзгерістер болған жоқ.

86. 1867—1868 жылдардағы реформалар бойынша алғаш рет билер сотына жүктелген іс-әрекет:

- а) Нотариалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру
- ә) «Қасым ханның қасқа жолы» бойынша қылмыстық істерді шешу
- б) Азаматтық істерді шешу
- в) Барымта бойынша істерді шешу
- г) 500 рубльден жоғарғы талап істерін қарау

87. 1867—1868 жылдардағы реформа бойынша облыстық басқарма бөлімдерінің құрылысы:

- а) Өкімдік, шаруашылық және сот бөлімдері
- ә) Сот және қаржы бөлімдері

- б) Әкімшілік, полицейлік, шаруашылық бөлімдері
- в) Төраға және екі орынбасары
- г) Болыстық жиналыс және болыстық басқарма

88. 1867 жылғы «Уақытша ережеге» сәйкес отбасы-неке қатынастарының шешілуі:

- а) Әдет-ғұрып құқығы бойынша билер сотымен
- ә) Шариат нормалары бойынша уезд бастығымен
- б) Әдет-ғұрып құқығы нормалары негізінде генерал-губернатормен
- в) Болыс басқарушысымен
- г) Әскери соттармен

89. 1867–1868 жылдардағы «Уақытша Ереже» бойынша аумақтық анықтаудың енгізілуінің қандай ықпалы болды:

- а) Қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымының бұзылуы
- ә) Рулық қатынастардың нығаюы
- б) Көшпелі мал шаруашылығының дамуы
- в) Икта институтының дамуы
- г) Вакуфтық жерлер көлемінің ұлғаюы

90. Әскери губернаторлардың ұштастырған қызметі:

- а) Азаматтық, әскери, әкімшілік және сот билігі
- ә) Тек әскери билікті иемденеді
- б) Әскери және әкімшілік билікті ұштастырды
- в) Әскери және Сот билігін ұштастырды
- г) Тек әкімшілік билікті иемденді

91. Жеке жалдану келісімшарты:

- а) Жұмыскерлердің заңды кепілдік мүдделерін қарастырмады
- ә) Жалдамалы жұмыскердің мүддесінің сақтауын кепілдендірді
- б) Жазбаша және нотариалдық тәртіппен жүргізілді
- в) Бес куәгердің қатысуымен жазбаша түрде жасалды
- г) Қазақстанның Ресейдің қол астына өтуі кезеңінде жеке жалдану келісімшарты дамымады

92. Патшалық империяның Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатына енгізген прогрессивтік құбылысы:

- а) Барлық жауаптар дұрыс
- ә) Құлдықтың жойылуы
- б) Тән жазасының формальды жойылуы
- в) Барымтаның қылмыстық әрекет ретінде танылуы
- г) Кісі өлтірудің әдет-ғұрып құқығынан бөлініп алынуы

93. XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстанның саяси мәртебесінің деңгейі:

- а) Халықаралық-құқықтық қатынастардың субъектісі болып есептелмеді

ә) Халықаралық-құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде та-
нылды

- б) Басқа елдермен құқықтық мәмілелер жасай алды
- в) Шет мемлекеттермен дипломатиялық келіссөздер жүргізе алды
- г) Ресей империясының атынан басқа мемлекеттермен диплома-
тиялық келіссөздер жүргізе алды

94. Протектораттық қатынастардың маңызды заңды критеріесі не?

а) Тәуелді мемлекеттің сыртқы егеменділігінің шектелуі

ә) Жартылай көшпелі мал шаруашылығына көшу

б) Отырықшы өмір салтына көшу

в) Өнеркәсіптің дамуы

г) Рулық-тайпалық қатынастардың жойылуы

**95. 1867–1868 жылдардағы реформаларды жасаудағы патша үкі-
метінің ұмтылысының мәні:**

а) барлық жауаптар дұрыс

ә) Халықты және табиғат ресурстарын қанау арқылы орыс капи-
талына тиімді жағдай жасау

б) Қазынаға жоғары табысты түсіру

в) Орыс шенеуніктерінің, помещиктерінің, капиталистерінің жағ-
дайын нығайту

г) Царизмнің тірегі болған феодалдар мен байлардың жағдайын
нығайту

96. 1867–1868 жылдардағы жүргізілген реформалардың ықпалы:

а) Барлық жауаптар дұрыс

ә) Қысқы көші-қонның ауқын шектеу

б) Буржуазиялық қатынастардың дамуы мен енуі

в) Өнеркәсіптің, сауданың дамуы

г) Қазақ малшыларының қысқы қоныстарға көшуін іске асыру

**97. Қазақ қоғамында жаңа әлеуметтік топтың қалыптасуының
тигізген әсері:**

а) Барлық жауаптар дұрыс

ә) Сауданың қарқынды дамуы

б) Тауар айналымының өсуі

в) Ішкі рыноктың кеңейуі

г) Сыртқы рыноктың кеңейуі

**98. «Қырғыз-қайсақ ордасы мен даласының сипаттамасы» кітабының
авторы:**

а) А. Левшин

ә) А. Құнанбаев

б) Ш. Уәлиханов

- в) Ы. Алтынсарин
- г) И. Крафт

99. 1904 жылғы «Ерікті қоныс аударушылар жөніндегі заңның» мақсаты:

- а) Барлық жауаптар дұрыс
- ә) Қазақтардың ең шұрайлы егістік және аудармалы жерлері тәркіленді
- б) Қазақтардың арасында егіншілік кәсібін таратуына себеп болды
- в) Халықтың көпұлттығын көбейтуге себебі тиді
- г) Қала халқының көбеюіне себебі тиді

100. 1916 жылы Қазақстандағы көтерілістің басталуының негізгі сылтауы:

- а) Қазақтарды тыл жұмысына алу туралы патшаның жарлығы
- ә) Малға жана салықтың енгізілуі
- б) Әскери бекіністердің салынуы
- в) Қалыңмалдың жойылуы
- г) Көп әйел алушылықтың жойылуы

101. 1864 жылғы «Сот реформасы туралы хаттың» авторы:

- а) Ш. Уәлиханов
- ә) Г.А. Колпаковский
- б) М.М. Сперанский
- в) С. Сейфуллин
- г) И.О. Игельстром

102. 1868 жылғы Орыс шаруаларын Жетісуға қоныстандыру туралы «Уақытша Ереженің» бастаушысы кім:

- а) Г.А. Колпаковский
- ә) М.М. Сперанский
- б) В.Д. Дандевиль
- в) И.О. Игельстром
- г) И.А. Покровский

103. «Алаш» партиясының бағдарламасында Ресей қандай мемлекет болуға тиісті:

- а) Демократиялық федеративтік Республика
- ә) Монархиялық мемлекет
- б) Қазақстан Ресей мен арадағы барлық қатынастарды бұзу керек
- в) НАТО-ның құрамына кіруге тиісті
- г) Германиямен бейбіт келісім жасауға тиіс

104. Ресей империясының Мемлекеттік Думасына сайлау өткізу жөнінде:

- а) 1905 жылғы 17 қазандағы манифесте

- ә) 1891 ж. 25 наурыздағы ережеде
- б) 1886 ж. 2 маусымдағы ережеде
- в) 1881 ж. 14 тамыздағы ережеде
- г) 1906 ж. 9 карашадағы ережеде

105. 1881 жылғы «Мемлекеттік тәртіп және қоғамдық тәртіпті сақтау шаралары туралы ережелер» туралы заң нені қарастырды:

- а) Күшейтілген күзетті, төтенше күзетті және соғыс жағдайын енгізу
- ә) Қазақстанның жергілікті тұрғындарының құқығын күшейту
- б) Қазақстанның жергілікті тұрғындарының құқығын шектеуді енгізу
- в) Халықты тыл жұмыстарына жұмылдыру
- г) Әскери ұйымдарда тәртіпті күшейту

106. Қазақстанда соғыс жағдайының жариялануы:

- а) 1905 ж.
- ә) 1906 ж.
- б) 1886 ж.
- в) 1891 ж.
- г) 1917 ж.

107. Қазақ жерлерін кең ауқымда тартып алу кімнің реформасының негізінде жүргізілді:

- а) П.Столыпиннің
- ә) М.Сперанскийдің
- б) М.Фольбаумның
- в) Г.Колпаковскийдің
- г) А.Кауфмананың

108. II Мемлекеттік дума патшасының жарлығымен қашан таратылды:

- а) 1907 ж. 3 маусымда
- ә) 1913 ж. 9 шілдеде
- б) 1920 ж. 10 маусымда
- в) 1887 ж. 23 сәуірде
- г) 1991 ж. 17 қазанда

109. Шура-Ислам дегеніміз:

- а) Ислам кеңесі
- ә) Ислам соты
- б) Ислам өкіметі
- в) Ислам сауда қоғамы
- г) Әскери құрылым

110. Ресейдегі ақпан буржуазиялық төңкерісі қандай билік орнатты:

- а) Уақытша үкімет билігі

- ә) Монарх билігі
- б) Министрліктер мен ведомствалардың
- в) Парламенттің
- г) Революциялық комитеттің

111. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісін басқарған:

- а) А. Иманов
- ә) И. Тайманов
- б) Ә. Бөкейханов
- в) М. Шокай
- г) А. Байтұрсынов

112. 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалыстың басты себебінің бірі:

- а) Жергілікті халық өкілдерін тыл жұмысына алу
- ә) Тыл жұмыстары
- б) Қазақтардың жер пайдалану құқығын шектеу
- в) Жалпыға бірдей соғысқа жұмылдыру
- г) Жаппай қуғындау

113. Ресей империясының соңғы патшасы:

- а) II Николай
- ә) II Александр
- б) III Александр
- в) I Петр
- г) II Екатерина

114. 1917 жылы өлім жазасын қолдануды қай үкімет жойды:

- а) Уақытша үкімет
- ә) Патша
- б) Мемлекеттік дума
- в) Мемлекеттік кеңес
- г) Ішкі істер министрлігі

115. Уақытша үкіметтің комиссарлары дегеніміз:

- а) Губерниялық, облыстық және уездік басқармалардың төрағалары
- ә) Саяси партиялардың төрағалары
- б) Орталық Атқару комитетінің мүшелері
- в) Облыс басқарушылары
- г) Заң шығарушы органның депутаттары

116. Шура—Исламия қай қалада құрылды:

- а) Ташкентте
- ә) Алматыда
- б) Шымкентте
- в) Орынборда
- г) Бұхарада

117. 1916 жылғы 25-маусымдағы патша жарлығымен қай жас аралығындағы ер адамдар тыл жұмысына алынды:

- а) 19 дан 43 жасқа дейін
- ә) 40–50 жас
- б) 14–20 жас
- в) 50–70 жас
- г) 16–18 жас

118. 1903 жылғы «Ереже» бойынша «артық» жерлер кімдерден алынды:

- а) Қазақтардан
- ә) Орыс қоныстанушыларынан
- б) Казак әскерлерінен
- в) Өндірісшілерден
- г) Ірі жер иелерінен

119. Мемлекеттік думаның төменгі палатасы қанша курия арқылы жасақтанды:

- а) Жер иелері, қалалық, шаруа, жұмысшы
- ә) Көпестер, помещиктер, қалалықтар, шаруалар
- б) Дворяндар, дін иелері, хуторлық, ауылдық.
- в) Өндірісшілер, шаруалар, көпестер, әскери қызметкерлер
- г) Зиялы қауымдар, дворяндар, помещиктер, дін иелері

120. 1916 жылғы 17 шілдеде соғыс жағдайының жарияланумен байланысты Ерекше әскери сот қай қалада құрылды:

- а) Ташкентте
- ә) Мәскеуде
- б) Самарканда
- в) Орынборда
- г) Омбыда

121. Қазақстан тарихындағы ең «қанды және қатал» сот:

- а) Әскери дала соты
- ә) Халық соттары
- б) Уездік соттар
- в) Облыстық соттар
- г) Бітім соттары

122. 1904 жылғы Орталықтан шет аймақтарға қоныстанушыларды басқарған орган:

- а) Қоныстандыру басқармасы
- ә) Мемлекеттік кеңес
- б) Мемлекеттік дума
- в) Ішкі істер министрлігі
- г) Сыртқы істер министрлігі

123. 1937–1938 жылдардағы «саяси қылмыскерлерді» қалай атады:

- а) «Халық жаулары»
- ә) «Еретиктер»
- б) «Власовшылар»
- в) «Революционерлер»
- г) «Бүлікшілер»

124. Социалистік революция қашан жүзеге асты:

- а) 1917 ж.
- ә) 1891 ж.
- б) 1905 ж.
- в) 1914 ж.
- г) 1937 ж.

125. Ресей халықтары құқығы Декларациясының қабылдануы:

- а) 1917 ж. 9 қазан
- ә) 1905 ж. 25 ақпан
- б) 1937 ж. 17 қыркүйек
- в) 1940 ж. 20 маусым
- г) 1955 ж. 15 қазан

126. Кеңестік Ресейдің барлық мұсылмандарға үндеуі қандай құжатта рәсімделді:

- а) Ресейдің және Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне
- ә) Ресей халықтары құқығының Декларациясында
- б) 1936 ж. Конституцияда
- в) 1937 ж. Қазақ КСР-нің Конституциясында
- г) ОАК-нің ХКК-нің Қазақ Автономиялық республикасын құру туралы Декретінде

127. 1919 жылғы Қазақстандағы Орталық билік және басқару органы:

- а) Қазақ Революциялық Комитеті
- ә) Орталық Атқару Комитеті
- б) Халық Комиссарлар Кеңесі
- в) Коммунистік партия
- г) Жоғарғы Сот

128. 1917 жылғы Ресейдің Халық Комиссарлар кеңесі барлық мұсылмандар үшін не жариялады:

- а) Діни сенім бостандығының еркіндік құқығы
- ә) Діни сенім бостандығының еркіндік құқығы болмайды
- б) Шектелген құқықты иеленеді
- в) Христиан дінінің сенімін қабылдауды міндеттеді
- г) Құдайға сенбеуді міндеттеді

129. Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасын құру туралы Декреттің қабылдануы:

- а) 1920 ж. 26 тамыз
- ә) 1917 ж. 18 қыркүйек
- б) 1937 ж. 8 сәуір
- в) 1940 ж. 2 желтоқсан
- г) 1895 ж. 5 тамыз

130. 1924 жылы Түркістан Республикасын бөлу барысында Қазақстанға қосылған облыстар:

- а) Қызылорда, Алматы, Шымкент облыстары
- ә) Жамбыл, Ақтөбе, Орал облыстары
- б) Ташкент, Бұхара, Шымкент облыстары
- в) Алматы, Семей, Шымкент облыстары
- г) Қызылорда, Қарағанды, Алматы облыстары

131. Қазақстанның аумақтық құрылымы түпкілікті қашан анықталды:

- а) XX ғ. 20 жылдарда
- ә) XX ғ. 30 жылдарда
- б) XX ғ. 10 жылдарында
- в) XIX ғ. аяғында
- г) Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін

132. Қазақ Республикасы еңбекшілерінің құқықтарының Декларациясы қай қалада қабылданды:

- а) Орынборда
- ә) Ташкентте
- б) Алматыда
- в) Омбыда
- г) Мәскеуде

133. Ерлер мен әйелдердің теңдігі қай құжатта рәсімделді:

- а) Қазақ Республикасы еңбекшілері құқықтарының Декларациясында
- ә) Ресей халықтары құқығының Декларациясында
- б) Ресейдің және Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне
- в) 1937 жылы Конституцияда
- г) Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасын құру жөніндегі декретте

134. Кеңес Одағындағы барлық билікті қолына шоғырландырған саяси партия:

- а) Коммунистік партия
- ә) Жұмысшылар мен шаруалар партиясы
- б) Кәсіпкерлер партиясы

- в) Социал-демократтар партиясы
- г) Солшыл эссерлер партиясы

135. Жеке басқа табыну дегеніміз:

- а) Бір адамның билігі
- ә) Бір партияның билігі
- б) Бір ұлттың билігі
- в) Адамдар тобының билігі
- г) Мемлекеттік органдардың билігі

136. Қазақ КСР-нің алғашқы Конституциясының қабылдануы:

- а) 1937 ж.
- ә) 1905 ж.
- б) 1940 ж.
- в) 1955 ж.
- г) 1886 ж.

137. Барлық билік мемлекеттік органның қолында шоғырланған саяси режимнің атауы:

- а) тоталитаризм
- ә) авторитаризм
- б) расизм
- в) шовинизм
- г) фашизм

138. Қазақстандағы саяси қуғындаудың құрбандарын түпкілікті ақтау қай кезде жүзеге асырылды:

- а) Егеменді Қазақстан кезінде
- ә) ХХ ғ. 70 жылдары
- б) ХХ ғ. 60 жылдары
- в) КСРО өмір сүрудің соңғы жылдары
- г) И.Сталин қайтыс болғаннан кейін

139. Кеңестік Қазақстанның соңғы Конституциясының қабылданған уақыты:

- а) 1978 ж.
- ә) 1950 ж.
- б) 1985 ж.
- в) 1990 ж.
- г) 1995 ж.

140. КСРО коммунистік партиясы көсемдерін ретімен көрсетіңіз:

- а) Сталин, Хрущев, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачев
- ә) Сталин, Брежнев, Хрущев, Андропов, Черненко, Горбачев
- б) Сталин, Брежнев, Хрущев, Андропов, Горбачев, Черненко

- в) Сталин, Брежнев, Горбачев, Хрюшев, Андропов, Черненко
- г) Хрущев, Сталин, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачев

141. 1986 жылға дейін Қазақстан Компартиясын кім басқарды?

- а) Қонаев Д.
- ә) Назарбаев Н.
- б) Асқаров А.
- в) Асанбаев Е.
- г) Колбин Г.

142. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні қандай саяси оқиғамен тығыз байланысты:

- а) 1986 ж.
- ә) 1916 ж.
- б) 1937 ж.
- в) 1990 ж.
- г) 1991 ж.

143. Қазақ жастарына желтоқсан көтерілісінің салдары:

- а) Барлық жауаптар дұрыс
- ә) Көптеген студенттер жоғарғы оқу орнынан шығарылды
- б) Көптеген студенттер оқуды тастап кетті
- в) Қудалау сипатындағы шаралар қолданылды
- г) Кейбір студенттер ең жоғары ату жазасына кесілді

144. 1991 жылы желтоқсанда Алматыда қандай саяси одақ құрылды:

- а) Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
- ә) Орта Азиялық республикалардың одағы
- б) Мұсылман дін иелерінің кеңесі
- в) Еуразиялық одақ.
- г) Экономикалық одақ.

145. Қазақ КСР-нің Қазақстан Республикасы атауына ие болуы:

- а) 1991 ж. желтоқсан
- ә) 1991 ж. тамыз
- б) 1992 ж. наурыз
- в) 1990 ж. қазан
- г) 1991 ж. қыркүйек

146. ТМД-ны құру жөніндегі қорытынды құжат қай қалада қабылданды:

- а) Алматыда
- ә) Мәскеуде
- б) Бішкекте
- в) Киевте
- г) Минскіде

147. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алған құжат:

- а) ҚР-ның Тіл туралы Заңы
- ә) Қазақстан Республикасының Конституциясы
- б) Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация
- в) Тәуелсіздік туралы Декларация
- г) Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы Заңы

148. 1991 жылы 1 желтоқсанда қандай саяси оқиға болды:

- а) Бүкілодақтық дауыс берумен ҚР-ның Президенті сайланды
- ә) ТМД-ның құрылуы
- б) ҚР-ның ұлттық валютасын енгізу
- в) ТМД республикалары басшыларының Алматыдағы кездесуі
- г) Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясының қабылдануы

149. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналымға енгізілуі:

- а) 1993 ж. қазан
- ә) 1993 ж. наурыз
- б) 1994 ж. сәуір
- в) 1999 ж. желтоқсан
- г) 1991 ж. қыркүйек

150. 1991 жылы «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заңда» «Мемлекеттік егемендік туралы Декларация идеясы жалғасын» тапты ма?

- а) Барлық жауаптар дұрыс
- ә) Бірінғай қазақстандық азаматтық бекітілді
- б) Меншіктің көптүрлілік нысаны заңдастырылды
- в) Мемлекеттің дербес экономикалық жүйесі бекітілді
- г) Республиканың дербес қаржы, несие, салық және кеден саясатын жасау заңдастырылды

151. 1991 жылы 21 желтоқсанда өзінің өмір сүруін тоқтатқан мемлекет:

- а) КСРО
- ә) Югославия
- б) Румыния
- в) Ватикан
- г) ГДР

152. 1991 жылы 1 желтоқсанда өткен Президент сайлауының реттік саны:

- а) бірінші
- ә) екінші
- б) үшінші

- в) төртінші
- г) бесінші

153. «Демография–2000» бағдарламасының мақсаты:

- а) Бала туу деңгейін көтеру
- ә) Тұрмыс жағдайын жақсарту
- б) Мұнай өндіруді ұлғайту
- в) Халықаралық байланыстарды кеңейту
- г) Халықтың мәдени деңгейін көтеру

154. 1991 жылы 16 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялады, ол нені білдіреді?

а) Өз аумағында барлық толыққанды билікке ие болған, ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтап әрі жүргізетін демократиялық мемлекет

- ә) Семей полигонында ядролық жарылыстарға тыйым салу
- б) Көппартиялылықтың қалыптасуы
- в) Балама әйелдер кеңестерінің қалыптасуы
- г) Жастар қоғамының өсуі

155. 1995 жылы Конституцияға сәйкес биліктің бірден-бір қайнар көзі:

- а) Халық.
- ә) Президент
- б) Жоғарғы Сот
- в) Республика үкіметі
- г) Саяси партиялар

156. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл:

- а) Қазақ тілі
- ә) Орыс тілі
- б) Бір мезгілде қазақ және орыс тілдері
- в) Қазақстан жерінде тұрып жатқан басқа халықтардың тілдерімен қатар қазақ тілі
- г) Қазақстанда тұрып жатқан барлық халықтардың тілдерімен қатар орыс тілі

157. Бейбіт кезеңде Қазақстан азаматтарының жиналыс, митинг өткізуге, демонстрацияға, шеруге шығуға қатысты құқықтары шектеле ме?

- а) Мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, басқа да азаматтардың денсаулығын, еркіндігін, құқығын қорғау мүдделеріне қатысты шектеледі
- ә) Митингілер өткізу құқығы шектеледі
- б) Бұл шараларға ешқандай шектеу қойылмайды
- в) Ұрандар жазып шығу құқығы шектеледі
- г) Шерулер, митингілер, ұрандар ұстап көшеге шығу Қазақстан Республикасында тыйым салынған

158. Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарғы биліктегі мәртебесі:

- а) Барлық жауаптар дұрыс
- ә) Мемлекет басшысы
- б) Ең жоғарғы лауазымды тұлға.
- в) Халықаралық қатынастарға Қазақстанның өкілі
- г) Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайтын ең жоғарғы лауазымды тұлға

159. Президент Н.Ә. Назарбаев жасаған мемлекеттік дамудың бағдарламасы қалай аталады:

- а) Қазақстан–2030 стратегиясы
- ә) 1978 ж. Конституция
- б) Тілдер туралы заң
- в) КСРО-дағы Меншік туралы заң
- г) «Егеменді республикалардың ерікті одағы жөніндегі» шарт

160. Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылымы:

- а) Сенат және Мәжіліс
- ә) Лордтар палатасы және Қауымдар палатасы
- б) Пэрлер палатасы және депутаттар палатасы
- в) Жоғарғы және Төменгі палаталар
- г) Бундесрат және Рейхстаг

161. ҚР-дағы сот билігі кімге бағынады:

- а) Конституцияға және Заңға
- ә) Президентке
- б) Парламентке
- в) Халыққа
- г) Үкіметке

162. 1993 жылғы 28 қаңтардағы Конституцияны кім қабылдады?

- а) Жоғарғы Кеңес
- ә) Президент
- б) Халық
- в) Үкімет
- г) Министрлер мен ведомстволар

163. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР-ның Конституциясы қалай қабылданды?

- а) Бүкілхалықтық дауыс беру – Референдум жолымен
- ә) Парламентпен
- б) Президентпен
- в) Министрліктермен
- г) Халықаралық ұйымдармен

Оқулық басылым

Әлдибеков Жапар Смайылұлы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТ
ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ**

(дәрістер жинағы)

Оқу құралы

Редакторы *М. Қаймолдинова*
Беттеуші *Ж. Құрманғалиева*

ИБ № 845

Басуға 1.12.2011 кол койылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс». Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 11,5. Шартты баспа табағы 10,5. Шартты бояулы беттанбасы 10,9. Таралымы 3000 (I з-д – 1000) дана. Тапсырыс № 10

«Жеті жарғы» ЖШС. 050013, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй.
Тел.: 272-22-82 тел./факс: 272-22-82
e-mail: marketing@zhetizhargy.kz www: zhetizhargy.kz

Тапсырыс берушінің дайын диапозитивінен басылды.

«Іргетас» ЖШС. 050013, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй.